

Мұрат ТОЛЕЕВ

Орталық Азиядағы ТЕРРОРИЗМ:

Сипаты • Түрлері • Себеп-салдары

Мұрат ТӨЛЕЕВ

Орталық Азиядағы

ТЕРРОРИЗМ:

Сипаты • Түрлері • Себеп-салдары



**Алматы
2017**

**УДК 341
ББК 67.412.1
Т 65**

*Қыргыз-Ресей Славян университеті гуманитарлық факультетінің
ғылыми кеңесі шешімімен басылып шыгарылуға ұсынылған*

Жауапты редактор: тарих ғылым. докторы **А.Л. Салиев**
Рецензенттер: философ. ғылым. докторы проф. **Г.Ж. Жұманова;**
саясаттану ғылымдарының докторы проф. **И.В. Халанский**

Төлеев М.С.

Т 65 Орталық Азиядағы терроризм: Сипаты. Түрлері. Себеп-салдары
/ М.С. Төлеев; Нур-Принт баспасы, Алматы, 2017 ж. - 199 б.

ISBN 978-601-7320-06-5

Бұл кітаптаа халықаралық терроризм және Орталық Азия елдерінің аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары, осы аймақтағы орын алған халықаралық терроризмнің сипаты, себеп-салдары, феномені туралы зерттеу жүргізіледі. Орталық Азияда терроризм идеологиясы таралуының негізгі факторлары анықталады.

Қазіргі кезеңде халықаралық терроризм мен оның террористік актілерді жасау көрінісінің орын алуы Орталық Азия мемлекеттерінің қоғамдық-саиси ахуалында кездесетін құрамдас факторына айналып отыр. Автор халықаралық терроризмнің әлеуметтік-саиси, жаһанданулық, геосаяси және мәдени-өркениеттілік аспектілерін зерттейді. Салыстырмалы талдаудың негізінде Орталық Азиядағы халықаралық терроризмнің жалпыәлемдік үрдістің аясында қарастырылады, оның геосаяси контекстінде ықтималдану сценарийі беріледі, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің механизмдері, осы процестерге қатысты халықаралық және аймақтық үйымдардың ролмен орны анықталып көрсетіледі.

Бұл кітап жалпы білім беретін мектептің жоғары сыйнып оқушыларына, колледждердің, жоғары оку орындары студенттері мен магистранттарына, сондай-ак терроризм мәселелеріне қызығушылық танытқан дардарға арналады.

ISBN 978-601-7320-06-5

© Төлеев М.С., 2017

МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ	4
1 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ СИПАТЫ МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ	6
Терроризмнің мәні, мақсаты және оның сипаты	6
Терроризмнің түрлері мен формалары	15
2 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ ФЕНОМЕНІ	31
Терроризм әлеуметтік және саяси құбылыс ретінде	31
Терроризм және жаһандану	36
3 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	46
Терроризм және ақпараттық технологиялар	46
Терроризм және оның пайда болуының геосаяси факторлары	55
4 Тарау. ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИТЕТТЕР БӘСЕКЕСІ	61
Терроризмге мәдени-өркениттілік факторының ыпалы	61
Терроризм және өркениеттер текестіресі	67
5 Тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ және ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ	73
Орталық Азия: терроризм және қауіпсіздік мәселелері	73
Терроризм мен экстремизмнің жолын кесудің аймақтық ерекшеліктері	81
6 Тарау. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ТЕРРОРИСТИК ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ ТАРАЛУЫНЫҢ СЕБЕП-САЛДАРЫ	90
Діни экстремизмнің тарлуының алғы шарттары	90
Орталық Азия елдеріндегі террористік қауіп-қатерді талдау	98
7 Тарау. АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҮРУ	129
Халықаралық терроризм және әлемдік державалардың мүдделері	129
Халықаралық терроризмге ұжымдық карсы түру механизмдері	152
ҚОРЫТЫНДЫ	171
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	175

KIPICPE

XXI ғасырдағы саяси процестер дүниежүзілік қауымдастырған жаһанданудың жағымсыз феномендерінің бірі ретінде терроризмнің таралуы салдарын көрсетті. Оның күшеюінен туындаған қауіп-қатер дүниежүзілік қауіпсіздікті сактау мәселесінің өзектілігін арттыруда. Қазақстанның жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде жаһандану жағдайындағы басты міндеті – өз қатарына халықтың кейбір бөлігін көптеп тарту үрдісіне ие болған халықаралық терроризмге қарсы тұрудың шешімдерін іздеуге иналып отыр.

Халықаралық террористік іс-әрекет үздіксіз сипат алып, еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру және аймақтағы ахуалды тұраксыздандыруға бағытталғандығы анық. Қалыптасқан жағдай көп жағдайда халықаралық терроризмнің белсенділігіне тәуелді, сондай-ақол айтарлықтай күрделі мәселе болып табылады. Қауіпсіздік саласында туындаған бұл проблемакешенді шешімді талағ етеді.

Соңғы жылдарда Орталық Азия елдерінде болған оқиғалар халықаралық терроризммен байланысты мәселенің өзектілігін күрт арттырды. Экстремистердің бейәлеуметтік іс-әрекеттері және олардың құқық қорғау органдарымен қарулы қақтығыстары Орталық Азиядағы деструктивті құштердің дамуының жаңа көзеніне өткенін көрсетті. Сарапшылардың айтуынша, террористік актілердің жергілікті сипатына, жүйелі саяси және ұйымдастыру негізінің болмауына қарамастан, радикалды исламдық ұйымдар мен қозғалыстар идеологиясының таралу үрдісі, аймақтағы әлеуметтік-саяси наразылықтың діни көзқарастағы экстремизмге айналуы, террористік актілер әдістерінің өсуі және жетіле түсүі байқалуда.

Осыған байланысты, Қазақстанда халықаралық терроризмнің пайда болуына алғышарттар болатын әлеуметтік процестер мен факторлардың өзгеру динамикасының мониторингін жасау қажеттігі осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігін көрсетеді.

Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстан қоғамында діни қауымдастырың дамуы және оның формалары туралы мәселелер бойынша қоғам мен мемлекеттік билік арасында жүйелі қарым-қатынастың болмауы, аймақта тұраксыздықтың пайда болу қауіпін туғызып отыр. Сондықтан, қысқа мерзімді жоспарда жергілікті жерлерде орын алғатын тұраксыздық жағдайы радикалды

діни және террористік топтар тарапынан ұйымдастырылатын террористік шабуылдардан бастап жаппай тәртіпсіздікке дейінгі әртүрлі экстремистік актілер түрінде көрініс беруі ықтимал. Бұл қазіргі кезде орын алған оқиғалардың желісі бойынша үздіксіз жүріп жаткан үрдіс екені белгілі болды.

Мұдделі елдердің өзара бірлескен әрекеттері, негізгі міндеті террористік ұйымдардың әлеуметтік базасын жою болып табылатын әртүрлі ұлттық және мемлекетаралық құрылымдардың пайда болуы, жекелеген субъектілердің террористік іс-қимылын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы халықаралық терроризм күрделі, көпжакты және аса жағымсыз әлеуметтік-саяси құбылыс бола отырып, жекелеген елдердің ұлттық шекараларынан асып шыққаны және дүниежүзілік қауымдастық үшін үлкен қатерге айналғаны туралы сарапшылардың пікірімен толық келісуге болады¹.

Халықаралық терроризмге тиімді карсы тұру мәселелері саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, зангерлердің, психологиярардың, арнайы қызмет және құқық қорғау органдары өкілдерінің мүқият және жан-жақты зерттеу пәніне айналып отыр. Олардың зерттеулеріндегі кешенді міндеттер қатарына Орталық Азия елдеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сын-қатердің алдын алуын тиімді жолдарын табу жатады.

Соңғы уақыттағы жаһандық геосаяси өзгерістерді ескеретін болсақ, Орталық Азиядағы қазіргі халықаралық терроризм өзінің аймақтық ерекшеліктеріне ие. Осыған байланысты Қазақстанда халықаралық терроризмді зерттеудің кешенді әдіс-тәсілдерін колдануды талап етеді.

¹Бахтееева А. Р. Политический терроризм как социальное явление современности: Автореф. дис. ... канд. социолог. наук. – М., 2010. – С. 6.

1 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ СИПАТЫ МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Терроризмнің мәні, мақсаты және оның сипаты

«Терроризм» терминің этимологиясы көрсеткендей, бұл сөз латынның «*terror*» – қорқыныш, үрей («*terroris*» – үрей туғызатын тұлға немесе құбылыс)¹ сөзінен шықкан. Терроризм түсінігі мазмұнының қарапайымдылығы мен нақтылығына қарамастан, сарапшылар арасында бұл құбылыстың алуан түрлі анықтамасы бар. Бұл жерде терроризм түсінігін анықтауда зерттеушілердің барлығына ортақ ұстанымның жоқтығын атап өту маңызды. Сондықтан бұл феноменнің анықтамасының дұрыстығы туралы пікірталас жиі туындалап отырады.

Қазіргі күнге дейін терроризмнің халықаралық құқықта барлық елдер мен халықаралық катынастарға катысушылардың қанағаттандыраптытай ортақ түсінігі жоқ. Осы құбылыстың мазмұнын дәл бейнелейтін анықтаманы жасауға деген ұмтылыс үздіксіз жалғасуда. Себебі, мұнда шешімі теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан қарағанда маңызы бар мәселелер қатарына осы терроризмнің мәні мен сипатын анықтау жатады.

Терроризм мәселесін зерттеу әдістемесінде, ең алдымен, терроризмді әлеуметтік қауіпті іс-әрекеттер арасынан бөліп көрсетуге және оның негізгі қырларын, өміршөн формалары мен механизмдерін, сондай-ак оның белгілі бір жағдайға, орны мен уақытына байланысты пайда болатын нақты ерекшеліктерін әрі қарай тұжырымдамалық талдау үшін негіздеме жасауға мүмкіндік беретін айқын критерийлерін қалыптастыру қажет.

Осы феноменнің мазмұнын дәлме-дәл сипаттап беретін жаңа анықтаманы жасауға деген көптеген ұмтылыстарға қарамастан, халықаралық және отандық саяси теорияда, құқықтық және соттық практикада осы уақытқа дейін ортақ пікір жоқ. Ал, терроризмнің мәнін анықтау, оның шешімдері осы бір зұлымдықтың түрімен күресте тек қолданбалы маңызға ие мәселелер қатарына жатады.

Қазіргі кезде терроризмді белгілі бір ғылыми немесе басқа да әдістермен, осы құбылыстың философиялық, саяси және психологиялық аспектілерін бөліп көрсете отырып түсіндіретін

¹ Политический словарь. – М.: Деловая книга, 1999. – С. 134.

бірнеше ғылыми бағыттар бар. Сарапиши-террорологтардың айтуынша, терроризм мәселесін жеке феномен ретінде қарастыруға болмайды.

Террор түсінігі ежелден бастау алады, оны грек театрларында көрермендерді баурап алатын үрейдің ерекше түрін сипаттау үшін Аристотель енгізген. Ол – ғайыптың алдындағы азап, хаос және дүниенің күйреуі формасындағы үрей болатын. Театр арқылы террордың мәнін ұғынудан, оны театрдың бір түрі ретінде, террорды заң күшімен женетін сот ритуалыретінде туындалады. Үрейді билік құралына айналдыру доктринасы якобиншілдерге тиесілі және ол Мараттың шығармаларында толық баяндалған¹.

Террористің құрбандығына шалынғанролді атқаратын қарсылысты немесе адамдарды қорқыту – террористікакцияның міндетті элементтерінің бірі. Алайда, психиканы басып-жаншу терроризмнің өзіндік мақсаты болып табылмайды. Мұнда қорқынышты адам санасына ұялату белгілі бір мақсатқа жету үшін көмекші құрал ролін ойнайды. Одан: саяси және материалдық пайда табу, билік өкілдерін террористердің талаптарын орындауға мәжбүрлеу, саяси бағыт-бағдарды өзгерту және т.б. үшін қолданылады. Бұл жерде террористік іс-әрекет субъектілері қауіп төндірумен ғана шектелмейді, кейде олар аса қатыгез сипатта зорлық-зомбылық жасайды.

Батыс елдерінің ғылым саласында террорға қарсы іс-қимылды әлеуметтік-саяси шиеленістердің құрылымдық-функциялық ерекшеліктерін, қозғаушы құштері мен себептерін ғылыми танудың маманданған саласы ретінде қабылдауы терроризмді зерттеу мен оған қарсы тұру бойынша тиімді шараларды іздестіруде оның өзектілігінің деңгейін көрсетеді. Мысалы, АҚШ-та арнайы тақырыпқа ие «Терроризм» журналы жарияланып отырады, ал Израильде терроризм мәселелерін зерттеу жөніндегі институт қызмет атқарады. Осыған ұқсас ғылыми орталықтар Батыс Европадада бар. Тұтас бір ғылыми сала – «террорология» пайда болды.

Шетелдік зерттеушілер «терроризм» түсінігінің мәнінен жеке террористік іс-қимылдар артында тұрған ерекше әлеуметтік және саяси факторларды көруге бейім. Атап айтқанда, «Ренд

¹См: Кара-Мурза С. Г. Манипуляция сознанием. – М.: Эксмо-Пресс, 2001. – С. 170.

«Корпорэйшн» саяси ғылымдарды зерттеу орталығының директоры Б.Дженкинс саяси өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған күш колданудан туындастын қауіп-қатерді терроризм деп атайды¹.

Джорджтаун университеті тарих ғылымдарының профессоры У.Лакер саяси мақсаттарға жету үшін кінәсіз адамдарға карсы заңсыз күш колдануды терроризм деп атайды. Сонымен катар, термин қарама-қайшылықты мағына беретіндіктен, оның қарапайым анықтама шеңберінен шығуы тиімсіз екенін түсіндіреді².

АҚШ Веслеян университетінің профессоры Марта Крешнав психологиялық әсерге қол жеткізу үшін кінәсіз символикалық мақсатқа бағытталған әлеуметтік және саяси рұқсат етілмейтін зорлық-зомбылықты терроризм деп санды³.

Бірқатар ресейлік ғалымдардың жұмыстары қазіргі заманғы терроризмді жіктеуге, оның мақсаттары мен міндеттерін ашуға, терроризмге қарсы тұру мәселелеріне, терроризм детерминанттарын талдауға арналып, онда аталған құбылыстың анықтамалары қалыптасқан. Атап айтқанда, В.Е.Петрищев былай деп анықтама береді: «терроризм – бұл жүйелі, әлеуметтік және саяси мотивке ие, идеологиялық негізделген зорлық-зомбылықты немесе соған ұксас күшті қолдану қауіп-қатері арқылы жеке тұлғалардың үрейін туғыза отырып, олардың іс-әрекетін террористер үшін тиімді бағытта басқару және террористер ұмтылған мақсатына қол жеткізу»⁴.

Профессор Ю. М. Антонян өзінің зерттеулерінде терроризм – бұл «үрей туғызыу, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті бұзу, тіпті құлату, корқыныш үялату, қарсылысты қажетті шешімді қабылдауға мәжбүрлеу, саяси және басқа өзгерістерге ұшырату үшін катыгездік сипаттағы зорлық-зомбылықтан тұратын күш колдану, <...> бұл – өліммен қорқыту»⁵.

Е.П.Кожушко болса, терроризм – бұл «адамдардың өміріне қауіп төндіретін кісі өлтіру, диверсия, қасақылық, адам ұрлау және басқа іс-әрекеттер түрінде көрінетін, идеологиялық мотивтегі

¹ Jenikis B. The Who, What, When, Where, How, and Why of Terrorism...

² Laqueur W. The Age of Terrorism... – Р. 72.

³ Creshnaw M. Terrorism, Legitimacy and Poverty...

⁴ Петрищев В. Заметки о терроризме... – С. 11.

⁵ Антонян Ю. М. Терроризм: криминалистическое и уголовно-правовое исследование... – С. 10.

зорлық-зомбылыкты жүйелі қолданумен сипатталатын саяси күрес тактикасы» деп санайды¹.

Біздің көзқарасымызша, қазіргі саясаттануда терроризм мәселелерін әлеуметтік-саяси феномен ретінде жүйелі зерттеудің тапшылығы байқалып отыр. Террористік іс-әрекеттің, терроризмнің пайда болу және күшею механизмдерінің тұрақты, мониторингтік режимде жүзеге асырылатын сараптамасы мен мемлекетте жүргізілетін террорға қарсы іс-қимылдар бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жоқ. Ал біздің ойымызша, терроризм ұғымына берілген түсініктердің алуан түрлілігі аталған мәселенің аз зерттелгендігінің дәлелі болып табылады.

Терроризмнің шығу негіздерін зерттеудің әртүрлі бағамдары мен әдіс-тәсілдері бар. Терроризмнің идеологиясы мен оның идеялық бастауларына қатысты пікірлерде де алуан түрлі.

Адамзат тарихында терроризмнің шығуы және дамуымен бірге аталған құбылыстың ішінде өзінің идеологтары мен теоретиктері де пайда болды. Осылайша, 1840-жылдары неміс анархистерімен мүдделес Вильгельм Вейтлинг үздіксіз партизандық соғыс идеясын алға тартты. Неміс радикалы, публицист Карл Гейнцен моральды салыстырмалы түсінік деп жариялады және билік иелерінің тікелей ойымен кісі өлтіруінің заңдылығын дәлелдеді. Француз анахисі Брусс танымал болған «іс-қимылмен насиҳаттау» терминін терроризмді негіздеу үшін енгізді. Неміс анархо-терроршысы Мост өзінің «Террористерге кенес» мақаласында теракті – үгіт-насиҳат жүргізуін ең жақсы құралы деп атап көрсетті. Әрбір теракті өз еліктеушілерін табады және келесі терактілерді туғызады. Америка анахисі Эмма Гольдман террористерді Иса Мәсіх секілді өз сенімі үшін жаңын беретін азап шегушілер ретінде сипаттады.

Орыс анархистері мен радикалдарының да терроризм теориясына қосқан үлестері белгілі. Бәрінен бұрын М.Бакунин² мен С.Нечаевтың³ есімдері еске түседі. Террордың басқа да идеологтары болды. XX ғасырдың 60 – 80-жылдары пайда болған халықаралық терроризм жаңа мыңжылдықтың басында жаһандық

¹ Кожушко Е. Современный терроризм: анализ основных направлений... – С. 11.

² См: Будницкий О. В. История терроризма в России... – С. 5-31.

³ См.: Козымин Б. П. С. Г. Нечаев и его противники в 1868–1869 гг. // Революционное движение 1860-х годов. – М., 1932. – С. 87.

киратушы күшке айналып, адамзат өркениетінің өзіне қауіп төндіруде. Ол көп жағдайда халықаралық қатынастардың қазіргі ерекшеліктері мен дүниежүзілік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайтын шынайы көрініске айналып отыр.

М.В.Назаркин терроризмнің пайда болуының негізгі себептеріне әлеуметтік шиеленістерді жатқызады¹. Зерттеуші В.Л.Васильев терроризмнің пайда болу және даму феноменін қарастыра отырып, бұл құбылыс – «көптеген тарихи, этнопсихологиялық, саяси және басқа факторлардың өзара әрекеттесуінің» нәтижесі деген тұжырымға келді². Терроризм белгілі бір күштердің құралы ретінде билікті басып алу, ұстап тұру және басқаша орнату мақсатында, шетелдік және отандық билік құрылымдарына қарсы құресте қолданылды.

Шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер, аймақтық, ұлттық, діни саясаттағы және ағартушылық-идеологиялық саладағы ескерілмеген жағдайлар Орталық Азия аймағындағы шиеленіс әлеуетінің қозғауышы күші болып табылады³. Біздің ойымызша, орташа мерзімдік болашақта тіпті этникалық, діни, тарихи және мәдени туыстықтың өзі Орталық Азия елдерін «үшінші жакқа» қолайлы әрі тиімді болатын өзара ыдырау үдерісінен құтқара алмайды.

Жоғарыда айтылғандардан байқағанымыздай, терроризм феномені көпқырлы, курделі және жан-жақты. Оның шығу негіздері айқын емес және оны қабылдап, дұрыс сипаттау жәнеоған баға беру қын.

Террористік іс-кимылдағы этика мәселесі ерте бастан туындаған. Терроризмнің пайда болу уақытына қарай тирандық құрестің этикалық кодексі өмір сүрді, оған сәйкес жауыз билеуші қанжармен өлтірілуі тиіс болды, ал сондағы кісі өлтіруші қылмыс орнынан қашып кетуге тырыспады.

Террористердің идеялары туралы әртүрлі пікір айтылуда. Біздің ойымызша, террористік идеологияны эклектикалық мәселе

¹ Назаркин М. Криминологическая характеристика и предупреждение терроризма... – С. 77–79.

² Васильев В. Психология терроризма // Современный терроризм: состояние и перспективы... – С. 118.

³ Койчуколов М. Факторы религиозного экстремизма // Казахстан-Спектр. – 2002. – № 4 (22). – С. 10.

деп санауға болады. Өйткені ол саясатты жүргізудің анархизм, максимализм, киелі идеялар, волюнтаризм және басқа стильдеріне ұқсас. Терроризм идеологиясына алуан түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы саяси күштер де жүгінуде. Терроризм идеологиясы осы күштердің іс-әрекетін бағыттайтын мұдделерді ашпайды, керісінше жасырып, бүркемелей түседі. Шынтуайтқа келгенде, террористердің идеологиялық мәлемдемесіне және олардың өзімшілдігіне сенуге болмайды. Сонымен қатар, қате, ескі, зиянды немесе жетілмеген болса да, қазіргі терроризмнің қолтеген идеялық алғышарттарын елемеу дұрыс емес.

Атап айтатын болсак, терроризм мәселесімен айналысушы ғалымдар арасында бұл құбылысқа анықтама беру бойынша да, оның идеологиясы мәселелеріне катысты да ортақ пікір жок. Терроризмнің нақты анықтамасының және оның идеялық бастауларының жоқтығы оған қарсы бағытталған зандарды жасауда кедері келтіруші мәселе болып отыр. Аталған феноменнің сипаты мен мәні туралы нақты түсінікке ие болмай тұрып, халықаралық террорға қарсы заннаманы қалыптастыруды ортақ пікірге қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі уақытта Усама бен Ладенді немесе халықаралық терроризмнің басқа да жетекшілерін жою, мәселені шешпейді, себебі сол басшылардың көзін құрту арқылы оның идеологиясымен құресу мүмкін емес. Керісінше, басқа идеологияны немесе «Аль-Каїдаға» қарсы «анттивирус» жасай отырып, оларға төтеп беруді мензейтін жұмыс жүргізу қажет.

Осының барлығы халықаралық террористік іс-әрекетті нақты саяси талдауды, жан-жақты саралауды, оның құрылымын, функцияларын, мотивтері мен көріну формаларын зерттеуді, және бірінші кезекте осы түсініктің біртұтас анықтамасын жасауды қажет етеді. Бұл жерде маңызды роль саясаттану ғылымы мен оның конфликтология, қауіпсіздік және террорология секілді салаларына жүктеледі. Аталған феномен саяси бағыттағы күш қолдану мәселелерімен айналысатын ғалым-теоретиктер және маман-практиктер тарапынан зерттелуге лайықты.

Жаһандану жағдайында терроризмді туыннататын факторларды талдау ерекше мәнге ие болып отыр. Қазіргі заманғы қауіп-кательлерге байланысты бұл құбылыстың беретін зияны арта түсуде. Оларды болдырмаудың тиімді тәсілдерін табу, Орталық Азия елдерінде терроризмнің алдын алу және түпкілікті жою үшін

оның көрінісін, қазіргі формаларының мәнін айқындап, түсініп алу қажет.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде субъектілері, объектілері, мақсаттары, міндеттері, құралдары, масштабтары, себептері және террористерді соған итермелейтін жағдайлары секілді терроризмнің құрылымдық элементтерін талдау – терроризмнің мәнін әлеуметтік саяси құбылыс ретінде түсінуге көмектеседі.

Айта кеткен жөн, бірқатар зерттеушілер терроризм, саясат және социум – бұл біртұтас тізбектің үшін бөлінбейтін элементтері деген тұжырымға келген. Неміс ғалымы Х.Ю.Кернер терроризмге экстремизм көрінісінің ең жоғарғы деңгейі деген анықтама береді¹.

Ресейлік ғалым А.В. Коровников, терроризм – бұл саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін терактілерді жүйелі, ұйымдастыран және идеологиялық негізде пайдаланушы топтардың тактикасы немесе стратегиясы деп сандайды².

Ресей ғалымы Д.В.Ольшанскийдің пікірінше, «террор – бұл террористердің іс-әрекеттері салдарынан пайда болатын қатты үрей, яғни халықты сенімсіздік пен қорқынышта ұстau – бұл биліктің қоғамды басқаруының бір көрінісі»³.

Америка саясаткері З.Бжезинскийдің ойынша, «терроризм – бұл саяси күрес. Кінәсіз адамдарды саналы түрде және таңдаусызақ өлтіре отырып, террорист карсыласының жігерін мұқатуды, айналасындағыларды үрейлендіруді көздейді»⁴.

Біздің пікірімізше, терроризм – бұл мемлекеттік құрылышты бүлдіру және әлсірету мақсатында қоғамға және көрнекті саяси қайраткерлерге қатысты қорқыту мен зорлық-зомбылық актілерін колданатын саяси күрестің үрей туғызуға бағытталған формасы болып табылады.

Ұлттар Лигасының 1937 жылы қабылданған халықаралық терроризм үшін жауапкершілік туралы жобасында⁵, Қазақстан

¹ Криминология: Словарь-справочник / Пер. с нем.; Отв. ред. перевода А. И. Долгова. – М., 1998. – С. 322.

² Коровников А. В. Исламский экстремизм в арабских странах. – М.: Наука, 1990. – С. 11–12.

³ Ольшанский Д. Психология терроризма... – С. 17.

⁴ Бжезинский З. План политической борьбы США...

⁵ LeagueofNationsDraftConventionforthePreventionandPunishmentofTerrorism (November 16, 1937) // URL:<http://www.cfr.org/terrorism-and-the-law/league-nations-convention-prevention-punishment-terrorism/p24778> = [Проект Конвенции Лиги Наций о предупрежде-

Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының терроризмге қарыс күрес туралы занда¹, 2001 жылы АҚШ-та қабылданған жаңа занда², ТМД-намұше-елдердің өзара ынтымақтастығы туралы Келісімде, «Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы» Шанхай конвенциясында³, 2001 жылдың 28 қыркүйегінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1373 резолюциясында «терроризм» түсінігінің нақты анықтамасы жок. Негізінен барлық түсініктер сипаттама түрінде берілген. Осыған байланысты, қазақстандық ғалым Е.Қариннің пікірінше, жалпыға ортақ анықтаманың болмауы терроризмнің қауіп-көтерімен күресте ортақ әдістерді қалыптастыруға мүмкіндік бермеуде⁴.

Ресми заң актілерінің ішінен Ресейдің «Терроризмге қарыс тұру туралы» Федералдық заңында терроризм түсінігіне біршама қолемді анықтама берілген (2006). Атап айтқанда, Заңның Забында былай делінген: «Терроризм – тұрғындарды үрейлендірумен және (немесе) құқыққа қайшы күш қолдану әрекеттерінің басқа формаларымен байланысты, мемлекеттік биліктің, жергілікте өзін-өзі басқару органдарының және халықаралық ұйымдардың шешіміне ықпал ету практикасы мен зорлық-зомбылық прак-

ции и пресечении терроризма (1937)] (в силу она не вступила, но оказала большое влияние на последующую практику).

¹ Федеральный закон «О борьбе с терроризмом» от 25 июля 1998 г. № 130-ФЗ // URL: <http://www.scrf.gov.ru/documents/17/30.html>; Федеральный закон «О противодействии терроризму» от 06.03.2006 г. № 35-ФЗ (по сост. на 02.11.2013 г.). – Новосибирск, 2007; Закон Республики Казахстан «О противодействии терроризму» от 13 июля 1999 г. № 416-І (по сост. на 04.07.2013 г.) // URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013957; Закон Республики Таджикистан «О борьбе с терроризмом» от 16 ноября 1999 г. № 845 // URL: http://www.nbt.tj/files/Laws/zak_ter_ru.pdf

² USA Patriot Act of 2001 – H. R. 3162 «Uniting and Strengthening America by Providing Appropriate Tools Required to Intercept and Obstruct Terrorism» (signed into law October 26/01) // URL: <http://www.gpo.gov/fdsys/pkg/BILLS-107hr3162enr/pdf/BILLS-107hr3162enr.pdf> = [Патриотический закон США об объединении и укреплении Америки путем создания соответствующих механизмов, необходимых для предотвращения и пресечения терроризма от 26.10.2001 г.].

³ Договор о сотрудничестве государств – участников Содружества Независимых Государств в борьбе с терроризмом от 4 июня 1999 г. // URL: <http://nac.gov.ru/content/3892.html>; Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом (Шанхай, 15.06.2001) // URL: <http://archive.kremlin.ru/events/articles/2001/06/140161/140317.shtml>

⁴ Карин Е. Т. Политика антитеррора: плюсы – минусы... – С. 7.

тикасы»¹. Көп жағдайда терактілер саяси сипатқа ие болатынына қарамастан, зангерлер террористердің саяси мақсаттарға ұмтылуын жоққа шығаруға тырысады.

Ресейлік ғалымдардың біршамасы терроризмді әлеуметтік құбылыс ретінде зерттейді. В.И.Василенко оның саяси, сепаратистік, ұлтшылдық, діни, мемлекеттік және криминалдық терроризм секілді формаларын зерттеді, сонымен қатар осы жағымсыз құбылыстың алдын алу мәселелерін қарастырды².

Сонымен қатар, терроризмнің шығу тегін, оның пайда болуын, бұл құбылыстың қазіргі жаһандану дәуірінде белсенділігінің арта түсін, террористік іс-әрекеттің құрылымын зерттеген Ю.С.Горбунов осы феноменді құқықтық тұрғыдан жіктеу мәселесін қарастырды³. Оның зерттеулеріне қарағанда, терроризмнің мәні адамдарды бір әрекетке мәжбүрлеу үшін үрей туғызу арқылы пайдаланудан көрінеді. Яғни үрейлендіру терроризмнің негізгі мәндік сипаты болып табылады.

Терроризмнің идеологиялық, көзқарастық, әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени негіздерін айқындау оның мәнін анықтаудағы өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі заманғы халықаралық терроризмнің себептерін тек әлеуметтік, идеологиялық және діни контекстerde қарастыруға болмайды. Сонымен қатар, қазіргі әлемде мемлекетаралық терроризмді туғызып отырған геосаяси фактордың ролі арта түсіде. Ол экономикалық дамыған елдердің жаңа геосаяси жағдайларда аталған географиялық кеңістіктің тұратын халықтың ұлттық мұдделерін ескермей немесе олардың тілтен сол мұдделеріне қарама-қайшы келсе де, содан пайда көруге деген ұмтылысына қарай бағытталған⁴.

Бұл феноменнің мәні қазіргі заманғы аса маңызды философиялық мәселелердің бірі болып табылатындықтан, ғалымдар «терроризм» түсінігін анықтауда әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдануда.

¹ Федеральный закон «О противодействии терроризму» от 06.03.2006 г. № 35-ФЗ... – С. 6.

² Василенко В. Терроризм как социально-политический феномен / Общ. ред. А. А. Прохожев... – С. 220.

³ Горбунов Ю. Терроризм и правовое регулирование противодействия ему... –

⁴ Дикаев С. У. Террор, терроризм и преступления террористического характера (криминологическое и уголовно-правовое исследование)... – С. 181–183.

Себебі, ол халықтың дәстүрлі топтарының психологиялық күйімен және діни көзқарастарымен тығыз астасып жататын әлеуметтік жаратылыстың көптеген аспектілерін қамтиды.

Ресейлік ғалым В.Е.Петрищев «діни тероризм болмайды, тек діни доктриналар мен бұркемеленген тероризм ғана болады»¹ деп санайды. Сондықтан, «діни тероризм туралы айтқанда» тек діни идеялармен бұркемеленген тероризмді ғана назарға алу қажет.

Батыс елдері мен Ресей Федерациясының ғалымдары жасаған тероризм туралы барлық анықтамаларды тұжырымдай келе, тероризмге мынадай түсінік беруге болады:

- негізін әлеуметтік қарама-қайшылықтар құрайтын және экстремистік, террористік идеологияны, террористік іс-қимылдарды жүргізуге арналған құрылымдарды қамтитын күрделі әлеуметтік құбылыс;
- саяси күрес, яғни террорист кінәсіз адамдарды саналы түрде өлтіре отырып, қарсылыстың жігерін жасыту, қоршаған ортаға қорқыныш әкелу, сонымен қатар мемлекеттік құрылыштың негіздерін әлсіретуді мақсат етеді.

Сонымен қатар, «террор» – бұл мемлекеттің күштік құрылымдар көмегімен оппозицияға қарсы жүргізетін (мемлекеттік тероризм) құғын-сүргін саясаты. «Терроризм» – оппозициялық топ өкілдерінің халық арасында қорқыныш пен үрей туғызы мақсатында зорлық-зомбылық жасауы. «Терроризм» – қоғамдағы дағдарыс салдарынан пайда болған әлеуметтік құбылыс, ол астыртын және заңсыз іс-әрекеттермен жүзеге асырылады.

Терроризмнің түрлері мен формалары

Терроризмнің түрлеріне келер болсақ, біздің пікірімізше, қазіргі жағдайда оның кең тарағандары қатарына халықаралық, мемлекетаралық, саяси, діни және пайдакунемдік мақсаттағы тероризмді жатқызуға болады. Антитеррористік саясатта оның сепаратистік және ұлтшылдықсипатын да ескерген жөн. Өз көзқарасы мен өмір сүру идеологиясын күштеп қабылдату, мақсатқа жетудің басты құралы ретінде қауіп-қатерді, бейбіт түр-

¹ Петрищев В. Е. Состояние и тенденции терроризма в СНГ... – С. 12.

ғындардың өлімін және зорлық-зомбылықтың басқа да түрлерін пайдалану терроризмінің барлық түрлері мен формаларының ортақ мәнін көрсетеді. Терроризмің мәні кезкелген адамды террористерге тиімді іс-қымыл жасауға мәжбүрлеу мақсатында үрей туғызууды белсенді түрде пайдаланудан көрінеді.

Осылайша, терроризм – бұл бірінші кезекте, белгілі бір мақсатқа жету үшін үрей туғызу, корқыныш ұялату, үрей атмосферасын туғызу, сонымен бірге белгілі бір үшінші жақ тарапынан қажетті шешімдердің қабылдануы. Осы зорлық-зомбылық пен үрей туғызу терроризмің негізгі мәндік сипаты болып табылады¹.

Барлық әлемдік діндер зорлық-зомбылықты құптамайды. Олардың бәрі тек бір ғана зорлық-зомбылық формасын мойындайды – ол адамның өз бойындағы құнәһарлық табиғатына қарсы тұруы. Осындай қарсы тұрушылықтың түрі ғана барлық діндерде қолдау тапқан. Сондықтан, Ислам діні өздігінен терроризмің бастауы бола алмайтынын айта кеткен жөн.

Терроризмге қарсы іс-қымыл бойынша дүниежүзілік тәжірибелі ескерсек, оның алғышарттарын болдырмау үшін, оның терен әлеуметтік себептерін жою қажет. Бұл әрекетті іске асыруда біржақты күш көрсетуге сүйенбей, оны жан-жақты жүргізу қажет. Террористік акциялардың жолын кесу мен оларды жасаған тұлғаларды жазалауға қарағанда, терроризмің белгілерін анықтау, оның себептері мен пайда болу шарттарын жою әлдеқайда тиімді.

Терроризмің көріністері өзінің масштабтары, орындаушылары, мақсаттары, формалары, әдістері және сипаты бойынша алуан түрлі. Терроризм феноменін зерттеу әдістерін реттеу максатында зерттеушілер оның әртүрлі негіздерін зерделеп, оның көріністерін жүйеге келтіруге ұмтылыс жасауда. Әдіс-тәсілдерінің алуантүрлілігі, практикасы оның теориялық тұрғысынан озып кеткен осы пәннің жаңашылдығы дүниежүзілік қауымдастық үшін терроризммен құрестің құрделілігін көрсетеді. Террористік іс-әрекеттің тарихи өткені оның түрлерінің алуандығын, белгілі мақсаттарға жету үшін зорлық-зомбылық әдістерін жүзеге асыру формаларының көптігін көрсетеді. Бұл феноменді зерттеу барысында террористік іс-әрекетке баға берудегі саяси қарама-

¹Антонян Ю. М. и др. Природа этнорелигиозного терроризма... – С. 11–13.

қайшылықтармен және дүниежүзілік ғылыми ортада терроризм түрлерін жіктеудегі ортақ әдістердің жоқтығымен байланысты киындықтар туындаиды. Сонымен қатар, терроризмді жіктеу мәселесі бұл құбылыстың нақты және біржакты анықтамасы жоқтығымен тікелей жалғасып отыр.

Қазіргі кезеңдегі терроризмнің құрылымыдық жүйесін белгілеуде британдық сарапшы-терроролог П. Уилкинсонның¹ саяси терроризмді жүйеге келтіруде оның саяси типологиясын¹ құру жолымен анықтауы, оның осы саладағы алғашқы талпынысы болды. П. Уилкинсонның айтуынша, терроризм серпінді құбылыс және оның типологиясы белгілі бір жағдайға байланысты анықталады. Әртүрлі ахуалда қалыптасатын терроризмнің барлық түрлеріне сәйкес анықтаманы жасау кезінде, П. Уилкинсон, терроризмді іс-әрекетіне орайластырып осылайша жіктеу идеясы – терроризмнің қарапайым анықтамасы өз шенберінен асып кетті.

П. Уилкинсонның «саяси терроризмі» негізінен, ұлтшылдық және революциялық терроризмге баса назар аудартады. Осы ғалым терроризмнің үш түрін бөліп қарайды: қылмыстық, саяси және мемлекет тараپынан қолдауға ие. Бұдан баска, ол, саяси терроризмнің түрлі формаларына назар аудара отырып, мемлекеттің ішкі құштерін пайдалану арқылы азаматтарды өзіне бағыныншты етуді көздеген тәсілі – оның ең көп тараған түрі екендігін айттып етеді.

Зерттеуші Дж. Белл терроризмді 6 түрге: психопатиялық, криминалдық, «қырағылық терроризмі», эндимикалық, биліктің өзі рұқсат берген және революциялық² деп бөліп шығады.

Терроризмді жіктеудің өзгеше моделін Б. Крозье ойладап тапты. Өзіндік жіктеудің негізіне ол, зорлық-зомбылық көрсету топтары типологиясын ендірді. Оның пікірінше, террористік топтарға жататындар:

- этникалық топтар – өздерінің этникалық топ өкілдерімен саяси билікті өзгертуге ұмтылған азшылық топтар;
- марксистік революциялық топтар, олар, бірыңғай марксистік идеологияға сәйкес біріккендер;

¹ Wilkinson P. Political Terrorism... – С. 65.

² Bell J. B. Transnational Terror... – С. 10–18.

– анархиялық топтар, олар, мемлекеттік құрылымдардың белсенділігін төмендетіп, қоғамды толық еркіндікке әкелуді көздейтіндер;

– қылмыстық топтар, олардың әрекеттері тек қана қылмыстық жолмен пайда табуды мақсат етуі және ешқандай саяси астары болмайтын топтар;

– неофашистік және оңшыл топтар, олардың басты бағыты солшыл және либералды көзқарастағы саясаткерлер және белсенділермен құресетін топтар. Осы аталған топтарда терроризм әрекетібелгілі бір ұлттың, оның дәстүрлі саяси доктриналар мен құндылықтарына қарсы, ал, тарихи тұрғыдан алып қарасақ, өткен заманың мемлекеттік қайраткерлеріне қарсы бағышталған еді¹.

Ресейлік зерттеуші Е. Г. Ляхов, терроризм дегеніміз саяси-құқықтық сипаттағы өте күрделі құбылыс дей келе, мынадай қорытынды жасайды: «Әдебиеттерде террор, терроризм, террористік акт зорлық-зомбылық көрсету арқылы саяси қарсылықты, яғни, мемлекеттік, саяси немесе басқа да қоғамдық қызмет атқаратын нақты бір жеке тұлғаны (тұлғаларды) коркыту»² болып табылады.

Терроризмнің басқа да алуан түрлі жіктелу формалары (түрлері) бар, яғни, оның қызмет ету аясының обьектілік сипаты және субъектілік сипатына сәйкес болады. Ресей ғалымы Н. Мелентьев терроризмнің 5 түрін бөліп қарастырады:

– идеологиялық, ресми немесе занды саясат ауқымынан белгілі бір сепебтермен шығып қалған саяси идеологиялық өкілдері тарапынан;

– этникалық, мұнда оның субъектісі ретінде идеологиялық емес, ұлттық, этникалық қауым (Н. Мелентьеваның пікірінше, миноритарлық этникалық топ хақында) болады;

– діни, оның субъектісі ретінде діни азшылық немесе мажоритарлық дін өкілдерінің белсенді мүшелері, өз кезегінде олар қандайда бір куыршақ үкіметтің жауыздық сипаттағы ықпалына түсіп қалған топтар;

– криминалдық. Бұл сирек кездесетін, әдетте жалпылама идеологиялық құрылымның бір куралы ретінде ғана қызмет ететін

¹ Crozier B. Terrorist Activity: International Terrorism... – С. 197–199.

² Ляхов Е. Г. Терроризм и межгосударственные отношения... – С. 7–8.

құбылыс. Басқаша айтқанда, қылмыстық топ идеологиялық, этникалық немесе діни сипатта болса ғана криминалды терроризм орын алуды ықтимал;

- дербес (индивидуалды) терроризм¹.

Н. Мелентьевая, осы құбылыстың сипатын қарастыра отырып, идеологияға субъект ретінде сүйенеді. Біздің пікірімізше, бұл зандаулық емес, өйткені терроризмнің кезкелген көрінісінде белгілі бір ашық сипаттағы шектен шықкан экстремистік идеология болатындығы айдан анық.

В. В. Лунеевтің жіктеуі бойынша, террористік әрекеттің төмендегідей түрлері болады:

- саяси сарындағы терроризм, ол мемлекет және қоғам қайраткерлерін немесе билік өкілдерін өлтіру арқылы іске асырылады;

- қылмыстық терроризм, ол ұйымдастырылған қылмыстық топтардың (ішкі және халықаралық) мемлекет пен оның өкілдеріне қарсы, олардың жүргізген қатаң қылмыстық саясатын жалғастыруына, оны жүргізуіне қарсы тұрып, және де құқық қорғау органдары белсенді қызметкерлерінің көзін жою, соттарды жеңіл үкім шығартуға мәжбүрлеуді мақсат етеді;

- ұлтшил терроризм, ол сепаратистік күштерге тән, оның мақсаты федералдық билік органдары қызметінің берекесін кетіріп, оған нүқсан келтіру арқылы саяси және экономикалық дербестікке жетуді көздеуі;

- «әуе терроризмі», ол самолеттерді айдал әкетушілердің кепілдікке алған адамды қолға түсіру арқылы ақша, қару-жарап, есірткі заттарды бопсалау және басқа бір елдерге ұшып кетуді көздеуі;

- халықаралық терроризм, ол шет мелекеттің өкілдерін өлтіру арқылы соғысуға арандату немесе халықаралық шилененісті көздіруы;

- діні;
- мемлекеттік;
- стихиялық;
- ұйымдастырылған терроризм².

¹Мелентьева Н. Размышления о терроре // Элементы. – 2000. – № 7.

²Лунеев В. В. Терроризм: понятие, ответственность, предупреждение...

Егер осы қаастырылған мәселенің техникалық аспектілеріне келсек, онда террористік әрекетті ұйымдастыру мен оны іске асыруда террористік акті орын алған кеңістіктің алғы шарттары мен ерекшеліктері айтарлықтай мәнге ие болады. Осындай белгілері бойынша, әдетте терроризмді үш негізгі топқа бөледі: құрлықтық, әуежәне теңіз терроризмі. Оның үстіне, зерттеушілердің айтудың ірі террористік құрылымдардың түзілуі, олардың арасында «халықаралық» байланыстардың орнауы, осы ұйымдардың өрісінің кеңеюіне алып барады¹.

В. В. Лунеев «қылмыстық терроризмнің» анықтамасын жеке категория ретінде бөліп қарайды. Ресей ғалымы Ю. Антонян осы мәселе турасында, террористербасқа қылмыстық топтардан бөлек қаастырылуы тиіс: «...әрине, терроризм қылмыс ретінде жазаланды, осы тұрғыдан қарағанда, С. А. Эфировтың терминологиясы бойынша, террористер – бұл қылмыскерлер, алайда негізінде бұлар өте әртүрлі ұғымдағы қылмыстар»². Мұны сипаттай келе, дәлірек айтқан В. Емельянов: «...кезкелген терроризм – қылмыстық негізде болып, және деешқандай қылмыстық емес терроризм болмайды»³.

Егер терроризмнің «мемлекеттік» деген түрін қаастыратын болсақ, онда белгілі терроролог У. Лакердің айтудың терроризмнің өзі тікелей «мемлекет тарапынан болмаған зорлық-зомбылық көрсетумен немесе оны қолданумен»⁴ анықталады дегени күмән тудырады. Бұрыннырақта терроризм дегеніміз саяси қайраткерлерге және саяси топтарға қарсы жүргізілетін әрекет болса, қазіргі кезеңде, біздің ойымызша, терроризмнің іс-қимылдары қоғамға немесе мемлекетке қарсы жақсы ұйымдастан және техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілген, оның ішінде тіптен халықаралық денгейде сипат алатын корпорациялармен іске асырылады. Терроризмнің осы бір түрі белгілі бір мемлекет тарапынан колдауға ие қасақана саясат ретінде жасалатын қызметі ретінде көрініс береді.

¹ Авеев Ю. Типология терроризма // Современный терроризм: состояние и перспективы / Под ред. Е. И. Степанова... – С. 71.

² Цит. по: Жалинский А. Терроризм: психологические корни и правовые оценки // Государство и право. – 1995. – № 4. – С. 22.

³ Емельянов В. П. Терроризм и преступления террористической направленности. – Харьков, 1997. – С. 65.

⁴ Лакер У. Терроризм эпохи постмодернизма... – С. 85.

Еуроодакта қабылданған терроризмнің анықтамасы бойынша «белгілі бір адамға немесе топқа, қандай да бір мемлекетке, оның институттарына, оның халқын қорқыту мақсатында қасақана шабуыл жасау»¹ деп көрсетілген. Осыны ұсынған тараптың «мемлекеттік терроризмге» берген анықтамасы жок. Америка Құрама Штаттары осы мәселені қарастырганда әлдебір мемлекеттерді терроризмнің демеушісі ретінде көрсетеді. «АҚШ, – деп жазады Р. Винсент, – терроризм проблемаларын жамылып және оны алдыға сала отырып, достарына да, қастарына да қатысты өз гегемониясын күштейтуді аса айлакерлікпен өз жеке пайдасына асырып отырады»². Осындай тәсілге сәйкес, Таяу және Орталық Шығыс елдерінде болып жатқан жаңжалдың негізгі себептері белгілі бір елдердің үкіметтері жүргізіп отырған «мемлекеттік терроризм» саясатыбылып табылады.

Тарихтан бізге мәлім болғандай, мемлекеттік терроризм арнағы органдармен саяси мақсатта құпия түрде іске асырылады. Мәселен, Р. Меркадердің 1940 жылдың 20 тамызында Мексикада КСРО ПХК-ның тапсырмасы бойынша ресей большевизмінің қарсыласы Лев Троцкийді өлтіруі. Немесе АҚШ-тың ОББ-ның ұйымдастыруымен өткен ғасырдың 50-ші жылдардың соны мен 60-шы жылдардың бас кезінде кубабасшысы Фидель Кастроның өміріне қастандық жасалуы³.

Кейбір елдердің үкіметімен күресу үшін террористік әдістемелерді пайдалану арқылы олардың сыртқы және ішкі саясатын өзіне қолайлы етіп өзгерту мақсатында осы шет елдерге қарсы күш қолдану үрдісі көрініс береді. Мәселен, Израиль үкіметінің палестиналықтарға қарсы жүргізген осындай іс-әрекеті. Осы мақсаттарды іске асыруда белгілі бір мемлекет немесе мемлекеттер блогы тарапынан өздерінің саяси қарсыласының мұддесіне нұқсан келтіру үшін қолданатын террористік топтар бар екені анық. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін террористік топтар, уақыты келгенде, өрісі кенейіп, өз бетінше әрекет етуге дейін барады. Бұл мәселеде Дж. Адамстың үлкен әрі күшейіп алған

¹ См.: Мамаев Ш. Конфликт понятий // Эксперт. – 2002. – № 14. – 8 апр. – С. 77.

² Цит. по: Wilkinson P. Political Terrorism... – С. 5.

³ Рazzakov Ф. И. Век террора: хроника покушений. – М., 1997. – С. 340.

террористік топтар мемлекет тарапынан қолдауды қажет етпейді деген корытындысына назар аударуға тұрарлық¹.

Терроризм бойынша сарапшылардың айтуынша, карулы күрес, конспирация, және анонимділік, террористік актіні құпия түрде дайындау шаралары террористік топтар үшін, оның идеологиялық негіздемесінен әлдекайда маңызы үрдіс екен. Америкалық ғалым Р. Е. Рубинштейннің айтуынша: «...терроризм менталитетісөзден (үгіттеу, сендіру) бас тартып, тікелей әрекет етуге (зорлық-зомбылық көрсетуге) негізделген. Террорист зорлық-зомбылық жасауды коммуникация құралы етіп көрсетеді.»². Сонымен қатар, бұғынгі таңда террористік әрекеттің ауқымында оның идеологиялық мүмкіндіктерін іске асыру үрдісі, яғни, ен бірінші, Интернет желісі арқылы пайдалану өте көптеп кездесуде. Мұнда терроризмнің аса жауыздығы мен қаталдығы арта түсіу, оның тікелей социумға карай бағытталғандығы, адамның көніл-күйіне, драмалық әсерлілігі секілді факторларын ескеру керек.

Ресей ғалымы Е. И. Степанов осы турасында, «мәселе тек үрей туғызуда ғана емес <...> терроризмнің және оның субъектісінің соңғы мақсаты және соңғы нәтижесі, ол, қарсыласпен үнемі тоқтаусыз қарама-қайшылықта болу(кезкелген терроризм – үзілді-кесілді ымырасыз қарсылық білдіруді көрсету). Осындай мақсатымен және өзі зарығып жеткен нәтижесімен террорист өзіне тәуелді болғандарды бұлтарпай бағындыруды көздейді»³.

Терроризмнің әртүрлі деңгейде орын алудың ескере отырып, профессор У.Гори терроризмнің келесі түрлерін аныктап берді:

- халықаралық терроризм (қандайда бір мемлекет тарапынан бақылауда болатын);
- трансұлттық (мемлекетпен бақылай ала алмайтын, бірақ осы мемлекетке тиеселі бола тұра басқа мемлекеттің территориясыда қызмет ететін);

– ішкі мемлекеттік (елдің мемлекеттік органдарымен өзінің территориясында ұйымдастырылатын);

¹ Adams J. The Real Financing of Terror... – Р. 65.

² Цит. по: Молодежный экстремизм / Под ред. А. А. Козлова. – СПб., 1996. – С. 16.

³ Терроризм в современной России: состояние и тенденции («круглый стол») // Социологические исследования. – 2001. – № 5. – С. 7.

– ішкі мемлекеттік емес (ел ішінде азшылыққа ие саяси немесе таза қылмыстық топтар іске асыратын)¹.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «халықаралық терроризмнің» У. Горижасаған анытамасы толық шындыққа сай келмейді, сондықтан халықаралық және мемлекеттік терроризмді жеке түрге бөліп қарастырған дұрыс болар еді. Сонымен бірге, ішкі мемлекеттік терроризм дегеніміз сол мемлекеттік террордың өзі екендігін нақтылай тұсу керек, мұнда терроризмнің жаһандану үрдісін ескерген абзал.

Ресей зерттеушісі А. Боташева, саяси терроризмді қарастыра отырып, оның деңгейі мен қомақтылығын егжей-тегжейлі зерттей келе, келесі түрлерін бөліп қарастырады:

– халықаралық терроризм (халықаралық террористік ұйымдардың бақылауында болып, бірнеше мемлекеттердің аумағында іске асырылады);

– мемлекеттік терроризм (кандайда бір мемлекеттің бақылауында болып, мемлекеттік органдардың қатысуымен іске асырылады);

– трансұлттық терроризм (мемлекет тарапынан бақылауда жоқ, бірақ осы мемлекет тұрғысынан басқа бір мемлекеттің аумағында әрекет етуі);

– ішкі мемлекеттік терроризм (мемлекеттік органдармен іске асырылатын –мемлекеттік террор);

– ішкі мемлекеттік емес терроризм (азшылықта қалған саяси топтардың әрекетімен іске асырылатын);

– жаһандық терроризм (бұл – бүкіл әлемдік қауымдастыққа қарсы жасалатын саяси қылмыс)².

«Халықаралық терроризмнің» анытамасы 1984 жылы БҰҰ Bas Assambleясы 39-шы сессиясының «Мемлекеттік терроризм саясатының басқа тәуелсіз мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылышын бұлдіруіне жол берілмеуі туралы»³ Шешіміне сәйкес пайда

¹ Гори У. Выступление на международном коллоквиуме «Войны и мир в XX веке», организованном французским Фондом оборонных исследований в декабре 1995 г. // Де-фанснасьональ. – 1996. – Апрель. – С. 135.

² Боташева А. Политический терроризм: детерминации и формы проявления: Дис. ... канд. полит. наук. – Ставрополь, 2004. – С. 40–42.

³ Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН A/RES/39/159 «О недопустимости политики государственного терроризма и любых действий государств, направленных на подрыв общественно-политического строя в других суверенных государствах», принятая

болды. Соңғы кездері құжаттар мен әдебиеттерде «халықаралық терроризм» және «мемлекеттік терроризм» деген терминдер қолданысқа жиі түсे бастағанына қарамастан, оның анықтамалары туралы бірынғай пікір әлі қалыптаскан жоқ. Соған қарамастан, осы ұғымның дефиницияларын талдауда ресей ғалымдары У. Р. Латыпов¹, Е. Г.Ляхов², Л. А. Моджорян³ және басқалары ұсынған пікірлеріне сүйенсек, олардың көпшілігі халықаралық терроризмнің негізгі белгілерінің ұқсастығын дәлелдейді.

Осыған орай, жоғарыда айтылған мәселелер оның (терроризмнің) қаншалыкты күрделі, кең ауқымды әрі көп құрылымды құбылыс екендігін көрсетеді. Оның үстіне, қазіргі заман терроризмінің алуан түрлілігі, оның практика жүзінде таза бір күйінде ғана болуы өте сирек кездеседі.

Соңғы кездері халықаралық терроризм мәселелері халықаралық қатынастар саласында заманымыздың жаһандық проблемасына айналып отырғандығы белгілі. Бұл трансформация, біздін пікірімізше, төмендегі сипаттағы себептерден туындалап отыр:

біріншіден, халықаралық терроризмнің таралуы планетарлық ауқымда кеңінен өріс алып келеді. Ол халықаралық жаңжалдың дәстүрі қалыптасқан (Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия) аймактарында ғана емес, сонымен қатар, дамыған және өнегелі (АҚШ пен Батыс Еуропа) мемлекеттерінде де орын алуда;

екіншіден, халықаралық терроризм жекеленген елдер мен тұтас әлемдік қауымдастықтың қауіпсіздігіне айтарлықтай нұқсан келтіреді;

үшіншіден, халықаралық терроризммен құресуде бір ғана державаның немесе жоғары деңгейде дамыған бірнеше мемлекеттер тобының ұмтылышы жеткілікті болmas; халықаралық терроризмнің алдын алу – әлемдік қауымдастықтың ұжымдық әрекеттесуін талап етеді;

на 39-й сессии 17 декабря 1984 г. // III. Резолюции, принятые по докладам Первого комитета. – URL: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NR0/466/36/IMG/NR046636.pdf?OpenElement>

¹ Латыпов У. Р. Об определении международного терроризма // Советский ежегодник международного права. – 1988. – С. 139.

² Ляхов Е. Г. Терроризм и межгосударственные отношения... – С. 22.

³ Моджорян Л. А. Терроризм: правда и вымысел... – С. 28.

төртіншіден, жаһандану аясында халықаралық терроризмнің феномені, оның қазіргі заманың басқа проблемаларымен сабактастығын дәлелдеп анық көрсетеді.

Халықаралық терроризмнің проблемалары әлемдік қауымдастықтың өмір сүру аясындағы және жекеленген мемлекеттердің социумы – саясаты, халықаралық қатынастары, діні, экологиясы, қылмыстық топтары және т.б. тікелей байланысты¹. Бұл байланыс терроризмнің, жоғарыда біз айтып өткен, әр алуан түрлері – саяси, үлтшылдық, діни, криминалдық, экологиялық сипатынан көрініс береді.

Қазіргі заманғы терроризм, бұрынғы тарихи кезеңдерде орын алған террористік көріністің үлгісінен ерекшеленеді, ол интернационалды – қандай да болмасын белгілі бір бірыңғай үлттық, этникалық, діни немесе халықаралық, көп үлтты, транс-шекара бойы әрекет етуші террористік желі мен топтын, және де индивидтердің өзара бір-бірімен тікелей байланысы болмаса да, бірақ біртұтас экстремистік идеологияның ықпалымен біріге келе, тек сол операциялардың келісіп өткізуін қамтамасыз ете алатын тұраксыз конгломераты болып табылады.

Халықаралық терроризм мемлекеттердің конституциялық құрылышын бұлдіру немесе халықаралық құқықтың және халықаралық қатынастардың негізіне нұқсан келтіретін бір немесе бірнеше елдердің азаматтары тарапынан іске асырылатын акция сипатында болады.

Мамандардың болжамдары бойынша, халықаралық терроризм халықаралық қауіпсіздіктің аса бір күрделі қауіп-қатері болып келеді. Ол жаһандық проблемаға ойысты, қоғам үшін оның әлеуметтік қауіпі ерекше болды, өзінің көздеғен мақсаты мен көрінісі бойынша сан алуан бола бастады, қылмыстық әрекетіне жету үшін ғылым мен техниканың жаңа мүмкіндіктерін пайдалана бастады, кейбір жағдайларда мемлекеттік органдардың көмегімен іске асып, мемлекеттік терроризм деген «мәртебеге» ие болды.

Террористердің халықаралық қылмыстық топтармен үндесе келе, зорлық-зомбылық арқылы үлкен субконтинетальды және жаһандық ауқымдағы ахуалды немесе саясатты өзгертуді,

¹Босин Ю. В. Роль и соотношение исламского и этнического факторов во внутри-афганском конфликте...

мемлекеттік және қоғамдық құрылыштың трансформациялануын мәжбүрлеуді, өркениеттің қазіргі рухани құндылықтарын бүлдіруді көздеңген мақсаттары айқындалды.

Өздерінің белсенділігін сақтап қалған «классикалық», «дәстүрлі» террористік опттар, осыған дейін өз мүдделерін шектеу арқылы немесе ұлттық шенберден шықпай келсе, соңғы кезде саналы түрде немесе қысым көрсету арқылы – аса күшті, батыл, қатыгез, ұйымдастырушылығы, қаржылық қамтамасыз етілуі, идеологиялық және насиҳаттық жағынан мықты трансұлттық террористік құрылымдардың ықпалына түсіп жатыр.

Қазіргі заман терроризмінің халықаралық сипатын дәлелдейтін тағы да бір себеп, ол өзінің идеялық ұраны ретінде радикалды саяси және діни тұжырымдамаларды таңдауында. Мәселен, әлемдік діннің бірегейі – исламды бұрмалау арқылы немесе американдық салық төлушілердің ақшасына американың үлгісіндегі демократияны күштеп ендіруді жатқызуға болады. Қазіргі заман терроризмінің интrenационалдық сипатын террористердің трансұлттық қылмыстық топтармен, оның ішінде бірінші кезекте, есірткі заттарын заңсыз сатушы топтармен көнінен және өзара пайдалы қарым-қатынас орнату ерекшелігіне тоқталып өту керек.

Террористердің ұлттық және этникалық шығу тегі әртүрлі болса да, олар жедел және іс жүзінде ешқандай жаңжалсыз кезкелген аймақта, кезкелген қыын жағдайда бір бірімен оңай танысып, бірлесіп әрекет етуге дайын болады. Мұнда олардың, яғни әртүрлі террористік топтардың идеологиясы түбебейлі түрде, бір біріне қарама-қайшы боған жағдайда да олар алдарына қойған ортақ мақсатқа байланысты бірігеді. Мұндай жағдай террористердің бір бірімен ынтымактасуына еш кедергі болмайды, оларға жедел және тиімді түрде қарсы тұратын құқық қорғау органдары, арнайы қызмет, үкімет пен қоғамның да алдын орап кетеді. Мұның ерекше бір көрінісі, белгілі бір террористік ұйымның артында бүгінгі таңда өте бір агрессивті мемлекеттердің арнайы қызметтері тұрғандығы байқалады. Міне, солардың аса жомарттықпен террористерге қаржылық көмек көрсетумен ғана шектелмей, оларды заманауи техникамен және қару-жарақпен қамтамасыз етуде, қажет болған жағдайда дипломатиялық каналдарды да пайдаланып отырады.

Қазіргі заманың террористік желілері өздерінің жаһандық қылмыстарын іске асыру мүддесіне сай кезкелген халықаралық немесе бір елде болып жатқан ішкі жанжалды өз пайдасына асыруды ойластырады. Сол себепті, халықаралық терроризмнің өте мыкты базалары соңғы жылдары жедел және нәтижелі түрде құрылып жатты. Мұнда кейбір жағдайларда, АҚШ үкіметінің жоспарына сәйкес, дүние жүзінің кезкелген аумағында барлық жанжалды аймактарда, занды биліктің бақылауы әлсіреген кейбір елдерде, территорияларда террористік әрекеттер орын ала бастады.

Қазіргі заманың халықаралық терроризмінің ерекшеліктеріне қызмет етуші немесе олардың филиалдары ретінде, террористік мақсаттарға сай әрекет ететін қауіпті объектілерді құру жатады.

Халықаралық терроризмнің қауіп-кательлеріне, пәрменділік танытатын өзіне сенімі мол, бір де бір мемлекет өз бетінше қарсы тұра алмайды. Терроризммен тиімді түрде құресуде халықаралық құқықтың негізінде, қажетті мандаты бар, занды және өкілеттілігі кең, дүние жүзі мойындаған БҰҰ-ның бір орталықтан үйлестіруі арқылы барлық халықаралық қауымдастықтың ұйымдаса отырып орындайтын іс-шаралары арқылы қол жеткізуге болады. Т. Бояр-Созоновичтің пікірінше¹, оны орындау осы айтылған проблеманы жан-жақты шешу мақсатында халықаралық-құқықтық құжаттарды әзірлеу керек.

Қалыптасқан ахуалды талдау барысында бұрын жеке дара әрекет жасаған террористік топтар бірынғай трансұлттық жүйеге бірігіп жатқандағын көрсетеді. Ол өте қауіпті және шынайы дербес күшке айналды. Сондықтан оған қарсы тұратын бірынғай майдан ашып, халықаралық күштерді жұмылдыру қажет.

Соңғы жылдары жаппай адам өліміне әкелетін, жауыздығы басым терактілер санының өсу үрдісі көрініс бере бастады. Мұны террористердің соңғы үлгідегі техникалық құрал-жабдықтарды қолдануы күрт арта түсүі, оларды тіpten дүние жүзі бойынша тиімді пайдалануымен айғақталып отыр. Террористік ұйымдардың террорлық әдіс-тәсілдері мен оның формаларын өте қатыгез, жауыздықпен іске асыруы, олардың халықты жаппай қырып-жою үшін жасалатын қаруын қолға түсіру қауіпін туғызып, яғни

¹Бояр-Созонович Т. С. Международный терроризм: политico-правовые аспекты. – Киев; Одесса, 1991. – С. 119–120.

«технологиялық терроризмді» іске асырып кетуі ықтимал: ядролық, химиялық және бактериологиялық қаруды пайдалану қауіп, радиоактивті немесе улылығы өте жоғары химиялық, биологиялық заттар мен ядролық құралдар және басқа да өнеркәсіп орындарын басып алу мүмкіндігі осыған жатады.

Халықаралық террористік ұйымдардың әрекетінде алғашында күш жинактап, тіптен басқа бір елдің территориясында құрылымдық базасын жасаудан бастап, өздерінің адына қойған саяси мақсаттарын тиімді түрде іске асыруға ден қоюы орын ала бастады. Осы жағдайды ескере отырып, террористік ұйымдар үшін Таяу Шығыстағы қолайсыз ахуалдың қалыптасуына орай, осы аймақта және одан тыскары орналасқан террористік нысаналарға «бастырмалата соққы беру» тактикасынbastap кету мүкіндігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бірінші кезекте, мұндай тактиканы іске асыру, негізінен экстремистердің «шахидтерді» пайдалану арқылы көтеген адам өліміне және қиратуларға алып келетін акцияларды орындауларына байланысты болып келеді.

Орталық Азия елдері үкіметтерінің қабылдаған шараларына қарамастан, осы аймақта соңғы оқиғалардың желісі көрсеткендей, атальыш мемлекеттердің территориялық тұтастығына төнетін қауіп – негізінен, радикалды халықаралық террористік ұйымдардың әрекетінен туындастырылғы анықталды. Орталық Азия елдеріне халықаралық құқықтық базасын жетілдіру, көпжакты және екі жақты халықаралық форматта, бірінші кезекте, БҰҰ аясында антитеррористік әрекеттестікті одан әрі дамыту шараларын атқару керек. Терроризмді қаржыландыру механизмін анықтау, жаппай қыратын қаруды пайдалануға террористерге жол бермеуді көздең, терроризмді насиҳаттау, террористік рекурт, және де «террорист-жанкештілерді» әзірлеуге жол бермеу шараларын жақын шетелдегіелдер ұйымдастыратын аймақтық ұйымдардың жұмысына белсенді түрде катысып, олармен осы мәселелер бойынша өзара әрекеттесуі міндетті деп санаймыз.

Халықаралық терроризм – ұйымдастан қылмыстың өте қауіпті түрі. Оның пайда болу себептері криминогендік факторлардың өсуімен анықталады – оған әлеуметтік-экономикалық та, әлеуметтік-мәдени де факторлар жатады. Соның біріншісінің санатына кіретіндер:

– жекеленген елдердің және елдер арасында жиналған кордың, пайданың және байлықтың біркелкі тендей бөлінбеуінің жалпы үрдісі, «әлеуметтік шиеленіс түйінін» құрайтын теңсіздік ұлғаюда;

– өнеркәсіпті дамыған және дамушы елдерде кедейшілік проблемасының біртіндеп ұлғаюы;

– қалалардың толып кетуі және деградациялану қауіпі;

– кейбір мемлекеттік және діни ұйымдардың терроризмді жанама немесе ашық түрде қолдауы.

Мұның бәрі белгілі бір қолайлы жағдайда халықтың ішінде жекеленген, ұйымдастырылған және де халықаралық қылмыстың «резервін» қалыптастыруға септігін тигізеді.

Әлеуметтік-мәдени факторларға қатысты: әлемнің көптеген аймақтарында әртүрлі этникалық топтар мен мәдениет өкілдері арасында қарама-қайшылық қүшіне түсті, ол өз кезегінде агрессивті мінез-құлықты өршітіп, құқықтан аттап, халықтың маргиналды бөлігінің әртүрлі елдердегі криминалдық бірлестіктердің тәжірибесін үйренуіне бой алдырды.

Қылмыстық ұйымдардың қолданып келген әдістері негізінен, әлемде кол жеткізіп отырған позитивті жетістіктерді пайдалана алудың айта кетуге болады. Оларға жататындары: мемлекеттер арасында экономикалық, транспорт қатынасы, акпараттық және басқа да байланыстардың ұлғаюы; шекара«ашықтығының» артуы; халықаралық сауда мен қаржылық қатынастың дамуы; бұрынғы бақылау жүйелерінің қирауы; демократиялық құқықтық реттеудің өте баяу қалыптасуы және т.б.

У. Р. Латыповтың айтуынша, халықаралық терроризммен күрестің барлық түрлері халықаралық-құқықтық реттеумен қамтылған жағдайда ғана құқықтық реттеудің пәрменді механизмі жасалумүмкіндігін атап көрсетеді¹.

Терроризмді жіктеуге байланысты туындаған полемика, осы құбылысты одан әрі зерттеуді, оның түрі мен формаларының, белгілері мен сипатының алудан түрлілігі, осы құбылысты жүйе-леудің негізі— практикалық қажеттіліктен туындалап отыр. Мұнда халықаралық терроризмді ерекше бөліп қараған жөн, өйткені, ол, адам баласы субъективті турде сезіне алатын мәдениеттердің бір

¹Латыпов У. Р. Правовые проблемы борьбы с международным терроризмом. – М., 1992. – С. 91–92.

бірімен ымыраға келмес, ең алдымен, мұсылман мен христиан мәдениеттері арасындағы құпия соғыс ретінде танылып отыр.

Сонымен, қорыта келгенде, біздің ойымызша, қазіргі кезеңдегі халықаралық терроризм тек кана азаматтардың бір мемлекеттің аумағында тұрып, басқа бір мемлекетте зорлық-зомбылық жасауға қатысуы ғана емес, сонымен қатар, қалыптасқан мемлекетаралық қарым-қатынасқа қол сүғуы болып табылады. Бұл – бір мемлекеттің, оның саяси және діни күштерінің басқа бір мемлекеттің саяси күштері мен дініне қарсы ұйымдастырылған жасырын соғысы.

Терроризм саласында болып жатқан өзгерістер әлемдік қауымдастық пен жекеленген елдердің тараپынан адамзатқа төнетін осы бір қауіп-қатермен күресудің механизмін қалыптастыруды, соған қарсы бағытталған үдерістердің өрбігегенін көрсетеді. Алайда, халықаралық терроризммен күрес жолындағы проблемаларға орай БҰҰ Қауіпсіздік Кенесі мен көптеген мемлекеттермен іске асырылатын антитеррористік шаралардың нәтижесі әлі толығымен бұл мәселеде террористік қауіп-қатерге нақты тойтарыс бере алатын өзінің антитеррорлық жүйесін қалыптастыра алған жоқ.

Жаһанданудың артықшылықтарын ескеріп, оны пайдалануда бүгінің таңдағы террористік ұйымдар қауіпсіздік саласында қызмет ететін мемлекетаралық ұйымдардың алдын орап кетіп жатады. Террористік құрылымдар дүниеге келіп, олар құқықтық реттеудің шенберінен тыс әрекет етіп отырғанын айта кету керек. Олардың аса бір айлакерлікпен, жол тапқыштығымен ұйымдастырылған желілік құрылымдары қоғамды бастан-аяқ арбап алатын қаситетке де ие болды. Олар кезкелген, өзіне бейтарап, досшыл немесе қасқой, әркелкі ортада өздігінен дамуға және әрекет етуге бейім болып келеді. Сондай ортада жүріп-ақ, олар заманауи коммуникациялық технологияларға сүйеніп, адам ресурстарын ашық және жасырын тұрде жұмылдыру әдістері арқылы, трансаймақтық негізде өзіндік инфракұрылым құра алатын мүкіндікке ие болды.

2 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ ФЕНОМЕНІ

Терроризм әлеуметтік және саяси құбылыс ретінде

Ең алдымен, терроризм – бұл әлеуметтік-саяси құбылыс, өйткені, тарих және казіргі ахуал дәлелдеп көрсеткендей, ол билік үшін құрес немесе оған ықпал етудің басты себепкері болады. Терроризмнің себеп-салдары негізінен сол қоғам мен мемлекет тарапынан жүргізлетін саясаттың астарында жатады. Саяси мәні бар мұдделер мен орын алған проблемаларға қажетті мән бермей, оларды дер кезінде шешпеген жағдайда, мемлекеттің өзі, соларды экстремистік жолмен шешім іздеуге итермелейді. Терроризмнің пайда болуынамемлекеттік биліктің шамасы келмей, соның салдарынан тиімсіз саясат жүргізуі, оны реттеуде еш мүмкіндігі болмай, орын алған әлеуметтік-саяси қайшылықтарға жол бермеуге мұдделілік таныта алмай, белгілі бір әлеуметтік топтардың мақсатына сай, өз мұқтаждығын занды түрде іске асыру әдістерін ұсына алмауы себепкер болады.

Сонымен қатар, келенсіз әрекеттерді іске асыру мақсатында, терроризмді өзіндік көзкарасқа ие, әлеуметтік-мәдени және идеологиялық негізі бар әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру керек. Террористік ациялардың күшеюін әлеумет-танушылар дәстүрлі қоғамның ыдырауымен байланыстырады. Терроризмнің дамуы жерді, жеке меншік нысандарының әділетсіз бөлінуі мен елдердің экономикалық даму шегінің бір деңгейде болмауынан туынтайтынын доказателік мәдениеттік мәннен жақындауды. Түрлі діндер алма-кезек ауысып жатқан саясат аясында діни фундаментализммен бітісіп, осы өртті тұтандыру үстінде, – деп санайды К. И. Маржис¹.

Террористік қозғалыстың әлеуметтік құрамы, біздің пікірімізше, кедейлік пен террористік әрекетке бейімділігі бар топтармен тікелей байланысы бары анық. Ол бірінші кезекте, өз елінің, халқының, дінінің жағдайына қоюлған толмағандыктан, нақты бір социум аясында террористік қозғалыстың жақтаушылары билікті ұстап отырығандарға, басқа этностың өкілдеріне, басқа

¹ Международный терроризм и религиозный экстремизм. Вызовы Центральной и Южной Азии // Мат-лы междунар. конф. (Нью-Дели (Индия), 31 янв. – 1 февр. 2003 г.) // Ориентир: Аналитический бюллетень. – Бишкек, 2003. – № 2. – С. 27.

өркениетке, дінге қарсы әділдікті орнату үшін күреске шығуға мәжбүрлейді. Қазіргі заманың жаһандық мәселелері (аштық, жоқшылық, саутасызық, аурулардың таралуы) – осы проблемаларды түсіну – қоғамдағы терроризмнің көрінісі мен оның шарықтайтын деңгейін азайту мақсатында қызығушылық танытады¹.

Ресей ғалымы В. Н. Пластунның айтуынша, дінге сенетін адам – ол тек жер басып жүретін жан, оған барша адам баласына тән барлық қасиеттер жат емес. Қазіргі заманға сай қоғамда адам баласы білім алуға талпынады, ежелден келе жатқан дәстүрлерді сақтап, оларды дәріптеуге, өз ұлтының, тайпасының, этникалық тобының жетістіктерімен мақтануға ұмтылады. Әр халықтың ішінде өзінің ұлттық идеологиясын жақтаушысы ретінде зиялды қауым өкілдері өсіп келеді. Даму барысында зиялды қауым өкілдері өздерін лайыкты деп санайтын басқару органдарындағы орындарға отыруды талап етеді². Алайда, қоғамда мұндай орындар мен лауазымдар аз, ол бәріне жете бермейді. Сондықтан оқиғалар Г. И. Мирскийдің айтқан жоспарымен өрбитін болады: «Дау-жанжал мен менмендік өсе келе, өкпелі жандар көбейіп, көніл толмаушылық терендей түседі. Конфессионалды топтың негұрлым қайратты да жігерлі әрі белсенді бөлігі (әдетте, оларбілімді жастардан тұрады) радикалды шешім қабылдауды талап етеді. Осы жаңа топтар үшін жалпы мемлекеттік иерархиялық жүйесінде жоғары мәртебеге ие болу үшін жаңа қозғалыстар пайда болады»³.

Терроризмнің әлеуметтік болмысы туралы мәселеге зерттеуші Д. Назиров та тоқталып өтеді. Оның айтуынша, терроризм көрінісінің әртүрлі формалары әркелкі факторлардың әсерінен туындаиды. Оның ішінде, адам өміріндебастапқыда экономикалық дағдарыстардың орын алуынан болады. Оның әлеуметтік-экономикалық себептері: халықтың өмір сүру деңгейінің күрт тәмендеуінен, әлеуметтік және жекемүмкіндіктерінің іске аспауынан, тұрмыс тауқыметінен, бөтен ойды қабылдамауынан, ұлттық жәбірлеу мен саяси институттардың деформацияға

¹ Требин М. Терроризм в XXI веке... – С. 78–80.

² Пластун В. Н. Деятельность экстремистских сил и организаций в странах Востока. – Новосибирск: ИД «Сова», 2005. – С. 239.

³ Мирский Г. И. Экстремизм, терроризм и внутренние конфликты в «третьем мире»... – С. 71.

ұшырауынан және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың орын алудынан туындасты. Терроризмнің әлеуметтік базасын, қоғамның дамуындағы ресурстарды пайдалануға мүмкіндігі жоқ, наразылығы басым маргиналды топтар, ұлтшылдық, сепаратистік, діни қозғалыстардың өкілдері құрайды¹.

Орталық Азия аймағында таяу жылдары су мен энергетика ресурстары, демография, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету проблемалары өте актуалды болады. Алдымыздығы жылдары ішкі жаңжалдардың негізі діни, этникалық, экономикалық, әлеуметтік және саяси қайшылықтардан тұратындығы анықталды.

Терроризмнің әлеуметтік өлшемдері жоғарыда айтылған шешілмеген жаһандық проблемалар террористік органдардың өсүіне апарып соқтырады деген қорытындыға келдік. Экстремизм мен терроризм әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардың, тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуінен, әлеуметтік топтың және жеке адамның ой-мақсаттарының іске аспай қалуынан, халықтың белгілі бір бөлігінің ешқандай болашағы болмауынанөршиді. Галымдардың айтуынша, терроризм – бұл әлеуметтік қолайсыздық және белгілі бір аймақта орын алатын орасан зор өзгерістердің көрсеткіштері болып табылады².

Айта кету керек, терроризм мен зорлық-зомбылық қазіргі кезеңгі өркениеттің даму деңгейіне дұрыс келмейді әрі оның талаптарына сай емес. Алайда, тарихқа үнілетін болсақ, жоғары деңгейдегі мәдениеттер, дамыған өркениеттер варварларға төтеп бере алмай, кезінде құлдырап кеткені белгілі. Кейбір қазіргі заман тарихшылары мынадай қорытындыға келеді: 2001 жылдың 11 қыркүйектегі болған оқиға адамзаттың бейбіт жолмен өркендеуіне деген үмітін жер жастандырды. Шындығын айтсақ, соғыстан бас тарта алмау мүкін емес деген қағида дұрыс емес. Жасампаз мәдениет жат-жүрттық ықпалдан қорықпайды, және де өзінше агрессивті де болмайды. Ресей публицисі Б. Марковтың айтуынша, жаһандану кезеңінде кезкелген халықтың өз мәдениетін мақтан

¹ Назиров Д. Н. Проблемы терроризма, религиозного экстремизма и пути их преодоления Автореф. дис. ... д-ра филос. Наук. – Душанбе, 2009.

² См.: Любарский Е. С. Терроризм в условиях глобализирующегося мира: методологический аспект...; Василенко В. И. Терроризм как социально-политический феномен... и др.

тұтуына және өзіне тән ерекшелігін сақтап қалуына мүмкіндігі барын мойындау керек¹.

Румын зерттеушісі А. Серафимніңайтынша, «террористік мәселені күн тәртібі ретінде қарастыратын болсақ, онда оның саяси емес, әлеуметтік және мәдени мәселелері маңыздырақ болады»². Террористердің мәдени мақсаттарының ішінде осы зерттеуші мыналарды атап өтеді: батыс мәдениетін мойындау және оны қиарату; жаһанданумен шайқасу; дінсіздермен күресу, умманы біріктіру; қоғамның өзі – террористердің нысанасы болып келеді³.

Мінеки, осылардың барлығы толығымен орталықазияқ аймағында орын алған мәселелерге жатады. Халықаралық экстремистік үймдардың Қазақстан, Қыргызстан және Өзбекстан аумағына енүлері жиілей бастады. Терроризм нағыз кәсіби мамандардың жұмысы болудан қалып барады, өйткені, террористік актілерді ешбір ұйымдарға қатысы жоқ немесе толық құрылымдық сипаты болмайтын бірлестіктерде жүрген адамдар жасай бастады.

Терроризммен күрес жүргізгенде, әрине, террористерге қарсы күш қолдануға баса назар аударылады. Алайда, терроризм мен оның идеологиясы, оған дем беретін оның әлеуметтік-экономикалық және саяси алғы шарттары болған тұста, және де әлемнің алдыңғы қатарлы державалары тарапынан жүргізілетін «қос стандарт» атты жеke пайдаға асыру саясаты әсерінен өміршен болып қала беретін дәйегі ескерусіз қалып жатады.

Бүгінгі таңда террористік құрылымдар жүйесінде 150 ұйымнан асатын әлемнің әр түкпірінде әрекет ететін, террористік топтар бар, олардың проイスлямдық бағытты ұстанғандары басымырақ болып келеді⁴. Тарихтан белгілі болғандай, Египетте құғын-сүргінге ұшыраған «Братя-мусульмане» ұйымының тағдыры, 1967 жылы соғыста жеңіліске ұшыраған араб елдерінің басынан кешкені, 1979 жылы Ирандағы революцияның жеңіске жетуі ислам үшін бақайшығына дейін қаруланған армиясы бар елдің билеушісін тақтан тайдыруға болатындығын дәлелдеп көрсетті. Осы жағ-

¹ Марков Б. Социально-культурные предпосылки терроризма // Философские науки. – М., 2005. – № 8. – С. 29–34.

² Серафим А. Является ли терроризм культурным явлением // Подключение: Ежекварт. журн. / Консорциум «Партнерство во имя мира». – Весна, 2005. – Т. IV. – № 1. – С. 85.

³ Сонда. – С. 85–86.

⁴ Косиченко А. Г. и др. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии... – С. 42.

дайлар, өз кезегінде, сол елдерде экстремистік көңіл-күйдің шарықтауына әкеліп соктырыды.

Экстремизмнің сол кезеңде қалыптасуына көбірек ықпал еткен «Братья-мусульмане» идеологтарының ұсынған тұжырымдары болды. Оның басшылығында қазіргі кездегі экстремистер идеологиясының негізін салушы Саид Кутбтұрды. Кутб сол кездегі қоғамды «дінсіз» деп танып, ондай қоғамнан шығып, «шынайы сенімге ие діндарлар» қауымын құруға үндеді. Мұндай қауым сол кезеңдегі қоғамды күретіп, ал сосын соның орнына жаңа ислам қоғамын орнатуды мақсат етті. Кутбтың идеяларын А. Фарадж дамытты, оның жаңалығы – сипаты нактыайқындалған салафиттік бағытта болды. А. Фарадждың идеялары бүгінгі таңда көптеген радикалды бағыт ұстанған топтардың идеологиялық тұғырнамасы болып отыр. Оның айтуынша, кезкелген мұсылман, егер шариат нормаларын мойында майтын болса, онда ол дінсіз, жолдан тайған, болмысы «мұсылман болып туылмағандардан» да жаман¹ деп саналатын болғанжәне т.б.

Дәстүрлі дін тұрғысынан қарасақ, исламда экстремизмді, ал, терроризмдімүлдедүрыс деп қарастырылмайды және де олардың орын алуына жол жоқ. Ханифизмнің саяси теориясына сәйкес, әуелім қатыгез билеушінің режимі кезінде де мұндай шараларды іске асыруға рұқсат болмаған. Алайда, қазіргі таңда исламды және ислам ұрандарын жамыла отырып, діни экстремизм құбылысының орын алуы – жиі кездесетін дәйек болды.

Біздің ойымызша, қоғамның демократияландыруына орай, Орталық Азияның тарихи ерекшеліктері мен ондағы халықтың діни санасының деңгейіне қарасақ, мұнда саясатта ислам факторының ролі болашакта арта түспек. Радикалды идеологияның негізгі функциясы террористердің әрекеттерін ақтап алу, және де олардың жақтаушыларын «қаситетті соғысқа» қатыстырып, «шынайы дін» үшін әлеуметтік және саяси жағынан жұмылдыру болып табылады.

¹ См.: Малащенко А. Неприятие фундаментализма как его зеркальное отражение...

Терроризм және жаһандану

Жаһандану факторлары әлемдік кеңістікті сапалы өзгертіп, әлеуметтік жүйелерді ашық әрі бір біріне тәуелді етіп қойғаны халықаралық терроризмнің қалыптасуының бірден бір кайнар көзі болды. Жаһандану халықаралық террористерге төтенше мүмкіндіктер бере бастады. Ресей ғалымдары В. В. Лунеев, В. Н. Кудрявцев, В. Е. Петрищевтердің айтуынша, жаһандану кезінде терроризм мен діни экстремизмді тудыратын негізгі факторлары бай және кедей елдер арсындағы ұзакқа созылған, мәні теренде жатқан шиеленістер болып отыр¹. Бұған қоса, факторлар қатарында ұлтшылдық, сепаратизм, діни және саяси сенімдерді айтуға болады. Шешен оқиғаларында осытекtes факторлардың барлығы тегіс орын алды. Тек мұнда діни фактор бұрмаланып берілді, өйткені ислам бейбіт адамдарды өлтіруге қарсы, оған қоса, басқа діни көзқарастағы адамдарға қарсы соғыс ашуды да колдамайды².

Ресей зерттеушісі В. Устиновтың айтуынша, жаһанданудың келеңсіз көріністерінің бірі террористік қызметтің интернационалданылуы болды. Жаһандық коммуникациялардың заманауи құралдары өздерінің бір бірімен байланыстарын женилдетіп, өз әрекеттерінде он нәтижеге жетуге, өз шараларын үйлестіруге зор мүкіндіктер берді³.

Терроризмге қарсы қрестежәне оған қарсы тұрудагы басты мәселе – солардың колданатын тәсіліне бой алдырмай, заңыны шенберніде әрекет етіп, адамзат құндылықтарын сактап қалу. Ресей ғалымы Л. Р. Сюкияйненнің пікірінше, исламдық экстремизммен қрестің ен бір маңызды жағы оның идеялық-теориялық аспектісі еken. Исламдық экстремизм позициясының мықтылығы тек кана саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық проблемалардың шешімін таптауында ғана емес, сонымен катар, ислам тұжырымдамаларына сүйенген оның идеялық базасында⁴. Терроризмнің алдын алуын (жолын кесуін) нақты іске асыру – оның теренде жатқан:

¹ Лунеев В. В. и др. Терроризм и организованная преступность в условиях глобализации...

² Сонда.

³ Устинов В. Обвиняется терроризм... – С. 181–192.

⁴ Сюкияйнен Л. Религиозный экстремизм: правовые, политические и идеологические аспекты...

идеологиялық, діни, әлеуметтік, саяси, геосаяси себеп-салдарларына тиімді түрде ықпал ету екендігін айта кету жөн.

Терроризм мен экстремизмнің идеологиялық тұрғыдан алдын алу радикалды идеологиялық конструкциялардың пайда бола бастаған кезеңінен бастап, соның жақтаушыларын радикализмнің ең шеттен шықан жағына қарай бет алмауы үшін түсіндіру шараларын іске асыру болып табылады. Кез-келген мемлекеттің идеясы – мемлекеттің тұрақтылығын сактау қалу.

Терроризмнің діни себептеріне келсек, барлық дәстүрлі әлемдік діндер «діни еріктілік» жағдайында бір бірімен бейбіт өмір сүруде, сондықтан антиэкстремистік бағыттағы ресми дін өкілдерімен бірлесіп өткізілген түсіндіру шаралары өте тиімді.

Терроризмнің әлеуметтік себептері әдетте әлеуметтік және экономикалық теңсіздікten шыгады.

Терроризмнің саяси себептері мемлекеттің ішкі жағдайында билікті әділетті жолмен, тепе-тендік жағдайында бөлінбеуінен туындаиды.

Терроризмнің геосаяси себептері мемлекеттердің әр алуан мұдделері мен олардың бір біріне деген қарым-қатынансынан пайда болады. Олардың қарама-қайшы мұдделері мен шиеленіскен қактығыстары халықаралық терроризмге әкеліп соктырады¹ (бұл әсіресе Орталық Азия елдеріне тән). Орталық Азия елдерінің ішкі проблемалары Батыс елдері мен АҚШ-қа көмескі болып қалуы екіталаі, сондықтан осында шиеленісті ахуалды олар өздерінің жеке мақсат-мұддесіне қарай ойыстырудан тартынбайтындығы сөзсіз.

Жаһандану үрдістері, әлемдік кеңістікті қым-куыт өзгертіп, оның зардаптары терроризмнің әлеуметтік базасын қалыптастыруда. Қазіргі заманда терроризм ұлтаралық және мемлекетаралық қарым-қатынастың сипатын анықтай алатын маңызды фактор болғанын көрсететін тұтас аймақтар пайда болды. Терроризм қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның принциптеріне сәйкес дамып, шексіз кеңейіп өсу қабілеті бар, кез-келген әлеуметтік ортаға сіңсіп, оған бейімделе алатын болды.

Жаһандану заманында терроризмнің идеологиясы әлемдік саяси кеңістікте мемлекеттің алдында тұрған мәселелердің жаңа

¹ Ольшанский Д. Психология терроризма... – С. 208–212.

жүйесін, саяси субъектілердің үйлесімділін қайта, жаңаша қарастыруды ұсынады. Терроризм идеологиясының дамуына тағы басқа мынадай факторлар себепкер болады: билікте отырыған әлитаның халықтың біршама көп бөлігін саяси қызметке араласуына жол бермеуі, оппозициялық партияларды құғын-сүргінге ұшыратуы, дәстүрлі құндылықтар мен арзан қолды бұқаралық мәдениет арасындағы дау-дамай, халықтың материалдық жағдайын жақсартуға деген сенімінен ажырауы және т.б. маңызды ролге ие.

Терроризмнің өршуі себеп-салдарының тағы да бір маңызды факторы саяси және экономикалық үрдістерге жасырын түрде ықпал етуді қөздейтін, билік құрылымдарының, оны өз мүддесіне сай пайдаға асыруы екендігі анық жайт. Оның үстіне, терроризмге қарсы әлемдік соғыс жүргізу идеологиясы жаһандану кезеңінде қошбасшы-елдерге басқа мемелекеттердің ішкі ісіне жаппай араласуына толық мүмкіндік береді.

Мұның бәрі, казіргі жағдайдағы әлемнің жаппай жаһандануын ескере отырып, терроризмді зерттеуде жаңа методологиялық әдістерді талап етеді.

Әрине, жаһанданумемлекет пен социум арасындағы қатынасты кеңейтуді қалайды. Бірақ осы қатынасауқұмының кеңдігі, біздің ойымызша, әсіресе, діни негіздерге тән қарым-қатынастарды қарастырганда, оны сырттай, жанай ғана өтуге болмайды. Оларды (дінге қатысты мәселелерді) – жеке дара әрі мүқият зерделеуді талап етеді.

Терроризмді кезкелген басқа қылмыстың түрлері ретінде, оның діни және ұлттық принциптері мен белгілеріне сәйкестендіру арқылы карауға болмайды. Осындағы қөзқарасты ұстанудың ерекше бір қауіпі бар, яғни «Шығыс – Батыс» белгісі бойынша бөлінуді әлі қоймаған әлемдік қауымдастық, бұдан әрі «христиандық – ислам» бойынша конфессионалдық белгілеріне сай дүние жүзін ыдыратып жіберуі ықтимал.

Батыс пен Шығыстың өзара әрекеттесу проблемаларын зерделеген белгілі зерттеуші С. Хантингтон, бірінші болып христиандық пен мұсылмандық әркениеттерінің арасындағы бір біріне қарсы шиленісіп келе жатқан бәсекелестікке мән беріп, соның аясында қазіргі заман терроризміндегі исламның ролі туралы былай деп жазады: «Біріншіден, соғыс он жылдықтағы маңызды әлеуметтік, мәдени және саяси жетістіктердің бірегейі, ислам

қозғалысындағы исламдық сананың өрлеуі мен мұсылман елдері арасында және жалпы дүние жүзі бойынша олардың өзін өзі тани білуінде болып отыр. Исламның бұл өрлеуі – модернизациялау мен жаһандануға берген жауабы еді, және де көшілік жағдайда мұндай құбылыс шынымен-ақ сындарлы болды. Екіншіден, бірыңғай мұсылман әлемінде, әсіресе, арабтар арасында Батыска, оның байлығына, билігі мен мәдениетіне деген бір өшпенділік әрі кінәмшылдық орын алды, наразылық пен қызғаныш сезіміпайды болды. Бұл – XX ғасырдың көп бөлігінде батыс империализмі қолданған саясаты мен мұсылман әлемінде олардың жүргізген билігінің нәтижесі еді. Бұл – шын мәнінде, мұсылман елдерінің мемлекет ішіндегі жемқорлыққа, үкіметтің тиімсіз жұмысына, олардың репрессивті әрекеттеріне, және де осындай режимдерді қолдап отырған батыс елдері үкіметтерінің іс-әрекетіне наразылық білдіруден туындаған жауабы іспеттес. Ушиншіден, мұсылмандар мен мұсылман әлемі арасындағы зорлық-зомбылық әрекеттерінен шығатын арандатушылық, негізінен олардың тайпалық, діни, этникалық, саяси, мәдени өзгешеліктерінен туындейды. Төртіншіден, исламдық өрлеу көшілік мұсылман елдеріндегі адам санының күрт өсуі кезеңімен сай келіп, осы үрдістің жылдамдатуына өз үлесін қости»¹.

Халықаралық террористік ұйымдардың қарқындауының айқын факторларын казакстандық зерттеуші Д.Сәтпаевтың пікірінше, «екінші және үшінші мыңжылдықтар аралығында адамзат жаңа сын-қатерлер мен проблемаларға душар болды. Олардың шығуына жаһандану үрдістері себепші, ал, оның негізгі сипаттары – тек мемлекетқаралық пен қоғамаралық қатынастардың терендеуінен ғана емес, және де, тек қана жаһандық сауда, каржы ағыстарының, трансұлттық өнеркәсіптердің қарқынды өсуі, әртүлі мәдениеттердің бір бірімен өзара түйісуі, әлемдік ғылымның жан-жақты дамуында да ғана емес, сонымен катар, жер бетіндегі халық санының артуынан, ұлтаралық қарым-қатынастардың асқынуынан, халықаралық қылмысын, есірткі заттары сауда айналымының, артта қалған елдерде әлеуметтік шиеленістің өсуінен болды»². Оған қоса тағы мынаны айта кету керек, егер жаһанданудың жемісін тек

¹Хантингтон С. Столкновение цивилизаций... – С. 21.

²Сатпаев Д. Терроризм в Центральной Азии: реальность и перспективы... – С. 10–13.

жоғары қарқында дамыған мемлекеттердің бір тобы ғана пайдаланса, онда бұл елдердің бір бірмен қарсы тұруына, жаңжалдың тууына және әлеуметтік катаклизмдерге әкеліп соқтыруы сөзсіз.

Оқінішке орай, халықаралық терроризммен күрес іс жүзінде әлемдік қауымдастықтың терроризмді тудыратын мәселелердің объективті себеп-салдарын толық жоюға деген талпынысын көрсете алмай келеді. Терроризмді жоюдағы басты ролді өз мойнына алған АҚШ, оны тек күш қолдану арқылы шешу формаларына иек артады. Оған коса, Ақ Үй Ауғанстанда жасап көрген қорқыту акцияларын «қаскунем белдеуі» деп аталатын елдерге қарсы қолдану пығылынан бас тарта алмауы мүмкін. АҚШ халықаралық терроризмді жоюды желеу етіп, қалыптасқан ахуалда өзінің Орталық Азиядағы жеке геосаяси мақсаттарын іске асыруына; өз әскерін кіргізуі арқылы онда толық бекініп алуына; көмірсутекті шикізаттарын тасымалдаудың накты әрі потенциалды маршруттарын өз бақылауына алуына ешқандай кепілдік жок.

АҚШ-тың мұндай әрекеттеріне Ресей мен Қытай тарарапынан кезек күттірмей-ақ жауап бергізуі әбден мүмкін. Мұндай жағдайда халықаралық терроризммен күрес мәселесі екінші кезекте қалып қоюы мүмкін. Оның үстіне, халықаралық терроризм ұлы державалардың геосаяси ойындарында іске асыруға лайықты құралы ғана болып кетуі мүмкін.

Сондықтан терроризммен күрестің тиімді формасы ретінде бір біріне қарсы тұрған тараптардың, шеттөн шыққан позицияны ұстанған топпен, қазіргі заман талаптарына сай, ымыраға келу арқылы кордаланған мәселені диалог арқылы шешуді көздеуі сай келеді. Әлемдік қауымдастықтың бір сегментін оның басқа бірінің пайдасына бола, оны қаумажалап «бұрышқа тығуға» болмайды, ейткені ол түбінде деструктивті актіге әкеліп соқтыруы ықтимал.

М. Халиджи былай деп жазады, «ХХ ғасырда терроризм алғаш рет адамзат тарихында геосаяси, ішкісаяси, ұлышылдық пен идеологиялық мұдделерін қорғауындағы және оларды шешудегі ең бір күшті қолшокпарға айналды. Адамзат санасының қас дүшпаны ретінде терроризмнің өздік болмысы әрқашанда аскан айла-керлігімен, әдіскойлылығымен ерекшеленетіндігін дәлелдеп берді. Үлкен соғыстар мен ұлт-азаттық қозғалыстардың орнына қас-қағым сәтте және ұйымшылдығы өте жоғары диверсиялық актілердің өзі,

кейбір жағдайда әлемдік қауымдастықта айтарлықтай пікір туғызғаны мәлім. Оған қоса, қоғамдық-саяси козғалыстардың кейбір белсенді сатысында терроризм олардың қызметінің негізгі формасына айналды, ал, олардың мүшелері үшін – террор өмір мұраты мен олардың дүниетанымдық қөзқарасы болып қалды»¹.

Терроризмнің шығу себептеріне тоқтала келе, К. Т.Өтелбаев, «казіргі заманғы терроризм бүгінгі күннің барлық шешімін таппай отырған кордаланған проблемалар жиынтығынан құралып, ол өз «өсімін» беріп отырады. Әртүрлі елдердің біркелкі дамымауы, әлсіз елдердің өз дамуында тек «куып жетуші» ретінде ғана дамыған және дамушы елдер арсындағы алшақтықтың ұлғая түсүі, кедейшілік, жұмыссыздық, жемқорлық, білім алушының қолжетімді болмауы, әлсіз елдердің билікті қалайда ұстап тұруға талпынуы, қайырышылық кешкен қоғамның ұжымдық сана-сезімге берік болуы, экономикалық жағынан артта қалған елдердің бір секіріспен «адам катарына қосылуы» – мінеки, осының барлығы терроризмнің өсіп жетілудің негізгі себептері болып табылады. Терроризм бостандықтан айырылған, әділетсіздігі басым, қуын-сүргін орын алған жабық қоғамда гүлдене түседі»² – деген еді.

Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының әркелкілігі, соның салдарынан туындастырылған елдердің дамушы елдерден барлық салаларда, яғни этникалық, діни, әлеуметтік-саяси, мәдени, өркениеттілік қарама-қайшылықтар үстем болуы салдарынан туындауды,-деп қорытындылаған осы зерттеуші, «мұның барлығы, тек шартты түрде терроризмнің себеп-салдары мен сипатының сыртқы формаларына ғана сай келеді. Терроризмнің салдары тек осыларда ғана емес; тарихтың даму жолында «жаратылыстан» бөлек, өзгеден қалып қойған, терроризмнің өзгеше себеп-салдары жок: ол қазіргі заман тарихының бір формасы ретінде «туындауды», оның агрессивті сипатының жалғасы, яғни – күштінің айтқаны хак боларын жеткізуге тырысуы. Жоғарыда айтылған терроризмнің сыртқы себептеріне тоқталудың маңызы бар. Терроризм, бұл қазіргі замандағы халықаралық саясаттың ең агрессивті сипаты ретінде әрқашан белгілі бір накты формаларында көрініп, оның себеп салдарлары бір бірінен алма-кезек үстемдік

¹ Халиджи М. Глобализация и религия. – Алматы: Жогары мектеп, 2002.

² Утельбаев К. Т. Глобализация, терроризм и религиозный экстремизм... – С. 15.

танытып жатады. Осы аталған себептерін еске ала отырып, соларды немесе оның келенсіз салдарын жоюды көздейтін әлемдік қауымдастықтың терроризмің шарықтауына жол бермеуін мақсат тұтқан саясатын қалыптастыруға сенім арту керек»¹.

Осыған ұқсас піркірді ресей зерттеушісі Е.Ихлов: «Ислам тоталитарлық радикализмнің (анарабхольщевизмнің бір формасы ретінде) пайда болуы – бұл мұсылман әлемінің батысшылдануына жауабы. Кезкелген жаһандық әлеуметтік-мәдени аймақ, кезкелген ұлт өркениеттілік дағдарысына ұшырап, жаңартудың сынқатерлеріне өз бетінше жауап қайтарады. Ресей бастапқыда нағыз фашистік қаражұшіл қозғалысының туындауынан бастап, кейінірек – большевизмнің өрістеуіне жол берді. Батыс Еуропада – 1914 жылғы есерсоқ ұлтшылдық орын алса, Германия – нацизммен ерекшеленді, Италия мен Испанияда – фашизм, Қытайда – маоизм, Латын Америкасында – 60–70-шы жылдары қанат жайған серпінді революцияшылдықта ұшырағандығы мәлім. Қофам жаңғыруының сини сатысына Иран жеткен тұста – Хомейнидің революциясы бас көтерді. Исламдық радикализм – бұл, ең алдымен, орта таптағы саудагерлер мен жас интеллектуалдардың идеологиясы.Бұл кедейшіліктे жүріпжүйесі жүқарған адамның жауабы ғана емес, сонымен қатар, батыстың либералдық идеяларына қарсы тұра алмай, өз өзіне сенбей, абдырап тұрып қалу, рухани «қызырауышылықтың» нышанын таныту»².

Кезкелген елдердің, оның ішінде Орталық Азия елдерінің өз мұдделері бар, дамудың мақсаттарын дербес айқындан, мәселені шешудің өзіндік тәсілдері бар екендігі сөзсіз. Сол мақсаттары мен тәсілдері басқалардан ерекше болатындығы тағы бар. Сондықтан Батыс өзінің өркениеттілік тәжірибесін, өмір сүру стилі мен жетістіктерін басқа тұрмыс-салтты ұстанатын, дәстүрі мен өмірге деген көзқарасы өзгешелеу елдерге таратуға болмайды. Әлем әрқылы екендігін мойындау керек, – дейді К. Т. Өтебаев. «Мемлекетаралық қарым-қатынаста, аймақтық одактар мен бірлестіктердің әрекеттесуінде, жалпы әлемдік саясатта демократия принциптерін ендіру керек. Сонда ғана мұсылман елдеріне өз мұдделерінің бар екендігін қысылмай айта алатын болар еді. Осы

¹ Сонда.

² Цит. по: Утебаев К. Т. Глобализация, терроризм и религиозный экстремизм... – С. 17.

елдер терроризмді колдамайды, олар – батыстың өмір сүру образынан мулде ерекшеленетін, басқа, өз жолын тандауына хақылы екенідігін жеткізуді мақсат тұтады»¹.

Сонымен бірге, жаһандану – бұл қазіргі заманың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси құбылыстарына сәйкес келетін жаңа діни тұжырымдамалардың талаптарын түсіндіре алатын, дін арқылы бір-бірімен тығыз байланыстағы қарым-қатынастарын анықтайтын, оның маңызды сипатын көрсететін бүгінгі күннің ақиқаты болып табылады.

Әлемдегі өзара бір біріне тәуелді мәселелерге жаһанданудың қосылуы салдарынан әлеуметтік проблемалардың бір тобы пайда болады. Жаһандануға байланысты жаңадан пайда болған сын-қатерлерге орай үлкен де кіші, дәuletті де кедей, материктік және аралда орналасқан елдер мен қоғамдарды бірыңғай осал етіп қояды. Жаһандануды әлемнің дамуының басты проблемасы және де, XXI ғасырдың бас кезіндегі ең басты қарма-қайшылығы ретінде мойындан келе, оның терроризмнің нағыз дем беретін ортасы екендігімен келісуге тұра келеді.

Жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары және оның жанама себеп-салдарын оқшаулау әдістері көпшілік жағдайда біздің заманымызда терроризмнің қарқындауына әкеліп соқтырады. Бұл терроризмнің көптеген елдерде ішкі сипаттағы проблемалары жиынтығынан туындаиды, өйткені, олардың қоғамдағы өзіне ғана тән дамудың әр саласында – мәдениетте, саясатта, экономикада, әлеуметтік салада қайшылықтарының көрініс беруі орын алады. Терроризм жаңарудан, кайта құрудан, өзгерістерден толық өтпеген және билікте тұрақтылығы жок елдерде өзін жайлы сезінеді. Сонымен бірге, жаһандану терроризмнің тұрақты дамыған елдерде шығуына да себепкер болуда, өйткені оның алғы шарттары барлық жерлерде көрініп қалуда.

Пенсильвания университеті социология профессоры, АҚШ үкіметінің терроризммен күрес бойынша кеңесшісі, «Understanding Terrorist Network» кітабының авторы Марк Сейджмен, «Аль-Каиданың» «жаһандық террористерінің» пакистандық фундаменталисттерден, талибтер немесе шешен содырларынан бір ерекше айырмашылығына назар аударады: бұл адамдар – интерна-

¹Сонда. – С. 18.

ционалистер, тұрғылықты жерін тастап, «жанандық біртұтас ауылдың азаматтарына» айналған жандар, олардың біршамасы Батыс елдеріне көшіп алған. Олардың 70 пайызы радикал-исламшыл болып, отанынан тыс жерде, негізінен батыс елдерін мекен етіп жүріп, жиһадқа қосылғандар. Оларға тән нәрсе, соғысуға, майданға «олар өздерін өздері аттандырды»¹, өз елдерінің элитасы ретінде АҚШ, Германия, Англия немесе Францияға окуға жіберілген болатын. Айта кету керек, орталық араб елдерінің: Египет, Сауд Арабиясы, Йемен, Кувейттің мағриб арабтары – әлеуметтік және географиялық тұрғыдан алғанда басқа ортаға өте бейімделгіш келеді. Олардың кейбіреулері үш-төрт шет тілдерінде сөйлей біледі. Олардың космополитизмі «Талибан» секілді фундаменталдық қозғалыстардың мүшелері ұстанатын оқшауланған, өзіндік мәдениетінен тым ерешеленеді. М. Сейджмен, «жанандық террористердің» арасында бірде бір Ауғанстан тұрғыны жоқтығын атап өтеді².

Әрине, бұл ескерту жайдан жай емес. Сарашының пайымдауынша, келтірілген дәйектемелерге сүйене келе, терроризм Батыс елдеріне сырттан келді деп айту біржақты жансак пікір болар еді. Сондықтан терроризмге қарсы батыс әлемінен тыскары жатқан елдерде – Ауғанстанда немесе Иракта – ашылған майданның берген сокқысы нысанаға дәл тимей отырғандығын әлденеше рет көрсетті.

М. Сейджмен, батыс мәдениетінің келімсектерді өз аясына алып, олармен ықпалдасуды қамтамасыз ете алмауы – осы қоғамның дағдарыска ұшырағанын көрсетеді деген қорытындыға келеді. Кабулда немесе Каирда емес, Лондонда, Париже немесе Нью-Йорктегі жасақталған терроризм, мұсылман фанатиктерінің Батыс елдеріне кіруінен емес, батыс қоғамына тән институттардың, индивидтердің өзге елде жүргендеге өзіне сенімді болып, тек өзіндік болмысина сай тіршілік жасауды қамтамасыз ете алмауы салдарынан болып отыр. Арабтар мен басқа келімсектер жергілікті еуропалықтар мен американцыларға қарағанда мұны өте қатты сезінеді, бірақ осы демократиясы «гүлденген» елдерде тұрып жатқан сырттан келген азаматтардың барлығы тұтас жатыр-

¹ См.: Международные террористические организации (данные доклада Государственного департамента США) // URL: <http://www.nationalsecurity.ru/library/00016/00016list.htm>

² Международные террористические организации (данные доклада Государственно-го департамента США)...

қауышылық сезімнің жетегінде кеткендігі мәлім. Сондықтан «жаһандық терроризм» деген жаңа құбылыстың идеологиялық негізі келешекте тек қана исламдық емес, кез-келген фундаментализм болуы ықтимал.

Ресейлік ғалымдардың бір тобы, терроризмді жаһандану контекстінде талдай отырып, «террорист қандай да болмасын ұрандар көтермесе де, ол жаһанданудың жақтаушысы және соның себепкері болады. Жаһанданудың басты ережелері: 1) кезкелген адамның пікірін тыңдау қажет; 2) пікірді білдіре алатын ашық кеңістік болу керек. Террорист – өмірде және қоғамдық желіде өзін өзі қоғам тарапынан өзін тыңдамаған, оның айтқандарымен санаспаған адаммын деп санайды. Сондықтан өз кезегінде ол сөзге ие болып, ал бүкіл әлем «жариялышы» түрде оның сөзін тыңдауға мәжбүр болады. Бүгінгі таңдағы терроризм – көркем туынды, шоу, сурет секілді. Ол жүз мындаған фото-және кинокамералар обьективі алдында іске асырылады. Оның іске асуына жариялыштырылғы үstem, яғни тек өркениетті елдерде ғана іске асуға мүмкіндігі бар. Ал террористер кепілге алған адамдар – бұлар солжүйенің символы іспеттес. Ол (террорист) жүйені құлатуға талпынады, ал, сол жүйе оны ақыры жойып тынады. Арабтар мен шешендердің стратегиясы қазіргі заманға сай әрі өте лайықты. Оларға батыстың құндылықтары тапсырылды, бірақ Батыс саны өте көп өзінің ішіндегі сырт елдерден келген өз жақтаушыларымен дұрыс жұмыс жүргізе алмай жатыр. Сол себепті олар мақсаттарына әр кезде әрқандай тәсілдермен кол жеткізуде»¹.

Жаһандану кезеңінде халықаралық терроризм дамуы қарынды, копсалалы жүйеге айналғаны мәлім. Террористік әрекеттерді іске асыруда, оның сан қылыш формалары мен әдістерін дамытуда, террористік топтардың бір-бірімен байланыстар орнатуда жана технологияларды, оның ішінде Интернет жүйесінде ғаламдық коммуникациялық жөлілерді пайдалану кеңінен қолданылуда². Бұл мәселеге келесі тарауда тоқталатын боламыз.

¹ Гусев Д. и др. Уши машут ослом: Современное социальное программирование / Гусев Д., Матвейчев О., Хазеев Р., Чернаков С. – Пермь: Alex J. BaksterGroup, 2002. – С. 136.

² Белоножкин В. И., Остапенко Г. А. Информационные аспекты противодействия терроризму. – М.: Горячая линия – Телеком, 2011. – С. 15.

3 Тарау. ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Терроризм және ақпараттық технологиялар

Әлемдік ақпараттық-технологиялық революция қазіргі заманда қоғамның қызметіне қатысты жаңа сын-қатерлердің туындауына себепкер болды. Ақпараттық технологияларың тез дамуы террористік ұйымдардың мүмкіндіктерін едәуір көнегейтіп, террористік әрекетте қолданатын тек жаңа техникалық құралдарды шығарумен ғана шектелмей, сонымен бірге террористік әрекеттерді іске асыруда халықтың сана-сезімін айла-амалмен басқаруды мензеген қажетті технологияларды да ойладап тапты.

Экстремистік және террористік ұйымдардың мақсаттарының бірі – БАҚ-ты пайдалану арқылы өздерінің іс-құмылдарын бұқара халыққа жеткізуіндегі маңызды фактор ретінде қолдану. Ондағы басты мұдде – ықпал етуші объектілерге қысқа-және орта мерзімдегі саяси мақсаттарға және ұзақ мерзімдегі түпкілікті нәтижелерге жетуді көздейді.

Тәжірибе көрсеткендегі, болатын уақыты мен өтетін орны үйлестірілген террористік актілер мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттарына айтарлықтай ықпал етіп, олар халықаралық терроризмге қарсы тұру үшін әдіс-тәсілдерді белсенді түрде қарастырады. Мұндай текетіресте екі жақ та біркелкі ақпараттық құралдарды (арналарды) жиі пайдаланады. Олар қазіргі сасиғылымда саяси коммуникациялар деп аталады.

«Насихаттың, қарсы насихатпен бірге (бірін бірі түсіну үшін әрекеттестіктен басқа) өзара бір бірімен байланысты инструменталды және коммуникативті жүйелері ретінде бір субъекті басқа бір субъектінің жоспарлауына, шешім қабылдауына өз мұддесі үшін оған бақылау орнату арқылы рефлексивті басқарудың коммуникативті стратегиясына жатады»¹.

¹Пономарев Н.Ф. Информационная политика органа власти: пропаганда, антипропаганда, контрпропаганда: Учебн. Пособие.-Пермь:Изд-во Перм.гос.тех. ун-та, 2007.-185 с. [2, с.31].

Террористік және экстремистік қызметтің терроризм мен радикалды идеологияны насихаттау үдерісінде тек уағыз жұмысын жүргізіп қоймай (шын мәнінде – бұл ақпарат алмасу арқылы ықпал ету), сонымен бірге халықтың құндылықтар бағдарына, дүиетанымдық көзқарастарына, эмоциялары мен сана-сезімдеріне, адами тұғырнамасына, яғни психологиялық ерекшеліктеріне аса мән береді.

Орталық Азия елдерінде ақпараттық мәдениеттің даму деңгейі ақпарат көздерін таңдал алуға және соған сәйкес оларды талдау түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Келенсіз әлеуметтік ахуалдың осы аймақта дамуы, негізінен ол экономикалық дағдарыс, әлеуметтік келенсіздіктер, қоғамның жікке бөлінуі, мәдени және интелектуалды деңгейдің төмендігі, адамдардың тез иланыш болуы және ақпараттық-психологиялық ықапалға түсіп қалуы әсер етеді.

Қазіргі заманда терроризммен күрес жүргізу бұрысында саяси коммуникациялардың ролі есе түседі. Өйткені оған оның бірнеше ақпараттық ерешеліктері себеп болатынын зерттеуші А. А. Чертополох¹ атап өтеді. Біріншіден, терроризм әлемде ақпараттық технологиялардың дамуы салдарынан өміршең болып, соның негізінде желілік құрылымы бар трансұлттық қылмыстық қауымдастықтар секілді (өрмекшінің өрмегі принципі бойынша) құрылып, ол халықаралық сипат ала бастады.

Екіншіден, терроризмнің туындаитын жері қоғамның ақпараттық ортасы, ал оның құрамдас бөлігі саяси технологиялар, яғни бұқара халыққа қоркыныш пен үрей, соның әсерімен террорист өзінің қылмыстық мақсаттарына жетуді көздел, сол арқылы іске асыратын ақпараттық технологиялар болып табылады.

Үшіншіден, терроризм құбылысы саяси тұрмыстың жаңа виртуалды факторы болып келеді – қоғамдық санаға, саяси институттарға және үкіметтің шешімдеріне оның ықпал етуі террористік актілердің нәтижесінде туындаған қоғамдық пікірдің пәрменділігі және оның сипатымен анықталады (мұнда террордың

¹Чертополох А.А. Информационные грани терроризма и военная политика государства / Современный терроризм: теория и практика. М.: Воен. ун-т, 2002. С. 160 - 161.

объектілері халыққа ең жоғары ақпараттық әсер қалдыру принципімен таңдалғанынды).

Тағы бір ерекше мазалайтын нәрсе, ол террористердің адамдардың сана-сезіміне, қызметіне жасырын ақпараттық-манипуляциялық ықпал ету мақсатында жаңа дәстүрлі емес ақпараттық технологияларды пайдалануы болып отыр. Мәселен, терроризмнің ақпараттық-манипуляциялық стратегиясын іске асрудың бір ерекшелігі – олардың жаһандық Ғаламтор желісі мүмкіндіктерін барынша пайдалануында екен.

Қазіргі ақпараттық құралдардың салыстырмалы түрде алғанда арзандығы, қарапайымдылығы мен қол жетімділігі террористерге өздерінің қылмыстық әрекеттерін терроризм объектісінен «қауіпсіз» қашықтықта тұрып, көп уакыт бойы құрықталып, жазаға тартылмауына мүкіндіктер береді. Мұндай кездे олар қоғамға, мемлекетке, жеке адамға қонтекеген материалды және моральды зиян келтіреді. Тәжірибе көрсеткендегі, Ғаламтор, электронды пошта экстремистерді өзара әрекеттесуге, өздерінің идеяларын насиҳаттанап коюға ғана емес, сонымен бірге, ақпараттық соғыстарды жүргізуге мүмкіндіктер береді. Соның дәлелі ретінде ақпараттық тайталастың жаңа бір түрі «желілік соғыс» (netwar) деген атқа ие болғаны мәлім. Осы тұрғыда террористік әрекеттерді географиялық жағынан бір бірінен алшақта жүріп, бірақ өзара «желілік» форматта жасырын түрде қатысып тұратын, арнайы дайындықтан өткен киберрорристердің шағын тобы, және де жеке адам да жүргізуі мүмкін.

Радикалды экстремистер мен террористердің насиҳат жұмыстарында ең алдымен, мемлекеттің саясатына жағымсыз баға беруге, адамгешілік құндылықтары мен нормалардың құлдырауына, басшылардың іс-әрекеттеріне көніл толмаушылыққа, халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлығына мән береді. Осындай құбылыстарды радикалдар өзі максималистік көзқарасқа бой алдырып, арандатушылардың үнедуіне еріп кеткіш болатын жастарға ақпараттық-психологиялық тұрғыдан ықпал етуде пайдалануы мүмкін. Қазіргі заман терроризмінің образы, бұл ақпараттық қоғамның жанамалап келетін бір себеп-салдары болып саналады. Теледидар экраны арқасында терактілердің құрбандары, жарылыстан кейін болатын үрейдің күшөюі, арнайы органдардың дәрменсіздігі кезкелген үйге, отбасына жетіп, миллиондаған

адамды күйзеліс пен депрессияға ұшыратады. Терроризмнен болған ақпараттық залалдарың көлемі, содан өлгендер мен жаралғандардың санынан әлдеқайда асып түсіп жатады. Жаңалықтар бағдарламасында терроризм актілерін бірнеше рет егжей-тегжейлі қайталап көрсетілуі адам жанын жарапайды. Қоғамдық санының болып жатқан оқиғаларды дұрыс түсіну қабілеттілігі азайтып, осы текtes ақпараттық қулыққа салынған айла-амалдарды сеніп қабылдауға бейім болып қалады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы коммуникациялық арналар арқылы ақпараттар ағысы мүмкіндіктерін кеңейтті. Қатардағы азамат бұдан он жылғыдан бұрынғы болған ақпараттар легінен бірнеше рет көп алатын болды. Болып жатқан оқиғалардың желісінен адам мындаған шакырым алыс басқа жерде тұрса да, соны қабылдау арқылы оған өзінің қатыстылығын байқатады. Коммуникациялар оны образдар әлеміне ендіріп, кейбір оқиғаларды онын күнделікті шынайы өмірінен әлдеқайда шытырман, қызық етіп көрсетеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар террористердің колында Калашников автоматы мен жарылғыш заттардан да мықты қаруға айналатындығын атап өту керек. Оған қоса, олар қоғамда шиеленісті, тұрақсыздықты, ертеңгі күнге деген сенімсіздікі тудыруды мақсат етеді. Бұдан басқа, террористердің таратқан ақпараты мемлекеттік билік пен басқару органдарына, олардың қандайда бір шешім қабылдауына да ықпал етеді.

Мұнда мысал ретінде Қазақстан аумағындағы «Джунд -аль-Халифат» террористік үйымының әрекеттерін еске түсіруге болады. 2010 жылдан бастап, тұрақты түрде Солтүстік Кавказдың экстремистік сайттарынан бір бірімен байланысы бар Қазақстанның әкіметі мен халқына қарсы қарулы күреске шығуды талап еткен үндеулер мен нұсқаулықтары бар ақпараттық шабуылдар іске асырылды. «Джунд-аль-Халифат» террористік үйымының Қазақстан Республикасы билігіне айтылған үндеулеріне ақпараттық қолдауды негізінен «SITE Intelligence Group» ақпараттық ресурсы қамтамасыз етті. Бұл оқиғалар АҚШ Мелекеттік департаментінің мәлімдемесі және «Freedom House» белгілі құқық қорғау үйымының таралынан Қазақстан Республикасы «Діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңын қабылдау кезінде қатты сынағаны орын алған еді. Мұнданың мәліметтердің Фаламторда белсенді түрде таратылуы Қазақ-

стандағы дінге сенушілердің арасында ахуалды шиеленістіріп жіберуге себепкер болды. Мәселен, 2011 жылдың 26 қазанында «SITE Intelligence Group<<http://news.siteintelgroup.com/>>» деген америка сайты 2011 жылдың 21 қазанында «Аль-Каиданың» бақылауында болған «Шумух-аль-Ислам» интернет-форумында «Джунд-аль-Халифаттың» Қазақстанға террористік қауіп төндіру сипатындағы жазылған бейнебаяндық жариялымы шыққан еді.

Сонымен, Ғаламтордың шарықтап дамуы террористерге жаңа ақпараттық мүмкіндіктер бере бастағанын айтып өту керек. Әлемдік ғаламтор желісінің анонимдік сипатын, ашылған сайтты басқа мемлекеттерде тіркеуге және ғаламтор-аудиториясының бұқарашилдығын ескере отырып, осы желінің өзі террористік актілерді ақпараттық жағынан қамтамасыз ететін қолайлы орта екендігін мойындауға тұра келеді. Кезкелген адам жарылыштың, өлім жазасын, террористердің өз құрбандарын корлау мен жәбірлеудің бейнебаяны жазылған көптеген сайттарды көруге болады. Сонымен бірге, олар терактіні дайындалған, оны жасар алдында, үкімет осы текстес бейнебаянға алдын ала тыйым салғандықтан, мұндай ақпараттық құрсауды бұзып-жарып шығуды олар мақсат етеді.

2010 жылы қыркүйек айында шетелдің экстремистік бір сайтында қазақстандық полицияға қарсы жихад туралы деп аталатын фәтуа жарияланды. Онда тек қана өз коладушыларын тек «қарсыласуға» шақыратын үндеулер ғана емес, ұжымдық қарулы шабуыл жасауды ұйымдастыру туралы айтылды. Осы сайтта құқық корғау органдарына қарсы терактілерді қалай жасау қажеттігі туралы жан-жақты түсініктеме берілді¹. Бұл материалдарға құқық корғау органдарында бірден маңызды мән бермей, олар осы сайттарды бірден жауып таstadtы. Тек қана Ақтөбе мен Астана қалаларында орын алған жарылыштардан кейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мазмұны терроризм мен экстремизмді колдап, оны насиҳаттауға тыйым салынған занды бұзған 15 шетелдік сайттарды анықтағаны туралы мәлімдеді. Олардың Қазақстан территориясында таралуы сот шешімімен

¹ Карин Е. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному. Газета «Курсив». 14 июля 2011 года.

зансыз деп табылып, қазақстандық пайдаланушылардың экстремистік мазмұндағы материалды қарауға шектеу қойылуына шара қолданылды.

Соңғы кезде талқыға түсіп жатқан мәселелерге террористік үйымдардың әлеуметтік технологиялар көмегімен бұқара халықтың санасын үрейлендіріп, корқыныш әсерін қалдыру жатады. Психологиялық соғысты жүргізуде террористік сайттар өте сәтті құралдардың бірі болғандығын айта кету керек. Онда жалған ақпараттар, қорқыныш пен үрейдің салдарынан халықтың бойындағы сенімін жоғалтуға жетелейтін жаңалықтар, кепілдікке алған адамды өлім жазасына кесіп, ол жазаны орында барысында түсірілген фото-және видеоматериалдар жариялайды. «Аль Каида» өзінің сайтында белгілі бір мерзімде террористік шабуылдардың дайындалып жатқандығы туралы ескертіп, халықты қорқытып жатады¹.

Террористік әрекетке қатысушыларды және олардың қолдаушыларын өз жағына тарту технологиясын іске асыру кезінде, оның ақпараттық-психологиялық әсерін барынша пайдаланып, сананы арбап алу үшін айла-амалдары ретінде адамдардың түйсігіне аудиовизуальды ықпал ету әдістері қолданылып жүр.

Мұнда француздың France 24 басылымында «Famili vacation? No, «famili jihad» in Siria» (Семейный отдых? Нет, «семейный джихад» в Сирии) деген атпен шыққан материалды мысал ретінде келтіре кетсек болады.Онда былай делінген: «Жұздеген мың сириялықтар соғыс болып жатқан өз елінен қашқан кезде, басқалар керісінше, соғыс қимылдары орын алған жерлерге жетуге барлық айла-амалдарын жасап бағуда. 150-ге жуық қазақтар, айтысина қарағанда, бір отбасынан шыққандар, оның ішінде сәбіller, жас өспірімдер, әйелдер мен еркектер – Левантада жихадтағы парызын өтеу үшін өз елдерін тастап шығып кеткені анықталды». Жихадтық

¹ Белоножкин В.И., Остапенко Г.А. Информационные аспекты противодействия терроризму. - М.: Горячая линия-Телеком,2011

желілер олардың Сирияға жер аударғандығын бейнелейтін мәселеге аса мән беріп, оны мақтанышпен таратып жатты¹.

Бұл насиҳаттық видео «Аль-Каидамен» бір мақсаттас болған «Ирак пен Левантадағы Ислам мемлекеті» (Islamic State in Irage and the Levant - ISIL) құрылымы арқылы таратылып, жихадтық әлеуметтік желілерде көрсетіліп жатты. Оның тақырыбы да өте әсірелеп берілген: «Ұрыс даласынан келген хаттар, жихадшы отбасының қонақжайлышы». Ал видеоның мазмұны жағынан, басқаларға қарағанда оның тенденсі жоқ болғанын атап өту керек. Бейнесюжетте әскери марш көрсетіліп, «Аль-Каида» мен ISIL-дің қара тулары ілінген үш автомашина вилла қакпасының жаңына келеді. Бірнеше минут бойы қара фонның ішінде ақ мәтінде: «Аль-Фуркан институты» (бұл ISIL-дің ақпараттық бөлімшесі) деп жазылып, мұндағы мұхаджирлер (өз дінін сақтап калу үшін басқа елдерге қоныс аударатын мұсылмандарды осылай атайды) отбасыларын қонақжайлышыпен қарсы алғаны айтылады. Осы қазақ отбасының 150 мүшесі мыңдаған километр жол жүріп, көп ақшасын жұмсап, осында, Левантқа қоныс аударып келуді мақсат еткен». «Абдель-Рахман Казахский», «Абу Халед Казахский», «Сейфа аль-Дин Казахский» және «Абу Хафиз Казахский» деген әскери есімдері бар жас азаматтар өздерінің отбасының Сирияға не үшін келгендігін айтады. Олар «ислам парыздарына сәйкес өз міндетін өтөу үшін», «азап көрушілерге қосылып, тезірек жұмақта шығу үшін» солардың қатарында болып, «дуние жүзі бойынша мұсылман жерлерін қорғау үшін жихадқа қосылып, олар сырттан шабуылға тап болғанда, жихад үшін өлуге даяр екенін көрсетті»².

Жихад соғысына қатысу үшін Сирияға кеткен Қазақстанның 150 азаматы туралы көрсетілген жоғарыдағы аталған бейнесюжет елдегі ақпараттық кеңістікті дүр сілкіндіріп, оны әлеуметтік желілердегі талқылау мен пікір айтулары қазақстандық және шетелдік сайттарда ең жоғары коеффициентті иеленді. Жихад жасау үшін Сирияға кеткен қазақстандық 150 азамат туралы

¹Максудов А.France24:Около 150 казахов из одного семейства-дети, подростки, женщины и мужчины - покинули Казахстан, «чтобы выполнить свой долг джихада» в Сирии. www.zonakz.net.

²Сонда.

түсірілген бұл бейнематериал террористік құрылымдардың өкілдері әлемдік ақпараттық кеңістіктегі ақпараттық технологияларды пайдалануының нақты көрінісі болды.

Қазіргі заманның насиҳаттық технологияларында Ғаламтор жаһандық желісінің артықшылығы бар екендігі еш талас тудырмайды. Өйткені, бұл террористердің іс-қимылына қолайлы орта, оған шығу өте жеңіл, аудиториясының әлеуеті кең, пайдаланушылар үшін анонимділік сақталады, бұл ортаны ешкім басқармайды әрі оған бақылау жасай алмайды.

Сонымен, террористердің сананы алдан-арбау технологиясы бұл ретте террористік құрылымдардың мүддесі үшін ақпараттық-психологиялық әсері ең жоғары деңгейге жетті. Мұнымен қоса, бұл ақпараттық шабуыл ішкісаяси ахуалды да шиеленістіріп, елдің халықаралық аренадағы беделіне нұқсан келтіріп, біржакты жағымсыз қоғамдық пікір туғызды.

Болашақта қоғамдағы жоғарғы биліктің өзі ақпаратты жасай алатын және оны өз мүддесіне сәйкес, елді алдан-арбау мақсатында пайдалана білетін, ақпараттық элитаның қолына біртіндеп өтетін болады. Қазіргі заманда ақпарат көлемінің өсуі, оны қоғам мүшелері дер кезінде қабылдап, толық ұғынуы мүмкіндігінен әлдекайда асып түсіп жатады. Бұл мәселе түбі қоғамның ыдырауына себепкер болады. Адамның санасын алдан-арбау технологияларын кеңінен қолдану қарқындан келеді. Соған байланысты, саяси коммуникацияларды, ең бірінші кезекте, электрондық БАҚ-тарды мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұракты қызмет етуін қамтамасыз етуіне қажетті стратегиялық ресурстарына айналдырған абыз.

Қазіргі кезеңде ұлттық БАҚ Орталық Азия мемлекеттері азаматтарына патриоттық тәрбие берудің, сонда тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрін насиҳаттайтын құралына айналуы керек. Сонымен бірге, болып жатқан оқиғаның өрбүйін шынайы түп-тамырын, әлемдік саясаттағы әртурлі құбылыстардың өзара байланысын халыққа түсіндіріп, негізгі саяси құндылықтар ретінде қауіпсіздік категорияларымен ойлау қабілеттілігін арттыру қажет. Теледидардан арзанқолды, мазмұны арсыздықты насиҳаттайтын ойын-сауық хабарларын азайтуды карастырған жөн болар еди.

Террористік ұйымдар мен олардың қолдаушылары өз идеяларын таратып жүрген Фаламтор-форумдары, блогтар, чаттар секілді саяси коммуникациялардың жаңа арналарын игеруде мемлекеттік органдар өз белсенділігін арттыруы тиіс. Мұнда желілік аудиторияның өзгешелігін ескерген жөн және екі жаққа тендей қарайтын пікірталас жүргізе алуы шарт. Өйткені, егер мұнда акпаратты таратудың стилі тұра мемлекеттік арналардағы дай қолданса, онда ол аудиториямен мұлде қабылданбауы әбден мүмкін.

Терроризм феномені саяси коммуникациялармен тікелей байланысты. Өйткені, терактілерден өлгендері мен жарапанғаны бар, адам шығынынан да, оның акпараттық саладағы әсері өте зор болады. Террористік ұйымдар коммуникациялар арқылы қалыптасатын қоғамдық пікірді тудыру арқылы мемлекетке ықпал ете алады. Өз еліндегі саяси коммуникацияларды бақылаудан қол үзіп қалған мемлекет сырттан келетін акпарттық ықпалға төтеп бере алмайды.

Біздің пікірімізше, Орталық Азия елдерінде халықаралық терроризммен күрес мәселесіне қатысты акпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың болашағы бар бағыттарын атап өткен дұрыс.

Біріншіден, аймақ мемлекеттері террористік насиҳатты іске асыруға тосқауыл ретінде заң және технологиялық жағынан бұқаралық акпарат құралдарының қызметіне бақылауды реттеуі керек.

Екіншіден, Орталық Азия елдерінде халықаралық терроризмге қарсы тұру мақсатында азаматтық қоғаммен жүйелі түрде ықпалдасудың тиімділігін арттыту үшін акпараттық технологияларды кеңінен ендіруді қарастыру қажет.

Аймақ елдерінің терроризмге акпараттық қарсу тұру саласында біршама он өзгерістерге қол жеткізгеніне қарамастан, бұл проблеманың өзектілігі артып отыр. Халықаралық терроризмге қарсы тұрудағы шаралардың тиімділігін көнегіту – біздің әлемдік акпараттық кеңістіктің ілгерілеуімізді талап етеді. Орталықазиялық мемлекеттердегі қоғамдық санаға террористік ұйымдардың ықпал етуіне белсенді түрде қарсы тұру - бүгінгі таңда негізгі мәселе болып отыр.

Террористік және экстремистік идеологияның таралу қауіп-қатерінен қоғамды ақпараттық жағынан қамтамасыз етудің жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін қарастырып, біздің елде, жалпы аймақта және дүние жүзі бойынша да халықаралық терроризммен күресте жаңа саяси коммуникацияларды игеру қажет деген тұжырымға келдік.

Терроризм және оның пайда болуының геосаяси факторлары

Енді терроризмнің пайда болуының геосаяси факторларын қарастырайық. XX ғасырдың соңғы онжылдығында және жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында дүние жүзінде әлемнің геосаяси пішініне үлкен өзгерістер әкелген оқиғалар орын алды. Сол өзгерістердің барысы соңғы жарты ғасыр ішінде әлемде қалыптасқан стратегиялық тепе-тәндікті бұзып, жаңа сыйкатерлердің пайда болуына әкеліп соктырды. Осы оқиғалардың санатына мыналарды жатқызуға болады:

– біріншіден, бірнеше жылдан соң кеңестік өркениет құлады, ол өз кезегінде бұрынғы кеңестік республикалардың территориялық аумағында экономикалық, әскери-саяси хаостың орын алуына жол берді, соның салдарынан қарулы жаңжалдар мен шиеленісті ахуалдар сипат алып, олардың кейбіреулері осы күнге шейін шешілген жок;

– екіншіден, НАТО-ның атқаратын жедел жауапкершілігін қамтитын ауқымы бұрынырақ Солтүстік атлантикалық келісім негізінде белгіленген Балтық елдері, Шығыс Еуропа мен Балкан мемлекеттері шекаrasынан асып кеңейді. НАТО-ға қатысушы елдердің әскери контингенті осы әскери блоктың жауапкершілігіне жатпайтын аумақтарда (Балкан, Ауғанстан, Ирак, Солтүстік Африкада) соғыс операцияларына тікелей қатысты. Еуропа континенті мен бүкіл әлемде геосаяси және геоэкономикалық рольге ие болған Еуроодактың қалыптасуы аяқталды;

– үшіншіден, Қытайдың жаһандық экономика мен геосаясат саласына карай экономикалық және әскери-саяси ұмтылысы толығымен іске асты. Қытай алдынғы қатарлы әлемдік технологияларды игеріп кетті, қазіргі заманың өнеркәсіптік

өндірісін жылдам өсіріп, «әлемдік шеберханаға» айналып, өз өнімдерін бүкіл дүние жүзіне тарата алды, өзінің сыртқы экономикалық және сауда байланыстарын барлық контитенттерде ұлғайтып, ұлттық қарулы құштерін қазіргі заманғы техникасымен қаруландырып, нығайта алды. Қытай өз экспансиясын дүние жүзінде барлық маңызды деген бағыттарда іске асырып жатыр;

– төртіншіден, Таяу Шығыста және Солтүстік Африкада орын алған соғыстар, әскери жаңжалдар мен әскери-саяси шиеленістердің салдары әлемнің осы аймақтарының геосаяси пішіні мен әскери-саяси ахуалына ірі өзгерістер алып келді. 2011 жылы араб елдерінде орын алған қарқынды оқиғалардың толқыны «араб көктеміне» ұласты.

Осы аймақтар мен елдерде болған оқиғалардың нәтижелерін фундаменталист-салафиттердің мақсатты түрде өз ықпалын қүштейтіп, саяси билікті жеңіп алу үшін пайдаланып кетуі орын алды. Орталық Шығыста, Ауғанстан мен Иранның маңында әскери-саяси шиеленістің болуынан, Орталық Азия елдерінің шекара аймағында әскери-саяси тұрақсыздықтың, әскери жаңжалдың мүмкіндігі өте қауіпті алғы шарттары жеткілікті екендігін байқатты. АҚШ пен НАТО-ның Ауғанстанда он жылдан аса жүргізген контрртеррористік операциясы ешқандай нәтижесіз болды¹. Батыс және басқа елдердің әскери контингентін ауған соғыс театрынан шығарылып, талибтердің Кабулға қайта келіп, онда билік орнату мүмкіндігіне жол ашылды. Провинциялардың басым көшілігі қазір солардың бакылауында болып, Ауғанстан президентінің ресми билігі шынтуайтқа келгенде, өз бетінше, көпке бара алмайтындығын көрсетті. Вашингтон Ауғанстанда өзінің әскерлерінің болуын қалайда (әскери базаларын орнықтырып, талибтермен өзара түсіпісіп, келісімге келу арқылы және т.б.) сақтап қалуға тырысады. АҚШ үшін мұндай әрекет олардың геосаясаты мен Иранға құшпен қысым көрсету аясында, Ресей мен Қытайдың стратегиялық ықпал етуін тоқтату үшін қолайлыш. Осы тұста Орталық Азия қазіргі заманың төнетін сын-қатерлері мен қауіптеріне тойтарыс бере алмай, өз жағынан осалдық танытып отырғаны мәлім.

¹ Акимбеков С. М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии... – С. 346–349.

Егер халықаралық терроризмінің орасан зор деңгейінжүйелі түрде үдепкеле жатқан ерекше бір құбылыс және үдеріс ретінде ескермесек, онда көзіргі заманның геосаяси пішіні мен бет-бейнесі толық болмас еді. КСРО-ның ыдырау үдерісі кезінде өздерінің стратегиялық мүдделеріне сай келетін бірқатар шетелдік мемлекеттердің коладуымен террористік ұйымдардың белсенделігі күрт өсе түсті. Олардың қызметі Орталық Азияның кейбір елдерінің конституциялық құрылышын бұлдіруге, олардың егеменділігі мен территориялық тұтастығын бұзуға бағытталды. Террористік қызметтің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы Ресей Федерациясы Солтүстік Кавказдағы өткізілетін операцияларды дайындастырып жаһандық және аймақтық террористік басқару орталықтарымен және жекеленген террористік құрылымдардың өзара әрекеттесуімен, Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтарын террористік ұйымдар катарына астыртын шақыруымен ерекшеленді. 90-шы жылдардың бас кезінде Ауғанстан, Түркия, Иордания, Пәкістан сияқты елдерден шыккан жалдамалы-содырлардың террористік акцияларға белсенді түрде қатысуы посткеңестік кеңістіктегі елдердің, оның ішінде Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мүмкіндігі ерешелене түсті.

Сарапшылардың айтуынша, XXI ғасырда жаһандық саясат пен экономикада Орталық Азияның ролі артып келеді. Бұл аймақ Жаңа тарихтың өрбіі кезеңінде дәстүр бойынша ұлы державалардың геосаяси бәсекелесу объектісіне айналғаны анық. Алайда, егер бұрын бәсекелестік тек ауыл шаруашылығы өнімдерін иемденуге, азиялық сауда-саттық нарыктары мен транспорттың жолдар үшін болса, енді XXI ғасырдың бас кезінен бастап көмірсутектері бар шикізат қоры менken орындары үшін тайталас бірінші кезекке шыға бастады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының бас кезінде Каспий аймағы Батыс пен Шығыс мемлекеттерін өзіне тартатын ерекше бір орталық болды. КСРО-ның ыдырауы әлемдік қауымдастық елдеріне осы аймақтың энергетикалық ресурстарын игеруге жаңа мүмкіндіктерін ашып берді. Барлау мәліметтері мен көмірсутектерінің шикізат қоры, ең алдымен мұнайдың қоры, әлемдік мұнай бизнесінің тікелей назарын аудартты. Айта кету керек, мұнаймен газы бар Каспий теңізінің геологиялық бассейндерінің

көп бөлігі толығымен әлі зерттеліп біткен жок, бірақ осы қорлардың деңгейі Таяу және Орталық Шығыстың барлық елдерінен 25–50 есе аз мөлшерде екен. Алайда, Каспий аймағындағы мұнайдың қосымша ресурстары Сауд Арабиясының мұнай ресурстары мөлшерімен салыстыруға болады деген болжамы 50-пайызық шындыққа жанасып отыр¹. Каспий көмірсутегілердің келесі онжылдықтың орта шенінде, яғни Солтүстік теңізіндегі мұнай өндіру мен оны экспорттау мөлшері құлдилаған кезде оның маңыздылығы арта түсіү мүмкін. Каспийдің энергоресурстары Еуропа үшін де, азиялық нарық үшін де өте қолайлы болуы мүмкін.

Сондықтан, Каспий – аймақтық және әлемдік басты державалардың бір мезетте геосаяси, экономикалық және әскери-саяси мұдделерінің тоғысқан ең маңызды аймаққа айналып отыр².

1998 жылдың қараша айында сол кездегі АҚШ-тың энергетика министрі Б. Ричардсонның пікірніше, «мәселе Американың энергетикалық қауіпсіздігінде болып отыр, <...> бізді, біздің құндылықтарды қолдамайтындарды стратегиялық тұрғыдан тежеу қажет. Біз жаңа тәуелсіз елдердің бетін Батысқа карай бұруға тырысадамыз <...> Біз олардың, басқа емес, Батыстың коммерциялық және саяси мұдделеріне тәуелді болғанын қалаймыз. Біз Каспийге көп ақша салдық, енді біз үшін мұнай құбырлары мен саясат бізге қажетті бағытта дамуы өте маңызды»³.

3. Бжезинскийдің айтудынша, каспий мұнайы – Орта Азия мен Закавказьеңі әлемдік нарыққа карай жол бастатып, геосаяси тұрғыдан Ресейден қол үздіріп, соның арқасында посткенестік империяны қайтадан жаңғыртудың мүмкіндігін жоюды және оған мәнгігіе жол бермеудің ең мықты әдісі осы⁴.

Американың жаңа сыртқы энергетикалық саясатына жүгінетін болсақ, АҚШ-тың Орталық Азиядағы мақсаты – Каспий теңізі бассейніндегі мұнай мен газды өндіру мен оны тасымалдауға бақылау жасау, Қытайды шикізатпен қамтамасыз етілмейтіндей

¹ Mann S., Ambassador, Senior Advisor Caspian Basin Energy Diplomacy, Department of State. Update on Caspian Basin Energy Policy. – Washington, DC.: Foreign Press Center Briefing, October 18. – 2002.

² Салығин В., Сафарян А. Современные международные экономические отношения в Каспийском регионе. – М.: Изд-во МГИМО(У), 2006.

³ Monbiot G. A discreet deal in the pipeline // The Guardian. – 2001. February 16.

⁴ Бжезинский З. Европейцы – в Ирак! ...

күрсауға алуының алғы шарттарын жасау, өзінің осы аймақта әскелерін кіргізіп ұстаудың күшетуі болып табылады¹. Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азияда ресейліктердің экономикалық және саяси үстемдік құруына АҚШ қандайда болмасын айла-амалмен жол бермеуге тырысады. Вашингтонның аймақтық саясатының басым тұстары мемлекеттік департаменттің «басшылығындағы» орталық азия мемлекеттері мен Оңтүстік Азия елдері арасында тұрақты әскери-саяси, экономикалық байланыстарды құрып, оларды Ресей мен Қытай арасындағы интерграциялық үдерістерден алшақтатуды мақсат тұтып, Шанхай ынтымақтастық үйімі (ШЫҰ) мен Ұжымдық қауіпсіздік келісім үйімінің (ҰҚҚҰ) ықпалынан аластатьып, оны жүйелі түрде әлсірету.

АҚШ-тың қарамағында болған халықаралық корлардан Ресей және Қытаймен ынтымақтасудың деңгейін түсіру талаптарына орай, мақсатты несиeler бергізіп, қаржылық-экономикалық тәуелділіктегі ұстауды көздеді. АҚШ-тың біршама саяси жетекшілерінің айтуына қарағанда, соңғы жылдары осы бағыттың насиҳаттық бүркемелеуінің бірегейі АҚШ-тың орталық-азиялық елдермен халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтасуының үлғаюы. Мұнда ең алдымен Ауғанстанды қалпына келтіруге арналған іс-шаралары, шекараны бірлесе күзетуі, НАТО аясында әскери оку-жаттығуларды өткізуі, әртүрлі ғаламдық сыйықтерлермен күресі, оның ішінде халықаралық терроризм мәселелері бойынша бағыттары басымдылыққа ие болды.

Мұндай әдістер өзі айтып тұрғандай, нағыз батысшыл әрі терең саяси реформаларды жасауды мәжбүрлеуге жетелейді, және де шетелдік көздерден белсенді түрде қаржыландыратын жаңа демократиялық қоғамдық-саяси үйымдар мен қозғалыстардың желісін құруға, ал, егер олар бұрыннан бар болса, онда оларды одан әрі жетілдіруге ұсыныс беріп отырады².

Ортаазиялық республикалардың үкіметтері көпбағытты саясатты жүргіп, Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропамен ынтымақтасудан көптеген пайдаға кенелуді әрі олардың мұдделерін айлакерлікпен

¹ U. S. Interests in Central Asia: Policy Priorities and Military Roles // RAND. Project Air Force. Prepared for the United States Air Force. 2005. – С. 14.

² Грозин А., Корнеев А., Ершов Ю. и др. «Защита Лугара»: американская администрация бросает очередной «энергетический вызов» России // Нефть России. – 2008. – № 5. – С. 19.

өз пайдасына асыруды да көздейді. Орталық Азия елдерінің ислам әлемімен қарым-қатынасында белсенділіктің артқанын атап кету керек. Мұнда тек мемлекетаралық байланыс пен көпжақты қатынастың дамуы ғана емес, сонымен бірге, ортаазиялық мемлекеттердің жалпы мұсылман ареалымен ықпалдасуы орын алада. Мұның барлығын Қазақстан, Өзбекстан және басқа республикалардың қайраткерлері онтайлы үрдістер деп бағалап, жаңадан түзіліп жатқан ТМД-ның тәуелсіз елдерін әртүрлі сырқы құштердің геосаяси ықпалынан қорғайтын бірден бір мәселе деген пікір білдіруде.

Орталық Азияда ислам дінінің терең тарихи тамырлары бар екені айғақ. Қазіргі кезеңде осы дінге деген қызығушылық арта түсуде, ал, сан ғасырлар бойы мұсылман мәдениетінің тарихи қатпарлары қалыптасқан елдерде діни және ислам институттарының дамуы көрініс бере бастағаны байқалады. Ал, ортаазиялық республикалардың ИЫҰ-ның (Ислам ынтымақтастығы үйімінің) жұмысына қатысуын¹ Азия, Африка және Латын Америкасы аймағындағы елдермен әрекеттесу арнасын кеңейтіп, ондағы бірынғай исламдық ынтымақтасу идеясын көздеген елдермен жақсы қарым-қатынаста болу деп бағалауға болады. Сонымен бірге, ИЫҰ-ның аясында ынтымақтасу үдерісіне қатысуы, оның жаңа мүшелеріне (бірқатар ТМД елдері) ықпалы зор әлемдік құшқуат орталықтары тарапынан геосаяси тұрғыдан қысым көрсетілген жағдайда ислам әлемі елдері қауымдастығынан саяси қолдауға ие болуға мүмкіндік береді.

Болашакта Орталық Азия өз кезегінде, мұсылман әлемі үшін жаңа белестерді, әсіресе, энергетикалық ресурстарды беруде ашып береді. Саяси тұрғыдан алып қарасақ, ислам ынтымақтастығы жаһандық әлемнің геосаяси үйлесімділігінің өзгеруіне әкеліп соқтыруы ықтимал. Сол себепті Орталық Азияда террористік белсенділіктің бәсендідеуі әбден мүмкін.

¹ 2011 ж.дайін Ислам конференциясы үйімі (ИКҰ) деп аталған.

4 Тарау. ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИТЕТТЕР БӘСЕКЕСІ

Терроризмге мәдени-өркенитеттілік факторының ыпалы

Мәдени-өркенитеттілік факторды қарастырганда, әлемдік қауымдастықтың жаһандануы адамзат өркениетінің әртүрлі салаларында жағымды да, жағымсыз да бағыттағы үрдістердің басталуына бой алдыры. XXI ғасырдың басында бұл үрдіс бірнеше жаңа проблемаларды туындағы, соның ішінде қазіргі заманның халықаралық терроризмі ерекше мәнге ие болып отыр. Өйткені ол адамзаттың жаһандық проблемасына айналған сипат алып, жеке индивидтер, әлеуметтік топтар, қоғамдар, халықтар мен мемлекеттерге тікелей қауіп төндіруде.

Халықаралық терроризмді теориялық-методологиялық ой-желісі контекстін зерделеу арқылы оның өркенитеттілік көзқарас тұрғысынан қарастыру абзал. Терроризмзерттеушілері өркениет-аралық қарама-қайшылығы басымдау болған жағдайда, оны орын алған дәстүршілдік пен жаһанданушылық арасындағы курделі социомәдени құбылыш ретінде мойындастындығын атап өткен.

Осы көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, халықаралық терроризмді екіжақты түсінуге болады: біріншіден, оны индустриалды дамыған елдер өркениетінің адам өмірінің рухани жағын бірынғайлылыққа көндіру мақсатында акпараттық және мәдени (идеологиялық) қысым жасаудың бір амалы деп қарастыруға лайықты; екіншіден, өзінің әртүрлі мемлекеттермен, әлеуметтік топтармен, халықтармен, индивидтермен ұқсас өзіндік мәдени болмысындағы сәйкестікті сактап қалуға бағышталған күштеу шараларынан қарастыру қажет.

Ресей зерттеушілерінің айтуынша, дүние жүзінде адамзат әртүрлі қауымдастықтарға бірігіп, 250 мемлекеттік бірлестіктер, 2 мың этномәдени, 5 мыңға жуық тілдік ерекшеліктері бар топтардан тұратын әрі олардың барлығы тегіс дамудың әртүрлі сатысында қалып, соның әсерінен әртүрлі елдердің қауіпсіз жағдайда тіршілік етуіне тәпеп-тен мүмкіндіктерді беріп қана

қоймай, өзі мекен еткен ортасын да қауіпті етіп құрады¹. Соған қарамастан, П. Тейяр де Шарденнің пікірінше, «халықтар мен өкениеттердің қарым-қатынас жасаудыңнемесе экономикалық бір-біріне тәуелділігінің артқандығы немесе психикалық біркелкілігінің ең жоғары деңгейінде жеткендігі соншалықты, енді бұдан әрі олар тек бір біріне кірісіп, жанасу арқылы өсе алатындығы ақиқат болды»².

Қауіпсіз жағдайда өмір сүру контексінде, өзін өзі құтқарып қалу аясында оқшауланған өркениеттердің тарихы белгілі бір зандалықтар бойынша дамиды. Біріншіден, кез келген өркениет өзінің тіршілік ету циклына ие болады, оның ішінде, оның пайда болу сатысы, жылдам өсу кезеңі, пісіп жетілуі, дағдарысы немесе тарихи аренадан ыдырап жоқ болуы немесе келесі ұрпақтардың өркениетіне қарай өзгеріске ұшырауы жатады. Л. Гумилевтің пікірінше, бұл үрдіс тез арада (бірнеше жылдың ішінде) болуы ықтимал, және де мындаған жылдарға созылуы, яғни этностың энергетикасына сәйкес, белгілі бір кезеңдердің өтүіне байланысты болуы мүмкін³. Екіншіден, өркениеттің кираву мен таралуы соғыс пен өзінен мықтырак көршісінің жауап алу мен жойып жіберу іс-әрекеттеріне байланысты болады⁴. Бұл – қауіпсіздіктің сыртқы және ішкі жүйелері деңгейінің әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Ушіншіден, өркениеттер арасында көшбасшылары айқындалады, олар қалғандарына жағымды немесе жағымсыз эсер етеді. Төртіншіден, өркениет өзін өзі сақтап қала алады, оның социомәдени құндылықтардың белгілі бір жүйесі сақталған шакқа шейін ол өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады⁵.

Б. Джэнкинс, Г. фон Грюнебаум, С. Хантингтонтың теорияларында терроризм өркениеттер арасындағы текетірестен пайда болады деген тұжырым береді. Осы тұжырымдаманың негізінде, Шығыс пен Батыстың арасындағы алашақтықтың салдарынан терроризм халықаралық статусты имемденді. «Батыстық емес орта

¹ Викторов А. Ш., Казаков Д. И. Общесоциологический (цивилизационный) подход в изучении феномена терроризма // Вестник Волгогр. гос. ун-та. Сер. 7: Социология и социальные технологии. – 2009. – № 2 (10). – С. 93.

² Тейяр де Шарден П. Феномен человека. – М.: Наука, 1987. – С. 27.

³ Гумилёв Л. Этногенез и биосфера Земли. – СПб.: Изд-во ЛГУ, 1989. – С. 318.

⁴ Тойнби А. Постижение истории. – М.: Прогресс, 1994. – С. 335.

⁵ Викторов А. Ш. Духовная безопасность Российской цивилизации. – М.: Изд-во КДУ, 2005. – С. 32.

трансмәдени салаға сай қарсылық білдіріп, Батыста өз ырқына келетін белсенді түрде полимәдени қоғам түзуге бет алды. Шығыс Батысқа сырттай қарап қоймай, Батыстың ішкі дүниесіне кіріп алып, ондағы пікірдің әралуандығын тудыруы, соның қолынан да, ойынан да шыққан мәселе болды»¹.

Жаһандану тек экономика мен ғылымды, саясат пен мәдениетті өзіне тартып қана қоймай, дінді де еліктіріп алды. Барлық діни конфессиялар өз ішінде екі топқа бөлініп жатыр, оның біріжаһанданудан тек (өзінің негізіне, қалыптасқан тәртібіне) төнетін қауіпті ғана көреді, албаскалары, керісінше, осы үрдістің ішкі сырына үңіліп, оны өзі билеп алғысы келіп, оған өзіндік мән-мағына беріп, болмыстың тұнғиықта жатқан, жаһандануға дейін көрінбеген тылсым күштерін анықтауға ұмтылады.

Жер-жаһанда терроризм тұрмыстың барлық саласына кіре алатын, перманентті құбылысқа айналды. Кезкелген саяси қайраткер немесе жай қатардағы азамат болсын террористік актілерден аман қалуына ешкім кепілдік бере алмайды. Терроризм күнделікті және сағат сайын жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қауіп төндіретін сипатқа ие болды².

Ақпараттық революция кезеңінде адамның мәдени және өркениеттілік болмысын нақтылауға байланысты туындаған проблемалары көбейіп жатқандығы белгілі. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы шекараларды, жыныстық, таптық, этникалық, діни, ұлттық, субмәдени қасиеттерінің жүйелі негіздерін бұзып, оларды ыдыратады. Ол бұрыннан тарихи үрдістерде өздігінен қалыптасқан әлеуметтік институттарды әлсіретеді. Жаһандық технологиялық революциялардың сипаты адамдардың бір біріне жат болуында, адами қарым-қатынастардың тапшылығы әрі оның жанға жайлышты болмауында.

Ресейдің бірқатар ғалымдарының пікірінше, «XXI ғасырдың бір ерекшелігі, ол –әлемдік өркениеттің жаңа сапаға отуі, яғни “бейбіт террористік өмірден” ”соғыс жағдайындағы террористік ахуалына” көшуі. Мұның біріншісі, бүкіл адамзатты жоқ қылу

¹ Мальковская И. А. Глобализация и транскультурный вызов незападного мира: Восток смотрит на Запад уже не со стороны, а изнутри самого Запада // Социологические исследования. – 2005. – № 12. – С. 12.

² Гречко П. К. Конфликт, терпимость, толерантность // Поликультурное общество: стабильность и коммуникация. – М., 2003. – С. 24.

мақсатында термоядролық қаруды екі жақтан да қолдану қауіпінен пайда болуы. Екіншісі, террористік соғыстың келешектегі мұмкіндіктерін ескере алмай, террорды өте қауіпті акция ретінде бағалай білмей, оған көрсеткен саяси дәрменсіздіктің көрінісі орын алуы¹. Олардың айтуынша, барлық соғыстардың түп-тамырында діни өлшемдердің жатқандығымен, өйткені соғыстың мәні адам өлімі–дегенолардың тұжырымымен сөзсіз келісуге болады. Сондықтан мынандай заңды сауал туындаиды: террористер тек белгілі бір діннің аясында ғана өз пиғылдары мен іс-әрекеттерін орындаиды деп кінәлау дұрыс па деген ой келеді.

Әлемді біріктірудің бірден бір объективті қындығы ретінде, олардың арасында орын алған этникалық, діни, идеологиялық, мәдени ерекшеліктердің болуы саналады. Бұғаңға таңда адамдардың планета бойынша миграциялық деңгейінің жоғарылауына карамастан, олардың көпшілігі салыстырмалы жабық ұлттық мемлекеттерде, қауымдарда, және де туыстық, діни немесе бір тарихтың негізіне сай топтасқан қоғамдарда туылып әрі тәрбиленіп жатуы жалғасуда. Мұның барлығы жекеленген адамдар мен топтардың этикалық құндылықтарының өзіндік ерекшеліктеріне, олардың адам құқығы, жеке бостандығы деген секілді негізгі категорияларын әрқылы түсінулеріне әкеліп соктыврады. Фалымдардың айтуынша, осы түрғыда тікелей жанжалдар орын алмаса да, олардың бірін бірі түсініү алшақтай береді. Этникалық ерекшеліктерге әртүрлі, бірінші кезекте діни сипаттағы идеологиялық ерекшеліктер ықпал ете бастағанда, осы саладағы ахуал шиеленісе түсіү ықтимал. Осындай ерешеліктердің орын алуы өтпелі феномен емес².

Соңғы кездері дүние жүзінде ең көп тараған идеялардың бірімүсылман әлемінің басқалармен «тайталасуынан құтылмау» идеясы болып отыр. Исламды қолдаушылардың саны – миллиард адамға жетеді, яғни олар Жер шарының 1/6 бөлігін мекендейтіндер. Мұсылман әлемі 120 мемлекетті құрайды, олардың кейбірі гүлденген, экономикасы жақсы дамыған елдер қатарында. Соған

¹ Резник С. В., Кутоманов С. А., Мизаев В. Н. Исламский терроризм как транскультурный проект // Научные ведомости Белгород. гос. ун-та. – Сер. Философия. Социология. Право. – 2010. – Вып. 13. – Т. 14 (85). – С. 302.

² Резник С. В., Кутоманов С. А., Мизаев В. Н. Исламский терроризм как транскультурный проект...

қарамастан, протестанттық ұстанымы басым АҚШ, қазіргі заманда орын алғып отырған жаңжалдарды реттеуде әлемді тек өздері ұстанған қоғамдық моделге сай өзгертуді қарастыратындығы байқалып отыр. Вашингтон шиеленістерді реттеудің акпараттық-психологиялық технологияларын қарастырғанда тек осындай мақсаттарды көздейді. Халықаралық терроризммен күрес проблемасы, негізінен, саясаттан діни мәселеге айналып кетіп жатады. Оған мысал ретінде, АҚШ-тың бұрынғы президенті Дж. Буштың «кезкелген ел террорға қарсы соғыстың мәні, Америка үшін тек қана саясат емес, ол, сол соғысты нағыз діни негізде жүргізу үшін өзіне берілетін серті»¹, деген мәлімдемесі дәлел болады. «Шынайы демократиялық құндылықтары» жоқ елдерге тегін әрі міндетті түрде оларға демократияны экспорттау идеологемасы протестанттық дәстүрге сай қалыптасқан және оның нақты діни астары бар.

Қазіргі заман терроризмінің өрісін – этностық азшылықта қалған немесе диаспора өкілдерінен құралған – өзінің мықты ұлттық мемлекетінен тыскары өмір сүретін, негізінен, белсенді жастардан тұратын жабық этникалық қауымдастықтар құрайды. Көшілік жағдайда субмәдени автономияның бірнеше факторлары бір бірімен үйлеседі: этно/суб/субэтникалық, діни-этникалық, әлеуметтік, жас ерекшелігіне орай. Оның кезкелгенін жеке-жеке қарастырғанда ондағы қайшылықтар шиеленісі өте-мәте зор болады. Алайда, оның негізі механизмі ретінде жас ерекшелігі факторына баса назар аударған абзal, өйткені статистика көрсеткендей, жанкешті-террористердің орташа жасы шамамен – 20 жас болып келеді.

«Діңгекті мәдениет – қарым-қатынастар жүйесінде жаңадан тұтана бастаған шиеленіс орын алғып, радикалды идеологиялардың «бәсекесін» көрсететін ахуал қалыптасады. Террористік қауымдастықтардың басты бағыттар жүйесі ұлттық-тайпалық пен діни салаларға ойысады. Бірақ соған қарамастан, оның батыстың субмәдениетімен ортақ бола алатын сипатына тоқталсақ: олар – жас ерекшелігі жағынан бірынғай топтағылар, радикалды идеологиясын ұстанған, өздеріне ғана тән

¹ Цит. по: Резник С. В. и др. Исламский терроризм как транскультурный проект... – С. 302.

тілі, символикасы, мақсаттары бар, және дебасқа құндылықтарды жоққа шығару арқылы – осындай белгілеріне сай, өздерінің карсымәдениетінайқындауында.

Француз ғалымдары Ж. Бодрийяр, Ж. Деррида 2001 жылы 11 қыркүйекте болған оқиғаларының мәдени түрғыдағы зардаптарын талдай келе, соныңнәтижесіндебұл – «жаһанданудың баламалы түрі» деген түсініктемені бірнеше рет қолданды. Оның мағынасы жаһанданудың негізгі мақсаты жалпыадамзаттық, әмбебап сипаттағы батыс әлемі ұстанған құндылықтарды қүштеп міндеттеуі, батыстан тысқары жаткан мәдени дәстүрлерді кемсітіп, оларды субмәдениет қалпына түсіріп, тіптен маргиналдануына апарып соктыруды көзdedi¹.

Террордың ғаламдық сипаты XX ғасырдың 60-шы жылдарында орын алған тұра солшыл трендтің сипатын қайталады: маргиналды субмәдениеттің консервативтікөне мәдениетке шабуыл жасауы. 60-шы жылдардың чегеваризм мен «қызыл мамырын» көптеген күштер өздерінің саяси мұддерлеріне сай пайдаға асырмақшы болған, біраколардың бірыңғай орталығы болмады. Мұндай шабуыл жаңа форматқа, жаңа лексикаға және жаңа өзіндік болмысқа ие болады. Бүгінгі күні ұлттық және діни өзіндік болмыстың дамуын қарастыру өте көп қолданыста, ал 60-шы жылдары әлеуметтік болмысты анықтау бірінші кезекте болған. Сондықтан террордытолығымен мәдени феномен деп қарастыруға болатындығына сай негіздер бар екендігін көрсетті. Террордың бірыңғай идеологиясы жоқ екені анық, бірак террористік ағымдар, анклавтар мен идеологиялардың пайда болуына ортақ болатын заңдылықтары бар. Осылардың негізіне сүйене отырып, террор маргинал топтардың негізгі каруы, ал, терроризмнің субмәдениеті – антиәлеуметтік маргиналдылықтың жаңа бір формасы. Мұсылман әлемінен келген иммигрант жастарды терроризмнің субмәдениетіне қатыстыруы, оның белсенді бөлігінің маргиналдануына апарып соктырады, өйткені белгілі себептерге орай олар басқа (бұл жерде – батыс) мәдениетімен толық ықпалдаса алмайды.

Сонымен, қортындылай келе, терроризм феноменіне тарих үдерістерінде объективті түрде дамитын құбылыс ретінде ғылыми

¹ См: Резник С. В. и др. Исламский терроризм как транскультурный проект... – С. 302.

түрғыдан қарайтын болсақ, оны ішкі себептермен пайда болатын өте терең, фундаментальды үдерістердің көрінісі деп бағамдауға болады. Егер осы аспектілерде терроризмді тек саяси күрестің көптеген тактикалық формаларының бірі ғана деп қарастырсак, онда терроризмнің феномені ретінде оның мәдени-идеологиялық, мәдени-антропологиялық, этномәдени және діни ерекшеліктерін есепке алмау дұрыс болмайды.

Терроризмнің маңызы туралы мәселені қарастыру кезінде халықтың сан алуан дәстүрлі топтарының әлеуметтік болмысының көптеген аспектілері, олардың діни көзқарастарының, психологиялық көnlік-күйілерінің үндесуімен бірге қамтылады. Жоғарыда айтылғандар бойынша адамның терроризмнің субмәдениетіне кірген кезеңінде исламдық терроризмнің алғы шарттары мен мәдени-антропологиялық белгілерін және келеңсіз болмыс моделі мен ондағы тіршіліктің стратегиялық мекенін зерттеуді талаң етеді.

Терроризм және өркениеттер текесі

Ислам әлемі, негізінен, батыстық көзқарастағы жаһандануға мұлдем қарсы екені белгілі. Тек ислам ғана жаһандану кезеңінде дамудың баламалы жолын ұсына алатын ғаламдық саяси жүйе бола алады¹. Боснияда, Алжирда орын алған оқиғалар, Түркия мен Малайзия тап болған жаңа қындықтар, ислам елдерінде жаңару жетістіктерінің тұрақсызыдығын көрсетіп берді.

М. О. Орловпен қатар басқа да ғалымдар, исламның жаһандық сипат алғандығына тоқталып өтеді, оның бірнеше факторларын айтып кетеді. Біріншіден, ислам – бұлкүдделікті өмірдің діні, яғни тек дүниетаным ғана емес, күнбек күн кезкелген мұсылманға, кезкелген елде өмір сүруде, жүріп-тұруда қажетті ережелерін береді. Екіншіден, исламның маңызы – жеке адамның немесе ұлттық (мемлекеттік) болмыска қары тұра алатын қауымдық болмысты қалпына келтіру².

¹ Орлов М. О., Данилов С. А., Анникин Д. А. Исламский терроризм в глобальном мире: социально-философский анализ // Вестник Томск. гос. ун-та. – 2008. – Вып. 307. – С. 32–33.

² Сонда. – С. 33.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, бүгін дәстурлі діни құндылықтар мен әлеуеметті ұйымдастырудың либералдық стратегиясы арасындағы тайталас Орталық Азияны іштен ыдырауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Ұакиғалардың өрбүі екі сценариимен іске асуы ықтимал: елдердің кері кетуі (архаизациялануы) – және жанаруы (модернизациялануы), яғни, қоғам алдына ислам халықтарын Батысқа қарай бет бұрғызатын, бірлескен жаңа мақсаттар қоюды көздейді. Мұндағы екі модель де әлеуметтік сілкіністерге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Батысқа карсы тұрған «үшінші әлемдегі» бүлікшілдік, батыстық емес елдердің мәдениеттеріне бөтен институт болып қала берген секулярлық ұлттық мемлекетке карсы бағытталды. «Үшінші әлемдегі» елдер өздерінің ұлт-азаттық қозғалысында ұлттық мемлекет статусын алып, халықаралық қауымдастықтар катарына егеменді тәуелсіз ел мәртебесіне ие болып алуды мақсат еткен. Үшінші мыңжылдықтың бас кезінде батыс стандарттарына сәйкестіріліп жасалған халықаралық дәстурдің өміршеш болатындығына күмән туа бастады.

Панарабизм идеологиясын жақтаушылар да, олардың пікірінше, батыстың колонизациялаудың болған қазіргі әлемде орнықан тәртіпті қабылдамайды екен. Олар секулярлық ұлттық мемлекетті жокка шығарып, ислам идеалдарына сай келетін – Халифат орнату идеясына шақырады. Міне, осыдан барып саяси дамудың батыс моделіне жаппай карсы тұратын ислам фундаментализмі ықпалының өсуі белен алды. Азиямен Африка мемлекеттері, ең алдымен, ондағы мұсылман елдері этнізация үрдістерін басынан кешіріп отыр. Ұлттық-мемлекеттік біркелкіліктің орнына атаптап елдер өздерінің бұрынғы метрополияларынан үлгі алу арқылы этникалық пен конфессионалдық ынтымақтастық кезеңінің орнауы калыптасты. Батыстың тарапынан күштеп енгізілген жаһанданудың формалары, оларды осы атаптап әлемнің аймактарында өздерінің әрі қарай өмір сүрүлеріне үлкен қауіп туғызатындығын назарда ұстайды. Сондықтан олар қауымдастып тіршілік етудің дәстурлі, яғни діни және этникалық формаларына қайта оралуға әрі оны қолдануға шақырады. Сол себепті, бір жағынан, оқшауланған мәдениеттер арасындағы этникалық ерекшеліктері шиеленісе түссе, екінші жағынан – ислам елдері мен Батыс арасындағы өркениеттілік текетірес орын алады.

Оған Сомали, Ирак, Иран, Судан және Ауғанстан мысал болып, сондағы болған оқиғалар осы дәйктеменің ақиқатқа сай екенідігін дәлелдейді¹.

Батыс өркениетінің құндылықтарына оппозицияда болған ислам мәдениеті мен діні тараапынан қоғамдық санада мынадай саяул туындаиды: Ислам әлемдік қауіп-қатерлердің кайнар көзі болып табыла ма? Бұл сұраққа ғалымдар бір ауыздан жоқ деген жауап береді. Бірақ ислам фундаментализмі қауіпті ме деген саяулға келгенде, пікір қайшылығы туындаиды. Кейбір зерттеушілер экстремизм мен зорлық-зомбылықты исламнан бөле қарап, ислам фундаментализмінің айбыбы «жоқ» деп жауап береді. Мұндағы ислам басқа елдермен, оның ішінде сол Батыс елдерінің өкілдерімен де бейбіт әрекеттесуге тіл табыса алады деп дәлелдеп бақса, басқалары «иә» деп жауап береді. Әйткені, ислам діни идеологиясы мен батыстық құндылықтар арасындағы текетірес бұрындары орын алған коммунистік идеология мен батыстық жүйе арасында болған шиеленісулерден әлдеқайда қауіпті².

Ушінші көзқарастың мәні, кезкелген фундаментализм – исламдық, коммунистік, батыстық радикалды модернизм – көп жағдайда текетірестің алғы шарты болып келеді және де дүние жүзіне қауіп-қатер тудыруышы болады. Қордаланған экстремистік наразылық органдар қалыптасуына ықпал етеді. Ол өз кезегінде терроризмге жол ашады. Бұл саяси мен өкілетті деңдайлерде басқа амал қалмаған соң, таптардың өзгеріске үшірап, бұкараның кедейленуі мен әлеуметтік күштердің ара салмағындағы теңсіздігі салдарынан революциялық жолмен қарсы тұрудың мүмкіндіктері болмаған соң, терроризмнің бір түрі партизандық қарсыласу қозғалысының өршуіне себепкер болады³.

«Өркениеттер текетіресі» тұжырымдамасының авторы С. Хантингтон, 11 қыркүйекте орын алған оқиғалар мен оған американлықтардың берген жауабы, бұл оқиғалар желісі «өркениеттер қайшылығы сыйығының шебі бойымен жылжи өткендігін»⁴ нақтылай айтып кетеді. Бұл мәлімдеме көпшілік

¹ Альтернативный Этнонационализм в Европе. – М., 2000. – С. 214–216.

² Орлов М. О. и др. Исламский терроризм в глобальном мире: социально-философский анализ... – С. 34.

³ Сонда.

⁴ Huntington S. The Age of Muslim War... – С. 12.

жағдайда дұрыс қабылданбады. Мұндай пікір айтуды – 1994 жылдан бері басталған Хантингтон мен глобалистердің арасындағы пікірталастың заңды жалғасы деп бағалаған жөн.

Ресей ғалымдары бұл пікірталастың бір жағынан жалған екенідігіне, яғни глобалистердің зорлығын атап көрсетеді. Хантингтон, жаһандық әлем дегеніміз – егер материалдық байлықтың құндылықтары еркіндіктен де үстем тұrsa, онда Батыс шекіз тұтынушылық пен комфорттың ордасы болып қабылданатын болады¹, – деп тұжырымдап жазады.

Сонымен, көптеген сарапшылар Хантингтонның 11 қыркүйектегі террористік шабуыл – бұл «өркениеттер қактығысының» белгісі деген пікірімен келіспейді. Осы тезисті жокқа шығару үшін олар үш дәйектемелерді келтіреді: террористерден жапа шеккендер арасында мұсылмандар да бар; біршама ислам елдері антитеррористік коалицияға қатысты; исламшыл экстремистерінің террористік шабуылдары саяси емес, діни мақсаттар көздеген.

Мұсылман мәдениеті өте мықты әрі берік, сондықтан ол батыстың технологиялық-жанару идеяларын ұсыныс ретінде емес, өзіне тікелей карсы шығу деп қабылдайды. Исламның пассионарлығын, оның тек агрессиялық қабілеті деп қарамай, басқа мәдениеттерге бейімделе алмайтындығының көрінісі, оның жетістігі емес трагедиясы деп қараған абзал. Ислам мәдениеті жаңашылдықтың мотивациясына қинала жауап береді, басқа мәдениеттермен катар өмір сүре алу немесе оларға өзін жұтып алуға жол беріп қоюы (колонияға айналып кетуі) қаупі бар. Бұған исламның «қанды шекаралары» дәлел болуға лайықты, яғни оны Хантингтон: «90-шы жылдардың басында мұсылмандардың көшілігі әртүрлі топтардың арасында орын алған бір біріне зорлық-зомбылық көрсетудің қатысушысы болды; барлық мәдениаралық соғыстардың көп бөлігі мұсылмандар мен мұсылман еместер арасында жаңжалмен аяқталғаны мәлім. Исламның шекаралары және оның ішкі аумағы да, шындығында қанға толы болды»², – деп өз ойын тұжырымдаған.

¹ Орлов М. О. и др. Указоч. – С. 34.

² Huntington S. The Age of Muslim War... – С. 6-14.

Хантингтон ислам мен оның «жанжалға бейімі бар» мұсылман халықтарының ішкі мүмкіндіктерінің жоғары санатын атап өтеді. Сонымен бірге, басқа елдерге қарағанда олардың тез арада әскерилендіріле және қарулана алатын деңгейінің биік екендігін айтып өтуге болады. Жаһандану тұсында мықты елдердің, бірақ өркениеттік дамуы кенже қалып қойғандардың басқа мәдениеттердің баса көктеп кіруіне жауабы ретінде терроризмнің шығуы негізгі себептердің бірі болып табылады.

Мұнда, біздің пікірімізше, ресей зерттеушілерінің көзқарасымен келісуге болады, яғни коммуникациялардың планетарлық деңгейде өзгеріске ұшырауына қарсы күресу соғыс тәсілдерімен жүргізуі қажет емес, олар керісінше, аксиологиялық және саяси тұжырымдардың бір бірінен өзгешеліктері әртүрлі аксиологиялық жүйелердің бейбіт өмір сүру формуласын шығаруға бағытталған мұдделі дискуссияларда талқыланып шешілуі тиіс. Халықтар мен үкіметтерді міндетті түрде бөлуді қарастыру дәйегі методологиялық тұрғыдан дұрыс емес әрі зиян. Хантингтонның жаһандану ислам әлемінің өркениеттілік ерекшелігіне ұрынып, оның шешімін таба алмай кетті деген пікірі өте орынды¹.

Сонымен, осы тарауда жасалған талдауды негізге ала отырып, мынандай басты қорытындылар шығаруға болады.

Біріншіден, жаһандану қоғамның жекеленген мүшелерінен тұратын, өздерін өзі танытып көрсету формаларын іздеуде құлшыныс танытқан, айтарлықтай жат болған әлеуметтік топ өкілдерін құрды. Соның нәтижесінде, бұл оларды зорлық-зомбылық көрсету әрекеттеріне жол сілтеп, халықаралық террористік интrenационалмен біргігуіне, олардың сонда қалыптасуына әкелді. Әлемдік террористік қауымдастықтың жаһандануы орын алды. Халықаралық терроризм жаһанданудың сынқатерлеріне деген жауабы болды. Терроризмнің өріс алуы қоғам мен мемлекеттің ауыр наукасын көрсетті, ал, оның шығуының бір себебі, мәдениет пен өркениеттердің бір бірімен бейбіт өмір сүру үшін келісе алмауынан болды.

Екіншіден, терроризм көріністерінің әртүрлі формаларын мықты мемлекеттердің өздерінің ұлттық мұдделерінөз саяси шекараларынан тысқары жерлерде тұрып аранадатушылық әрекеттерді іске асыру салдарынан болды. Қазіргі заманының халықаралық терроризмінің негізгі ерекшеліктерінің бірі –оның географиялық шекара ауқымынан ғаламдық деңгейге ұласуы.

¹ Орлов М.О. и др. Исламский терроризм в глобальном мире: социально-философский анализ... – С. 35.

Адамдар бірде бір континентте өздерін қауіпсіз санамайды, жер шарының кезкелген нүктесі террористік шабуылдың обьектісіне айналуы мүмкін. Оның жаһандылығы террористік ұйымдардың трансшекаралығында: егер бір елде мамадарды даярласа, басқа бір елде терактілер іске асырылады, ушінші бір елде орындаушылар жасырынатын болады, төртіншісінде террористік ұйымдар қаржыландырылады. Бұл қазіргі заманың терроризмінің, оның халықаралық ретінде орын алудың ең басты ерекшеліктері болып табылады.

Ушіншіден, халықаралық терроризмнің қызметі жаһандық деңгейде өткізіледі, және де олөркениетаралық сипатқа ие бола бастауда. Бір топ аймактардағы кедейшілдік пен жаһандану үрдістерінің біркелкі дамымауы, өркениеттілік, мәдени және жалпыадамзаттық бастаудың әлсіздігі, жалпыға ортақ діни фанатизмнің орын алуды, яғни осы құбылыстардың барлығына тегіс қоғамның наразылық реакциясы ретінде терроризмнің басты себеп-салдары болып қарастырылады. Қазіргі заманың терроризмі әлеуметтік наразылыққа, революциялық қозғалыска, аясына тек жекеленген елдер ғана емес, бүтін өркениеттер енетін соғыстың жаңа бір түріне ұксайды. Терроризмнің өркендеуі белгілі бір қоғамның немесе мемлекеттің сырқаты ауыр болғанын көрсетеді. Оның себебі, мәдениет пен өркениеттердің бір бірімен түсінісіп, диалогқа келіп, бейбіт өмір сұруге талпынысы болмағандықтан орын алады.

Төртіншіден, мамандар қазіргі заман терроризмінің пайда болудың негізінде қандай нақты себеп-салдарлар жатқандығына жауаптар қарастыруда. Соған сәйкес терроризмнің алдын алып, адамның, қоғамның, мемлекеттің, және бүкіл адамзат өркениеттінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қандай тиімді шараларды іске асыру қажет. Оның тағы бір өлшемдеріне – әртүрлі антитеррористік іс-кимылдардың тиімсіздігі, осы құбылыстың іс жүзіндегі аса қауіпін халықтың түсінбеуі, қоғамда орнықкан қауіпсіздік мәдениеттінің таяздығы да жатады.

Террористердің әрекеттері соңғы жылдары желілік және ұйымдастырылған сипат ала бастап, олар өте мұқият дайындалған, жан жақты жоспарланған террористік актілерге ұласуда. Болашакта халықаралық терроризм халықаралық қауіпсіздік жүйесінде дәстүрлі емес сын-қатерлер ретінде дүние жүзінде алдыңғы орынға ие болады.

5 Тарay. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ және ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ

Орталық Азия: терроризм және қауіпсіздік мәселелері

Орталық Азия елдерінің қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-саяси ахуалына объективті баға бере келе, осындағы қалыптасқан аймақтық қауіпсіздіктің қалыпты жағдайда екендігіне сипаттама беруге болады. Сонымен қатар, осы қалыптылықтың дәрежесі, қауіпсіздіктің деңгейі, әлеуеті зор сын-қатерлердің накты бір жекеленген мемлекеттің жағдайына тәуелділігімен өзгешеленеді¹.

Қазіргі заманның ғалымдары аймак ретінде Орталық Азияны қарастырғанда соған қатысты бірыңғай тұжырымды әлі қалыптастыра алмай келеді. Сондықтан осы аталған аймакқа қандай елдердің кіруі міндепті екендігі туралы пікірлердің әр алуандығы орын алуша. Қазіргі кезде, белгілі бір аймақты бір ауданға тиеселі етіп бөлу тәсілі көптең орын алуша, яғни мәдени-өркениеттілік пен саяси негізіндегі ұқсастыққа басымдылық беріліп, мұндай жіктеу өз кезегінде география канондарымен қарама-қайшылыққа келіп қалуда. Соған қарамастан, негізінен, «Орталық Азия» деген аймақты Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан сияқты елдердің территориясын кіргізіп қарастыруды жөн деп санаймыз.

Орталық Азияда ахуалдың келешекте қандайда бір колайсыз жолмен дамуы, оған қоса, аймақтың ұлтаралық қақтығыстар өніріне айналуы ықтимал деген зерттеушілердің болжамдары іске аспай қалды. Тұрақсыздықтың таралуына және латентті жағдайдан шығудың объективті кедергілері ретінде саяси, әлеуметтік, экологиялық және басқа да бірнеше факторлар себепкер болды. Орталық Азия елдерінің басқарушы элитасы аймақтық қаіупсіздікке төнген сын-қатерлерге дер кезінде төтеп беруге өздерінің қабілеттілігін танытып, олардың одан әрі өршуін тоқтауға бағытталған шаралардықолдана білді. Осы аймақта оқиғалардың бейбіт жолмен дамуына мұдделілік танытқан сыртқы күштердің де,

¹ См.: Тукумов Е. В. Религиозно-политический экстремизм как угроза региональной и национальной безопасности стран Центральной Азии // Дис. ... канд. полит. наук. – Алматы, 2004. – С. 57–58.

ең алдымен мұнда Ресей, АҚШ, Қытай, Еуропалық одақтағы бірқатар елдердің басты рөлге ие болғандығы белгілі.

Орталық Азия елдерінің аймақтық қауіпсіздігіне тәнетін негізгі сыртқы қауіп-қатерлердің жүйесінде халықаралық терроризм жетекші орынға ие. Оның әрқандай түрлери, оның ішінде террористік актілер сияқты көріністері орталықазиялық елдердің біразының қоғамдық-саяси өмірінде кездесе беретін бұлтартпас факторларға айналды.

Ауған территориясынан тәнетін террористік қауіптің бүгінгі таңда азайғандығын айта кету керек. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттері үшін халықаралық террористік ұйымдар тарапынан болатын әлеуеті мол қауіп-қатерлердің келешектегі орташа кезенде орын алуы әбден ықтимал. Бүгінгі күні радикалды исламдық ұйымдар осы аймақтың аясында жақын болашакта белсенді түрде, оның ішінде қарулы әрекеттерге баруы мүмкіндігінен бас таркан емес.

Сарапшылардың айтуынша, тек статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, терактілердің қайда және қашан болатындығын болжап айту мүмкін емес еken. Тұрақтылық пен қауіпсіздік бағамдары шартты түрде әр елде әртүрлі болып келді. Экстремизмнің таралу қауіпі, терактілерді іске асыруы барлық аймактарда айтарлықтай жоғары, ал Орталық Азияға келсек, мұндағы елдерді халықаралық терроризмге қатыстырылу мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Оған қоса, келешекте осы аймакта терроризм идеологиясының дамуына көшілік жағдайда сыртқы және ішкі сипаттағы бірнеше факторлардың әсерінен болады.

Орталық Азиядағы халықаралық терроризмді талдаудын дискуссиялық аспектілеріне осы құбылыстың басқаларға қарағанда жалпы басымдылығы мен оның себеп-салдарының өзара байланыстылығы жайындағы мәселені ерекше айтқан жөн. Терроризмнің өзіндік феноменін талдағанда, зерттеушілер оның шығу жолдары мен дамуына негіз бола алатын ішкі және сыртқы себептерін (факторларын) талдауға баса назар аударады.

Терроризм мен экстремизмнің шығуының ішкі себептеріне Орталық Азия елдеріндегі орын алған күрделі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайға, наразылығы оппозициялық

қозғалыстарға ұласатын халықтың белгілі бір бөлігінің маргиндануына байланысты болды.

Халықаралық терроризмінің Орталық Азияда пайда болуы мен оның өркендеуінің сыртқы факторларына – бұл, негізінен, оның потенциалды «отты нүктелермен», әрі «исламдық белдеуі» деп аталатын тұрақсыздық аймағындағы: Кавказ, Қытайдың СҮАРЫ, Кашмир және де, әрине, Ауғанстан сияқты елдермен көршілес болуы.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ықпалды компонент ретінде сыртқы және ішкі сипаттағы бірыңғай себеп-салдардың жиынтығын немесе олардың бір тобын біржакты анықтауға болмайды. Оның үстінен дүние жүзінде таралған терроризмің бір-біріне ұксас алғы шарттарын зерттегендегі, олардың шығуының себеп-салдары бір бірінен айтарлықтай ерешеленетінін байқаймыз. Ал кезекелген мемлекет үшін қоғамның белгілі бір тарихи дамуы кезеңіне сәйкес, қандайда бір факторлардың ерекшеліктеріне орай терроризмің даму жолдары әртүрлі болуы мүмкін.

Жүргізілген талдаудың негізінде, біз Орталық Азия елдерінде халықаралық терроризм көріністерін шешуші түрде анықтайтын бірнеше негізгі факторларды қарастырып көрдік.

Орталық Азия мемлекеттері территориясында орын алған халықаралық террористік ұйымдардың идеологиялық базасы болған радикалды ислам идеяларының таратылуына, оның ішкі сипаттағы маңызы бар факторларына күрделі әлеуметтік-саяси ахуалдың қалыптасуы жатады. Жұмыссыздық, халықтың көп бөлігінің тұрмыс деңгейінің төмендігі, олардың әлеуметтік және құқықтық корғалу жағынан дәрменсіздігі, өз азаматтарының конституциялық құқығы мен бостандығын қамтамасыз ете алмаған мемлекеттік билікке сенімсіздіктің артуына алып келді.

Орталық Азияда экстремистік идеялардың пайда болуының бір себебін, зерттеушілер халықты кедейшілікке экелген әлеуметтік-экономикалық жағдайдың салдарынан, қоғамның дәүлеті төмен топтарының қарымта қайтарған қарсы әрекеті деп санайды. Алайда, «діни экстремизмді» исламның, немесе оның қандайда бір бағыты мен идеялық ағымының эндогенді сипатыдеп қарастырудың дұрыс еместігін ескеру қажет.

Орталық Азияның тығыз орналасқан аймағы – Ферғана өңірінде бұрыннан бері халықты жер телімдерімен, сумен және

жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде қындықтардың болғандығы мәлім. Мұның барлығы осы өнірде радикалды ислам идеяларының тарауына қолайлы жағдайлар туғызды. Сонымен қатар, американлық зерттеуші Д. Шоберлейннің пікірінше, Ферғана өнірі этникалық топтардың әркелкілігімен ерешеленуі, соған байланысты осы жерде белгілі бір келенсіз жағдайлар орын алған тұста, олар – аландаудың қосымша бір себебекі болары хақ¹.

Зерттеушілердің пікірінше, «терроризмнің басты детерминанттары ретінде, бұқара халықтың көп бөлігі өз жағдайының мүшкілдігіне орай, орасан әлеуметтік теңсіздіктің әлеуметтік-саяси салдары бұрын болған да, болып қала береді де»². Осындай қындықтардың кезінде, сырттан әкелінген радикалды идеяларды тұтас қоғамның өзі қабылдауға мәжбүр болады.

Көрсетрілген осы себеп-салдардың нәтижесінде саяси кеңістікте (әсіресе, Тәжікстан, Қыргызстан, және Өзбекстан аумағында) «Хизб ут-Тахрір аль-Іслами», Тәжікстанның Исламдық Әрлеуі партиясы (ТИӘП) және Өзбекстанның Ислам Қозғалысы (ФИҚ) сияқты аса танымал исламдық қозғалыстары мен бірлестіктері пайда болуының басты факторлары болды.

Сарапшылардың орынды айтылған пікірлеріне қарасақ, Орталық Азиядағы радикалды ислам оппозициясына формальды түрде терроризм сай бола тұрса да, ол, негізінен нарзылық сипат алып, осы аймақта соңғы он жылдар бойы жинақталған аса маңызға ие, айтарлықтай қайшылықтар шиеленісі әлеуетін құрайды³. Мамандардың көшпілігі нонконформистік саяси ислам түріндегі ислам факторының радикалдануы орталықазиялық елдерде кенес дәүірі кезеңінде де орын алғанын атап өтеді. Мәселен, бұл тәжіктердің арасында болған өзара жаңжалдан көрініс берді. Қыска мерзім ішінде қалыптасып келе жатқан жаңа жағдайға бейімделе алмауынан халықтың бір бөлігі радикалданған исламдық топтардың құрамына кіруге мәжбүр болды. Сондықтан олардың әрекет етудің «сахнасы» ретінде: Орталық Азияның Ферғана өнірін,

¹ Шоберлейн Д. Укрепление стабильности в Центральной Азии // Содействие стабильности в Центральной Азии: Труды Междунар. конф. – Ташкент. 2000.

² Лунаев В. В. и др. Терроризм и организованная преступность в условиях глобализации... – С. 81.

³ Исакова Г. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая // PolitBook. – 2012. – № 3. – С. 145.

Ресейдің Солтүстік Кавказын, ҚХР-ның СҰАР-ын таңдал алғандығы бекер емес еді.

Ресей ғалымдары А. и А. Нуруллаевтардың көзқарасы бойынша, діни-саяси экстремизм мен терроризмді болдыратын негізгі факторларына әлеуметтік-саяси дағдарыс, жаппай жұмыссыздық, халықтың көп бөлігі әл-ауқаты деңгейінің күрт түсіп кетуі, қоғамдық даму мәселелерін шеше алмаған мемлекеттік биліктің әлсіреуі, оның институттары беделінің түсуі, бұрынғы құндылықтар жүйесінің ыдырауы, құқықтық нигилизм, діни көшбасшылардың саяси мәнменшілдігі және саясаткерлердің дінді билік пен оның беретін артықшылығын өз пайдасына асыру мақсаты жатады¹.

Қазақстанда терроризмнің генесизін зерттей келе, саясаттанушы М. Шибутов террористік белсенділіктің бірнеше себептерін атап кетеді: діни себептері (оның айтуынша, жалпы исламды насиҳаттау ваххабиттердің өркендеуіне әкелуде); әлеуметтік (білім беру жүйесінің әлсіздігі, билік органдарының жемқорлығы, дәстүрлі институттардың ықпалы); экономикалық (бағалардың шарықтауы кезінде халықтың әл-ауқатының нашарлауы, еңбекақының, ауыл шаруашылығы даму деңгейінің төмендігі), саяси (жергілікті жерлерде саяси белсенділіктің және халықтың өз пікірін білдіре алмауы; наразы халық салафиттердің ықпалына оңай түсіп қалады, өйткені олар әлеуметтік әділеттілікті орнатудың оңай әрі қарапайым жолдарын ұсынады)².

Орталық Азияның тәуелсіздікке жеткен мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік алауыздық, экономикалық дағдарыспен келіспейтіндер орын алған оқиғаларға орай тек рухани оппозицияда болып қана қоймады. Олардың келесі жасайтын қадамы іс жүзінде ресми билікке бағынбайтын, сырттан дем беріп, жасақталған фундаменталистік бағыттағы саяси ұйымдарды құру болып табылады. Мұның соны, А. Сухопаровтың пікірінше, «өзінің идеологиясы, құрылымдық жүйелері, бюджеті, бұқаралық аппарат құралдары, сонымен бірге, карулы күштері бар мемлекет ішіндегі

¹ Нуруллаев А., Нуруллаев А. Религиозно-политический экстремизм: понятие, сущность, пути преодоления // URL: <http://www.rlinfo.ru/projects/seminar-10let/nurull.html>

² Шибутов М., Абрамов В. Терроризм в Казахстане – 2011–2012 годы... – С. 33–35.

өзгеше бір мемлекет құрудың алғы шарттарының пайда болуына әкеледі¹.

Осыған мысал ретінде Өзбекстан Ислам қозғалысын келтіруге болады, ол (Тәжікстанның исламдық өрлеу партиясына қарағанда) өз қызметін бүкіл аймаққа таратқаны мәлім. Осы айтылған тұжырым исламдық радикалды топтардың ішіндегі күні бүгін миссионерлердің Қыргызстанның онтустігінде жүргендігі де дәлел бола алады.

Орталық Азия елдері бастарынан кешіріп отырған өтпелі кезеңнің қыындықтары сырттан экспортталған радикалды идеялардың негіздерін халық тез әрі оңай қабылданған алғандығын айта кету абзал. Перманентті түрде есіп отырған халықтың наразылық әлеуеті жаңашылдыққа (көпшілік оны ең жаман үлгідегі нәрсе ретінде қабылдайды) белсенді түрде қарсы тұру, әсіресе, бұл дәстүрлі қоғамдарда кеңінен орын алған.

Орталық Азиядағы радикалды ислам оппозициясының наразылық сипаты қайшылықтар шиеленісі әлеуетінен құралады. Осы аймақта посткенестік кезеңнен бері қалыптасқан қазіргі заманың терроризмі контимодерндік мазмұнда болып, мұсылманадардың қасиетті кітабы – Құрандағы цитаталарға сүйеніп, ақиқатқа мулде жаңаспайтын исламдық экстремизм формасы пайда болғандығын көрсетеді.

Сонымен қорытындылай келсек, бүгінгі таңда осы аймақта әлеуметтік-саяси, экономикалық пен этникалық шиеленістің ошактары орын алғып, мемлекеттік билікке деген сенім тапшылығы, жаңжалдың алдын алу мен оны болдырмау механизмдерінің жоқтығы салдарынан Орталық Азия елдерінің территориясында террористік көріністердің пайда болу мүмкіндіктерін туғызуын айта кету керек.

Орталық Азиядағы халықаралық терроризм көріністерін, біздің ойымызша, социомәдени және идеологиялық проблема ретінде қарастырған дұрыс. Бұл ғалымдар мен сарапшылардың осы аймақта халықаралық терроризмнен шығатын қауіп-қатерді жоюдың алғы шарттарының нақты теориялық негіздемелерін қарастыруға бағыттайтын болады.

¹ Цит. по: Требин М. Терроризм в XXI веке... – С. 112.

Қазақстандық саясаттанушылардың айтуынша, терроризмнің негізінде социомәдени деформациялану, адамгершілік құндылықтар мен моральдық нормалардың құнсыздануы сияқты мәселелер жатыр. Сондықтан Орталық Азия елдерінің ішінде терроризм қауіп-қатерінің өрістеуіне себепкер болатын әрі көп таралған себеп-салдардың ішінде бүтін бір факторлар кешені мен бір-бірімен байланыста болатын күрделі мотивтердің болуы шарт. Олар: әлеуметтік депрессия, тұрғындаға көмекке келіп, оны тез құтқаратын арналардың болмауы, халықтың жікке бөлінуі, келешекте ешқандай сенім болмағандықтан, өзінің орнын тауып, әлеуметтік табысқа жету мүмкіндігінің жоқтығы, әсірісе, жастар арасында көптеп кездеседі. Осындай барлық проблемалар қоғамда көп таралған жемқорлық деген құбылыспен ұштасып, кедергі жасап жатады. Қоғамның байлар мен кедейлер болып жікке бөлінуі шарықтау шегіне жеткенде әлеуметтік наразылықтар орын алып, олардың бір формасы терактілер ретінде іске асырылады, яғни соңғы жылдар мұндай оқиғалар Орталық Азия елдерінде, әсіресе, Қазақстанда болғаны белгілі¹.

Осы проблематиканы зерделеген ресей зерттеушілері де терроризмге сипаттама бере отырып, оның әлеуметтілігіне, саяси-ландырылғандығына, идеологиялық негізделінуіне, осы құбылыста адамның жүріс-тұрысына басқарушылық сипат алатын факторларына ерекше тоқталып, пікір айтады².

Орталық Азия елдерінде қалыптасқан идеологиялық факторларға тоқтала келе, қырғызстандықтар Н. М. Омаров, Шығыс пен Батыстың экономикасы қарқынды дамыған елдердің жетістікке әртүрлі жолдармен, жаңарудың күрделі де үзак үдерістерін бастан өткери арқылы жеткендігіне назар аударады. Мұнда «ұлттық идеологияның жетістіктерін» қалыптастыруда және іске асуруда оның тарихи алғышарттары басқарушы элитаның әртүрлі қоғамдық топтардың, әр қауымда жанаруға карсы тұрғандардың жолын кию үшін жұмыс жүргізді. Осының негізінде біз әлемдік тәжірибелің жетістіктерін көшіріп алуға болмайтындығына көз жеткіздік. Бұл тәжірибелің жемісін тек Орталық

¹ Карин Е. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному (14.07.2011) // URL: <http://www.kursiv.kz/freshkursiv/details/tendencii-weekly/terrorizm-v-kazaxstane-ot-virtualnogo-k-realnomu/>

² Петрищев В. Заметки о терроризме... – С. 11.

Азия мемлекеттерінің қазіргі кезеңдегі дамуының стратегиялық мақсаттары үшін, оның тек этномәдени ерекшелігіне сәйкестіріліп пайдаға асырылуы мүмкін¹.

Ұлттық идеология дегеніміз жүргізіліп отырған реформаларды сәтті іске асыруда халықтың потенциалын шығара алатын бір жойқын күш іспеттес, – деп атап өтеді осы зерттеуші. Бірақ ұлттайып отырыған әлеуметтік-экономикалық қындықтар, мемлекетте орын алған ағымдағы өзгерістерді қыншылық деген танып, халықтың тығырыққа тірелуі және болашаққа деген сенімінен ажырауы², мұның өзі, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Бұған жол бермеу үшін, сарапшының ойынша, мемлекет өз тарапынан қоғамда әділеттілік санасы қалыптасуын, құқықтық қоғам орнау принциптерін күшейту үшін қадағалап отыруды қолға алуы қажет. Егер мұны жасамаса, кезкелген индивид өзі жеке бастама көтеріп соған қатыспаса, ондахалық мемлекеттің жүгізіп отырған саяса-тының рационалды мән-мағынасына күмән келтіріп, әділетті мемлекет құру мүмкін емес деген сенім туындауы мүмкін.

Қазіргі Орталық Азияда жаңашылдық пен ескінің арасындағы қайшылықтарды айыра алатын шиеленіс сызығы, басқа дамыған елдер мен аймақтарда болғандай, мұнда да нағыз батыстық либерализм мен авторитарлы дәстүршілдіктің арсындағы «даудамайдын» орын алғандығын атап өту қажет. Н. Омаровтың пікірі бойынша, аймақтағы мемлекеттер тұрмыс-тіршілігінің әртүрлі қырларына әсер етпей қоймауы, оның ішінде күннен күнге өршіп бара жатқан халықаралық терроризм проблемаларын қозғамауы мүмкін емес³.

XXI ғасырдың бас кезінде болған осы жаһандық саяси феноменниң дамуына исламдық қозқарас пен қазіргі заман арасындағы қарама-қайшылықтың есуі маңызды ролге ие болып келеді. Осы қарама-қайшылықтардың түбірі қазіргі заманғы саяси-құқықтық нормалардың мың жарым жылға жуық өзгермеген ислам ережелеріне сай келмейтіндігінде. Бұғінде радикалды ислам-

¹ Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

² Сонда.

³ Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

шылдықтың тамырымен өсіп-өркендеген экстремизм, адамзат үшін, шындығында, жаһандық проблемаға айналуы мүмкін.

Орталық Азия ежелден бері Батыс пен Шығыстың басын қосатын көпір іспеттес, сондықтан әлемнің көптеген елдері онда қалыпты жағдай мен қауіпсіздікті сақтап қалуға мүдделі болып отыр. Осыған орай, аймақ елдерінің әлемнің жетекші державалары және халықаралық ұйымдарымен қоپжакты ынтымақтасу моделіне бел байлағаны, олардың тұрақты дамудың және әлемдік қауымдастыққа жеделдете кірудің бір негізі бола алады. Мінеки, дәл осындай тәсіл кезкелген мемлекеттің және аймақтың мұқтажы мен қажеттілігіне сай келеді. Орталық Азия елдері міндетті түрде әл-ауқаттың жоғары деңгейіне жетуге талпынғандаған терроризм мен экстремизмнің қофамда орын алу мүкіндіктерін азайтудың алғы шарттары қамтамасыз етіледі. Оның өз деңгейінде орындалуына ылғы мүделлілік танытуға ұмтылуы кажет. Осыған байланысты Орталық Азия елдері үшін өздерінің шетелдік әріп-тестерімен қарым-қатынас орнатудың басымдылығы мынадай жаңа формулаға сай болу керек: «ішкі тұрақтылық пен тұрақты экономикалық дамудың, көсалалы ынтымақтасудың негізінде құрылған мемлекеттің қауіпсіздігі, сондағы өзінің шекарасынан тыс жатқан одактасының да ұлттық қауіпсіздігін қорғайтын бола алады¹». Бұл формула мемлекетаралық қарым-қатынастың негізгі принципі іспеттес. Ол – өз кезегінде аймақтық мемлекеттердің халықаралық қауымдастықпен қатынасын анықтап, өздеріне және осы аймақтың тұтас қауіпсіздігіне төнетін сын-қатерлердің жолын кесуге бағытталуы тиіс.

Терроризм мен экстремизмнің жолын кесудің аймақтық ерекшеліктері

Терроризм мен экстремизмнің жолын кесуде азаматтық қофам институтарының – мемлекеттік орталық инстанциялары (зан шығарушы, орындаушы және сот билігі) мен қауымдық деңгейге дейінгі аралықта – маңызы ете жоғары. Партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық акпарат құралдары, тәуелсіз зерттеу

¹ Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

мекемелері арқылы демократиялық, диалогтық, білім беру жолдарымен тек қана қоғамның ішкі құрылымдарына әсер етіп қоймай, сыртқы әлемге, оның ішінде халықаралық қауымдастыққа ықпал етуге болады. Соның нәтижесінде, бұл «артқа тартатын» дәстүрлі қоғамның базистік негіздерін жоя алатын, аймақ халықтарының рухани құндылықтарына негізделген реформалардың үлттық идеологиясын жасап шығарудың мүмкіндігін жеңілдетеді¹.

Соңғы онжылдықта осы мәселе бойынша ресми деңгейде және жеке пікір ретінде әр алуан ойлар айтылды. Соның бірігей ретінде Н. Омаровтың пікірінше, «батыстың либералық демократиясын жаңараптың үлгісі етіп таңдап алған аймақтың мемлекеттері шынтуайтқа келгенде, „өзіндік бет-бейнесін“ жасай алмағанын мойындау керек. Осындай жағдайда азаматтық қоғам орнатудың принциптеріне ашық түрде қайшы келетін, бейресми деңгейде ел арасында көптеп тараптандырылады. Оның ала бастады. <...> Мұнда „жаңа қоғамда“ өз орнын таба алмаған, әлеуметтік бишаралыққа тап болғандарды - исламдық радикалды ағымдардың жолын қуушылардың орталықтарын толықтыруғатартуы ерекше мазалайтын мәселе болды»².

Аймақтағы радикалды исламшылардың әрекеттері осы соңғы онжылдықтың ішінде зайырлы саяси элиталарды биліктен тайдырып, мұндағы көпшілік мұсылмандарға қолайсыз, исламның нағыз радикалды бағытын ендіруді мақсат еткендігіне көз жеткізе айтуға болады. Сонымен бірге, қырғызстандық сарапшының пікірінше, Орталық Азия елдерінің зайырлы режимдері «исламның орасан зор рухани мүмкіндіктерін, оның бітімгершілік пен жасампаздық сипаттағы қасиеттерін ашатын, зайырлы билікпен арадағы ынтымақтасудағы гуманистік әлеуетін толығымен пайдалана алмай келеді»³.

Сонымен қатар, қазіргі заманда дін мен саясат тек бір бірімен байланыста ғана емес, олардың өзара ықпал ететіндігін ескеру керек. Бірақ олардың қарым-қатынасы әрқашанда бір-бірімен үйлесімді емес. Қоғамдық пікірге үстемдік жүргізуде олар бір-

¹ Соңда.

² Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

³ Соңда.

бірімен бәсекеге түседі. Бұл діннің саясиландырылуына әкеліп, кезкелген бір мемелекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-катер тудырады.

Аймақтағы елдердің ұлттық идеологиясын тұзу процестерінде дәстүрлі діндердің (мұнда исламның) жағымды социомәдени әлуетін қалайша өте тімді пайдалануға болар екен деген актуалды сауалдар туындейді. Кезкелген ұлт, өзін тұрақтылыққа жеткізетін рухани-адамгершілік қағидалары болмаса, онда ондай ел тығырыққа тіреліп, түбі бір женіліске ұшырайтындығы еш күмән келтірмейді.

Сондықтан кезкелген зайырлы мемлекеттің басты мідептерінің бірі өз халқының рухани-имандылық хал-ахуалының қамкоршысы болу екендігі анық. Исламның жағымды (басқа да дәстүрлі діндердің де) бастамаларына көніл бұру арқылы халықтың діни сауатын ашып, осы бағытта халықтың ой-шабытын мемлекеттің ресми идеологиясымен ұштастыру мәслелерін шешуге болары хак. Бұл исламды радикалды бағыт ретінде ұстанушылардың теріс әрі жат әрекеттерінен туындаған әртүрлі көптеген жала жабудан ақтап, оны құтқарып алар еді.

Егер Орталық Азияны әлемдік геосаясаттың субъектісі ретінде қарастыратын болсақ, онда: болашақта орталық азиялық аймақтың тұрақтылығы сақталған, қауіпсіздігі қамтылған, қалыпты дамуы бар аймақ болуына саяси, экономикалық және басқа да кепілдіктер жеткілікті ме? – деген сауал туындейді.

Осы аймақ бірнеше онжылдықтар бойы орасан зор соғыс операциялары орын алған Ауғанстанмен көршілес болды. Сондықтан көптеген мәселелер, осы елдегі ішкі әрі сыркы жағдайың қалыптасуына, оның ішінде, сондағы ахуалдың орталық азиялық аймаққа ықпал етуіне де байланысты болады.

Белгілі саясаттанушы А.Князев Орталық Азияға төнетін қауіп-катердің типологиясын ұсына отырып, оның аса маңызды факторы ретінде Орталық Азия елдері үкіметтеріне оппозицияда болған исламшыл топтар, оның ішінде заңсыз әскери құрылымдардың Ауғанстанның қандайда бір әскери-саяси күштері арасында бір бірімен болған өзара әрекеттесуін атап көрсетеді¹.

¹ Князев А. Афганский кризис и безопасность Центральной Азии... – С. 6.

Сонымен қатар бүгінгі таңда Орталық Азия халықаралық саяси аренада көптеген елдер үшін жаһандық саясаттың әртүрлі көріністерінде, оның объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де ерекше қызығушылық тудыруды. XX ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде осы аймақ әлемдік державалар мұдделерінің тоғысқан жері болғаны анық. Соңдықтан олар Орталық Азиядағы өз белсенділігін арттыруға тырысқан-ды. Дүние жузі көшбасшы елдерінің, транс-ұлттық корпорациялардың, әртүрлі қаржы-экономикалық институттардың ерекше мұдделілік танытуының бір себебі, олардың осы аймақтың «геосаяси орналасқан жағдайы, оның коммуникациялық мүмкіндіктері, табиғи ресурсы қорының көп-тігіне орай қызығушылығы артып отыр»¹.

Егер қауіпсіздікті сактау тұрғысынан алып карасақ, «Үлкен ойын» деп аталағын ұлы державалардың осы аймакқа ықпал ету үшін бәсекелесудің кескілескен тайталасын қайта жаңғыртуы – бұл Орталық Азиядағы орын алатын оқиғалар желісі дамуының ең бір қолайсыз жолы болып табылады. Осы турасында, Ресейдің халықаралық істер жөніндегі кеңесінің президенті И. Иванов, «бұл жолда аймақты жаңа жаңжалдар күтіп тұр, олардың даму проблемасының шиеленісуі, созылмалы тұрақсыздық. <...> әлемде XXI ғасырда Орталық Азияға мұндай көзқарас қалыптасуының ешкандай келешегі жоқ екендігін барлығы түсінеді. <...> біз Орталық Азияны саяси тұрақты және экономикалық жағынан табысты, діни фундаментализм мен саяси экстремизмге қарсы тұра алатын, территориялық талас пен этноконфессионалдық жаңжалдардан тыс жатқандығын бәріміздің көргіміз келеді»², – деп мәлімдеді. Сонымен қатар, осы тұлғаның қауіпсіздіктің аймақтық жүйесінің баламалы жолдарын іске асырудың нақты қадамдарын жасауды айтпағанның өзінде, оның әлі толық қалыптастырылмауы орын алудадеген пікіріментолық келісуге болады.

Орталық Азияның геосаяси орналасуының дұрыс жағы да, бұрыс жағы да бар екендігі мәлім. Бір жағынан алғанда, орталық азиялық мемлекеттерінің ғаламдық сауда жолдарының бойында орын тебуі экономикалық тұрғыдан өте қолайлыш болса, басқа бір

¹ Исакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 153.

² Иванов И. С. Вступительное слово на конференции «Вызовы безопасности в Центральной Азии»... – С. 20.

жағынан алып қарағанда, осы елдердің территориясы аймактағы ахуалдың өрбүіне көп ықпал ететін мықты елдер – Ресей мен Қытайдың арасында орналасуы және де проблемалары бар Ауғанстан, Иран мен Пәкістан секілді ислам елдерімен көршілес болуында жатыр. Орталықазиялық елдердің тәуелсіздік алудына орай, бұрынырақта байқала бермейтін геостратегиялық проблема – Орталық Азияның географиялық тұйықтығы енді анық ашыла бастады. Бұл аймақ әлемдік саяси және экономикалық ағыстардан тысқары жатыр әрі халықаралық теңіз суларына шығуна да жолы жок.

Өзінің геосаяси орналасу жағдайын ескере отырып, Г. К. Ыскакова, Орталық Азия елдері, бір жағынан, бір бірімен ғана емес, мықты көршілерімен (ең алдымен, Ресей және Қытаймен) ынтымақтасуды көздесе, екінші жағынан, әлемдік нарықка шығудың жаңа жолдарын қарастырып бағуда. Осы аймакта сауда-экономикалық ынтымақтасуды, оның ішінде Әзіrbайжан, Ауғанстан және басқа елдермен қарым-қатынастарды дамытуды мақсат еткен Түркіменстан – Иран, Қазақстан – Қытай теміржол және транспорттық жолдары арқылы кеңейтуге бағытталған жұмыстың алғышарттары жасалуда¹, – деген ой-пікірін айтады. Бірқатар елдерде Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту бойынша жобалар ұсынылуда.

Сонымен қатар, аймақтың геосаясы ерекшеліктері мен оның басымдылығы шикізат көздері мен қазба байлықтарының көптігі, әлемдік державалардың ерекше қызығушылығын танытуда. Бұгінгі күні Орталық Азияда өнідірілетін мұнай мен табиғи газдың тұтынушылары ЕуроОдақ пен КХР-сы болғанын ескерсек, яғни өндірісті көбейту, жаңа кен орындары бойынша барлау жұмыстары мен оларды ашу, мұнай мен газдың жаңа құрбырларын жүргізу бойынша шаралардың жоспары осы елдердің нарығына қарай бағытталғандығын атап өту керек. Оған қоса, егер араб елдеріндегі тұраксыздық әрі қарай жалғасатын болса, онда Орталық Азияның қалыпты энергетикалық секторына халықаралық инвесторлардың қызығушылығы арта түсетіні анық². Бұл тек аймактағы елдердің

¹Искакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 138.

²Искакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 139–140.

тарапынан мұндағы терроризм мен экстремизмің таралуына, террористік актілердің алдын алуына және оған тоқсауыл қойылған жағдайда ғана іске асырудың негізгі шарты болып саналады.

Халықаралық терроризмің тағы бір негізгі факторларының бірі болып, Ауғанстаннан келетін наркотрафик болып отыр. Соңғы кездерібарлық посткеңестік республикаларда ауғанда өндірілген есірткі заттарды пайдаланудың көлемі артқандығы байқалады. Осыған байланысты ресми тіркелген Біріккен тәжік оппозициясы және Исламның Қайта өрлеу партиясымен, және де қөптеген елдерде тыйым салынған «Талибан», «Аль-Каїда», «Хизб ут-Тахрир» және Шығыс Түркістан Ислам қозғалысымен де тығыз байланыс орнатқан Өзбекстан Ислам қозғалысы әрекеттерінің айтарлықтай жандана тусуіне ерекше тоқтала кетуге болады. Есірткі заттарды заңсыз тасымалдау, содырлардың шекара аймағынан өтуі, террористік және экстремистік қозғалыстар мен ұйымдары белсенділігінің артуы, Ауғанстанның солтүстік аудандарындағы тұрақсыздық – мінеки, мұның барлығы белгілі бір жағдайларда тек орталық азияның мемлекеттеріне ғана емес, Ресей мен Қытайға да айтарлықтай қауіп тудыруы ықтимал.

Егер батыстың сарапшылары терроризмді мұсылман елдерінде ислам халифатын қайтадан қалпына келтіруге кедергі болған, зайырлы және қалыпты исламдық сипатта болған, өркенитеттілік жолындағы үкіметтерін биліктен тайдыруды көздең, тек қана радикалды, фундаменталды, исламның жауынгер тармағымен байланыстырса, ал, ресей ғалымдары экстремизм мен терроризмге құбылыс ретінде бағалап, кең ауқымды түрде қарастырып, оның экономикалық, әлеуметтік-саяси және этно-діни түп-тамырларын, және де, ашық немесе жасырын түрде өз мақсаттарына жетуде экстремизм мен терроризмді пайдаланатын саяси күштердің артында кімдер тұрғанын анықтап білуді мақсат етіп қойғаны анықталды¹.

Жаһандану заманында терроризм ұлттық құрылымдар шенберінен асып түсіп, тіптен олардың ұмтылышына ден қойып, кейбір жағдайларда соларға серіктес болатын АҚШ секілді елдердің өзіне де, өз талаптарын мәжбүрлейтін трансұлттық күштердің тұрғандығы анық. Мұнда батыс елдерінің ресми билігі

¹Асамудинов Б. А. Терроризм и его влияние на безопасность Центральной Азии...

мұндағы әрекеттерге тосқауыл қоймай, керісінше, оларға қолдау қөсетіп отырады.

Қырғызстан зерттеушісі Б. Асамудиновтың пікірінше, ХХ ғасырда орын алған әлемдік саясаттың басты субъектілері ауысып кетті: КСРО бас болған коммунистік интернационалдың орнына АҚШ жетешілік етенін «капиталистік интернационал» орнап, ал, американың арнайы қызметі үйымдастырыған «Аль-Каїда» «исламшыл интернационалдың» жетекшілік орталығына айналды. Осы қалыптасқан жағдайдың ерекше бір өзгешелілігі 2001 жылдың кыркүйегінен кейін-ақ «исламшыл интернационалымен» ымырасыз қас-дүшпан болып алған АҚШ пен оны қолдайтын елдер, олардың (террористердің) қол жеткен жеңістерін, оның ішінде өздеріне қарсы келген саяси режимін құптамайтын елдердің басшыларын ауыстыру мақсатында, белгілі бір жағдайда, тікелей өз мүддесі үшін мұны пайдаға асырып алуға дайын тұратын белгігі болып жатады¹. Осыған байланысты бүгінгі таңда жекеленген елдер мен мемлекеттер коалициялардың саясатын зерделеу аздық етеді. Сондықтан трансұлттық компаниялар қаржыландыратын, қызметі террористік сипатта деп табылған кейбір үкіметтік емес үйымдардың жасырын үйғарылғандарын аши қөрсету керек. «Халықаралық терроризм» деген түсініктің астарында жатқан қауіп-қатерлердің мәнін ашип, оны кімдердің басқарып, оған бағыт-бағдар беріп отырғандығы туралы накты мәлімет болуы қажет. Ал, олай іstemеген жағдайда, терроризммен күрес, оны жоюдың барлық шаралары тиімді әрі нақты болмайды.

Халықаралық аренадағы мықты геосаяси ойыншылардың терроризммен күрес дегенді сұлтау ете отырып, баяғысынша, көпшілік жағдайда өздерінің жеке геосаяси мүдделерін ойластыруы да террористік қауіп-катердің түп-тамырын жоюда ешкандай себепкөр бола алмайды. Мұны АҚШ-тың әскери құштері ядролық қауіптің алдын аламыз деген сұлтаумен Иракқа баса көктеп кіруін, антитеррористік каолицияның Ауғанстандағы іс-әрекеттерін накты мысал ретінде келтірейік.

Сонымен бірге, кейбір сарапшылардың айтудынша, Орталық Азияда халықаралық терроризмнен туындайтын сын-қатердің өршуін, негізінен жаһандану мен жаһандануға қарсы (антигло-

¹Сонда.

бализмнің) текетірестің әлемдік үрдістерінің көрініс беруі және АҚШ-тың осы аймақта жүргізіп отырған саясатына қарсы жауап ретінде жасалған әрекеттер деп қарастырған абзал¹.

Халықаралық терроризмнің қауіп-қатерін орталықазиялық аймағында өсіп-өркендеуінің негізгі геосаяси факторлары ретінде жергілікті экстремистік ұйымдардың «Аль-Каида», «Братя мусульмане», «Хамас», сияқты террористік ұйымдармен байланыста болуын, олардың қаржылық көмек көрсетуін, содырларды құпия қызметке тартуын әрі оларды дайындау шараларын айтуға болады.

Терроризмнің таралу факторларының бірі ретінде халықаралық террористерді дайындайтын базалары орналасқан Ауғанстан мен Пәкістанда тұрақтылықтың болмауы, Орталық Азия мен оған іргелес елдерде есірткі бизнесінің дамуы, мемлекетаралық қарым-қатынас жүйесінде этноаумақтық алауыздықтың орын алуын атап өту қажетті жайттар. Осы мәселелер бойынша шешім қабылдауды кейінге қалдыру немесе осындай проблемалардың бар екенідігін мойындау болашакта Батыс пен АҚШ-тың Орталық Азияда өздерінің жеке геосаяси мұдделерін шешудегі әдістәсілдерінің бірі болары әбден мүмкін.

Террористіккә басқа да экстремистік ұйымдардың орталық азия аймағында, оған кіретін барлық елдердің территориясы енүі, оның трансұлттық сипат алуын көрсетеді. Мұндағы негізгі мақсаты өкіметті басып алу және онда шариат формасы негізінде билік орнатып, бірынғай ислам халифатына біріктіру үшін аймақтағы жалпы жағдайды тұрақсыздандыруды көздеңген кейір халықаралық террористік ұйымдардың аса белсенділік танытуы байқалады.

Осы мақсатка сәйкес, үлкен геосаясат тұрғысынан тағы да біршама талдау жасауға болады. Біріншіден, АҚШ пен олардың НАТО бойынша одактастары өздеріне «қажет» деп танылған террористерге қамқорлық жасап, оларды қолдайтын болады. Содан соң олардың әрекетінің нәтижесін Орталық Азиядағы өзінің геосаяси үстемдігін жүргізуге, осы аймақта әскери және басқа күштердің ықпалымен ҚХР мен Ресей мұдделерін іске асыруына тосқауыл қоюға ұмтылады.

Екіншіден, ірі террористік топтардың өз операциялары көлемі, онда қолданған күштердің сапасы да, саны жағынан да өсуі,

¹Асамудинов Б. А. Терроризм и его влияние на безопасность Центральной Азии...

кеңістік пен мерзімдік параметрлерінің ұлғаю үрдістері орын алуша. Мұнда сыртқы құштерді қолдауы әсерінен, оларды пайдалану арқылы зорлық-зомбылық акцияларының тез үдеуі мүмкіндігі ерекше қауіпке ие. Осыған байланысты терроризммен күрес жүргізуде бейімі бар әрі әдіс-тәсілдерді менгерген мемлекеттік те, трансұлттық та, тұракты әскери құштерді көлемді антитеррористік операцияларды іске асыруда пайдалану қажет.

Осының балығын ескере отырып, мәселен ШЫҰ(ШОС) секілді халықаралық ұйымдар халықаралық терроризмнің қауіп-қатеріне құқық қорғау құштерімен де, алдын ала дайындалған әскери құштермен де қарсы тұруға қабілеттілік таныта білулері керек. Бұл тек саяси емес, сонымен қатар, әскери-ұйымдастырушылық, құқықтық мәселелерін, яғни оларды шешу үшін біраз уақыт әрі біршама құш салуды талап етеді¹.

Сонымен қатар, Н. М. Омаровтың, «аймақтың жағдайы – Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті түйістіретін өркениеттер көпірі – іспеттес, сондықтан ол қауіпсіздіктің еуропа-азиялық жүйесінде тепе-тендікті сактап отырудың алғы шарты болып отыр. Бұл осындағы барлық «ықпал етуші құштердің» серікtestіk қарым-қатынастың жоғары деңгейін, бір бірімен арасында мақсат-мұddeлердің қарама-қайшылығына жол бермеуді сактап қалуды мензейді², – деген пікірімен келісуге болады.

Сонымен, корытындылай келе, аталған факторлар Орталық Азиядағы халықаралық терроризм көріністері үдерісіне ықпал етуде толық жауап бере алмайды. Бірақ сарапшылар қауымы, негізінен бірінші кезекте мұндағы ішкі себеп-салдарлардан тұрады дегенді айтады. Ал, сыртқы факторлардың ықпал етуі, көпшілік жағдайда соларды толықтыра түсетін сипат алып отыратындығына тоқталады.

¹ Асамудинов Б. А. Терроризм и его влияние на безопасность Центральной Азии...

² Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

6 Тарay. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ТЕРРОРИСТИК КАУШ-ҚАТЕРДІҢ ТАРАЛУЫНЫң СЕБЕП- САЛДАРЫ

Діни экстремизмінің тарлұының алғы шарттары

КСРО-да орын алған атеисттік саясаттың негізінде бірқатар орталық азиялық елдерде (бұрынғы одактас республикаларда) радикалды ислам мен әртүрлі шектеп шыққан діни сектаталар мен ағымдардың пайда болуына қолайлы жағдайлар туындағы. 1990 жылдардың басында қабылданған дін бостандығы туралы заң діни ұйымдардың еркін әрекет етуіне көптеген мүмкіндіктерді ашып берді.

Посткеңестік кеңістіктегі исламның таралуына мешіттер мен медреселердің тез әрі көптеп ашылуына, Мекке мен Мединаға қажылыққа барғандар санының күрт есуі, ислам әдебиетінің таратылуы, шетелдік миссионерлердің мұсылман уммасына деген ықпалының артуы да себепкер болды¹.

Г. К. Ысқақованың айтудынша, исламның радикалдануы мәселесінде мешіт тұрғызып, діни оқу орындарын ашып, діни әдебиеттерді таратуда қайырымдылық танытқан кейбір араб елдерінің өкілдері маңызды ролге ие болды. Түптеп келгенде осындағы ахуал жергілікті дін басылары мен қарапайым дінге сенушілерді сол шетел «инвесторларына» тәуелді етіп қойғандығын атап айтуда керек. Осылайша, Өзбекстанда исламды насиҳаттаудың осындағы қолайлы тәсілдері республиканың ішіне «Акромийлар», ваххабиттер, «Ислом лашкарлари» («Ислам әскерлері»), «Адолат уюшмасы» («Әділет қауымы») мен «Хизбут-Тахрир аль-Ислами» (Исламды құтқару партиясы) сияқты діни қауымдастықтардың, өте ықпалды партияның, исламшыл топтардың елге кіруінің алғы-шарттарын жасап берді².

Сонымен қатар, Тәжікстанда исламизмнің саяси аренада шығуы аймақтың деңгейінде жетекші ролді иеленуге жете алмады.

¹ Сухов А. В. Кыргызстан: Роль «Хизб ут-Тахрир» в радикализации ислама // Центральная Азия и Кавказ. – 2006. – № 6 (48).

² Исқакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 148.

Территориялық аумағы Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстанның арасында өзара бөлініске түсken Ферғана өңіrі халкының салыстырмалы түрде басқаларға қарағанда аса жоғары діншілдігімен ерекшеленетіндігі бұрыннан белгілі. Кеңес одағы заманынан онда зансыз әрекет ететін оку орталықтары болған, сондағы Тәжікстанның Исламдық өрлеу партиясы басшыларының бір бөлігі теологиялық білім алған¹.

ХХ-шы ғасырдың 90-жылдары басында орталықазиялық аймақта биліктің бақылауында болмаған фундаменталдық сипаттағы діни-саяси ұйымдар құрыла бастады. Олардың басты мақсаты – орталықазиялық елдердің территориясында діни және саяси негіздері ортақ болған, өзіндік идеологиясышариат құқықтарына сай негізделген, басқару жүйесі мен бюджеті бар бірынғай ислам мемлекетін (халифатын) құру болды.

Мәселен, Өзбекстанның Ислам қозғалысы 1996 жылы дүниеге келіп, оның мақсаты Орталық Азияның территориясында ислам мемлекетін құру болды. ӨИК басшылығы «Аль-Каида», «Талибан», «Хизб ут-Тахрір», «Братья-мусульмане» және басқалары сиякты халықаралық және аймақтық ислам ұйымдары және қозғалыстарымен тығыз қарым-катаинас орнатқаны белгілі². Осы қозғалыс содырларының мойнында жаппай адам өліміне әкеліп соқтырған терактілер бар екені мәлім³.

Сонымен, қорыта келе, Орталық Азия елдерінде конституциялық құрылышты өзгертуге бағыт алған исламшыл саяси топтардың құрылуы осы аймақта халықаралық терроризмінің пайда болуына негіз болаалды. Өз мақсаттарына жету үшін радикалдық исламшыл сипаттағы партиялар, ұйымдар мен қозғалыстар өзінің іс-әрекеттерінде құқыққа карсы әдіс-тәсілдерді жиі пайдаланды⁴.

Мынаны айта кету керек, орталықазиялық мемлекеттерде радикалдық идеялардың таралуын тоқтатуда жас тәуелсіз елдерде билік органдарының кәсіби деңгейі жоқтығы, дін бостандығы мен елдің ұлттық қауіпсіздігі жөніндегі конституциялық нормаларды

¹ Сонда.

² См.: Исламское движение Узбекистана // URL: file:///C:/Users/KUZ%27MI~1/AppData/Local/Temp/dosje_155.html

³ См.: Убитому лидеру узбекских исламистов нашли замену (17 августа 2010) // URL: http://meta.kz/184181-ubitomu-lideru-uzbekskikh-islamistov-nashli-zamenu.html

⁴ Сухов А. В. Кыргызстан: Роль «Хизб ут-Тахрір» в радикализации ислама...

шешімді түрде әрі оларды құқықтық негізде қамтамасыз етудегі проблемалар түйініне дұрыс дең қоя алмағандығы, оны одан сайын күрделендіріп жібергендігі хақ.

Мәселен, Қыргызстан мен Өзбекстанда билік өкілдері бейбіт өмір сүріп, занды қолдайтын мұсылмандарға қарсы негізсіз қудалау әрекеттеріне жол берді.

Өзбекстанда посткенестік кезеңде радикалды бағыттардың өркендеуіне исламшыл топ өкілдерін құғын-сүргінге ұшыратулар мен оларға қарсы сот процестері негізінде ұзақ жылдарға қамап, бас бостандығынан айырулар себепкер болды. Мұның соны исламшыл белсенділердің көп бөлігі көршілес мемлекеттерге – Қыргызстанға, Тәжікстанға, Ауғанстанға қарай бас сауғалап қашуына себепкер болған еді.

Сонымен қатар, осы діни фактор яғнитаралтардың әртүрлі конфессионалды мәдениеттерден тұруы, олардың арасында орын алуыбықтимал этникалық текетірестің соны – келешекте жаңжалдардың созылмалы әріоның ауқымы айтарлықтай кең болуының басты себеп-салдарын құруы мүмкін. Мұнда діни фундаментализм идеяларын Орталық Азиядағы этнократтық сипаттағы экстремистік топтардың жақтастары пайдаланып кету әрекеттері орын алғаны белгілі.

Қазақстан зерттеушісі Н. М. Садықовтың айтуынша, Қазақстанда мұсылман діни бірлестіктері мен мешіттердің өсуі кезеңінде «халықтың ислам негіздері туралы білімінің таяздығы, оның үстіне, түрлі ағымдар мен бағыттардың, оның ішінде фундаменталистік сипаттағылардың адам еркіндігін шектейтін, шариаттың нағымдық және құқықтың нормаларын қатаң сақтауға үндейтіндері исламның кезкелген бағытын қолдаушылары арасында ішкі этникалық ахуалды арандатып жіберуге жол беруі ықтимал болды»¹.

Осы пікірді Г. К. Ысқақова да колдап, Орталық Азия мемлекеттері үшін ислам факторының қауіпіззаматтық қоғамға тән институттардың (тәуелсіз саяси партиялары бар, занды оппозицияның қызметі және т.б.) пісіп жетілмегендігі діни оппози-

¹ Садыков Н. М. Этнос и религия как идентификационные факторы // Саясат. – 1998. – № 5.

циялық қозғалыстардың құрылудына қолайлы жағдайлар туғызады деп жазды¹.

Саясаттанушы К. Маликовтың айтуынша, орталықазиялық аймақтың республикаларында халықтың дінге деген құлшынысы бұрын соңды болмаған деңгейге көтеріліп, қоғам өмірінде діннің ролі күшеюі, өсіп-әркендеуі орын алуда². Осының әсерінен экстремистер, халықтың діни сана-сезіміне, дін бостандығына, көптеген мемлекеттік институттардың діни ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтаса алмауын, олардың осындай дәрменсіздігін пайдалана отырып, кезкелген тәсілдермен, оның ішінде күш қолдану әдісі арқылы конституциялық құрылышты өзгертуге талпынады. Мысал ретінде соңғы жылдары шиеленіс әлеуеті артып отырғандығы ерекше байқалған Өзбекстан мен Қыргызстанды айтуға болады.

Орталық Азия мемлекеттері діни экстремизмге карсы тұруда айтартықтай шараларды қолданса да, бұл құбылыстың ерекше күшейіп келе жатқандығы байқалады. Адамзаттың тарихи жүріп өткен жолына қарайтын болсақ, кезкелген әлемдік дін – ұлттық-саясиқозғалыстардың және де терроризм мен экстремизмнің идеологиялық сыртқы қабығы іспеттес болады³.

Терроризм мен экстремизмнің Орталық Азияда таралуының объективті факторларына қазақстандық саясаттанушы Д. Сәтпаев, халықтың көп белгінің кедейшілігі, рухани және идеологиялық дағдарысы, саяси биліктің бір қолда жинақталуы, оппозицияны қуғындауы, елдің барлық территориясын бакылауда ұстап тұра алмауымен кейбір елдердегі аймақтық сепаратизм, Орталық Азия елдерінің әлемдік «отты нұктелерімен» (Ауғанстан, Синьцзян-Үйғыр автономиялық районы және т.б.) көршилес болуы, және деаймақтың өз ішіндегі мемлекетаралық қарама-қайшылықтары, жекеленген мемлекеттердің жергілікті билік органдарын әлсірету арқылы өзінің идеологиялық бақылауын орнату үшін ішкі саяси

¹ Искакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 149.

² Маликов К. Ислам и демократия: поиск объединяющих факторов (18.04.2011) // URL: <http://www.analitika.org/Kyrgyzstan/kg-isl> http://wam/16-20110418034924781.html

³ Искакова Г. К. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая... – С. 149.

ахуалды тұрақсыздандыруға мүдделі болуы жатады¹ деген пікір айтады. Д. Сәтпаевтың бұл пікірімен толық келісуге болар, өйткені, осы айтылған факторлардың негізінде, ол Орталық Азиядағы терроризмнің (саяси, діни және криминалды) қауіп-қатеріне реше мән беріп кетеді.

Осы саясаттанушы тағы мына мәселеге көніл бұрады. Тәжікстанда саяси терроризм жергілікті элиталар арасында тайпа аралық құрестің нәтижесінде бола келе, бара-бара алғаш рет өзінің жоғары шарықтау деңгейіне жеткендігін айтады. Сонымен қатар, айта кету керек, бірінші кезекте мұндағы азаматтық соғыс діни ренкте болғаны рас, ал, оппозиция мен үкімет арасында кол жеткізген бітімнен кейін елдегі сакталып қалған радикалды топтар «Талибан» қозғалысының қолдауымен белсенді түрде террористік әрекеттерге жол бере бастады.

Қазіргі кезеңде басым бөлігі ислам дінін ұстанатын әлемнің көптеген елдері, қурделі әрі қыын-қыстау жағдайда қалып отыр. Оның мазмұны, Н. М. Омаровтың айтуынша, мұсылман қауымының әлемді танудың дәстүрлі санасы мен жаһандануға бой алдырған, дәстүршілдікке қарсы ой-әрекетімен ерекшеленетін қазіргі қоғам арасында орын алған үйлесімді түрдегі (*bir bіrine келгенде еш жаңжасызың қарайтын*) ықпалдасуымен анықталады².

Посткенестік орталық азиялық мемлекеттер бүгінгі таңда әртүрлі бағыттағы идеялардың текетіресін көрсететін аренада айналды. Көпшілік жағдайда мұның көпшілігі мемлекеттік қайта құру үдерісінің толық қалыптасып бітпегендігін білдіреді. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің шиеленіскең, бәсекесі қым-қуыт саяси қуресте қалыптасып, «соңғы жылдары Орталық Азияда зайырлы азаматтық қоғам орнатуда, оның демократиялық институттарын құру кезіндегі онымен ықпалдасып, өзінің мән-мағынасын осы күнге дейін жоғалтпай, сакталып келе жатқан дәстүрлі қоғам факторы бүгінгі таңда айтарлықтай сын-қатердің бірі болып келеді»³.

Қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан аймақтағы жағдай 90-шы жылдардың бас кезінде саясаттың исламизациялануы

¹ Сатпаев Д. Терроризм в Центральной Азии: реальность и перспективы...

² Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности...

³ Сонда.

экстремистік сипат алуы мүмкін деген болжамның дұрыстығын дәлелдей түседі. «Оқиғаның осылайша өрбіі деструктивті факторлардың іске қосылуын көрсетеді: мұсылман мемелекеттердің өздеріне – тоталитарлық, репрессивті режімді орнатуы; олардың көршілері үшін – экспансиялау мүмкіндігінің тұрақты қауіпі; барлық әлемдік қауымдастық үшін – шиеленістің күшеюі және алдын ала білмейтін зардаптарға әкеліп соқтыруы мүкін»¹. Бұл қорытынды, біздің ойымызша, Ауғанстандағы қалыптасқан ахуалды толық сittattap береді.

Орталық Азияның өтпелі дәуірді басынан кешіп отырған қоғамдарға әртүрлі мәндегі ұмтылыстар текетіресінде тағы бір мынадай фактордың әсері ерекше. Ол – исламның өтемдеуіш (комперсаторлық) қызметі: «Дін адамның күнделікті түрмисында қолы жете алмайтын, қажетін өтей бермейтін дүниелердің орын толтыра алуы...»².

Мұндай бағамдаудың нәтижесі, бізді оңтайлы шешімді таба алмаған С.Хантингтонтың «өркениеттер қактығысы» теориясына апарып тоғытады³. Алайда осы жерде, біздің ойымызша, Н. Омаровтың пікірімен келісуге болар, «оқиғалар американдық саясаттанушының айтқандарымен емес, мұлде басқа сценарий бойынша өрбіп жатыр. Тек қана ”исламдық“ және ”христиандық“ танымдық көзқарастардың қактығысы ғана емес, қазіргі кезеңнің ”өткен“ мен ”болашағы“, оныңдастырушілдік пен модернистік үдерістері арасындағы текетірес орын алды. Осылайша, аса консервативті және радикалды бағытты ұстанған ислам идеологтарының бір тобы Әлемдік Ислам Халифатын құруды, жаһанданудың керісінше, өзгешебір түрі ретінде қарастырған ұмтылысына әділ баға беруге болады»⁴.

Осыған сәйкес, әртүрлі, тіpten кейде қарама-қайшы мақсаттарды қөздеғен екі жақтың мұдделерінің бітіспес жаңжалы халықаралық терроризмнің орталықазиялық аймағында орнығын қүшайте түседі.

¹ Сухопаров А. Советские мусульмане: между прошлым и будущим // Общественные науки сегодня. – М., 1991. – № 6. – С. 108.

² Сонда. – С. 110.

³ Хантингтон С. Столкновение цивилизаций... – С. 33–58.

⁴ Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

1999–2000 жылдары радикалды исламшыл топтардың Қыргызстан мен Өзбекстанның шекара бойындағы облыстарына тікелей баса көктеп кіру арқылы, өздерінің көздеген саяси мақсаттарына қол жеткізудің негізгі бір тәсілі ретінде, олар террорды таңдап алғандығын көрсетті. Осыған ұқсас оқиғалардың Солтүстік Кавказда орын алуынан халықаралық террористердің бір сценарий бойынша: эмиссарларды жіберу, халықтың арасында радикалды идеяларды насиҳаттау, содан кейін террордың механизімін іске қосып, зайырлы режимде басқарып отырған елдерге арнайы дайындықтан өткен содырлардың жедел тобы арқылы күш көрсету, қорқытушаралары арқылы әрекет ету. Ферғана өңірінде ислам фундаменталистерінің, ең алдымен, Өзбекстан Ислам қозғалысының, түпкі мақсаты әлемдік ислам халифатының бір бөлігі – ислам мемлекеті ФАНО-ны (Ферғана, Андижан, Наманган, Ош қалаларының атауымен аталған) құру болып келген¹.

Осыған қарамастаң, Н. М. Омаровтың пікірінше, ислам фундаментализмі соңғы отыз жыл ішінде мемлекеттік режимдермен белсенді түрде қуресе алатындығын көрсетті. Тіптен кейбір жағдайда оларды жермен жексен ете алуға қабілетті екендігін де дәлелдегені рас. Алайда, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде, халықты демократиялық бостандықтармен қамтамасыз етуде, әлемдік дамудың «қөшбасшылары» арасындағы алшақтықты жоюда өзінің дәрменсіздігін көсеткеніне,² осы зертеу什і ден қоя талдауды қажет етегін мәселе екендігіне токталып кетеді.

Мұның көрнекі мысалы ретінде Ауғанстанды алып қарасақ, «Талибан» қозғалысының билікке келген жылдары осы ел күйизеліс пен тұрақсызыдықтың оразан зор аумағына айналып кеткендігін айтуға болады. Сондықтан Орталық Азияда исламшыл топтар өз дегеніне жеткен кезде мұндағы оқиғалардың ауғанда болған жағдайларға ұқсас өрбитін мүмкіндігін болжам ретінде атап кету абзал.

¹ Кулбараков Р. Д. Проблемы терроризма в Центральной Азии // Терроризм: проблемы противодействия: Мат-лы Междунар. практик. конф. 22–23 июля 2011 г. // URL: <http://conference.antiterror.rsbi.kz/index.php/doklads/36-kylbarakov>

² Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

Ферғана өніріндегі радикалды исламшылдардың әрекеттері аймақтағы қалыптасқан ахуалды айтарлықтай тұрақсыздандыруы, соның салдарынан жанарудың (модернизациялаудың) мүмкіндіктерін тежеп, орталықазиялық елдердің қаржы, техникалық, интеллектуалдық көмекті сырттан алудың, шетелдік инвестициялардың келуін тоқтатуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, экономикаға, халықтың тұрмыс деңгейіне кері әсерін тигізіп, елдің әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден бір кепілі – мемлекеттің халық алдында беделін түсіріп, сенімінен ажырататыны хақ.

Сарапшылардың айтуынша, Баткен оқиғалары қызмет жасап отырған билік институттарын қайта құру қажет деген радикалды идеяларды Ферғана өнірі халқының көп бөлігі қолдамайтындығын көрсетті. Сонымен катар, қалыптасып қалған әлеуметтік-экономикалық қындықтар, жастар арасында орын алған жұмыссыздық, өнім шығаратын өндірістің жетіспеуі, мұндағы ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі қоғамдыосылайша модернизациялауға қарсы наразылықтың сөзсіз өршуіне экеліп соқтырады. Бұған көп жағдайда қоғамды қайта жаңартуға бағытталған мақсат-мұдделердің іс жүзінде жүргізілген жұмыстың нәтижесіне сай еместігі, осы салада идеологияның жоқтығы себепкер. Соның салдарынан исламшыл радикалдық топтардың әрекеттері жаһандық дамудың күн сайынғы талаптарына сәйкес, олардың қазіргі заманның сын-қатеріне жауабы ретінде көрініс беріп, жекелей алғанда, олардың қызмет ету ауқымындағы «қауіпсіздік кеңістігі» аясының жүйелі түрде тарыла түсүі байқалады¹.

Орталықазиялық аймақта халықаралық терроризм мендіни экстремизмнің таралуына ондағы толыққанды демократиялық институттардың жоқтығы себепкер болып келеді. Зайырлы демократиялық оппозицияның орнына мұнда өздерінің саяси лексиконында тендік, әлеуметтік әділеттілік секілді халыққа жағымды түсініктерді қоладанатын радикалды исламшыл жасырын қозғалыстар әрекет етеді.

Исламшыл үйім жақтастары санының өсуіне орталықазиялық зайырлы мемелекеттердің кейбіреулері тарапынан оларды күгін-

¹ Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

сүргінге ұшыратып, басып-жаншу сипатындағы шаралардың әсері себепші болды. 2004 жылы наурыз айында Өзбекстанда орын алған оқиғалар демократиялық құқыктары мен еркіндіктерін сактауға жол бермей, мемлекеттің қатан ішкі саясат жүргізуіне республика халықының бір бөлігі наразылық білдірді. Мұндай мәселеге балама ретінде Қырғызстан билігінің жария жағдайында диалог ретінде өтетін, көбейіп келе жатқан радикалды исламшылардың санын айтарлықтай азайтуды көздеген шараларды өткізуін жатқызуға болады.

Радикалды исламшыл қозғалыстардың содырлары қолданатын әдіс-тәсілдері: ұлтаралық пен дінаралық негіздегі арандатушылықты өршіту, қарулы террористік актілерді өткізу, дамыған ислам елдерінен «ықпал етуші сыртқы құштердің» көмегін пайдалану – аймақ елдерінің қауіпсіздігіне айтарлықтай нұксан келтіреді¹.

Орталық Азия елдеріндегі террористік қауіп-қатерді талдау

Орталық Азия аумағында әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар бірнеше террористіккәне экстремистік ұйымдар әрекет жасайды. Орталық Азияның жаңа тәуелсіз республикаларының қауіпсіздігіне тәндіретін аса ірі террористік ұйымдардың бірі радикалды исламшыл ұйым – Өзбекстан Ислам қозғалысы (ӨИҚ) болып табылады. Бұл агрессияшыл әскери-саяси топ, оның қызмет ету аясы өте кең, мақсат-мұдделері биікті мензейді. Осы қозғалыстың басшылары Ферғана өнірі аумағында басқаруы шариат заңдары бойынша іске асырылатын тәуелсіз ислам мемлекетін (халифатын) құруды өздерінің басты мақсаты ретінде көрсетеді.

ӨИҚ-ның әскери іс-қимылдарының географиясы Орталық Азия аумағынан әлдекайда тыс тарағаны мәлім. Мәселен, Еуропада террористік қауіптің есуіне байланысты осы ұйымның қатысы бар еkenідігі туралы да айтылған. Тәжікстанда,

¹Омаров Н. М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии...

Өзбекстанда, Қырғызстанда орын алған террористік шабуылдарға, Рашт өнірінде болған зорық-зомбылықтарға осы ӨИҚ содырларының тікелей қатысы барын және сол оқиғаларды осы ұйымның атымен байланыстырады. Тәжікстандағы азамат соғысы кезінде ӨИҚ-ның көптеген мүшелері Біріккен тәжік оппозициясының (БТО) құрамында болды.

ХХ-ғасырдың 1990-жылдарында Өзбекстан Ислам қозғалысы Орталық Азияда үлкен күшке айналып, Ауғанстанның солтүстігінде содырларды әскери дайындықтан өткізетін жана плацдармды құрды. Алайда Қырғызстанның онтүстігінде 1999–2000 жылдары өткізілген антитеррористік операция кезінде содырлар адам саны жағынан шығынға ұшырай отырып, Орталық Азияның аумағын тастап, Ауғанстан мен Пәкістанға қарай қашуға мәжбүр болды. Сол жақта олар «Талибан» қозғалысына қосылып, талибтермен бірлесе отырып, Халықаралық антитеррористік коалиция әскерлеріне қарсы құш қолдана бастаған еді.

Өзбекстан Ислам қозғалысы қатарында Орталық Азия елдерінің біршама өкілдері барышылық, олардың өз базаларын Пәкістанда орналастыруы арқылы басқа да радикалдық үйімдармен, оның ішінде «Аль-Каидамен», пәкістандық талибтармен, және тағы сол сияқты жихадтық жолда жүрген топтармен қарым-қатынас жасай бастаған еді. «Аль-Каида» мен оның басшылығы негізінен арабтардан тұратын болса да, содырлардың көп бөлігін Орталық Азия елдерінен шыққандар – этникалық өзбектер, шешендер, және де Ресейдің онтүстік аймағын мекендейтін мұсылман халқының өкілдері болды. Олар үнемі көшіп-қонып жүреді, өздеріне таныс аймақтарына барып келіп, өз әскерлері катарына жаңа жауынгерлер дайындалап, қайтадан Ауғанстанның солтүстігіне барып, сол жақтан қайта шабуыл жасауды ұйымдастыраған-ды.

Бүгінгі таңдағы ӨИҚ-сы бұдан он жыл бұрынғыдай біртұтас ұйым емес, ол жік-жікке бөліну үрдісін бастан кешіріп, оның орнына жаңа, өте агрессивті ағымдағы, алдына қойған мақсаттары мол топтар пайда болды. Сондай топтардың бірі Ислам Жихадының одағы (ИЖО), 2009 жылдың мамыр айында Өзбекстан территориясында террористік әрекеттер жасағаны үшін айыпты деп таблыған. Ол – ӨИҚ-ның аса радикалды бөлімшесі болып саналған.

Сарапшылардың айтуынша, Өзбекстан Ислам қозғалысы жіктеліп, көптеген дисперстік топтарға бөлініп кетсе де, Ислам

революциясы идеясы мен орталықазиялық шыққан тегі бір идеялас болғандығы, оның басқа барлық бөлімшелері үшін ауызбіршілікке шақыратын актуалды бренд болып қала береді. Олардың пікірінше, 2005 жылдың мамыр айында Андижанда бейбіт шерушілерді атып өлтіруі, террористік ұйымның құрамында Орталық Азиядан шыққан жаңа адамдардыңсаны артуына себепкер болды: «Орталық Азиядан келгендердің саны көбейіп, олар Пәкістанның тайпалар мекендейтін аудандарына қашып, ондағы ӨИК-ның қатарына косылды. Енді олар түрлі адамдар мен ұйымдардың ішінде: пәкістандық "Талибанның", ауғандық "Талибанның", "Хакканидың" тобында соғысқаны мәлім. Олар Пәкістанның трай-балистік аудандарында фракцияаралық ұрыстарға да қатысып жүрді»¹.

Шығыс Түркістан Ислам қозғалысы (ШТИҚ) деген ұйым бар, оның мақсаты Қытайдың Синьцзян-Үйғыр автономиялық районында, және де Қазакстан мен Қырғызстанның шекара манындағы жерлерде Үйғырстан, немесе Шығыс Түркістан тәуелсіз мемлекетін құру болып табылады. Бұдан басқа, аймақта, Исламдық даму Орталығы (Қырғызстанның онтүстігінде), «акромидтер» – Өзбекстанның діни исламдық ағымы (Фергана өңірінде) секілді кішігірім сепаратистік және экстремистік ұйымдар әрекет етеді.

Қазакстан аумағында исламшыл бағыттағы «Хизб ут-Тахрір» радикалды ұйымы белсенділік танытуда. Ол, негізінен, жергілікті ұлт өкілдері көп тұратын және исламның әсер ету деңгейі жоғары болатын онтүстік аймактарда таралуда. Қазақстанның арнайы органдары мәліметтеріне қарағанда, егер бұрын «Хизбут-Тахрірга» мүше ретінде, негізінен кедей тұратындар тартылса, ал, соңғы кездері осы ұйымның эмиссарлары өз қатарларына қоғамның барлық салаларынан, оның ішінде билік құрылымдарынан да алуды көздел отыр².

Атаптан ұйымдардан басқа, орталықазиялық аймақтың территориясында «Джамаат моджахедов Центральной Азии» («Аль-Каиданың» құрылымдық бөлімшесі), «Джамаат Ansarullah»

¹ Сыдық А. В Исламском движении Узбекистана всё больше стало выходцев из Центральной Азии // URL: http://rus.azattyq.org/content/imu_centeral_asia/2251337.html

² Асамудинов Б. А. Терроризм и его влияние на безопасность Центральной Азии...

(бұл – ӨИҚ-ның бір тармағы болуы әбден мүмкін¹), ұйғырдың сепаратистік ұйымдары, және де Турцияның территориясында орныққан, көптеген елдерде террористік ұйым санатында болған Курдтер Жұмысшы партиясының астыртын әрекет етулері анықталған. Осы ұйымдардың негізгі мақсаттары сепаратизм мен радикалды фундаментализмнің идеяларын насиҳаттау болып табылады. Мұндағы ең маңызды нәрсе – көптеген ұйымдардың террористік қызметтері халықаралық есірткі саудасымен тікелей байланыста болған еді².

Қазақстан ғалымы Е. Карин, Қазақстанда терроризмнің пайда болуы үрдісін зерттей келе, оны шартты түрде үш кезенге бөледі:

90-шы жылдардың соны – 2000-шы жылдардың басы – «бөтен» террористер келген кезен;

2000-шы жылдардың басы мен соны – «олардың жасырын іске тарту кезені»;

2000-шы жылдардың сонынан – «окшауланған», немесе «өзімізден шыққан» террористер³.

Соған қоса, саясаттанушы, егер бұдан 10 жыл бұрын Қазақстан үшін терроризмнің проблемасы көп жағдайда, өзінің территориясында өз мемлекеттерінде әскерилендірілген құрылымдарға қатысқаны үшін қудалануға душар болған – «бөтен» террористердің жасырынып амал жасауымен байланысты болса, 2000-шы жылдардың ортасынан бастап, Қазақстан азаматтарының орталықазиялық елдер мен алыс шет елдерде террористік іс-әрекеттерге тікелей қатысуы жиілей түскендігі анықталды⁴.

Қазақстан ҰҚҚ-ның мәліметі бойынша, 2004 жылы осы елдің арнайы қызметі Өзбекстанда іске асырылған бірнеше терактілерді ұйымдастырып өткізген, құрамында бірнеше Қазақстанның азаматтары да болған «Джамаат моджахедов Центральной Азии» террористік ұйымынжайып құртты⁵. Қазақстан азаматтары Ауғанстан және басқа елдердің территориясындағы заңсыз әскери-

¹ Назриев С.Исламские экстремисты укрепляют свои позиции на юге Таджикистана // URL: <http://iwpr.net/ru/report-news/%D0%B8%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%>...

² Терроризм в Центральной Азии // URL: <http://www.ekstremizm.ru/bazananiy/item/53-terrorizm-v-centralnoy-azii>

³ Карин Е. Т. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному...

⁴ Карин Е. Т. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному...

⁵ Кононович Е. КНБ Казахстана разгромил «Жамаат моджахедов Центральной Азии» (подробности) (12.11.2004) // URL: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1100243040>

лендірілген бандалық құрылымдардың қатарында болғаны мәлім. 2005 жылы америкалық «Ұлттық барлау кеңесі» үкіметтік емес ұйымы сараптама-болжамдық сипатындағы баяндамасын жариялады. Онда Қазақстан Ресей, Әзіrbайжан және Түрік-менстанмен қатар, арнайы дайындықтан өткен, террористік акцияларға катысқан радикалды исламшылар мен «жихадтың кәсіпкер содырлары» тұратын, солардың үнемі мекендейтін аймағы санатында екендігін жазған еді¹.

Ал басқа бір қырынан алсақ, қазір Қазақстанның терриориясында да террористік іс-әрекеттерге жол беріліп, олардың соған қатысуы орын ала бастағанын айтуда болады. Мұнда «Джунд аль Халифат» («Халифат солдаттары») ұйымының жақтаушылары, 2011 жылдың күзінде Атырау қаласында орын алған жарылыстарды өз мойындарына алғып, діни бірлестіктер бойынша заң талаптарына сәйкес қаталдық орнағанына орай терактілер өткіземіз деп корқытып, бай-балам салды. Олар «мұсылмандарға қарсы болып, оларды жаппай тұтқындау әрекеттерін» кінәлап, республика билігіне, оның «саси және тарихи санасының жоктығына мін тақты»².

Қазақстандық сарапшы Е. А. Пастухов, соңғы жылдары Қазақстанда орын алған терроризм фактілерін зерттей отырып, «терактілерді жоспарлағанда да, оны іске асырғанда да террористердің нақты бір мақсаттары болғаны немесе оның болмағаны белгісіз болды. Тараздағы террорист те, Актөбе мен Атыраудағы жаңкештілер де, республиканың Ішкі істер министрлігі өкілдері де, Таусамалы, Бағанашыл мен Боралдайдың «діни экстремистері» де ешқандай нақты саяси талаптар қойған жок, нақты бағдарламалық мәлімдемелер жасаған емес, жәнеолардың кең көлемде угіт-насихат жүргізбегені анық»³, деп тұжырымдайды. Прокуратура органдары қазақстандық экстремистердің⁴ бұрын қылмысқа қатысты болғандарын анықтағандығы, олардың іс-

¹ Карин Е. Т. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному...

² «Солдаты Халифата» прокомментировали взрывы в Таразе (16.11.2011) // URL: <http://www.zakon.kz/page,1,2,4458448-soldaty-khalifata-prokommentirovali.html>

³ Пастухов Е. А. Проблема терроризма для Казахстана: между «Сциллой и Харибдой» // Казахстан в глобальных процессах: Науч. изд. – 2013. – № 3 (37). – С. 32–46.

⁴ См.: В Казахстане запретили деятельность «Солдат Халифата». По делу о теракте в Таразе задержаны шесть человек (30.11.2011) // URL: <http://www.fergananews.com/news.php?id=17718>

қимылдары мен көзқарастары тек жалпы қылмыс жасауға жакын тұрғандығынан хабардар етеді.

Мұнда террористердің мақсаттары айтылмай қалса да, осы терактілердің орын алуды өзіндік бір зардаптарға әкеліп соқтыруды. Болған шабуылдар мен жарылыстардың өзі халықты үрейлендірсе де, ал биліктегілер террористік қауіп-қатердің деңгейі әлі де болса төмен екендігін тырысып дәлелдеуі екіжақты ой-пікір қалыптастыруды. Мұндай беймәлім жағдай мемлекеттік деңгейде, кәсіби және ғылыми-сарапшылық ортада, шындығында елдегі терроризмнің қауіпі қаншалықты үлкен екендігін айқындастырып жауаптың жок екендігін көрсететін себеп-салдардың бірі болып отыр.

Біздің ойымызша, терроризмнің бүгінгі танда қауіпсіздіктің орта-және ұзак мерзімдік кезеңдерде Қазақстан үшін де, Орталық Азияның басқа мемлекеттері үшін де шынайы сын-қатерлердің бірекендігі анықталды. Сондыктан осы проблема эксперттік ортада ете сындарлы зерртеуді қажет етеді.

Қырғыз Республикасында да террористік үйымдардың белсенді әрекеттері орын алуда. «Хизбут-Тахрирдің» жақтастары негізінен осы елдің онтүстігінде іс-қымыл танытуда. Бұл радикалды исламшыл партиясынегізінен, елдің онтүстігін мекен еткен этникалық өзбектер арасында кеңінен қолауға ие болуда. Соған коса, өздерінің үгіт-насихат жұмыстарында олар тек діни емес, сонымен қатар ұлттық идеяларды насиҳаттауды да колданады.

Республика аумағында Өзбекстан Ислам қозғалысы, Шығыс Түркістан Ислам қозғалысы, Түркістан Ислампартиясы жасырын түрде өз қызметтерін іске асырады. Елдің онтүстігінде Сауд Арабиясы мен басқа да мұсылман мемлекеттерінен келген вахабиттік уағыздаушылар белсенді үгіт-насихат жұмыстарын ашық өткізуде. Осы үйымдарың басты мақсаттары Орталық Азияда ислам мемлекетін құру. Олардың қызметіне жеткілікті қаржы бөлінеді. Мәселен, Қырғызстанда қызмет ететін көптеген мешіттер шет елдік демеушілердің ақшасына тұрғызылған. Сонымен, онтүстікте тұратын ұйғырлар мен өзбектердің арасында мұсылмандық фундаменталистік пен сепаратистік көңіл-күйлер басым болып, ал, кезкелген арандату әрекеттері мұндағы ахуалды шиеленістіріп жіберуі мүмкін. Соған орай, террористік іс-әрекеттердің белседілігі арта түскен жағдайда осы елдің онтүстігі бакылауға

келмейтін аймақта айналып, ол өз кезегінде, Қырғызстан территориясындағы, әрі қарай бүкіл Ферғана өңіріндегі қалыптасып отырыған ахуалды тұрақсыздандырып жіберуі ықтимал.

Радикалды исламшыл идеялардың тарауына мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының төмен деңгейде болып, оның әлеуметке әсер етуінен де болады. Зерттеуші Ахмед Рашид, Орталық Азия мемлекеттерінің әлсіздігі қауіп-қатердің күшеюіне себеп болып, ӨИК-ның тарапынан туындаған қауіпті де күшайтес түседі¹, – деген ой-пікірі мұны нақтылай түседі.

Орталық Азия республикаларының басқаларына қарағанда Тәжікстан ӨИК пен «Аль-Каїда» сияқты трансұлттық радикалды діни ұйымдардың тарапынан болатын қауіп-қатерге душар болу мүмкіндігі анық. Сонымен қатар, біз мынаған назар аударамыз, экстремисттіккарулы құрестің Тәжікстандағы 2009-2011 жылдардағы (Рашт жанжалы және т.б.) көрінісі көп жағдайда сыртқы факторларға емес, ішкі проблемаларға байланысты болды².

Республикада 1990-шы жылдары азамат соғысы кезінде оппозиция қатарында соғысқандардың біразы бейбітшілікті орнату үдерісінен көңілдері қалып, қайтадан зорлық-зомбылық пен күш көретуге көшткен еді. Тәжікстан Исламдық өрлеу партиясының (ТИӨП) ел ішінде танымал болуы үрдісінің артуы, оның билікке ие болып отырған Тәжікстанның халық-демократиялық партиясы және республикада он жыл ішінде жеміске жеткен, елдегі орнықан саяси құрылышпен бәсекелес болып, оған қарсы тұра алатындығын көрсетті. ТИӨП өзіне АҚШ-тың назарын аударта бастап, Ауғанстан мен Таяу Шығыстың байыпты исламшыларымен белгілі деңгейдегі диалогқа бару мақсатын жоққа шығармайтындығын байқатқан еді³.

Соңғы кездері Тәжікстанда «Хизб ут-Тахрір» ұйымының мүшелері аса белсенділік таныта бастағанын баса назарда ұстаған абзал. Олардың кейбір белсенділері Ауғанстанда «Талибан» қозғалысының қатарында соғысып қайтқан (тәжіктің арнайы қызметі, олардың ӨИК-пен арадағы байланыстарын растайды).

¹ См.: Сыдық А. В Исламском движении Узбекистана всё больше стало выходцев из Центральной Азии...

² Макарычев М. Бойня под Памиром: Исламисты нарушили Соглашение о мире в Таджикистане // Российская газета. – 2010. – 26 сент.

³ Макарычев М. Бойня под Памиром: Исламисты нарушили Соглашение о мире в Таджикистане...

Террористік ұйымдардың белсенділігі деңгейінің артуы бойынша Орталық Азия елдерінің ішінде бәрінен бұрын Өзбекстан ерешеленеді. Мұнда терактілерді ұйымдастырып, кең турде іске асыруымен көзге түсken Өзбекстан Ислам қозғалысы болып табылады. Өзбекстан мен Қазақстанның аумағында «Моджахедтер жамааты – Ислам жихады» террористік ұйымы әрекет еткені мәлім, ол 2004 жылыекі мемлекеттің арнағы қызметтерінің бірлескен әрекеттері нәтижесінде жойылды¹.

Вазиристанның территориясында орнықкан әртүрлі террористік топтардың қызметіне Орталық Азия елдерінің де азаматтары қатысады. Біздің ойымызша, бұл мәселе ресми Исламабадтың аймақ елдерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастың дамуына келтіретін кедергілердің бірі деп қарастырған жөн. Пәкістанның экономикалық дамуына орталықазиялық елдері нарығының өмірлік маңызы бар боласада, сондағы содырлардың олардың өз территориясына шабуыл жасаудын қауіттенеді. 1990-жылдың сонына қарай – 2000-жылдардың бас кезінде Орталық Азия мемлекеттері ӨИҚ және бақса қарулы топтар тарапынан болған басып алу әрекеттерімен түйісіп калғанын ескере отырып, енді олар сол өз қарсыластарымен бетпе-бет тікелей қарсы шығудан бас тартады. Өйткені олар кәдімгідей әскери тәжірибе жинақтап алған. Ресми Исламабад осы қауіптің алдын алуға барлық шараларды іске асыруда. Алайда бар мәселе шекараның жоқтығы мен осы аймақ экономикасының криминалды сипат алуында болып отыр. Сондықтан содырлардың шекара бойы аумағында әрі-бері жылжыун бақылауға алып, олардың есірткімен сауда жасаудына тоқтатып, оқшаулауға болады.

Сонымен, корытындылай келе, діни-саяси экстремизмнің шектен шыққан түрі терроризм барлық өзінің керітартпа зардаптарымен, қазіргі кезеңде Орталық Азияның бірқатар мемлекеттері қоғамдық-саяси өмірінің бір құрамдас саласы ретінде мойындау қажеттігі айқындалып отрығанын атап өту қажет.

Діни-саяси экстремизмнің пайда болуы мен дамуының жалпы базистік себептерін қарастыра отырып, дәстүрлі ислам қоғамын жаңару (модернизациялаудың) үрдістерін, геосаяси өзгерістерді,

¹ См.: Свобода слова. – 2010. – 19 авг.

идеологиялық факторларды, және жаһандану үдерістеріне тоқталып кету қажет. Діни идеологияның ерекше қасиетін айқындау ретінде – болмыстық танымның өзіндік көзқарасының басқа ілімдерден артықшылығын көрсетуінде, және де өмір сұрудің діни және зайырлы бағыттарын бір-біріне қарама-қарсы қоюында жатыр.

Тарих ғылымында, социологияда және саясаттануда діни экстремизмді әлі күнгө шейін әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру қажет деген түсінік толық қалыптасқан жок. Бірақ, біздің ойымызша, бұл феноменнің пайда болуы негізінде әртүрлі денгейдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, діни сипаттағы мұдделердің қактығысыу жатқандығы мәлім.

Өзінің мазмұны мен денгейінен басқа экстремизмнің шығу себептері де әр қоғамда және әр мемлекетте әртүрлі болады. Экстремизм қайшылыктардың жолын тауып, оларды шешудің тәсілдері ретінде, даму денгейіне қарамастан, әр мемлекеттерде пайда болып, кездесе береді, бірақ экстремизмге «өтпелі кезеңде тұрган елдердің» тез шалдығуы жоғары болады. Қазіргі кезеңнің авторлары жасаған зерттеулерде экстремизмнің шығуы мен оның таралуына себепкер болатын факторларды анықтауды терең де жан-жақты талданған¹.

Орталық Азиядағы экстремизмнің өзіндік ереше сипаты мен қасиеттері бар. Мұндағы олардың ең басты доминанттары ретінде радикалды бағыт ұстанған исламдық діни-саяси ұйымдардың болуы жатады. Олардың іс-әректтері мен қызметі аймақтың қауіпсіздігіне төнетінен көлемді қауіп-қатердің бірі болып саналады.

Біздің пікірімізше, орталық азиялық экстремизмнің айқындалған ерекшелігі бірнеше факторлармен анықталады. XX-ғасырдың 1920–1990-шы жылдары аралығында Орталық Азия елдерінде дәстүрлі ислам ролінің әлсіреуі, исламның дәстүрлі формасын үағыздайтын дінбасылары ішінде маман кадрлардың жоқтығы орын алды. Соның салдары ретінде 90-шы жылдардың баскезінде осы аймақта дәстүрлі емес діни ағымдардың, оның ішінде радикалды бағыттағыларының да саны күрт өсө түсті. Сол уақытта посткенестік елдердің мұсылман жастары діни білім алу

¹ Ольшанский Д. Психология терроризма..; Мирский Г. И. Экстремизм, терроризм и внутренние конфликты в «третьем мире»...

үшін шет елдерге шыға бастаған еді. Студенттердің көп бөлігі Пәкістанның, Сауд Арабиясының және т.б. елдердің бағыт-бағдары күмән тудыратын оқу орындарына түсіп жатты. Олардың көшілігі исламның радикалды ағымдарын, оның ішінде «таза ислам» идеологиясы деп аталатын бағыты бойыншадәріс алды.

Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік-саяси ахуалы қыындаған сэтте діни экстремизмің таралуына алғышарттар орын ала бастаған еді. Шығыстағы араб елдерінің тәжіриbesі көрсеткендей, ислам қозғалыстары – бұл наразылық қозғалысы болып келеді. Оның қатары әрқашан әлеуметтік теперіш көрген азаматтармен толықтырылып, олар, тек қана исламның әділетті «халифат» принциптеріне негізделген мемлекеттеған экономикалық тұрақтылық пен әділеттілік орнайды деп санайды.

Қазіргі кезеңде Орталық Азияда бірнеше ірі экстремистік діни-саяси ұйымдар қызмет етеді. Олардың қатарында экстремизмі шектен шыққан, аймақтың барлық територияларында кен таралған саяси топ «Хизб ут-Тахрір» (Исламды құтқару партиясы) бар. Орталық Азияда бұл қозғалыс 1990-шы жылдардың ортасында алғаш Өзбекстанда, содан кейін Қыргызстанда, Тәжікстанда және Қазақстанда әркет ете бастады. Осы ұйымның салыстырмалы түрде жеткен жемісті қызметі оның ертеректе жасалған мықты идеологиялық базасы болғанында екендінін мойындау керек. «Олардың теоретиктері болашақта ”басқаруы шынайы әділетті“ болып құрылатын мұсылман мемлекетінің белгілі бір діни-саяси схемаларын құрастырып, өз идеалдарына тән теологиялық дәйектемелерін жасап шығарып, оларды іске асыру үшін оппозициялық саяси күрестің стратегиясы мен тактикасының баршаға жақсы таныс әдіс-тәсілдерін ендіруді талап етті»¹.

Діни-саяси экстремизмнің көрінісі белгілі бір қалыптасқан мәдени-тарихи дәстүрлерге байланысты әр жерде әрқандай деңгейде болғанына қарамастан, Орталық Азияның барлық территориясында жаппай орын алды. Өзбекстан мен Тәжікстанда ислам діні, Қазақстан, Қыргызстан мен Түркіменстанға қарағанда шындығында аса маңызды саяси ролге ие болды. Алғашқылары географиялық орналасу жағынан Иран Ислам Республикасына,

¹ Бабаджанов Б. О. О деятельности «Хизб ат-Тахрір ал-Іслами» в Узбекистане: Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри... – С. 153–158.

Ауғанстан мен Пәкістанға жақын орналасқаны, ондағы қоғамдағы ислам институттарының орнығу мерзімі жүз жылдан аса уақыттан бері қалыптасқандығы ықпал етті. Бірақ тек осы елдерде ғана исламның радикалды ағымдардың орнығып, мықты дамуына жол ашылғандығын атап өткен жөн. Мұны ұғынып, ой елегінен өткізу – Тәжікстанда (1992–1997 жж.) өткен азамат соғысынан, Ташкентте (1999 ж. ақпаны) болған терактілерден және сол жылы Қырғызстан территориясына ӨИК содырларының баса көктеп кіруінен, 2000 жылы Өзбекстан мен Қырғызстанды басып алуды мемлеуінен, 2005 жылдың мамыр айында Андижанда (Өзбекстан) орын алған оқиғалардан кейін қалыптасты.

Орталықазиялық сарапшылардың экстремизнің өсуіне Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты республикалардың саяси беделден айырылуы, ондағы экономикалық ахуалдың нашарлауы, жемқорлықтың күшеюі, халықтың әл-ауқаты күрт төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, басқару жүйесінің құлдырауы негізгі себепкер болғандығына¹ назар аударғанын екеру қажет. Мұнда 2005 жылдың мамыр айында Андижанда болған оқиғалар тек қана әлеуметтік және саяси себептерден ғана емес, ондағы бас көтерулердің өте күшті діни-саяси мотивтері де болғандығы анық екендігіне көз жеткіздік.

Ферғана өнірінде діни фактор әрқашан аса маңызды мәнге ие болғаны мәлім, ал КСРО тарағаннан кейін, бұрынғы одактас республикалардың әркайсысы өз жолын таңдаған соң, олардың алдынан шыққан әлеуметтік және экономикалық саладағы қындықтар мен сол кездегі түрмистың тауқыметі, аталған факторлардың осы елдерде орын алуын күштейтіп жіберді. Оған қоса, осы аймакта экстремистік көңіл-күйдің шарпыған оты басылар емес, ал, саяси ислам қазір өзінің күш-куатын ұлғайта түсуде.

Ферғана өнірі – Орталық Азияда посткеңестік кезеңде исламның өркендеуі басталған еді. Бұл жергілікті халықтың ең тығыз қоныстанған жері, сондықтан тек қана дәл осы тұста үдерістің қарқындауына Пәкістан мен Сауд Арабиясынан келген мұсылман миссионерлері маңызды ролге ие болды. Олардың өз танымындық жүйесіндегі, бірақ жергілікті діни дәстүрлерге сәйкес

¹ Маликов К. Ислам и демократия: поиск объединяющих факторов.; Карин Е. Т. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному...

келмейтін исламды насиҳаттауы, және де жаңадан құрылып келе жатқан экстремистік ұйымдарды қаржыландыруы аймақтың қауіпсіздігіненеесер ететін факторларының біріне айналды. Р. Триведидің айтудынша, исламизациядегеніміз – геосаясат үшін курестегі құрал, немесе жаңаруға қарсылықтың (антимодернизацияға) қандай да бір формасы, немесе тиімсіз жүгізілген саяси және экономикалық саясаттың нәтижелерінің бірі¹ екен. Ал, Орталық Азияда осы үш фактордың да бір бірімен қызысуын ескерсек, әрине, экстремизм мен терроризмнен шығатын жана сыйқатердің пайда болуы көрініс беруін байқаймыз.

Экстремизмнің шығуна алеуметтік-экономикалық шарттардың болуын мойындаі келе, америкалықсаяси сарапшы Г. Фуллер, Ферғана өніріндегі экономикалық ахуалдың нашарлап кетуі мен экстремизмнің бір мезгілде шарықтауының себептерін, олардың бір-бірімен байланыста болғанын қарастырады. Оның пікірінше, экстремизмнің шығуның кайнар көзіне жұмыссыздық, кедейшілдік, инфляция және елдің дамуының кенже қалып қоюы жатады².

Орталық Азияда исламмен тығыз байланыстағы мынадай экстремистік және террористік ұйымдар әрекет етеді: Өзбекстанның исламдық өрлеу партиясы, «Адолат уюшмасы» («Әділет кауымы»), «Ислом лашкарлари» («Ислам әскерлері»), «Товба» («Тәубе»), «Иймончилар» («Иманшылар», бұлар «Акрамий» немесе «Халифатчилар» деген атпен белгілі), Өзбекстан Ислам козғалысы, «Хизбут-Тахрір», Шығыс Туркістан Ислам козғалысы, «Братья мусульмане». Бұлардың әрқайсысының өз максаттары бар, сонымен қатар, өздеріне койылған талаптардың ұқсастығымен ерекшеленеді, яғни: исламның негізгі принциптері мен парыздарына қайта оралу; исламды кейін қамтыған күпірліктен, қағидаларынан ауықулардан тазарту; хакимий (егеменділік) пен халифатқа негізделген саяси жүйені құру; зайырлы биліктен (сот және атқарушы) ұstem болып тұратын шариат негізіндегі құқықтық жүйені бекіту³.

¹ Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии... – С. 112.

² Fuller G. Central Asia: The Quest for Identity // Current History. – 1994. – № 93 (582), April.

³ Триведи Р. Указ. соч. – С. 113.

Бұл партиялар мен топтардың саяси аренада шығуымен посткенестік Орталық Азиядағы діни экстремизмнің дамуы бастау алады. Ваххабизмді жақтаушылар шариат құқығын орнатуға шақырды. Олардың айтуынша, мұндай жүйенің орнатылуы барлық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешіп, деспотизм, тен-сіздік пен қылмыстың жойылуына жол ашады. 1991 жылы көптеген елдерде тыйым салынған Исламдық өрлеу партиясы «Адолат» («Справедливость») партиясын құрғаны мәлім. Сол жылдары Наманган, Андижан және Фергана облыстарында екі астыртын топтар: «Ислом лашкарлари» («Ислам әскерлері») және «Товба» («Тәуба») құрылды.

Сарапышылардың пікірінше, Орталық Азияда діни экстремизмнің одан әрі таралуы шындыққа жанасады. Мәселен, 2004 жылы Қазақстанда «Хизб ут-Тахрір» экстремистік ұйымының үнпараталарының 182 рет таратылуы фактілері тіркелген. Осы жылы кувейттік «Әлеуметтік реформалар қауымы» қайырымдылық қорының қазақстандық бөлімшесі құрған, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті конфессионалды және коғамдық келісімге нұқсан келтіру мақсатында жүргізген діни қызметі үшін тыйым салынды¹.

Жоғарыда айтқандай, Орталық Азиядағы ең ірі агрессивті ұйым ретінде Өзбекстан Ислам қозғалысы саналады. Ол ұйымды Біріккен тәжік оппозициясының тәжік үкіметімен бейбіт келісімге келіп, қол қойғаннан кейін 1996 жылы Тахир Юлдашев құрғаны мәлім². Бұл қозғалысқа толық қолдау көрсеткен, пәкістандық «Джамиат уль-улама-и Ислам» партиясы болып, және де осы саяси ұйым өзбек студенттерін медреселерде оқытуға қаржылай көмек берген. Құрылғаннан бастап, қозғалыстың басшылары Ауғанстан, Сауд Арабиясы, Иран, Пәкістан, БАӘ, Түркияға жиі сапарға шығып, сондағы исламдық париялармен және мемлекеттік ұйымдармен байланыс орнатуды мақсат еткен еді.

ОИҚ өзінің басты мақсаттары ретінде Өзбекстандағы Ислам Кәрімовтың үкіметін құлату және Фергана өнірі аумағында ислам мемлекетін құруды көздеңген. Бірақ алғашында осы партияға

¹ Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии... – С. 115.

² Хамадов С. Международный контекст – афганский фактор // Религиозный экстремизм в Центральной Азии: проблемы и перспективы. – Душанбе, 2002. – С. 130–150.

қаржылай жәрдем беру мақсатында үйым мүшелері Ауғанстаннан алынып, Тәжікстан мен Қыргызстан арқылы Ресейге, Шығыс және Батыс Еуропаға тасымалданатын заңсыз есірткі саудасымен айналысты. Сонымен қатар, содырлар Біріккен тәжік оппозициясы құрамында жүріп, Тәжікстанада болған азаматтық соғысқа белсене қатысты. ӨИҚ-ның тактикалық мақсаты – аймақтағы қоғамдық саяси ахуалды тұрақсыздандыру мен Орталық Азия елдеріндегі билікті күшпен басып алу. ӨИҚ өзінің жүргізіп отырған куресін «кіші жихад» – кәпірлергекарсы карулы соғыс тұжырымдамасы негізінде жүргізеді.

1999 жылдан бастап, ӨИҚ қарқынды кимылымен іс-әрекеттерді жүргізе бастап, солардың нәтижесінде жақсы қаруланған содырлардың отрядтары Қыргызстан мен Өзбекстан (1999–2001 ж.ж. Баткен оқиғалары) аумағына күшпен баса көктеп кіруі, Ташкентте (1999 ж.) орын алған терактілер, Өзбекстанның онтүстігінде 2001 жылдың шілде айында үкіметтік әскерлерге қары үшін шабуыл жасаулары орын алды. Мұның барлығы экстремистік күштердің тарарапынан болатын қауіп-кательдерді анықтап, оларды бағамдауда күрделі өзгерістер жасау қажеттігін көрсетіп берді.

Экстремистер, сонымен қатар, Андижанда 2005 жылдың 13 мамырында болған оқиғаларға тікелей жауапты. Нәтижесінде 200-ге жуық адам қаза болған, ондағы жаппай тәртіпсіздіктердің үйымдастырушысы ретінде «Акрамийа» радикалды ислам тобының мүшелері екендігі анықталды. Олар өздерінің Андижан түрмесінде отырған конституациялық құрылышты құлатуды көздең, қылмыс жасаған 23 жақтастарын босату мақсатында карулы шабуыл жасайды. Кейін үкіметке қары арандату шараларын дәл осы үйымның мүшелері үйымдастырған-ды.

1999 жылдың 16 ақпанында Ташкенттегеррористік актілер болып, соның салдарынан үкімет діни экстремистерге қары бағытталған күресті күшетті. Біздің пікірімізше, Өзбекстан Ислам қозғалысы содырларының басқа да халықаралық террористермен бірлесе отырып осы террористік актілерді үйымдастырып өткізуғе қатысы бар болуы әбден мүмкін еді. Осы жылдың тамыз айында Өзбекстан Ислам қозғалысы елдегі жағдайды тұрақсыздандыру

мақсатында және Фергана өнірінде ислам мемлекетін құру үшін Өзбекстан территориясына күшпен баса көктеп кіруді іске асырды¹.

Бүгінгі күні Өзбекстан Ислам қозғалысының өз катарларына халықтың түрлі топтарын қатыстыра отырып, тиімділігі зор қарулы күрес үйымдастырып жүргізуге нақты мүмкіншіліктері жоқ болып отыр. Алайда ол халықаралық үйымдар мен мұсылман елдеріндегі өзбек диаспорасы өкілдерінен қаржылай көмек алудын жағастыруда. Бұл үйымның құрамына Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қазақстан, Түркменстан, Шешенстан мен КХР-сы Синьцзян-Үйғыр автономиялық районынан шықкан бірнеше әртүрлі топтар кіреді. Осы үйымның басшылары бірқатар халықаралықжәне аймақтық исламшыл террористік үйымдар және қозғалыстармен, оның ішінде ең алдымен «Аль-Каидамен», «Талибанмен», «Хизбут-Тахрирмен» және «Ихваналь-муслиминмен» өзара ынтымақтасуды жолға койған еді. Сауд Арабиясы 1990-шы жылдар бойы Орталық Азиядағы экстремистерге қаржылай және идеологиялық жәрдем беріп отырды. 2001 жылдың 11 қыркүйектегі оқиғасынан кейін Сауд Арабия үкіметі осындай жәрдем берушілікті өз бақылауына алу үшін біршама шараларды жүргізді. Бірақ Өзбекстан Ислам қозғалысыосы елде тұратын аса үлкен өзбек диаспорасы өкілдерінен қаржылай және идеологиялық көмекті осы қунге дейін алып отыр. Пәкістан мен Сауд Арабиясының қолдау көрсетуі бойынша ойластырған тұғырнамасы Фергана өнірінде діни экстремизмнің өршіп дамуына қатысты маңызды факторының бірі болғандығы еш күмән туғызбайды.

«Хизбут-Тахрир» партиясының негізін шейх Такиуддин Набхани Фаластини 1953 жылы Иерусалимде қалаған еді. Ол қысқа мерзім ішінде Батыс Азияда, Солтүстік Африкада және Онтүстік-Шығыс Азияда тез арада аты шығып, көпшіліктің алдында танымал болды. Көптеген елдерде оның қызметіне тыйым салынған. Партияның штабы Лондон қаласында орналасқан деген мәліметтер бар. Лондон қаласында 2005 жылдың шілде айында орны алған жарылыстардан кейін батыс елдері тарапынан «Хизбут-Тахрирға» деге қысым күшейгеніне карамастан, оның штаб-пәтері

¹ Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии с точки зрения сравнительной региональной перспективы // Сравнительная политика. – 2011. – № 4 (6). – С. 117.

Ұлыбританияда қалу-қалмауы туралы мәселе әлі күнге дейін каралмай қалды. Партияның қаржыландыру көздері белгісіз, бірақ өзінің идеологиясын насихаттауда олар кітаптар, кішігірім брошюралар мен насихаттық ұнпақтар шығарады. Интернет заманында мөлшері көп аудиторияны қамту үшін осы ұйым өзінің веб-сайтын ашып, оны қаркынды түрде пайдаланады. «Хизбут-Тахрір» екі деңгейде қызмет етеді: біріншіден, ол әр мұсылман халифатты құруға қатысуға міндепті және өзінің исламға тән сипатын жоғалтпауы үшін ислам нормалары бойынша өмір сүруі тиіс деп мұсылман қауымында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді; екіншіден, көшіліктің алдында исламды саяси және интеллектуалдық жүйе ретінде қалыптасқан пікір қалдыруға тырысады¹. «Хизбут-Тахрірдың» негізгі мақсаты «алланы тануға шақыру» (даваат), яғни, нақты ислам нормалары бойынша жүріп-тұру жәнедіні ғұрыптардың орындалуын бастапқы кездегідей сақтау.

Сарапшылардың бір тобы, Орталық Азияда осы халықаралық ете ықпалды ұйым 1990-шы жылдары пайда болғандығын айтады. (бірақ, осы ұйымның жекеленген топтары бұдан ертерек әрекет ете бастағандығы туралы мәліметтер бар)². «Хизбут-Тахрірдың» қызметіне Орта Азияның барлық елдерінде тыйым салынған. Кейбір бағамдар бойынша, мұндағы түрмелерде осы ұйымның 7–8 мыңға жуық мүшелері отырғандығы (олардың көбі – Өзбекстанда)³ (бұлардың саны, біздің ойымызша, тым асырып берілген) туралы ақпарат бар.

Осы аймактағы ұйымның белсенді әрекеттері туралы алғашкы мәліметтер 1992–1993жылдары келіп түскен. «Хизбут-Тахрірдың» қызметі бара-бара кенеңе түсіп, Орталық Азия аумағының барлық жерін тұтас қамти бастады. Партияның ықпалы әсіресе, Қырғызстанның Ош, Джалал-Абад пен Баткен облыстарында, Қазақстанның Онтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында,

¹ См.: Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии с точки зрения сравнительной региональной перспективы... – С. 118–119.

² Радикальный ислам в Центральной Азии: ответ на появление Хизб ут-Тахрір // URL: http://www.crisisgroup.org/en/regions/asia/central-asia/058-radical-islam-in-central-asia-responding-to-hizb-ut-tahrir.aspx?alt_lang=ru; Тодуа З. «Хизб ут-Тахрір» в Центральной Азии // URL: <http://i-r-p.ru/page/stream-trends/index-8725.html>; Бороган И. Хизб ут-Тахрір: Досье Исследовательского центра Agentura.ru // URL: <http://studies.agentura.ru/tr/hisbuttahrir/>

³ См.: Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии... – С. 119.

Тәжікстанның Соғды облысында, Өзбекстанның Ташкент облысы мен Ферғана өнірінің өзбектер тұратын бөлігінде ерекше көп таралғаны анықталды.

Бірінші онжылдықта аймақта тек діни насиҳат пен жаңа мүшелерді астырын жұмыска тартуларымен партияның негізгі қызметі айқындалған еді. Ферғана өнірінің әртүрі бөліктерінде партияның бастапқы құрылымын түзетін кішігірім ұйымдар (халька) құрамында 4–5 адам бар қурыла бастады. Ташкентте 1999 жылдың 16 акпанында болған терактілер ұйым қызметінің жаңа бір кезеңін бастап берді. Ақпараттық насиҳат жұмыстары да ұлғая түсті. Оның мақсаты ашық жолмен экстремистік мазмұндағы үнпараптарды, аудиотаспаларды, осы парияның мүшелері мен қызметкерлері оқулық ретінде пайдаланатын «Мұсылман ағайындары», «Ислам мемлекеті», «Халифат» атты кітаптарды тарату болды. 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін әлемнің көптеген елдерінде терроризммен құрес шарапалары қүшейтілген кезде экстремистік ұйымдар мен террористік құрылымдардың арасындағы байланыс уақытша әлсіреп, үзіліп қалды. Бірақ біраз уақыттан соң «Хизбут-Тахрирдың» өзі «Аль-Каидага», «Талибанға» және Өзбекстан Ислам қозғалысына қосылып кетті. Олардың ортақ мақсаттары бүкіл дүние жүзілік халифатты құру болды. «Хизбут-Тахрир» өздерінің актық мақсатына жетуі үшін радикалды әдістерді көбірек пайдалануға баратын болды. Бұл ұйымды Өзбекстан Ислам қозғалысымен алдарына қойылған бір мақсат біріктіреді – Орталық Азия елдерінің билікте отырған зайырлы үкіметін қүштеп құлату.

2004 жылдың басында «Хизбут-Тахрир» Орталық Азияда құрылымдық жағынан ыдырап кетті. «Замот» – партиядан бөлініп шыққан ұйым – оның 2004 жылдың 28 наурызы мен 1 сәуірі аралығында Ташкентте орын алған жарылыстарға қатысы бар деген мәліметтер бар: Соның салдарынан 46 адам қаза болып, ондағаны жарапанған еді. Өзбекстандағы террорист-жанкештілердің іс-қимылды соғыс онжылдықта қауіпсіздікке төнген мәселелердің қүшейгендігі мен діни экстремистік ұйымдары әрекеттерінің белсенділігі арта түскедігін көрсетеді.

Қорыта келе Р. Триведи мынандай пікір білдіреді, Орталық Азиядағы діни экстремистік топтардың мақсаты біркелкі және олар мынандай мәселелерден тұрады:

- конституциялық жүйені құлатып, ислам халифатын орнату;
- исламның саясиландырылуы;
- алдына дәл осындай мақсаттар қойған шет елдің ислам орталықтары және ұйымдарымен сенімді байланыс орнату;
- ислам парияларының саяси мұқтаждықтарына жүмсалатын қаржы көздерін пайдалану;
- саяси тұрақтылықты бұлдіру мен билікті басқарудың зايырлы формалары беделіне дақ түсіру үшін өзінің мүшелерін мемлекеттік органдарға ендіру¹.

Орталық Азиядағы діни экстремизм бұл – Орта Азия республикалары үшін дәстүрлі емес қауіп-қатердің ең бір күрделі түрі болып саналады. Экономикалық жағдайдың нашарлауы, жемқорлықтың өсуі, халықтың әділетсіздікі көруі мен демократияның әлсіздігі адамдарды радикалды қозғалыстарға қарай тартады. Сондықтан біздің ойымызша, діни экстремизмнің елді еліктіріп алып кептеуі үшін, оны әлсірету мақсатында осы аймақ елдерінің үкіметтері қолдарынан келгенше, экономикалық жағдайдың төмендеуіне тосқауыл қойылатын шараларды жүзеге асырулары қажет әрі ол өте маңызды.

Орталық Азия республикалары халқының көп бөлігі (Наманганда, Андижанда және Ферғана өнірінде тұратындардың аса белгілі бір топтарын санамағанда) радикалды исламды қолдамайды. Соған қарамастан, мұсылман халықтары өкілдері исламның ортодоксалды нормаларымен жүргуге мәжбүрлей қалса, олардың бұған қарсы тұрулары әрине, екіталай.

Біздің ойымызша, Ауғанстандағы шиеленістің шешілмеуінің зарданшары, есірткі заттардың заңсыз сауда айналымына түсү сияқты халықаралық қауіп-қатерлер жағдайды қынданатып отыр. Экстремизмнің ушығуы есірткімен сауда жасауға және ұйымдастықтың топтардың әрекеттеріне де қолайлы жағдайды тудырады. Ауғанстанның қауіпсіздігіне жәрдем беретін халықаралық күштердің орналасуына қарамастан апиын есірткісін өндіретін алқабының көлемі айтарлықтай ұлғайып, Орталық Азия елдері арқылы Ресейге одан әрі Еуропаға заңсыз есірткі

¹ См.: Триведи Р. Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии с точки зрения сравнительной региональной перспективы... – С. 118–119.

тасымалдаудың мөлшері күрт өскені таңқаларлық жайттар болып отырғандығын айту керек.

Ислам дін ретінде өздігінен Орталық Азияның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына, тәуелсіз болған жана орталық азиялық республикаларында демократияның қалыптасу үрдісіне де ешқандай қауіп төндірмейтіндігін ерекше айтып өткен жөн. Ал енді демократияландыру мәселелеріне келсек, біздің ойымызша, азаматтық саяси оппозицияның осы аймақта пайда болуы қажет-ақ. Сонымен қатар, адам құқығы, азаматтық қоғам мен демократия мұндағы халықтың көп бөлігі осы гегемонияның мәнгілік етудің жана әдістері деп қарастыруы тағы бар екендігіне тоқтала кету қажет. Егер осы аталған принциптерді халыққа сырттан мәжбүрлейтін болса, онда олар жұмыс жасамайтын болады. Мұндай принциптер жергілікті жерлерде өсіп шығып, олардың Орталық Азиядағы орын алған тарихи, әлеуметтік, экономикалық және саяси үдерістердің ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Қазақстан азаматтарының террористік үйымдардың қызметіне қатысу мотивтеріне талдау жасағанда, біз Қазақстандағы болып жатқан діни үрдістердің жалпыәлемдік үрдістермен өзара байланыстары мен өзара ықпалдасуын аныктадық. Сол себепті, Орталық Азиядағы терроризмнің діни түп-тамырын шет елдерден іздеу қажет болды. Әлемдегі террористік топтардың басым көпшілігі сунниттік бағыттағы экстремистік исламшыл идеологияны ұстанып, оның негіздерін уағыздайды. Ол – көпшілікке радикалды салафизм мен ваххабизм ретінде таныс. Орталық Азиядағы салафизмнің кеңінен таралуының себептері мен оның алғы шарттарына зерттеулер жүргізгенде, бұл ағымның мұсылмандар арасында тазалықтың, тендерін пен әділеттіліктің идеалы ретіндегі оның жағымды феноменін жеке бөліп қарастырады. Бірақ салафизмге тартылғандар алғашында дін туралы білім деңдайлері өте төмен болады.

Ресми дінбасылары мен салафизмді уағыздаушылары арасындағы идеологиялық бір біріне қарама-қарсы келушілік орын алыш отыр. Салафизмдіжақтаушылары Орталық Азия елдерінде әртүрлі корлар құрып, медреселер ашып, шет елдерде шәкірттерін оқытуарқылы салафизмді таратуда жан-жақты шараларды іске асырады. Ал, ресми дінбасылары тарапынан, біздің пікірімізше, дәстүрлі исламды халықтың арасында таратуда қажетті жұмыстар

жүргізілмей, имамдардың сауатсыздығы салдарынан, бюрократизм, жершілдік пен діни білімдерінің таяздығы, дін саласында қызмет көрсетіп жүргендердің беделінің жоқтығын көрсетеді. Міне, осында жағдайда салафиттердің бір бөлігі тіптен радикалды бағытқа түсे бастады.

Дәстүрлі исламға қарсы келуден баска, салафиттердің арасында батысқа қарсы қөніл-қүйдің өсуі, оның Орталық Азия мемлекеттеріне де таралуы орын ала бастады. Аймақтың кейбір бөліктерінде жасырын топтар құрыла бастап, олар шариаттың негізінде, ислам дамуының бастапқы кезеңдерінде орын алған «жамағат» деп атлатын түптеп келгенде, әскери-саяси құрылымдарды жасақтай бастады.

Қазіргі кезеңде, біздің ойымызша, Орталық Азиядағы діни экстремизмнің бірнеше жаңа үрдістері бар екендігін айта кету керек. Діни-экстремистік топтардың мүшелері карулы «жихадқа» шығу үшін шетелдерге кету шараларын белсенді түрде ұйымдастырылуда. Терроризм идеологиясын насихаттауда жаңа технологиялар, оның ішінде ғаламдық Интернет желісінде радикалдық ұйымдар өздерінің веб-сайттарын қолдануда. Сонымен қатар, халықтың арасында карулы «жихадқа» барып ған катысуға дайын болмаса да, осындағы экстремистік әрекеттерді қолдайтындар санының өсу үрдісі анықталып отыр.

Аймақтағы мемелекеттердің саяси құрылышын, оның ішінде күшпен, террористік тәсілдермен қайтадан құруды мақсат етіп қойған әртүрлі экстремистік және террористік ұйымдардың қызметі, біздің пікірімізше, үнемі туындалған отыратын шиленістің көзі болатындығы сөзсіз. Діни экстремизм Орталық Азияның қоғамдық-саяси өміріне имманентті қатысы бар факторға айналды. Сонымен бірге бірнеше жылдар бойы терроризмнің мотивациясында әрқашан идеологиялық доминанттар басым болған, ал, қазіргі кезде діни мотивтер алдыңғы орынға шықты (бұл Қазақстан, Қыргызстан және Өзбекстанға тән сипатта болып отыр). Мұндай әрекшеліктердің ауысы орын алуы, террористік ұйымдардың құрылымдық жүйесіне айтарлықтай өзгерістер экеліп, ол өз кезегінде терроризмге деген қалыптасқан көзқарасты қайта қарауды талап етеді.

Орталықазиялық аймақта қалыптасып отырган жағдайға Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық күштері әскерлерін

Ауғанстаннан шығарылуы маңызды мәнге ие болып отыр. Сарапшылардың пікірінше, бұл – Ауғанстанға да, аймақтың басқа елдеріне де ешкім күптеген жаңа жағдайларға әкеліп соқтыруы ықтимал¹. Ауғанстандағы қазіргі кезеңде қалыптасып отырған жағдайда, біздің ойымызша, оның болашағы бар деген сенниммен қарауға болмайды. Осыған орай, Шанхай қоғамдық ғылымдары академиясы Ресейді зерттеу Орталығының директоры Пан Давейдің, «егер Ауғанстанның ішіндегі саяси қарым-қатынастарды реттеу шараларын қарастыру бойынша белгілі елдер өздеріне жауапты міндеттер алғып, басқа бір қосымша мақсаттарды көзdemей, жергілікті халықтың үйлесімді түрде бейбіт өмір сүрүлеріне, жағдайдың тұрақталуына нақты кепілдер берген кездеғана тығырықтан шығатын жол табылады.<...> Операцияларды жүргізуі бастаған кезде, АҚШ өзінің мұндағы максаты – Ауғанстанның аумағын талибердің ықпалынан алғып шығып, “Аль-Каиданың” мүшелерін жазаға тартып, оларды соттау. Қазір әскерлерді шығарған кезде Америка жаһандық стратегиялық ой-мақсаттарын іске асыруда: ол өзінің антитеррористік миссиясынан құтылып, ендігі күштің екпінін шығыска қарай ойыстыратын болды»², – деп айтқандарымен келісуге болады. Сонымен, Ауғанстандағы антитеррористік соғыс АҚШ-тың Орталық Азия аймағында әскери күштері қатысып, оның осында болуын да көнектітті.

Бұл бір жағынан, өзінің Ауғанстадағы әскер күштерін барынша көп қысқарта отырып, Америка осы аймақта қол жеткізген ықпалын сақтап қалуға тырысады, деп атап өтеді Пан Давей. Сонымен бірге, президенттік сайлау алдында Халықаралық күштердің әскерлерін шығарған соң Америкаға өзін тағы он жыл бойы Ауғанстанда болуды сақтап қалу құқығын беретін Карзаймен стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылған еді. Транзит мәселелерімен әскелерін жабдықтауды сұлтау ете отырып, Америка Ресей мен Орталық Азия арқылы өтетін тразиттік дәлізді әлі күнге шейін пайдаланып, Орталық Азияның кейбір елдеріндегі әскери базаларын сақтап қалғысы келеді (мұнда Қырғыз

¹ Ляхов Е. Г., Попов А. В. Терроризм: национальный, региональный и международный контроль... – С. 138.

² Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.]... – С. 24.

Республикасының американың «Манастағы» әуе базасын үстіміздегі жылы ел аумағынан шығару туралы шешім қабылдағанын ескеру керек). Басқа бір қырынан алғып карасақ, Ауғанстанға бақылау орнатуды пайдалана отырып, Америка осы аймақта стратегиялық үстемдікке ие болуы үшін Үлкен Орталық Азия жоспарын белсенді түрде іске асырып келеді. Соңғы жылдары өзінің әлемдік гегемон мәртебесі әлсіреп, шайқала бастағанын сезіп, сол беделін одан әрі қалайда түсірмеуді көздеңген АҚШ басшылығы, аймақтық державалардың ықпалын кемітіп, өзіне мықты бәсекелес болғандардың жолын қиу мақсатында жоспарларын аяқ астынан өзгертіп жатыр¹.

Ескерлерді шығару, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті сактау мәселелерін күрделендіріп жіберуі сөзсіз. Қазіргі таңда террористік және экстремистік топтардың Ауғанстанның солтүстік аудандарынан осы аймақта қарай жылжып жатқан үдерістерін бақылап көруге болады. Осылан байланысты, біздің ойымызша, ШЫҰ-ның ролі өсе түседі, ал, «Шанхай ынтымақтастық үйымы қызметінің басты бағыттары болып бейбітшілікті сактап, оны нығайту, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, оны бірінші кезекте – бірлесе отырып экстремизмге, сепаратизмге және терроризмге қарсы тұруды үйымдастыру болып табылады»². Сондықтан бүгінгі күні АҚШ әскерлері мен олардың одақтарының шығуы кезінде осы үйымның тарапынан Ауғанстан шекара аймағындағы қауіпсіздікті қүшеттіп, ШЫҰ-на мүшегелдердің де шекараларын қорғауға бағытталған шараларды белсенді түрде жүргізу керек.

Орталықазиялық мемлекеттер үшін Ресей ҰҚҚҰ, ШЫҰ, құрылышпен жатқан Еуразиялық одақта шенберінде де стратегиялық әріптес болып қала береді. Сондықтан Халықаралық коалиция құштерін Ауғанстаннан шығарылғаннан кейінгі аймақта қалыптасатын ахуал қандай болады, жаңа дағдарыстар орын ала ма, тұрақтылықтың қажетті деңгейін сактап қала ала ма? – деген сауалдар Ресейді мазалап, ол жалпы жағдайдың өрбүіне бей-жай қарай алмай отыр. Д.Б. Малышеваның айтудынша, олар –

¹ Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.]... – С. 25.

² ШОС как фактор интеграции: Фундаментальное исследование / Под ред. А. Л. Салиева; ИСАП КРСУ. – Бишкек, 2012. – С. 183.

АҚШ/НАТО посткенестік Орталық Азияда өздерінің әскери-саяси күштерінің болуын сақтап қала ала ма, әлде оларды шығарып кете ме, немесе керісінше, оның санын өсіре ме; осы аймақта Ресей мен Қытайдың қолдауымен қызмет ететін қауіпсіздік құрылымдарының ықпалдасуы және оның формалары мен механизмдері жақсы жолға қойыла ма, және де басқа аймақтық геосаяси ойыншылардың (Үндістан, Иран, Пәкістан) энергетикалық, транспорттық, әскери-саяси жобаларға қатысуы қалай болады деген сауалдар мазалауда¹.

2012 жылы ШЫҰ мүше-елдердің басшылары Кеңесі отырысында В. Путин, ШЫҰ шеңберінде «жаңа сын-қатерлермен күрес саласындағы ынтымақтастықты нығайтуда негізгі ұйым – Аймақтық антитеррористік құрылым» (ААК) (*орыс тіліде-PATC*) деп мәлімдеді². Ол үшін осы құрылымның негізгі күш-құралдарын айқындал, мұдделі болып отырған барлық елдерді диалогқа шакырып, басқа да халықаралық ұйымдармен, оның ішінде ҰҚҚҰ (*орыс тілінде-ОДКБ*) тығызы қарым-қатынастарды үйлестіру керек.

Ауғанстан төнірегіндегі жағдайды қалпына келтіруде, біздің пікірімізше, осы елмен ШЫҰ-ның экономикалық ынтымақтасуды дұрыс жолға қоя білуі маңызды мәселе болып отыр. Келешегі бар, бірлескен экономикалық, әсірісе инфрақұрылымдық құрылым саласындағы (мәселен, Орталық Азияны Иран, Пәкістан, Үндістан және Оңтүстік Азияның басқа елдерімен байланыстыра алатын автомобиль жолдары мен теміржол салу) жобалары тек қана экономикалық емес, стратегиялық маңызы зор болар еді. Осындай жобаларды іске асыру экономиканы дамытумен қатар, Ауғанстан территориясында қауіпсіздікті орнатып, оны сақтап тұруға да ШЫҰ мүше елдерінің қызығушылығын арттыра түсер еді.

РҰА академигі В. Г. Барановский, Орталық Азияға төнетін сын-қатерлердің үш деңгейде болатындығын атап көрсетеді:

«тұрақтылыққа төнетін сын-қатерлер, олар ішкі сипатта болады, аймақтағы елдердің ішкі жағдайынан шығады;

¹ Малышева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии // Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.]/ Отв. ред. И. Я. Кобринская... – С. 6//URL: <http://old.imemo.ru/tu/publ/2013/13002.pdf>

² Выступление В. Путина на заседании Совета глав государств – членов Шанхайской организации сотрудничества 7 июня 2012 г. // URL: <http://news.kremlin.ru/transcripts/15589/print>

жалпыаймақтық проблемалар;

сыртқы проблемалар»¹.

Шындығында, осылардың қайсысы маңыздырақ екендігін анықтау өте қындау, өйткені ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланыстары өте тығыз болады. Терроризм – бұл халықаралық қауымдастыққа да, аймакқа да, жеке елді алғанда да өте маңызды. Сонымен қатар, В. Г. Барановскийдің айтуынша, Орталық Азияның барлық елдері терроризммен күрес жүргізуге дайын екендігі туралы мәлімдеме жасап, олар халықаралық қауымдастықтың қодауына иек арта алатындығына сенім білдірді. Бірақ «көп жағдайда бұл күрес оппозицияны басып жашуға немесе өздерінің қарсыластарын жоюға бағытталған сұлтау ретінде қалып қояды. Сондықтан терроризммен күрес және ішкі саяси динамиканың арасындағы өзара байланыс жиі кездесіп отырады, ал, тұрактылықты сақтаудың проблемалары сыртқы да, ішкі де факторлармен шиеленісе байланысып жатады»².

Орталық Азиядағы ахуалдың жалпыәлемдік контексте, оның ішінде Ауғанстандағы әскери-саяси жағдайдың өзгеріске ұшырауына орай, сарапшылар төмендегідей мүмкін болатын сценарийлердің даму желісін ұсынады³.

Сценарий 1 – пессимистік. Ол – Ауғанстандағы АҚШ пен Қауіпсіздікті қолдау бойынша халықаралық құштердің негізгі контингенті сол жақтан шыққан соң, ондаішкіазаматтық пен ішкітникалықтарды тұруды шиеленістіріп, Ауғанстанда құлашын кеңге жайған қарулы қүрестің шығып кетуіне дейін апаруы мүмкін. Оның бізге қолайсыз нәтижесі – ымыраға келмейтін талибтердің билікті алуы және олардың 1996–2001 жылдардағыдай Ауғанстанда «Аль-Каїда» және соның бастаумен әрекет етуші халықаралық терроризм құштерінің Орталық Азияға да, Ресейге де қауіп төндірген жағдайлардына қайтадан оралуы болар еді.

¹ ЦА в контексте меняющегося миропорядка и новых вызовов безопасности в регионе: Первое рабочее заседание // Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.]. . – С. 26.

² ЦА в контексте меняющегося миропорядка и новых вызовов безопасности в регионе: Первое рабочее заседание ...

³ Сценарии для Центральной Азии: Пятое рабочее заседание// Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.]. . – С. 65–66.

Осыған байланысты қауіп-қатер төндіретін оқиғалар мынадай болуы ықтимал: азаматтық соғыстың әскери қымылдары Ауғанстанмен шекаралас мемлекеттер – Тәжікстан мен Өзбекстанға таралуы мүмкін; ішкісаяси тұрақсыздықтың Орталық Азияда ұлтаралық жаңжалдың орын алудың соқтыруы; әлеуметтік шиеленістің Ауғанстан аумағынан босқындардың жаппай келуін үдетеу мүмкін; Орталық Азиядағы (әсіресе, Ферғана өнірінде) исламдық астыртын ұйымдардың және олардың «жасырын ұяшықтары» Ауғанстанда орнығып алған «қарулас бауырларымен» (Өзбекстан Ислам қозғалысы, «Аль-Каїда» сияқты топтармен) бірлесе отырып, аймак мемлекеттерінің зايырлы негіздерін бұлдіру үшін үкіметке қарсы әрекет етуі ықтимал.

Сценарий 2 –байыпты-пессимистік. 2014 жылы батыс коалицияның әскерлерін Ауғанстаннан шығарылғаннан кейін және президент Карзайдың өз лауазымынан кеткен соң, билік үшін Ауғанстан ішінде әртүрлі саяси күштер күресінің шиеленісуінен кейін осы билікке «байыпты талибтердің» ие болып қалуымен аяқталады.

Қысқа мерзімді болашақта Орталық Азия үшін бұл пессимистік сценарийдегідей орын алатын ушықкан зардалтарға апарып соқтырмауы мүмкін. Талибтер Орталық Азияның териториясын жаулап алуға немесе осы аймақта халифат орнату үшін басып кіруге әрекет етпейді; Ауғанстанның өзбектері мен тәжіктері, ең алдымен ел ішінде өз көзқарастарын нығайту мақсатында өз әрекеттеріне қолдауды Орталық Азиядан – өздеріне туыс халықтардың арасынан іздемейтін болады.

Алайда ұзак мерзімді келешекте байыпты-оптимистік сценарий – Ауғанстан ішінде орын алған бәсекелестік күрестің күшеюі жағдайында немесе ауған-пәкістан қарым-қатынасының шиеленісуі кезеңінде – пессимистікке өзгеруі мүмкін. Міне, сонда орталықазиялық мемлекеттердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатер шынайы нышандарға ие болады.

Сценарий 3 – оптимистік. Ауғанстандағы ұлттық татуласу бағдарламасы мен реинтеграция іс жүзіне асырылған жағдайда, осының негізінде Ауғанстанда тұратын барлық негізгі саяси күштер мен халықтардың – пуштундар мен пуштун еместердің (тәжік, өзбек, хазарлар және т.б.) мұддесін қорғайтын коалициялық үкіметтің құрылуы мүмкін. «Ымыраға келмейтін» талибтер немесе

«Аль-Каидамен» байланысы бар исламдық топтарды бейтарап қалдыру, олардың көзін жоюы Ауғанстан мен Пәкістанда, және де орталықазия елдерінде әрекет ететін діни-экстремистік күштердің көрсетіліп жақтан едәуір қодауын да тоқтатады. Мұндай сценарий Орталық Азияға мынандай мүмкіндіктер береді: тұрақсыздыққа сырттан төнетін қауіп-қатердің болмауынан саяси жүйені нығайту; дамудың зайдірлі бағытын сактап қалу, және де саяси билік пен саяси режимнің тарихи қалыптасқан дәстүрі бойынша оның секулярлығына нұқсан келтірмеу; Ауғанстанмен өзара тиімді энергетикалық және транспорттық жобаларды дамытуды қарастыру қажет¹.

Ауғанстандағы оқиғалардың жағымсыз сценарий бойынша дамуы аймақта көтерілістерге, төңкерістер мен азаматтық соғыстарға әкелуі мүмкін. Сонда әрине, ШЫҰ мен ҰҚҚҰ бойынша одақтастардың іске араласуына тұра келеді. Бұл бірінші кезекте осы аталған ұйымдарға мүше елдердің барлығында әлеуметтік және экономикалық шиеленістің өсүіне әкелетін болады. Ахуалдың оптимистік сценарий бойынша дамыған жағдайда талибтер өздерінің ықпалдасу аймағы ретінде, этникалық жағынан халқы оларға бөтен, көршилес орталықазиялық республикаларына қарайбет бұрын екітадай. Ауған талибтері жақын болашақта ислам мемлекеті мен халифатты орнату үшін Орталық Азия территориясын басып алуды өздеріне мақсат етіп қоймайды. Сондықтан, біздің ойымызша, Орталық Азия аймағында қауіпсіздіктің сақталуының негізгі сын-катері ішкі әлеуметтік-экономикалық проблемалардан болуы мүмкін.

Мұны басқа жағынан алып қарағанда, аймак елдерінің қауіпсіздігіне Ауғанстан мен Пәкістанда орнығыпи алған Өзбекстан Ислам қозғалысының күштері мен басқа террористік құрылымдарынан қауіп-қатер төнүі мүмкін.

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Қоғамдық-саяси үдерістерді посткеңестік кеңістікте зерттеу бойынша Ақпараттық-талдау орталығының мамандары және «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы (Қазақстан) жүргізген сараптамалық дискуссияның нәтижесінде аймак елдерінің қауіпсіздігіне әсер етейн бірнеше сын-катерлер

¹ Сценарии для Центральной Азии: Пятое рабочее заседание... – С. 65–66.

анықталды¹. Оған қоса, сарапшылардың ерекше айтып өткен мәселесінің бірі, аймақта төнетін сын-қатерлерді қарастырғанда, кезкелген елдің ерекшелігіне баса назар аударған жөн, өйткені, бір қауіп-қатер әр елде әрқалай көрініс беріп, әрқалай қабылдануы мүмкін еken.

Біріншіден, сарапшылар қауіп-қатер ретінде ислам радикализмін бөліп қарастырады. Аймақта тұратын халықтың діншілдігі деңгейінің өсуі – бүтінгі күннің объективті үрдісі. Оған қоса, бұрын Орталық Азияда болмаған, ислам фундаменталистік ұйымдарының жолын куушылары санының өсуі назар аудартады. Сарапшылардың пікірінше, бұл үдерістің қауіпі исламның саясаттануы мен мемлекеттік және қоғамдық институттардың әлсіздігі аясында жаңа саяси күштердің пайда болуымен байланысты еken. Қазір Орталық Азияның ислам ұйымдары бұқара халықтың қолы жететін идеологияға сүйеніп, халықаралық қаржы және де, бәлкім, әскери қолдауға да ие болуы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, аймақтағы саяси ислам әлі қалыптасу деңгейінде келеді: ол өзінің ресурстық базасын кенейтуде, саяси талаптарын түзіп, әлеуметтік негізін әзірлеп, келешекте зайырлы мемлекеттік жолдың және өзін қоғамдық бағыттың дамуына балама бола алатындар қатарында қалыптастыру үстінде. Бұл үшін Орталық Азия елдерінде барлық қажетті әлеуметтік және саяси мүмкіндіктер бар (кедейшілік, жемқорлық, мұліктік жікке бөліну және т.б.). Саяси күш ретінде қалыптастып алған соң, исламшылдар Орталық Азияның аумағында жаға мемлекеттік құрылымды құруға ұмтылатын болады. Әзірше мұндай шараларға шыныдыққа жанаспайды деген оймен, оған ешкім дең қоймағанымен, кейбір сарапшылардың айтуынша, мұны тек уақыттың еншісінде екендігін айтады. Сарапшылардың бағамдауынша, исламизацияланудың қауіпі Қазақстан мен Қырғызстан үшін төнетін көрінеді, өйткені, ондағы халықтардыңдіні білімінің деңгейі төмен және фанатизмге қарсы тұратын иммунитеті жоқ².

¹ Выступление руководителя Центра социальных и политических исследований «Стратегия»(Казахстан) Г. Илеуовина на экспертной дискуссии по проекту «Центральная Евразия» // URL: <http://www.ia-centr.ru/expert/14058/>

² См.: Парамонов В. Угрозы безопасности Центральной Азии и основные сценарии развития региона (25.08.2012) // URL: <http://www.ceasia.ru/forum/ugrozi-bezopasnosti-tsentralnoy-azii-i-osnovnie-stsenarii-razvitiya-regiona.html>

Екіншіден, ауған қауіп-қатерінің актуалдылығы 2014 жылы коалициялық әскерлерді шығарудан туындауы мүмкін деп қарастырылуда. Кедей әрі тек есірткі өндірудің есебінен ғана өмір сүретін ел, өзі өзімен, өз проблемаларымен жеке қалғанда, азаматтық соғысқа барып ұрынады деген пікір бар. Мұндай жағдайда, Г. Илеуованиң айтуынша, Орталық Азияның онтустік шекараларынан аймақ елдеріне үнемі төніп отыратын қауіп-қатердің қайнар көзі болары анық. Босқындар мен заңсыз келімсектердің санының өсуіде – Ауғанстанда ішкі жағдайдың тұрақсыздандыру мүмкіндігінен болатын зардаптарды ескерген жөн¹.

Сонымен қатар, АҚШ әскерлерінің кетуі, Ауғанстандағы және тұтас осы аймақтағы жағдайдың шиеленісіне экеліп, оның келенсіз қалыпта дамуы міндетті түрде бола қоймас деген пікірмен келісуге болады. Біріншіден, Ауғанстаннан коалициялық әскерлердің толық шығуын күті мүмкін емес, тіптен олардың шыққан күнінде де, бұл керісінше, аймақтағы геосаяси шиеленістің қарқынын төмендетеді. Өйткені, Пәкістан, Иран, Қытай және Ресей бірден «тынышталады». Екіншіден, соңғы жылдары көршілес елдер (Тәжікстан мен Өзбекстан) Ауғанстанмен қарым-қатынас орнатуды үйрәнді. Осы елдердің басшылары көрші елдегі шиеленістің үдей түсүіне жол бермеу үшін қандай шараларды қолдану қажеттігін түсіненін нақты ой-пікірлер қалыптасты.

Ушіншіден, сарапшылардың пікірінше, есірткі заттарын заңсыз саудаға салу қауіпі өте маңызды мәнге ие болды. Соңғы жылдары аймақтың барлық елдерінде есірткі заттарына тәуелді болғандардың саны артып, оны бақылаушылар Ауғанстаннан келетін наркотраффик проблемасынын әлі де шешілмей жатқандығын атап өтеді.

Төртіншіден, кедейшіліктің өсуін жеке проблема ретінде қарастыруды талап етеді. Өйткені, аймақта тұратын халықтың, Қазақстаннан басқалары, басым бөлігі ақша табудың жолын іздең, басқа елдерге кетуге мәжбүр болды. Әлеуметтік жағынан алғып қарағанда, осы мәселе бойынша Тәжікстан мен Қырғызстандағы жағдай ешкандай сын көтермейді. Бастаң кешкен күйзелістен кейін осы елдердің сын-катерге деген төзімділігі сыр бере бастаған.

¹ Выступление руководителя Центра социальных и политических исследований «Стратегия»(Казахстан) Г. Илеуовой...

Әсірепе, Қырғызстандағы жағдай аланнадатады, өйткені ондағы әлеуметтік тұрасыздықпен қатар, ұлтаралық, саяси жағынан күрделі проблемалар бар екендігі анық. Сарапшылардың бірқатары елдің ыдырауы мен Ауғанстандағың тұрасыздықтың орнауына ұқсастығы бар сценарийлерді талқылауда. Тәжікстанда тұрақсыздандыру қауіпі ішкі саяси қарама-қайшылықтармен байланысты. Таулы-Бадахшан облысында орын алған соңғы оқиғалар көрсеткендей, бұл елде жергілікті оппозицияның радикалдануы, олардың билікте отырған режимге ашық қарулы қарсы тұруға дейін барғанын көрсетті¹.

Сонымен, Орталық Азияға төнетін қауіп-қатер жүйесінде, нақты айқындалғаны болып, оның ішкі себептері жатады еken. Анықталған барлық қауіп-қатерлердің бәрі, біздің пікірімізше, аймақтың дамуында келенсіз қалыптағы сценарийлердің жүзеге асуына түрткі болуы ықтимал. Мұндағы тіптен жағымсыз жолмен өрбитін сценарий қатарында еларалық жаңжалдардың нәтижесінде аймақтағы ахуалдың тұрақсыздануы, кезекелген бір елдегі ішкі себеп-салдарына байланысты ыдырауы, азаматтық соғыстың басталуы – міне, осылардың барлығының айналасында террористік және экстремистік ұйымдардың іс-қымыл белсенділігі бірге жүреді.

«Стратегия»/ ӘСЗО «Алатау» (Қазақстан) пікірталас клубының сарапшылары аймақтың болашакта қысқа және орта мерзімдік дамуының негізгі сценарийлерін анықтайтын факторлардың бүтіндей кешенін анықтап, оны төрт деңгейге бөліп қарастырды:

– жаһандық деңгейі, оның әлемдік саясат пен экономикада болып жатқан немесе болатын өзгерістерді қамтиды. Мұның себептерін түсініп, олардан болатын зардапты зерделеуді жергілікті сарапшылар деңгейіне түсіру мүмкін болмай отыр;

– аймақаралық деңгейі, оның ірі державалардың бір-бірімен, және де аймақпен өзара қарым-қатынасы арқылы әрекеттесуінің өзгешелігін анықтайды. Осы деңгейдегі үдерістерді жалпы түсініп қабылдау барышылық. Бірақ Орталық Азиядағы аса ірі геосаяси ойыншылардың шынайы ұғарымдарын білу, көпшілік жағдайда,

¹ Выступление руководителя Центра социальных и политических исследований «Стратегия»(Казахстан) Г. Илеуовой...

сарапшылардың ой-тұжырымдауларынан тыс қалып жатады. Осы бағыт бойынша мамандар мен сарапшылардың жоқтығы байқалды;

– ішкіаймақтық деңгейі. Мұнда жекеленген елдер арасындағы өзара қарым-қатынас, олардың аймақтағы жағдайдың қалыптасуына әсер етуші себеп-салдары қарастырылады. Бұл деңгейде осы мәселелерді сарапшылар қауымының толық әрі терең талдағандары белгілі. Әдетте, кезкелген елде осы тақырып бойынша мамандырылған сарапшылар тобы бар;

– ішкіелдік деңгейі. Сарапшылық зерделеудің ең жоғары дәрежесі ішкі елдік үдерістерде молынан кездесіп жатады. Бірақ бұл деңгейде берілетін бағамдар сарапшының алатын орны мен әртүрлі шектеулерге орай идеологияландырылған немесе біржақты сипатта болады¹.

Осы мәселелерді ескере отырып, Орталық Азиядағы ахуалдың дамуын орта мерзімдік болашаққа болжаудың өзін сарапшылар күрделі шара екендігін мойындайды. Олардың бағамдауы бойынша, «осы аймак саяси және экономикалық тұрғыдан мазмұны мен пішіні өте әркилы, ал, оның бастапқы жағдайында даму жолының көптеген белгісіз, айқын емес факторларының болуы зерртеуді кынната түседі»².

Сонымен, осы тарауда жасалған талдаудың негізінде, мынандай қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, Орталық Азиядағы халықаралық терроризмнің көрініс беруінің басты факторларына, ең алдымен халықтың негізгі бөлігінің әл-ауқаты мен білім деңгейінің тәмен болуында, қоғамда мұлікке иелік ету бойынша жікке бөлінудің өсуі, және де мемлекеттік институттардың әлсіздігі мен биліктің басып жаншу аапаратының қүшіне түсіуі, олардың мұндай әрекеті радикалды исламшыл идеялардың ел арасында кеңінен таралуына себепкер болуында.

Екіншіден, қол астында материалды базасы мен басқа елдердің қолдауына ие болған Орталық Азияның аумағында әрекететуші радикалды діни ұйымдар биліктे отырған режимдерге ашық түрде қарсы тұратын мүмкіндіктері бар.

¹ Аналитический доклад «Центральная Азия – 2020: взгляд изнутри» (2012). Часть 3 / Информационное агентство REX. Вып. от 14.09.2012.// URL: http://www.iarex.ru/newsletter/2012/REX_140912.pdf. – С. 11.

² Сонда.

Үшіншіден, аймақтағы әртүрлі елдердің арасындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті айқындайтын арасызығы шартты түрдегі сипат алуда. Діни-саяси экстремизмнің тараалауы, терактілер болуының қауіпті аймақтың барлық елдерінде айтарлықтай жоғары. Орталық Азия мемлекеттері үшін, олардың елдік өзгешеліктерін ескере отырып, халықаралық терроризмнің ықпалына түсіп қалатын объективті мүмкіндіктердің бар екендігін мойындау керек. Осы аймақта болашақта терроризм идеологиясының өркендеуіне сыртқы және ішкі сипаттағы факторлардың әсер ететіндігі айқындалды.

Төртіншіден, терроризмнің мотивациясында идеологиялық доминант әркезде басым болғаны анық. Қазіргі кезде Орталық Азияда діни мотив (әсірісе, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанда сипат алуда) үстемдік құруда. Мұндай ерекшеліктің орын алуды садарынан террористік ұйымдардың құрылымдық жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, өз кезегінде, аймақтағы халықаралық терроризмді зеттеудегі қалыптасқан көзқарастарды қайта қарауды талап етеді.

Бесіншіден, коалициялық құштердің Ауғанстаннан шығарулы Орталық Азиядағы ахуалдың күрделене түсүіне әкеліп соқтырады. Террористік белсенділіктің үрдісі Ауғанстанның солтүстік аудандарынан осы аймаққа ағылып келуі – Ауғанстанмен шекаралас жатқан Тәжікстан және Өзбекстан секілді елдерде соғыс қимылдарына ұласу мүмкіндігі бар жаңжалдар орын алғып, бұл орталықазиялық елдерде ұлтаралық арандатудың шиеленісіне ұласатын тұрақсыздандыру факторының бірегейі болуы мүкін.

7 Тарапу. АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҮРУ

Халықаралық терроризм және әлемдік державалардың мүдделері

Орталық Азия елдерінің аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, оның халықаралық терроризмге қарсы тұру контекстінде бірқатар проблемалық мәселелердің басын ашып, оларды сарапшылық ортада қосымша талдауды қажет деп санаймыз.

Біріншіден, орталықазиялық аймақ қайшылықтар шиеленісі бар (конфликтогенді) аймақ ретінде және мұнда көмескіленіп жатқан жаңжалды жағдаяттардың ошақтары мол болуымен сипатталады. Орталық Азия мемлекеттері үшін аймақтағы террористік белсенділіктің өсуіне өзгеше бір «мотивациялық орталығы» іспеттес болған, оның әлеуметтік базасын жоюға бағытталған қөпжақты саясатты ұстануы абзal.

Екіншіден, Орталық Азияда халықаралық терроризммен құрестің қазіргі жағдайы бүгінгі геосаяси ахуалға сәйкес аймақтық қауіпсіздіктің бірыңғай жүйесін қалыптастыру проблемаларын өзекті ете тұсті.

Үшіншіден, Ауғанстаннан әскерлердің шығарылуына орай және соған байланысты Ауғанстанда ішкі этникалық теке-тірестің орын алуы мүмкіндігіне қарай осы елде және тұтас осы аймақта жағдайдың қалыптасуы бойынша сценарийлер болжамын құрастыру қажет.

Аймақтағы қазіргі заманғы халықаралық терроризмінің пайда болуы мен оның алғы шарттарының шығу себептерін алдымыздығы тарауда зерттеу нәтижелері арқылы, оның үдерістері, оқиғалар мен құбылыстарының бір бірімен өзара байланыстарын анықтайтын детерминанттарын ашып көрсетіп бере алатын болады. Бұл түбінде Орталық Азиядағы қалыптасқан геосаяси жағдайды, Орталық Азиядағы халықаралық терроризм мәселелерін шешуде әлемдік державалардың мүдделерін анықтап береді. Сонымен қатар, біздің пікірімізше, Орталық Азия елдерінің халықаралық қатынастары мен ұлттық мүдделерінің геосаяси аспектілеріне назар аудару методологиялық тұрғыдан алып қарағанда дұрыс болар еді.

Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі заманда орталық азиялық аймак – «ошақтары оқшауланып, көмескіле түсken әртүрлі шиеленіс жағдайларымен сипатталатын едәуір «қайшылықтар шиеленісі бар аймақ» болып келеді. Шиеленістің кластерлеріне мәселесі “қатып қалған“ жаңжалдар шоғырланған территориялар жатады. Осында “қатып қалған“ жаңжалдарды бір жақтың оларды шешіп, “ерітуге“ деген талпынысы, тек қана осы кеңістіктегі елдердің бәріне сыртқы қауіп-қатер болып қана қоймай, одан да кең геосаяси ауқымдағы мемлекеттердің қалыпты жағдайына сын-катерелер әкелері анық»¹.

Қайшылықтар шиеленісін әлеуетін (*конфликтогенді потенциалын*) қарастырғанда, маңызыды фактордың бірі халықтың этноәлеуметтік зердесіне назар аударған дұрыс болады. Орталық Азия халықтарының тарихи санаы қазіргі қалыптасқан ұлтаралық қатынастардың сипатына үлкен әсер етеді, өйткені тарихти өткен жолға мән бермей, оны түбегейлі жоққа шығару қайшылықтар шиеленісі әлеуетінің өсуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Этноұлттық жаңжалдар әртүрлі әлеуметтік топтар арасында саяси, мәдени, экономикалық салаларда қарама-қайшылықтардың бар екендігін барынша жиірек көрсетеді. Соның салдарынан көршілес елдердің бір-біріне территориялық талап қоюшылықта байланысты туындаған жаңжалдың өзі экономикалық, саяси алауыздыққа апарып, оның бәрі түбінде этноұлттық ренкте болатыны анық.

Ішкімемлекеттік этносаяси қарама-қайшылықтар мен ұлтаралық жаңжалдар күрделі мемлекетаралық жаңжалдардың себеп-салдары болуы мүмкін. Екіжақты қарым-қатынаста анклав факторының болуы маңызды ролге ие. Этностардың бір жерде шоғырлана тұруына, олардың оқшаулануға тырысып баққанын, кейбір күштер оларды көп жағдайда мемлекеттік құрылымдық деңгейінде көрсеткісі келеді. Мәселен, Өзбекстанда Самаркан мен Бұхараның тәжіктері мәдени автономияға өтуге құлышының білдіруі, өзбек билігі тарапынан соған қарсы әрекет жасауына әкеліп соқтырады. Ферғана өнірінің қырғыз бөлігінде өзбектің бейресми

¹Искакова Г. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая...; Терновая Л. О. Внешние и внутренние угрозы безопасности в бесполярном мире: проблемы измерения // Вестник Моск. ун-та. Сер. 18. Социология и политология. – 2009. – № 1. – С. 17.

сепаратистік үйімі ФАНО (Ферғана, Андіжан, Наманган, Ош) әрекет етеді. Оның мақсаты аталған төрт облыстың территориясында өзінің дербес мемлекетін құру мақсаттары болғаны белгілі. Бұл факторды Орталық Азиядағы ахуалды тұрақсыздандыру үшін экстремистердің бірнеше рет қолданғаны анықталды.

Мемлекетаралық шиеленістік әлеуеттің алғы шарттарының өршүі ішінде шекараны жүргізу кезінде соңына дейін шешімін таппаған терриориялық таластардың туындауы аса маңызды мәнге ие болып отыр. Орталықазиялық мемлекеттердің арасындағы жасанды сипаттағы шекаралар этникааралық қарым-қатынастардың тұрақсыздандыру роліне ие әрі соның салдарынан мемлекеттердің және аймақты тұтас алғанда, оның саяси тұрақтылығына айтартықтай қауіп-катель туғызытындығын атап өту керек. Этникалық топтардың ұлттық-терриориялық бөлінуі кенес дәуірінен қалыптасып қалған республикааралық шекаралардың сипатынан мұлде өзгеріске ұшырауы, және де КСРО ыдырағаннан кейін, өз шекарларын біржакты жүргізуі, оның кейбір тұстарына жарылатын миналардың қойылуы, мемлекеттер арасында белгілі бір шиеленістерге алып келуде. Сондықтан аймақтың қауіпсіздігін сақтаудың актуалдылығы республикалар арасында қалыптасқан этнотерриториалды және шекарааралық мәселелерді шешудің конструктивті тәсілдерін қарастыруды табу болып отыр.

Қазіргі геосаяси жағдайда орталықазиялық аймақта су пролемаларын, оны бөліп, пайдалануды бірінші кезекке қойып, экономикасы аграрлық-ауылшаруашылық бағыттағы елдерде су ресурстарының тапшылығы маңызды ролге ие болады¹.

Аймақта этникааралық қатынастардың шиеленісуіне демографиялық факторлар да әсер етеді. Бұрынғы және қазіргі миграциялық үдерістердің, олардың халықтардың дәстүрлі түрде қоныстануының тепе-тендігі мен оның сипатының өзгеруі осы жақтағы бұрыннан қалыптасқан этникааралық жағдайға айтартықтай ықпал етеді. Соңғы екі онжылдықта орталықазиялық аймақтың демографиялық құрамы көптеген өзгерістерге ұшырады.

¹Крамер М. Интегрированное и ориентированное на устойчивость управление водными ресурсами: Потенциал сотрудничества между Германией и Центральной Азией. – Алматы: Идан, 2010. – С. 332.

Қазіргі көшіп-кону үдерістерінің қарқындылығы (орыс тілді халықтардың аймақ елдерінен үдерे көшуі, Қытай мен Оңтүстік Азия өкілдерінің посткеңестік республикаларға жаппай келуі; оқшауланған соғыс жаңжалдары шыққан жерлерден босқындардың келуі; енбек мигранттары) этносаяси әрі экономикалық және де басқа себеп-салдардың жынтығы болды.

Орталық Азиядағы қазіргі қалыптасқан этносаяси үдерістер, ұлтаралық шиеленістер мен этникааралық жаңжалдар ішкі – және мемлекетаралық деңгейде діни факторлардың орын алуымен де анықталады. Орталық Азия елдерінде, сондай-ақ қазіргі заманың әлемдік саясатында да біршама діни қайраткерлер мен ұйымдар саяси жүйенің құрамдас бір бөлігі болуды қалап, қоғам мен мемлекеттің өміріндегі ролін күшеттуді яғни діни ұйымдардың саясилануы көрініс беріп отыр. Қыргызстандық зерттеуші Л.Лыскованың пікірінше, діннің шектен тыс саясилануы, дін басыларының әлеуметтік белсенділігіне, бұқаралық санада оның беделін өсіре түсіп, діни құндылықтардың жағымдылығын аша түседі әрі оған деген қызығушылықты арттыра береді¹.

Сонымен, қорытындылай келсек, Орталық Азия елдерінде қалыптасқан қайшылықтар шиеленісінің әлеуеті, оның өзіндік ерекшеліктері мен үрдістері аймақтың этносаяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерінің дамуына кері әсер ететіндігі анықталды.

Сонымен қатар, Орталық Азия аймақтық қауіпсіздігінің жаһандық қауіп-катері есірткі заттарының зансыз сауда айналымына түсіі болып табылады. Бүгін әлемде зансыз өндірілген есірткі заттарының басым бөлігі ауғаннан шыққандығы анықталып отыр. Ауғанстан наркотрафигіймақ елдері, оның ішінде Қыргызстан мен Тәжікстан арқылы еуропа нарығына шығарылады. Апиындық топтағы есірткілерге деген батыс елдеріндегі сұраныстың артуы, оның құны тасымалдау кезінде (соңғы тұтынушыға жеткенде оның бағасы 50 есе өседі) одан әрі көтеріле түсіі, пайда өндірудің ең жоғары деңгейі бола тұра, есірткі бизнесінің орталықазиялық тасымалдау дәлізіне деген қызығушылықты арттырып отыр.

¹Лыскова Л. Этнополитические процессы в Центрально-азиатском регионе в условиях нового миропорядка. Автореф. дис. ... канд. полит. наук. – Бишкек, 2007.

Халықаралық терроризмге қарсы халықаралық ынтымақтасу, әсіреле, Ауғанстандағы контртеррористік операция кезінде және қауіпсіздікті қолдау бойынша халықаралық құштердің осында орналасуы, негізінен, есірткі заттарының таралуына орталық азиялық мемлекеттердің тиімді түрде тоқсауыл болуы тиіс еді. Ал, іс жүзінде бұл мүлде керісінше болды. Ресейдің НАТО-дағы тұракты өкілі А. Грушконың мәлімдемесі бойынша, «ISAF-тың Ауғанстанда болған кезінде құрамында есірткісі бар заттардың – героин және басқа есірткілердің – тасымалдану легі оншақты есеге өсіп кетті. Тек соңғы жылдар бойы осындағы өнім егудің алқабы, кейбір мәліметтер бойынша, 10-нан 30 пайызға дейін өсе түсті, есірткі заттарының оразан зор коры жинақталды. ISAF құштері бұндай қауіп-қатерге тойтарыс береді алмады»¹.

Сонымен, қорытынды ретінде айтатын болсақ, орталық азиялық аймақ – бұл айтарлықтай қайшылықтар шиеленісі бар аймақ болып табылады, онда оқшауланған және жасырын жаңжалды жағдайлардың ошақтары көптеп болуымен сипатталады. Қандайда бір шиеленістер Орталық Азия мемлекеттері құрылудың тарихи және саяси алғы шарттары әсерінен, соған байланысты оның саяси-элеуметтік және этнотerritorialық проблемасынан туындалған жатса, енді бір басқалары ислам ренессансы, оның саясилануы мен радикализациялануы нәтижесінде пайда болғандығын айта кету керек. Осыладың барлығының жиынтығы осы аймақта шиеленісті дағдарыстың тууына себепкер болды. Оның есесіне, К. Ыскакованың айтудың «1990-шы жылдардың бас кезінде орын алған Тәжікстандағы азамат соғысы Орталық Азияның өзі оңтүстіктен өршіп келе жатқан сын-қатерлерге қарсы шара қолданып, оны тоқтатуға бітімгер бола алмайтындығын көрсетіп, керісінше, белгілі бір жағдайларда, оның өзі халықаралық терроризм, есірткі заттары мен кару-жарапты заңсыз сауда айналымынан болатын қауіп-қатерді туыннатуы ықтимал екен»².

Орталық Азиядағы геосаяси жағдайдың дамуынадәстүрлі сын-қатердің, сонымен катар, салыстырмалы түрде аймақ мем-

¹ Постпред России при НАТО: Производство наркотиков в Афганистане выросло в десятки раз (28.05.2013) // URL: <http://www.fergananews.com/news.php?id=20695>

² Исакова Г. Центрально-азиатский регион в стратегии России, США и Китая...

лекеттерінің қазіргі дамуына байланысты шықкан оның жаңа түрлері де себепші болды. Жаңа тәуелсіз республикалардың егемендікке қол жеткізген шағынан бастап, оладың мемлекетаралық қарым-қатынастарында судың, жердің және егіс алқаптарының және т.б. жетіспеушілігінен жалпы аймақтың жанжалдар проблемасы ортақ сипатта бола бастады. Жалпы сипаттағы дағдарысты (қазіргі кезеңдегі және келешектегі) тудыратын себеп-салдарға профессор И. Д. Звягельскаяның айтуынша, жергілікті қауымдастықтың тайпааралық және мемлекетаралық, элиталар бәсекелесі және т.б. сияқты күрделі жүйесінің әлеуметтік-саяси құрылымындағы өзгешелікті жатқызуға болады¹. Мұның барлығы өзінің табиғатынан қауіпті және келенсіз ахуал орын алғанда өте күрделі шиеленісті жағдайларға әкеліп, оны халықаралық террористік құрылымдар өз мақсатына сәйкес пайдаланып кетуі мүмкін. Осыған байланысты З. Т. Турдиеваның айтуынша, «аймақтық және жекеленген елдер жағдайында мемлекетаралық қарулы жаңжалдың орын алуы және оны бакылаудан шығып, одан әрі үдең кету қаупі бар. Ресейлік және батыс сарапшылары мен белгілі саясаттанушылары мұнда революциялық сілкіністердің болуы түptеп келгенде орталық азиялық аймақта қалыптасқан ахуалға кері әсер етуіне аландаушылық білдіруде...»².

Орталық Азия мемлекеттерін бірынғай дін, жалпыға ортақ мәдени және тарихи дәстүрлер, сонымен бірге, табиғи-климаттық жағдайлардың ұқсастығы біріктіре түседі. Сонымен қатар, аймақтағы елдердің көпшілігінде демократиялық дәстүрдің жоқтығы, билік тек мемлекеттің қолында шоғырлануы, азаматтық коғам институттары дамуының кенжелеп қалуы, экономиканың құлдырауы – міне, осының барлығы тегіс саяси және экономикалық даму көрсеткішінің төмен екендігін көрсетеді.

Ауғанстанмен көршілес болу ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік проблемаларын қамтамасыз етуді өзекті мәселе қатарында көтерді. Болашакта Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары аймақтық қауіпсіздікті қалыптастыру проблемасына

¹ Звягельская И. Д. К вопросу об угрозах безопасности в Центральной Азии // URL: <http://www.niiss.ru/05.shtml>

² Турдиева З. Т. Сотрудничество Российской Федерации с государствами Центральной Азии в обеспечении международной безопасности...

келгенде, жалпыға ортақ шешімге келеді. Мұнда жалпыға ортақ көзқарастар мен әскери-саяси саладағы біртұастық, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудегі факторлардың бірі болады.

Тез арада жинақталып жатқан ішкі проблемалармен бірге Орталық Азияда оның қурделісінің бірі ретінде сыртқы сын-катарлердің айтуға болады. Олардың катарында – трансұлттық қылмыс, терроризм, наркотрафиктің өсуі бар. Бірақ солардың ішінде ең қын да қурделісі профессор Д.Б.Малышеваның айтуынша, ол келешекте Ауғанстанда талибтердің билікке қайта оралуға және оны радикалды исламизмің орталығына айналдыруға мүмкіндіктері жеткілікті ауған факторы болып табылады¹.

Бұдан басқа, орталықазиялық мемлекеттер арасындағы шешімін таппаған шекара бойы дау-дамайы аймақтық қауіп-сіздіктің қурделі сын-катері болып келеді. Бұл таластар аймақтың көптеген республикаларының арасында бар, оның аса өткір шиленіскеңі Өзбекстан, Қыргызстан мен Тәжікстан арасында. Өйткені, мұндағы шекара сзызығын анықтауда және аймақтың этникалық әркелкілігі санатындағы проблемалар, ондағы жер мен су тапшылығынақты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жаң-жадардың дүркін-дүркін шығып тұратындығын көрсетеді.

Карқынды көшіл-конудың, халықтың тез өсуі салдарынан, және де қурделі әлеуметтік-саяси ахуалдың қалыптасуынан осы үш республика арасында жаңа этнотерриториалдық жаңжалдардың орын алу мүмкіндігі бар екенідігі жоққа шығара алмаймыз.

Мемлекетаралық жаңжалдар, өз кезегінде, орталықазиялық елдерде аяқталмаған ұлттық мемлекеттік құрылыштың және оның мемлекеттік идеологиясының толық түзіліп болмағандығы секілді қурделі үдерістің жүріп жатқандығын көрсетіп, «оның бір компоненттері ретінде көршілеріне территориялық талаптар қоюшылық немесе аймақтың көшбасшысы болуға кейір мемлекеттердің (бұл Өзбекстанға қатысты) ниет білдіруінде болып отыр»².

¹ Малышева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии... – С. 6.

² Малышева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии... – С. 6.

Ю. Н. Алёшиннің айтуынша, «Орталық Азиядағы бар қауіп-кательдің жалпы аймақтық сипаты, оларды қарастырганда тек қана ұжымдық күш салудың нәтижесінде, тек проблемаларды (экономикалық, антитеррористік, су-энергетикалық, экологиялық және басқа) бірлесе шешу – аймақтың қауіпсіздігін күшейтуге және жаңжалдардың алдын алуға мұрсат береді»¹.

Орталық Азияда потенциалды сыртқы қауіп-кательлер (негізінен, Ауғанстаннан – наротрафиктің, радикалды діни ағымдардың белсенділігі) ішкісаяси қауіп-кательдердің бір-біріне сай үйлесіп, ахуалды тез арада шиеленістіріп жіберуі ете қауіпті. Сарапшылардың айтуынша, әлеуметтік пен діни факторлардың бірігіп кету мүмкіндігінен туындастын қауіптер де бар. Бұл жағдайда «саяси исламның рөлі Өзбекстан мен Тәжікстанда дәстүрге сай жоғары болса да, мұнда ислам революциясы аймақтың кезекелген бір республикасына қауіп төндіруі екі талай. Мұнда мынандай вариантың болуы мүмкін <...> тайпалар арасындағы ұзақ мерзімдік тұрақсыздық пен соғыс жағдайында жүріп, наркотрафиктен және діндегі идеялас өз«бауырларынан» сырттан келген көмекті пайда көріп отырған исламистер жалпы тәртіпсіздіктің негізгі элементі болады. Мұндай вариантың дамуына қарсы тұру үшін мемлекет мықты армия мен тез жауап беруге арнайы дайындықтан өткен ұтқыр күштермен қатар, сыртқы сын-кательге төтеп берудін стратегиясын жасау керек»².

Қауіпсіздіктің сақталуы тұрғысынан алғанда, оның ең осал тұсы Ауғанстанмен ұзаққа созылған шекарасы бар, оның таулы аймактармен өтуі әрі оны күзеттуде белгілі бір қындықтар туындастын Тәжікстан болып табылады. Қауіпсіздіке колдау көрсетудің халықаралық күштерін Ауғанстаннан шығарған соң талибтердің іс-кимылы қарқындан түседі, Тәжікстанға содырлардың отрядтары еніп, орын алған азаматтық соғыстың салдарынан өз елдерінен қашқан әникалық өзбектер мен тәжіктерден тұратын босқындардың саны артып, соның нәтижесінде жаңа жағдайдың

¹ Алёшин Ю. Н. Национальная безопасность новых независимых государств на постсоветском пространстве (на материалах стран Центральной Азии)... – С. 125.

² Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.] / Отв. ред. И. Я. Кобринская... – С. 13.

орнауы әбден мүмкін¹. Сондыктан оқиғалардың осылай дамуына дайын болу үшін, Тәжікстан өкіметі ең алдымен, Ауғанстанмен арадағы сыртқы шекараларын нығайтып алулары тиіс.

Қырғызстан үшін перманентті ішкісаяси тұрақсыздықтың салдарынан және өз елінің онтустігінде шешілмеген проблемасын ескерсек, қандай да болмасын, қайдан келмесін, сырттан әсер еткен дағдарыс жаңа саяси немесе этникааралық жаңжалдың шығуына әкеліп соқтырады. Америкалық әскерилер осы республикаларда қалдырамыз деп уәде еткен Ауғанстанда қолданған әскери техника мен қару-жараптардың келуі де қауіпсіздік саласындағы жағдайды қындастып жіберуі мүмкін².

2014 жылдан кейін Ауғанстандағы жағдайдың өзгеруі, біздін ойымызша, Өзбекстанның ішкі саясатындағы ахуалға әсер етпеуі мүмкін, өйткені, онда 2012 жылы Өзбекстан территориясында шет елдердің әскери базалары мен объектілерін орналастыруға тыым салынған турагы заң қабылданған. Республикада билікті өткізу турагы мәселе таяу арада мүмкін шешіледі, сондыктан Өзбекстан келешекте күрделі саяси дағдарыстардан бой тасалап қалуы мүмкін деген болжам айтуға болады. Соңғы уақытқа дейін республика барынша АҚШ-пен әскери-саяси ынтымақтастықты дамытты, өйткені күш колдану арқылы ішкі қауіп-қатердің жолын кесіп, ішкісаяси ахуалға сырттан ықпал етіп, оны тұрақсыздандыруды болдырмауға тосқауыл қойды.

Түрікменстан болса, бейтараптық саясат жақтаушысы ретінде Ауғанстанда билікті отырғандармен немесе ондағы өкімет басына жаңадан кім келсе де, қарым-қатынастың бұрынғы деңгейін сақтап қала алады деген пікір бар. И.Н. Прокловтың пікірінше, Түрікменстан мен Ауғанстанның арасындағы қалыпты қатынастың сақталуының бір кепілі түрікмен газы мен ортаазиялық энергия көздерін тасымалдау үшін салынантын газ құбырларын Ауғанстан территориясы арқылы Пәкістанға шығару болып табылады. Түрікменстан ауған сауда тауарларын тасымалдаудың маңызды бағыты болып, ал, Ауғанстан әлі ұзак уақыт түрікмен жанар-жағар майына тәуелді болады, өйткені қазіргі кезде бензин, сұйытылған

¹ Малышева Д. Б. Центральноазиатский узел мировой политики. – М.: Изд-во ИМЭМО РАН, 2010. – С. 13.

² Малышева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии... – С. 14.

газды, тіптен Түркменстаннан келетін электр қуатымен де Ауғанстанның кейбір провинциялары қамтамасыз етіледі¹.

Қазақстан географиялық жағынан алыста орналасқандықтан, Ауғанстанда азаматтық соғыстың болуы мүкіндігін орын алғатын сын-қатердің әсері, осы аймақтың басқа елдеріне қарағанда, әлдекайда төмен. Соған қарамастан, сарапшылардың болжамдарына қарағанда, Ауғанстандағы ахуалдың шиеленісе түсүі және АҚШ пен Қауіпсіздікті қолдау бойынша халықаралық күштері әскерлерінің басым бөлігі елден шығарылып, ондағы қауіпсіздік мәселелерін қамтамасыз етуді ауған ұлттық күштеріне берілуінен, осы елдің саяси келешегін алдын ала бағамдай алмаудың себеп-салдары, онтүстігінде басқа Орталық Азия елдерімен тығыз байланысып жатқан Қазақстанға да кері әсерін тигізуі сөзсіз. Бізге қолайсыз сценарийлердің өрбіген кезінде Ауғанстанмен шекаралас орталықазиялық мемлекеттерде орын алған шиеленіс ауқымынан шығып, тура немесе жанама түрде Қазақстанның да мұдделеріне де ықпал етуі мүмкін.

Ауғанстан тарарапынан төнетін әскери қауіп, әрине, оның болу мүкіндігі екіталаі, тіптен орын алған жағдайда сондай қауіпке тойтарыс беріп, Қазақстанның қорғауға қатысадың ресейлік формаларын қарастыруға болады². Қазақстанның ҰҚҚҰ (ОДКБ), ШЫҰ (ШОС) секілді мемлекетаралық ұйымдарға қатысуы, осы бірлестіктерге қатысушы-елдердің ұжымдық күштерімен өзінің қауіпзіздігін сактап қалуға мүмкіндіктер береді.

Егемендік алғаннан кейінгі екі онжылдық ішінде Қазақстан Орталық Азиядағы қалыпты жағдай орнаған бір арал іпеттес еді, алайда соңғы жылдары ол белгігі бір проблемаларды бастан кешіруде. 2011 жылдың мамыр айындареспубликада тұнғыш рет Ақтөбе қаласында терактілер іске асырылды. Содан кейін терактілер Атырау, Астана, Алматы, Тараз қалаларында орын алды. 2012 жылдың өзінде терактілердің алдын алып, террористерді жою мақсатында Қазақстанда бес антитеррористік операциялар өткізілді. Орын алған террористік актілердің бірнешеуін бұрын беймәлім болған «Солдаты Халифата» (Jundal Khalifah) исламдық

¹ Проклов И. Н. Туркменистан. Религия // Центральная Евразия: Аналитический ежегодник. – Стокгольм (Швеция), 2009. – URL: <http://www.central-eurasia.com>

² Мальшева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии... – С. 14.

топ өз мойнына алды. Осы топ «Аль-Каидамен» байланыста болған және осы халықаралық террористік үйымға содырларды дайындаумен айналысқан.

Соңғы жылдары республикаға Ауғанстан мен Пәкістаннан көпшілігі этникалық қазактардан тұратын содырлар, өздерінің жаңа жақтаушыларын жасырын жұмыс жүргізуге тартып, билікке қысым жасау мақсатында жіберіліп жатыр. Әсіреле, исламшылдардың шабуылы Қазақстан Кедендік одаққа кіріп, Ресей мен Белорусспен бірге бірыңғай Еуразиялық экономикалық қеңістік құра бастағанда үдей түсті. Сонымен қатар, Қырғызстан мен Тәжікстан секілді Қазақстанның территориясы да қару жарап пен есірткі заттарын заңсыз тасымалдау үшін, оның ішінде радикалды исламшыл үйымдардың қатысуымен пайдалануы ықтимал.

Бұған коса, Қазақстанның онтүстігінде өзбек диаспорасы өкілдерінің саны Өзбекстаннан келетін енбек мигранттарының есебінен көбейіп, біздің пікірімізше, онда исламның радикалдануы орын алуда. Мұнда үкіметке қарсы насиҳат жұмыстарын жүргізуімен «Хизб ут-Тахрирдың» жақтаушылары байқалды. Сонымен, корытындылай келсек, Қазақстанда исламизациялау үдерісінің қарқында дамуын, оның ішінде діни экстремизм түрінде көрініс беруін анықтап айтуда болады.

Сарапшылардың айтуынша, «Өзбекстанның ҰҚҚҰ-нан шығуы салдарынан Қазақстанның шекарасы осы ҰҚҚҰ-ның онтүстік шебі болып, ал, Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық қеңістіктің өзі оның әскери-саяси құрамдас бөлігімен нығайтыла түсіу мүмкін. Теориялық жағынан алып қарағанда, Ресей мен Қазақстанның жалпыға ортақ экономикалық қеңістіктің құруы кезеңінде экономикалық және саяси интеграция қауіпсіздігіне қатер төне қалған жағдайда, оны сақтап қалуға күш жұмылдырудың жаңа бір сапалы импульсі пайда болары хақ. Мұндай жағдайда Қазақстанды да, Ресейді де өзінің ішкі және сыртқы саясаты бар егеменді мемлекет ретінде сақтап қалу мақсатында экономикалық интеграцияны тереңдетуді ойластырған сценарийдің бәрінен де жоғары әрі бірінші кезекте тұрары анық.»¹.

¹ Шерматова С. Москва и Ташкент: причины «особых» затруднений // Россия и мусульманский мир. – 2010. – С. 87–92.

Орталықазиялық аймақтың тұрақтылығы мен оның қауіпіздігін сақтап қалудың басты жауапкершілігі Ресей мен Казақстанға жүктелетіндігі белгілі. Сондықтан тек осы елдерде деструктивті аймақтық және жаһандық үрдістреге қарсы тұруда кезек күттірмейтін шараларды қарастырып, ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті сақтау құрылымдарының қызметін нақты іс атқаратын механизм ретінде, оның жұмысын жандандыру талап етіледі.

Сарапшылардың айтуынша, Орталық Азияда халықаралық терроризмнің орын алған проблемаларын шешу кезінде әлемдік державалардың – аймақтағы аса ірі геосаяси ойыншылардың мүдделерін де қамтып өтіледі. Оның ішінде, Қытайдың стратегиялық мүдделері бірінші кезекте тұрып, олар Шығыс Түркістан Ислам қозғалысының (ШТИК) сепаратистік күштерін тежеуге бағытталған. 1990-шы жылдардан бастап, халықаралық терроризмнің жалпы дамуы аясында ШТИК-ның белсенділігі қарқындей түсіп, ол аса үлкен террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымға айналды. Бұл ұйым Қытайдың мемлекеттік біртұтастығына, елдің солтүстік-батысындағы әлеуметтік қалыпты жағдайдың сақталуына қауіп төндіре бастаған еді. Тарихи, ұлттық, мәдени, тілдік және діни аспектілері бойынша осы қозғалыстың жақтаушылары орталықазиялық аймақтың елдерімен тығыз байланыста болған. Бір жағынан, Орталық Азия Шығыс Түркістан Ислам қозғалысын халықаралық терроризм күштерімен байланыстыратын оның шет елдік базасы сиякты болса, басқа бір жағынан – осы күштердің Қытайдың территориясына өтіп алуын қамтамасыз ететін басты бағыты болып саналады.

Осыған байланысты, Қытайдың Оралық Азияға қатысты сыртқы саясатының мақсаты ҚХР-ның тұтастығына қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеу болып табылады. Қытай барлық орталықазиялық мемлекеттер қытай сепаратистерін қолдаудан бас тартып, ШТИК қызметіне тыйым салып немесе оны шектеп, өздерінің территориясы арқылы халықаралық терроризм күштерінің Қытайға кіруіне жол бермеуге мүдделі¹.

Ресейдің Орталық Азиядағы негізгі мүдделерінің бірі мұндағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі. Қауіп-қатерлердің, ең алдымен,

¹ Чжан Юйсинь. Интересы Китая, России и США в Центральной Азии // URL: evrazia.org/article/2321

аймақтағы халықаралық терроризм мен діни экстремизм күштері белсенділігі қарқындауы және олардың Ресей Федерациясы аумағына енуің басты мәселе болды. Басқа бір проблема – ауған есірткісі заңсыз саудасын орталықазиялық аймақтың территориясы арқылы өткізуі. Ресейдің қауіпсіздік проблемаларымен байланысты мемлекеттік деңгейдегі мұддесінің біріне аймақтық тұрактылықты сақтап қалу мәселесі болып отыр¹.

Ресей өзінің қауіпсіздігі саласына Орталық Азияны «буферлік аймағы» ретінде қолдай отырып, басқа ұлы державалардың бақылауында болуына жол бермей, оған Ресейдің геосаяси стратегиялық мұдделеріне қауіп төндіруімен бірдей деп қарастыратын болады. Саясаттанушы А. Тер-Погосянның пікірінше, 11 қыркүйек 2001 жылы болған оқиғалардан кейін Ресей АҚШ-тың Ауғанстанда талибтердің билігін құлатып, халықаралық терроризм тарапынан болатын қауіп-кательді басу үшін жасақталған әскери тобының Орталық Азияда орналасуына қарсылық білдірген жоқ, ал, бұл оның мемлекеттік қауіпсіздігін сақтау мұдделеріне сәйкес келіп жатты. Келешекте, ол да аймақтық қауіпсіздікті сактауда және де, аймақтағы өзінің геосаяси ықпалын қүштейтіп, басқа ұлы державалардың стратегиялық артықшылықты иемденіп алуларына тосқауыл қойды².

Әлемдік геосаясатта дүние жүзін колониалды державалардың бөліске салуымен және әлемдік соғыстардың өтуімен ерекшеленген XIX-XX ғасырларда пайда болған күш қолдану геосаясатынан жаһандық геосаясатқа қарай бет бұрып, соған ауысуы орын алуда.

Адамзат жаһандану заманын басынан кешіріп жатыр. Онда мәдени-өркениеттілік, рухани-танымдық өзгерістердің болып жатқандығы мәлім. Геосаяси өзгерістер жер шарының әр түкпірінде көрініс беруде. Фалымдар мен саясаткерлер жаһандық басқару мен жаңаша әлемдік тәртіпті орнатудың мақсаттары, құралдары, механизмдерін қарастыру кезінде қазіргі заман кезіндегі жаһандық халықаралық терроризмнің проблемаларымен түйісіп қалып жатады.

¹Сонда.

² Тер-Погосян А. Интересы и положение России в Центральной Азии. Ч. 1 (9.10.2007) // URL: www.ia-centr.ru/archive/public_details8048.html?id=883

Қазіргі кезеңде Орталық Азия АҚШ-тың жаһандық стратегиясының маңызды элементі болып отыр. Америка Құрама Штаттарының еуразиялық геосаясаты мен бүкіл Еуразияны бақылауға алушы Орталық Азия мемлекеттері мүмкіндіктерін мензегенін ескеретін болсақ, әлемдік геосаяси ойыншылары үшін осы аталған аймақтың ролі мен оның маңызы болашақта өсө түсері анық боларын болжауға болады.

Халықаралық терроризм көрінісінің жаһандық деңгейде орын алуды әлемдік саясаттың бірегей факторына айналып, оны өздерінің белгілі бір мақсаттарына жетуде әлемнің жетекші геосаяси ойыншылар пайдаланатындығын атап өту керек.

АҚШ-тың геосаясаты шындығында жаһандық сипатқа ие, ол іс жүзінде барлық аймақтарды, жер бетіндегі кезкелген мемлекетті қамтып өтетіндігі белгілі жайт. Мұнда, біз айтып өткен Орталық Азия мемлекеттері де одан тыс қалмайды. АҚШ-тың оларға ықпалы, оның әскери-стратегиялық, экономикалық, идеологиялық аспектілерін есепке алғанда, көпфакторлы және көпсатылы сипатта болып келеді.

Орталық Азия елдері ішінде, бәрінен бұрын Қазақстан өткен үш жыл ішінде аяқ астынан қоғамда көп пікір туғызған терроризмнің ашық көрінісінің орын алуына жол берді. Террористік қауіп және соған қатысы бар саяси және әлеуметтік сынқатерлер Орталық Азия мемлекеттерінің қоғамдық өміріндегі кездесетін тұрақты факторларына айналып кетуі де ықтимал.

Қалай болса да, бірінші тарауда атап өткендей, терроризм көп жағдайда әлеуметтік сипат¹ алып, сондықтан қоғамдағы радикалды көңіл-күйдің туындауына әлеуметтік-экономикалық, саяси және діни-этникалық факторлар себепкер болуы мүмкін. Сондай-ақ, терроризм зансыз, астыртын жүргізілетін әрекеттерге де – есірткінің, қару-жараптың, адамдардың зансыз сауда айналымына түсіү және т.б. байланысты болады². Мұндай зансыз операцияларды қаржылық мүмкіндіктері бар, белгілі бір деңгейде өздерінің

¹Терроризм как социальное явление. <http://antiterror.herzen.spb.ru/terrrorizm.php>.

²Гушер А. Проблема терроризма на рубеже третьего тысячелетия новой эры человечества. Евразийский вестник.-2000г.-№3.

белсенділігін қолдау мен географиясын көңейту үшін әртүрлі экстремистік ұйымдар іске асырып отырады.

Сонымен бірге, бір жағынан, халықаралық терроризмге қолдау көрсету немесе олармен қарқынды құрес жүргізу кейбір елдердің сыртқы саясатында орын алғатын маңызды элементтерге айналып кеткендігін ерекше атап өткен жөн¹.

Осыған байланысты, бұғынгі таңда мемлекеттің, оның күштік құрылымдары мен арнағы органдары тек ішкі пролемага жедел жауап қайтарып қана қоймай, сыртқы сын-қатерге де, оның ішінде халықаралық террористік әрекеттің идеологиялық, акпараттық құрамдас сипаттарына назар аударуы өзекті мәслеленің бірі болып отырғаны анық. Халықаралық террористік құрылымдардың Орталық Азия елдерінде мүмкін болатын күштік акцияларына қарсы тұруды қарастырып, оның артында көп жағдайда әлемдік ойыншылардың геосаяси мұддесі себеп болып отырғандығын айтуды керек.

Мәселен, Ирак пен Левантаның Ислам мемлекеті (ИЛИМ), өз атауын Ислам Мемлекеті (ИМ) дегенге қысқартып, оны «Талибан» мен «Аль-Каиданың» мұрагері ретінде толық санауға болатын террористік ұйым қатарында екендігін көрсетті.

ИЛИМ 2006 жылы Ирактағы «Аль-Каиданың» жергілікті бөлімшесі бас болып, ол 11 радикалды исламшыл топтардың бірігуінен бастау алады. Сарапшылардың пікірінше, мұхиттың ары жағындағы стратегтердің үйғарымы бойынша, ИМ құрудың басты мақсаты бірнешеу екен. Сонымен, ИМ құрылуы қандай мақсаттарды көздейді?

Біріншіден, ИМ – бұл әлемдегі белгілі бір мемлекеттегі қолайсыз режиммен құрес жүргізу үшін құрылған. Мысалы, ИЛИМ-нің қызметі 2013 жылы Сириядағы азамат соғысына, ондағы Башар Асадтың үкіметіне қарсы шығуға белсенді түрде ынталандырылды.

Екіншіден, ИМ көмегімен шиеленістің жаңа ошағын ашу үшін содырларды дайындау. Дәл осындай әдісті кезінде «Аль-Каїда» да пайдаланылған болатын. Соңғы жылдары басқа да террористік ұйымдармен бірге, ИЛИМ-мен қатар, Орталық Азия елдері мен

¹Золотарев П. Международный терроризм–истоки возникновения и перспективы развития. <http://www.counterterrorimcenter.ru/main/pages/zolotarev.html>

Ресей Федерациясында шағын экстремистік ұйымдар құрылыш жатыр. Олардың қатарында, жоғарыда атап өткен Қазақстандағы – «Джунд аль Халифат» (әрі қарай «Халифат солдаттары»), Қыргызстанда «Джайшуль Махди», Тәжікстанда «Джамаат Аңсаруллах» болса, Өзбекстанда «Өзбекстан Ислам қозғалысын» қалпына келтіріп, Ресейдегі «Имарат Кавказдың» белсенділігін арттыру болды.

Үшіншіден, ИМ сияқты топтардың әрекеті және олардың «араб қектемі» сияқты көлемді операцияларға қатысуы «Үлкен Тағу Шығыс» деп аталатын америка стратегиясына қажетті жағдай туғызы болып саналады. Осы аталған стратегияның соңғы нәтижесінің бірі ретінде бақылауында болған елдерден Қытай капиталын қуып шығару болып отыр. Қытай экономикасы қарқындан өсуде, даму деңгейі бойынша ол американалықтарды қуып жетіп қалды. АҚШ барлық күш-құралдарды пайдалана отырып, оның өкшесін басып, экономикалық бәсекелес болған Қытай Халық Республикасын қалайда өзінен артта қалдыруды ойластыруда.

Төртіншіден, ИМ, «Аль-Каида», «Талибан» секілді топтардың құрылуы – АҚШ-тың дүние жүзін жайлаған өзінің әскери экспансиялау саясатын актап шығудың айла-амалы. Соған АҚШ Президенті Барак Обама, шындығында, елдің бюджетінен неғұрлым көбірек қаржы бөлінуге негіздеме қарастырды. Ол көп пайда әкелетін әскери бизнесті жүргізу үшін тек американың әскери-өнеркәсітік кешені өкілдерінің талабын ғана орындайды.

Соған байланысты, Ғаламторда пайда болған ИМ содырларының АҚШ пен Ұлыбритания азаматтарын өлім жазасына кесу сюжеттері америка арнайы қызметінің өздері жасап шығарған сценарийдің бір бөлігі болуы мүкін екендігін естен шығаруға болмайды. Ондағы басты ойлары: барлық өркениетті әлемнің мұдделерін терроризмнен қорғау мақсатын іске асыру үшін қоғамдық пікірді дайындау болып отыр. Мұның негізгі мақсаты – бұл Ирак пен Сирияның аумағын бомбылаудың қажеттігін дәлелдеу. ИМ сияқты жақсы дайындықтан өткен, қаруланған, қаржыландырылған топтардың өз уақыты келгенде «Аль-Каида» мен «Талибан» секілді дербестікке ұмтылатындығы анық. Олар өз күштеріне сеніп, өздерінің мұхиттың арғы жағындағы қожайындарының қатысуының калай және немен пайдаға кенелудің амалдарын қарастыратын болады. Бұл экстремистер мекен еткен

елдін аумағында созылмалы азамат соғысының болуына алып келуі ықтимал. Жоғарыда айтылған террористік құрылымдардың бастамашылары мен қолдаушыларын мұндай жағдай еш мазаламайды. Өйткені, азамат соғысы басқа елдің аумағында өтетін болады. Бір елдін азаматтары осы соғыста бір бірін неғұрлым аямай өлтірсе, соғұрлым олардың мемлекеті әлсірейді, соғұрлым осы мемлекеттер АҚШ-тан көмек сұрайтын болады. Украина, Сирия мен Ирактағы оқиғалар мұны іс жүзінде көрсетіп берді.

Саясаттанушы Ерлан Қарин «Солдаты Халифата: мифы и реальность» деген кітабында: «...аймақтың нақты бір еліне катысы бар кішігірім, үтқыр, террористік топтардың пайда болуы 2010-2013 жылдары кезеңінде Орталық Азиядағы террористік қауіп-қатері эволюциясының басты тренді болды»¹.

Аталған сарапшының пікірінше, осы топтардың кейбіреулерінің әрекеті ірі халықаралық террористік үйымдар тарапынан үйлестіріліп (олардың артында әлемдік державалардың тұруы сөзсіз), олар өз кезегінде осындай кішігірім топтардың іс-кімбылын қадағалап әрі бақылап, олардың осындай қызметтіне талдау жүргізу арқылы осы аймақта келешекте өз қызметтеріне қолдау болатын плацдарм жасауды меңзегенін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай топтардың бірі ретінде «Халифат солдаттарын» жатқызуға болады².

Біздің пікірімізше, Орталық Азия елдерінің азаматтары қатысқан осындай террористік топтардың құрылуына қолдау көрсетіп, олардың америка стратегиясы үшін қандайда бір аймақта геосаяси ахуалдың өзгеруіне әкелетін шараларға қатыстырылуы маңызды мәнге ие болады. Дүние жүзінде әлемдік акторлар (АҚШ, Қытай, Иран, Еуроодак елдері, Ресей) арасында созылмалы геосаяси текетірестер орын алып, олар сондағы геосаяси міндеттерді шешуде тактикалық және стратегиялық мақсаттарды іске асырып отырады. Оның ішінде олардың мұдделі болып отырған белгілі бір елде террористік үйымдарды құру мен үйымдастыру, олардың іс-кимылдарын белсенді түрде жүргізу мәселелері жатады.

¹ Ерлан Карин. «Солдаты Халифата»: Мифы и реальность» / -Алматы, 2014.

² Сонда.

Ресей сарапшыларының пікірінше, мұсылмандардың көп бөлігі тұратын Қытайдың Синьцзян-Үйғыр автономиялық районында террористерді дайындау Иракта іске асырылатын көрінеді. Ауғанстаннан Батыс коалиция әскерлері шығып кеткен соң, Қытайға қарсы бағытталған желілік-террористік агрессиясы сол жаққа қарай ойысты. Өйткені, Ауғанстан территориясы ҚХР-ның Синьцзян-Үйғыр автономиялық районына жақын орналасқан.

Сонымен, біздін пікірімізше, қай жерде террористік акциялар өткізілетін болса, әлемдік геосаясат факторларының басты элементтері де сол жерде болады. Сырттан қысым көрсету ретінде көшбасшы державалар терактілерді орындаушыларды қандай да бір аймақтағы ахуалға ықпал етуші күш-құрал ретінде пайдаланып отырады. Сол себепті, халықаралық терроризм әлемдік геосаясаттың күш-құралының бірі болып қалыптасып отырғандығы анық.

Мәселен, жоғарыда айтылған, 2011 жылдың күзінде Атырау қаласындағы жарылыштарды өз мойнына алған «Халифат солдаттары», үкімет діни бірлестіктер туралы жаңа заның қабылдаудан бас тартпаса, Қазақстанға қарсы зорлық-зомбылық актілерін өткіземіз деп қорқытты. Олар «мұсылмандарға қарсы жасалған жаппай тұтқындауды» айыптаған, мелекеттің «саяси және тарихи сана-сезімінің» жоқтығын қатаң сынады¹. Мұнда Қазақстанға сырттан ықпал ету факторының элементтерін бақылауға болады.

Ауғанстан мен Пәкістанның территонриясында орналасқан ӨИҚ мен «Халифат солдаттары» мүшелері қауіп төндіре отырып, өз әрекеттерін Орталық Азия елдеріне әкелуі мүмкін деген сараптамалық пікірдің негізі бар.

Бүгінгі Ауғанстандағы, Ирактағы және де Сириядағы қарулы қарсы тұруға қатысып жүрген жекеленген радикалдар осы аталған елдерде ғана емес, одан тысқары жатқан жерлерде терроризмге қолдау көрсетеді. Шындығында әр елден келген содырларды арнайы немесе білместіктен, өз мемлекеттерінде орын алатын қарулы жаңжалдарға қатысуын дайындал жатқан секілді. Бұл міне, өте қауіпті құбылыс, өйткені, бүгінгі Сириядағы және оның

¹<http://www.quorum.kz/ab/news/religiya/16112011141011>

маңайындағы жағдайға Орталық Азия мемлекеттері тұрғындарының белсene қатысызы көпшілікті ерекше алаңдатады.

Исламдық қозғалыстар мен радикалды-діни идеологияның таралуы әлемдік геосаясаттың бұлтартпас факторына айналғандығы бұрыннан белгілі. Осыған байланысты, Орталық Азия мемлекеттерінде саяси исламның қызмет ету аясында және оның болмысынанақты жауап бере алатын, жағдайын қамтамасыз етіп, бірлесе өмір сүруді үйрену қажеттігін қалыптастыру керек.

Бұғінгі таңда бүкіл әлем планетарлық акпараттық-психологиялық соғыстың әсеріне душар болғаны мәлім. Сол соғыстың болуын жасырын түрде іске асыратын белгілі бір саяси топтың миллиардтаған доллар ақша жұмсалуымен кадағаланып отырады. Олар саяси технологияларды қолдану арқылы жаһандық жаңжалдың үрейін қоздырып, әртүрлі халықтарды бір біріне айдан салып, соғыстың болуына жол беріледі. Мұндай «қызметтің» іске асырылуындағы басты ролде АҚШ болып, оған дәлел ретінде 2001 жылдың 11 қыркүйегінде орын алған қайғылы оқиғаларды келтіруге болады. Мінеки, дәл солар исламофобияны қоздыруға, діни экстремизм және терроризммен жаппай қуресті жандандыруға тұртқі болды.

Басқа жағынан алғанда, психологиялық соғыстың идеологтары тарапынан «Аль-Каїда», ИЛИМ, «Халифат солдаттары», «Боко Харам» және басқа құрылымдардан қоғамға шынымен төніп келе жатқан қауіп-қатердің бар екендігі туралы сенім қалыптастыруға талпынды. Ондағы басты мақсат – осындаі террористік ұйымдардан қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жамылып, өздерінің жауларына қарсы әртүрлі әскери интервенцияларды іске асыруға қол жеткізуді мақсат еткені мәлім.

Ауғанстан бойынша Ресейдің арнайы өкілі Замир Кабулов ауған талибтерінің бір бөлігі «Ирак пен Леванттың Ислам мемлекеті» (ИЛИМ) қатарына өтіп кетуі мүмкін, өйткені олар Ауғанстан территориясын бақылауда ұстап тұруға талап қойғандығы белгілі болды. Бұл туралы қазақстандық журналистер «ИЛИМ моделі» бойынша Орталық Азиядағы исламдық топтардың дүниеге келуі – олардың аймақта халифат құрып, мұнай және газ ресурстарын басып алу мақсатында, Ауғанстан территориясынан, Түркменстан шекарасы арқылы көршілес елдерге баса көктеп кіру мүмкіндігі туралы жазғандарын еске салып өткеніміз абзal.

Сол кезде мамандар мұндай сценарийдің шындығында болуын растайтын бірнеше дәйектер мен алғы шарттарға көніл аудартты. 3. Кабуловтың айтуынша, талиб жастарының арасында (сарапшы «исламдық космополитер» деген қызық терминді ұсынған еді) ИЛИМ өте радикалды құштер және көпшіліктің оған көніл ауғандығын көрсетіп, бәрі соған қарай бой тасалағаны белгілі болды. Оның үстіне, ресей арнайы өкілі Ауғанстанда енді ИЛИМ-нің оғісі қызмет етіп жатқандығы әбден мүмкін, осы үйымның жүздеген содырлары ел ішіне кіріп кетті, – деп мәлімдеді¹.

Сонымен қатар, радикалдануға бейім келетін ортаның көніл-күйін жақсы билетін саясаткер Өзбекстан Халық козғалысының басшысы Мухаммад Салих басқаша пікір айтып, жағдайды басқаша бағалайды: «Өзбек немесе түрікмен сияқты режимдеріне қарсы қаруды кезену, бұл ортада жаңалық емес, алайда мұндай жағдай соғы қездері қүшіе түсуде. Шындығында бұндай топтар әлі тұтас біріккен емес және соққы беруге де дайын емес. Қазір дайындық кезеңі өтіп жатқан секілді. Радикалдардың қаруын тастамайтын белгілі бір бөлігі, Ауғанстан мен Пәкістанда айтарлықтай женіліске ұшыраса да, аты шулы ИЛИМ-нің аренага шығуына қуанып, оларға бірден соларға қосылып кетті. Бірақ олардың көпшілігі ИЛИМ қолданған әдістерден, ИЛИМ содырларының жүріс-тұрыстарынан, жихад идеялары мен мемлекеттің болашағы туралы ойлардан көнілдері калып, оған наразы болды. ИЛИМ-нен олардың бір бөлігі бас тартса да, бұл қозғалыс жастардың арасында тартымды құштердің бірі болып, өзінің беделі өсуінің шарықтау шегін бастан кешіріп жатқан жайы баршылық»².

Мұхаммад Салихтың пікірінше, көп жылдар бойы Азияда халифат орнату идеясын «Хизб-ут-Тахрір» ұсынған болатын, бірақ олардың оған баар жолы ұзак әрі бейбіт жол еді – сондықтан қазір ол көпшілікке қиялшыл болып көрінуі мүмкін. Оның айтуынша, Өзбекстанда Ислам Кәрімов өзінің репрессивті саясатының нәтижесінде радикалды топтардың пайда болуына тікелей қатысып, енді өзі солар әкелетін зардаптардан қорқып отыр. Ал «Хизб-ут-Тахрір»

¹<http://www.antiterrortoday.com/rus/3-ya-mirovaya-vojna/terorizm-i-ekstremizm-kak-instrument-geopolitiki/5910-oni-ugroza-tsentralnoj-azii-i-vsemu-miru>.

² Сонда.

ИЛИМ-мен арадағы көзқарастарының едәуір қайшылықтарына қарамастан, осы қозғалыстың жеткен жетістігіне қуанышпен қарауда. Олардың ойынша, енді дүние жүзі олардың қызметін өзгеше бағалап, олардан да соракы жаңадан пайда болған мұндай зұлымдығы көп қозғалысты емес, халық бізді тандайтын шығар деген пікір білдіреді.

Соңғы жылдары исламдық экстремизм көзқарасының күшеюі және оның Орталық Азия елдерінде қоғамдық-саяси көңіл-күйдің қалыптасуына әсер етуі күрделі проблемалардың бірі болып қалыптасты. Оларды талдап бағаламау және дер кезінде ескермеу үлкен қателік болар еді.

Сонымен, мемлекеттік саясаттың терроризмге қарсы тұру саласының тиімді жүргізілуіне келесі геосаяси факторлар әсер етеді:

- Орталық Азия елдері халықтарының этнодіни әртүрлілігі;

- экономикалық дамудың және табиғи ресурстармен алдынғы қаралы және артта қалған аймақтарды қамтамасыз етудің біркелі еместігі;

- миграция, оның ішінде халықтың ел ішінде көші-қонуы;

- сяси-экономикалық ықпал ету салаларының жікке бөлінуі, оның геосаяси тартылыстар орталықтарының баламасын іздеуге әкелуі;

- мәдени және ұлттық құндылықтарды сақтап қалуы, осы саладағы жағдайды өзгертуге талпынуы;

- азаматтық соғыстарды болдырмау мен мемлекеттердің территориялық тұластығын сақтап қалу үшін жасақталған халық-аралық механизмдердің тиімді жұмыс жасамауы.

Бүгінгі күні Орталық Азиядағы геосаяси ахуал террористік көріністердің орын алуының мүмкіндіктері өте қауіпті болып отыр.

Біздің пікірімізше, терроризмге қарсы тұру саласында жалпы мемлекеттік саясатқа өмір талабынан туындаған кешенді тұрде түзетулерді ендіріп отыру қажет. Соған байланысты, терроризмнің фундаменталді негіздерін объективті тұрде танып алмайынша, терроризмге қарсы тұру мүмкін емес. Терроризмге қарсы тұру саясатының пәрменділігі оның геосаяси өлшемдерінің объективтілігіне және олардың дер кезінде анықталуына байланысты болады. Сол мәселелер терроризмнің мазмұнында, ұйымдастырылуында және тактикасында орын алып жатады.

Терроризмге қарсы тұрудағы мемлекеттік саясаттың сапалы қызмет етуіне оның теориялық зеттеулерінің біздің қоғам мен мемлекеттерімізде орын алғып отырған геосаяси жағдайға сәйкес болуы керек. Посткенестік кеңістіктегі болған демографиялық дүmpу және халықтың бір кезеңдегі урбанизациялануы, олардың тұрмыс деңгейінің нашарлауы, террористерге ашық немесе жасырын түрде колдау көрсете алатын тек маргиналды топтардың санын өсіп қана қоймай, мемлекеттік және қоғамдық құрылышқа наразы болған жұмыссыз жастардың да пайда болғандығын атап өткен дұрыс деп санаймыз.

АҚШ-тың Орталық Азиядағы мұдделерінің бірі ретінде оның халықаралық терроризммен құресуі жатады. 11 қыркүйекте болған оқиғалар қауіпсіздіктің американлық тұжырымдамасын түбірімен өзгертіп, оны қамтамасыз етудін жаңа стратегиясын жасауға бағыт берді. Сарапшылардың айтуынша, халықаралық терроризм АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігін сактаудың ең басты мәселесі болып, ал онымен құрес мемлекеттің стратегиялық міндепті ретінде қарастырылды. АҚШ-тың терроризммен жаһандық құресінде Орталық Азия жоғары мәнге ие болып, олардың халықаралық террористік ұйымдар тұрақтаған елдермен көрші болуы және де, осы аймақтың өзін алғып қарастырсақ, бұл олардың белсенді әрекет ететін аудандарының біріне жатады еken¹. АҚШ-тың осы аймакқа мұдделі болуының геосаяси факторы мұндағы энергия көздеріне өте бай аймақты толығымен бақылауға алғып, Қытай мен Ресейдің осындағы ықпалының өсуін тоқтатуға ұмтылыс жасаумен байланысты болуында.

Сонымен, корыта келсек, АҚШ, Ресей мен Қытай үшін Орталық Азияда халықаралық терроризммен құрес жүргізулері, осы аталған мемлекеттердің ұлттық мұдделеріне толығымен сәйкес келеді. Олардың барлығы тегіс аймақтағы ахуалдың тұрақты болғанына мұдделі және келешекте орталықазиялық елдерге қауіпсіздікті сактауда жан-жақты колдау көрсететін болады. Мамандардың айтуынша, осы үш ірі ұлы державалар үшін терроризммен құрес жүргізуде аймақтағы мұдделері бір болып, олардың осы салада бір-бірімен ынтымақтасу арқылы қарым-қатынасты орнатулары өте қолайлы. Орталық Азияда терро-

¹ Чжан Юйсинь. Интересы Китая, России и США в Центральной Азии...

ризммен күрес АҚШ-тың жаһандық деңгейдегі антитеррористік қызметімен сәйкес келеді, олар Ресейдің де онтүстік бағыттан төнетін террористік қауіптің көзін жоюға, және де, Қытайдың Шығыс Түркістан Ислам қозғалысы сепаратистерін бақылауға алуға мүмкіндіктер береді¹.

Қазіргі геосаяси ахуалды талдай келе, егер Орталық Азия мемлекеттеріндегі билік сыртқы қауіп-қатерлер мен ішкі проблемаларды шешуді қарастырмайтын болса, онда террористік қауіп-қатер мен аймақтық қауіпсіздікке нұксан келтіретін осындағы радикалды оппозициялық топтар күшейіп кетуі мүмкін деген болжам айтуға болады.

Жағдайдың осындай вариантармен дамуына жол бермеу үшін, біздің ойымызша, Орталық Азия мемлекеттеріне тек мықты ұлттық армия мен арнайы дайындықтан өткен ұжымдық ұтқыр құштерді әзірлеумен айналысып қана қоймай, сонымен катар, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге жауап бере алатын стратегияны да жасап шығарған жөн. Сондықтан, жоғарыда аталғандай, НАТО әскерлерін Ауғанстаннан шығарған соң, ҰҚҚҰ мен ШЫҰ бұл аймақта аса маңызды ролге ие болады. Біздің пікірімізше, ауған елінде тұрақтандырудың басты міндеттерін орындау ШЫҰ-на беріледі, сондықтан бүтінгі күннен бастап осы ұйым тиімді түрде аймақтық ынтымақтастықтың механизімін қалыптастыра алған халықаралық ұйым деңгейіне көтерілуі тиіс.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегиясы тек қана Орталық Азия мемлекеттерінің этносаяси, әлеуметтік және басқа ерекшеліктерін есепке алып қана қоймай, сонымен бірге, ірі геосаяси ойыншылар мұдделерінің осы аймақта орын алатын потенциалды қақтығыстарын ескеру қажет. Оқиғалар дамуының ең қауіпті сценарийіне аймақты тұрақсыздандру мен орнықкан зайырлы режимдерді ыдыратып құлату, билікке діни экстремистердің келуі, мемлекетаралық жанжалдардың өршуі жатады.

Бұл тұрғысында сарапшы Ким Мин Чулдың көзкарасы көніл аударарлық болып отыр. Оның айтуынша, «орталықазиялық аймақтың мақсат-мұддесінің қарама-қайшылық алаңына айналуы,

¹ Чжан Юйсинь. Интересы Китая, России и США в Центральной Азии.; Алдубашев Ж. М. Объективные и субъективные факторы возрастания стратегической роли США в Центральной Азии // URL: www.rusnauka.com/_7_NITSB_2012/Politologiya/_7_103660.doc.htm

бүгінгі күні осында орналасқан мемлекеттердің де, Ресейдің де мұдделеріне жауап бере алмайды. Осыған орай, байыпты және салиқалы сыртқы саяси бағытты ұстану абзал. Осы мәселелердің барлығында, оның соңғы нәтижесі ретінде аймақтық қауіпсіздікті нығайтуда бірлесе күш жұмысауды, оның іргетасы ретінде екіжақты ынтымақтасумен бірге, Ұжымдық Қауіпсіздік Келісімі Ұйымы, ТМД-ның Антитеррористік Орталығы, ШЫҰ шенберіндегі әріп-тестік қарым-қатынастың болуы тиіс»¹.

Халықаралық терроризмге ұжымдық қарсы тұру механизмдері

КСРО-ның ыдырауы мен бұрынғы одақтар республикалардың жана тәуелсіз мемлекеттер болып қайта құрылуы, олардың ұлттық және аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі актуалды проблемаға айналуына себепкер болды.

Осы мәселені шешудегі бірінші қадам ретінде 1992 жылы Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан арасындағы Ұжымдық қауіпсіздік келісіміне қол қойылды (ҰҚҚ)². Ұжымдық қауіпсіздік Кенесі құрылды. Ұлттық және ұжымдық қауіпсіздік мәселелері 1993 жылғы ТМД-ның Жарғысында³ атап өтіліп, онда қауіпсіздіктің ұжымдық күштерін құру қарастырылды.

ТМД елдерінің әскери қауіпсіздігініңдырауы мен әскери қауіпсіздік жүйесін нығайтуға Ресей⁴, 2002 жылы ҰҚҚ-ны толық-қанды халықаралық ұйым – Ұжымдық Қауіпсіздік Келісімі Ұйымы (ҰҚҚҰ) ретінде қайта құрды. Оның мүшелігіне Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясымен

¹ Ким Мин Чул. Формирование системы региональной безопасности в постсоветской Центральной Азии...

² Договор о коллективной безопасности (Ташкент, 15 мая 1992 г.) // URL: <http://www.mid.ru/ns-rsng.nsf/3a813e35eb116963432569ee0048fdb/7b26f92ab3bc6b0843256b0b0027825a?OpenDocument>

³ Устав Содружества Независимых Государств (принят 22 января 1993 г. на заседании Совета глав государств в г. Минске) // URL: <http://www.cis.minsk.by/page.php?id=180>

⁴ Актуальные вопросы безопасности в Центральной Азии: Мат-лы X Ежегодной конф. (Алматы, 6 июня 2012 г.) / Отв. ред. Б. К. Султанов... – С. 85.

Тәжікстан кірді. Осы жылдың қазан айында мүше-мемлекеттердің президенттері ҮҚҚҰ Жарғысы мен оның құқықтың мәртебесі туралы Келісімге қол қойды¹. Халықаралық терроризммен және басқа қауіпсіздіктің дәстүрлі емес қауіп-көтерімен құрес мәселесі осы Жарғыда аса маңызды орынға ие.

ҮҚҚҰ-ның мүкіндіктері алғаш рет 1996 жылдың күзінде және 1998 жылдың жазында Ауғанстандағы ахуалдың қауіпті жолмен дамуы және орталықазиялық мемлекеттердің шекараларына жақын жерлерде экстремистердің аймактағы жағдайды тұрақсыздандыруына бағытталған іс-әркеттерін болдырмау үшін жұмылдырылды².

1999–2000 жылдары Баткен оқигалары көрсеткендей, Қырғызстанның қарулы күштері, оған Өзбекстанның катысуы барысында, халықаралық террористердің қарулы топтары Қырғызстанның онтүстігі мен Орталық Азияның басқа аймактарында жүргізгенкеп көлемдегі іс-қимылдарын Ұжымдық қауіпсіздік келісімі мүмкіндіктерін тиімді түрде пайдалану қажеттігін (сол кездегі Қырғызстан Президенті ислам экстремистерінің басып кіруін ТМД-ның барлығына төнген қауіп ретінде, оны аймактағы жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында геосаяси орталықтармен қаржыландыратын агрессивті саяси қозғалыстың бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырғанын айта кету керек³) көрсетті. Соның нәтижесінде ҮҚҚ-не қатысушы-мемлекеттер басшылары орталықазиялық аймакта халықаралық терроризммен күресу үшін арнайы ұтқыр әскери құрылымдарды – Орталық Азиялық Аймактың Тез ұйымдасатын ұжымдық күштерін (ОААТҰҰК) құру жөнінде шешім қабылдады⁴.

¹ Устав Организации Договора о коллективной безопасности от 7 октября 2002 г. (по сост. на 10 дек. 2010 г.) // URL: http://www.odkb-csto.org/documents/detail.php?ELEMENT_ID=124; Соглашение о правовом статусе Организации договора о коллективной безопасности от 7 октября 2002 г. (по сост. на 6 окт. 2007 г.) // URL: http://www.odkb-csto.org/documents/detail.php?ELEMENT_ID=125

² Бекбосынова С. С. Исламский фактор и терроризм в современном мире: политологический анализ...

³ Қыргызстан против исламского фундаментализма, экстремизма и терроризма. Баткенские события в Центральной Азии // URL: <http://mursaliev.narod.ru/batken.htm>

⁴ Носов В. Н. Военное присутствие как инструмент внешней политики России и США...

ОАА ТҮҮК 2001 жылы құрылып, оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясымен Тәжікстанның қарулы күштерінің бөлімдері мен бөлімшелері кірді. 2003 жылы ТҮҮК құрамына Қант қаласында (Қырғызстан) ресей әуе базасы еніп, ондағы ОАА ТҮҮК орналасуы «әскери агрессияға қарсы тұру, жалпыәскерлік, контртеррористік және арнайы операцияларды, оның ішінде Орталықазиялық аймақ мемлекеттерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігіне төнетін сын-қатерлеріне дер кезінде тойтарыс беруді мақсат тұтты»¹.

Халықаралық терроризмді трансұлттық қурделі қауіп-қатерлердің бірі ретінде қарастыра отырып, «болашакта ҰҚҚҰ-нын ұжымдық бітімгерлік күштерінің құрылуы мүмкіндігін ескерсек, олар осы Келісімнің жауапкершілік аумағында да, сонымен бірге, БҰҰ аясында өткізілетін бітімгершілік операцияларында, оның ішінде Ауғанстанда қолдануы мүмкін»².

Халықаралық ұйымдардың біршамасы, оның ішінде ЕҚЫҰ (OBSE) қызметінің басым бағыттарының бірі халықаралық терроризмге қарсы тұру бойынша бірлескен әдіс-тәсілдерін жасап шығару болып саналады. ЕҚЫҰ Антитеррористік бөлімшесінің бастығы Р. Ф. Перлдың пікірінше, заң немесе биліктің бәрінен жоғары тұрмаған, өзінің территориялық аумағын толығымен бақылауда ұстап тұра алмаған мемлекеттерде (мәселен, Ауғанстан, Пәкістан, Сомалиде), өз жерлерінде террористік топтарға арналған базалар мен олардың жаттығу өткізетін лагерлері тез арада ұйымдаса кетуі мүмкін екен³.

Зерттеуші Ю. Н. Алёшин, Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсізігін қамтамасыз етудегі әдіс-тәсілдерін зерттей отырып, «бірінші кезекте ішкі саясаттың басымдылығынаден қойған дұрыс, өйткені ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды сын-қатері ретінде оның тек сыртқы факторлары емес, елде қалыптасқан ішкі жағдайдың проблемалары сыртқы келеңсіз факторларға әсер беріп,

¹ Информация по проекту Закона Республики Беларусь «О ратификации Соглашения о порядке оперативного развертывания, применения и всестороннего обеспечения Коллективных сил быстрого развертывания Центрально-азиатского региона коллективной безопасности» // URL: <http://house.gov.by/index.php/4633,13806,,0,0,0.html>

² Международные механизмы борьбы с терроризмом // URL: <http://www.cat4top.ru/page/24.html>

³ Перл Р. Ф. Террор в XXI веке // Аргументы и факты. – 2010. – № 40.

оларға қарсы тұруды да күрделендіріп отырады»¹, – деп атап өтті. Сонымен бірге кезкелген мемлекет өз бетінше өзінің ұлттық мұддесін, ондағы басымдық танытатын сыртқы және ішкі сыйн-катерді, оған қарсы тұру әдістерін анықтап, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өз көзкарастар жүйесін қажетті күжаттарда, әдетте, ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы немесе оның стратегиясында қалыптастырады.

Орталық Азия елдерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында жаһандық сыйн-катердің, оның ішінде террористік қауіптің өсуіне жол бермеу және оны аймақтық денгейде алдын алу проблемаларының өзектілігі ерекше мәнге ие бола бастады. ҰҚҚҰ мүше-елдерінің аймақтағы экстремистік күштерге тоқсауыл қоюдағы өзара ынтымақтасуы жағымды фактор болғанын атап өту керек. Жыл сайын Тәжікстан, Қазақстан және Қырғызстан Ресеймен бірге бірлескен әскери жаттығулар жүргізеді.

2005 жылы Мәскеуде Ресей президенті В. Путин мен Өзбекстан президенті И. Кәрімовтың арасында одақтастық қарым-қатынастындау туралы ресей-өзбек Келісім-шартына² қол қойылуы, Өзбекстанның сол кезеңде ресейлік ықпалдың серпініне қайта ойысып, оған серіктес болғанын анғартқан еді. Бұл келісімді 2005 жылы орын алған Андіжан оқиғалары мен Мәскеу мен Ташкент арасындағы 2004 жылдың 16 маусымында қол қойылған Стратегиялық серіктестік туралы Шарттың контекстінде карастыру қажет³.

2005 жылғы Келісімде Ресей Федерациясы жағынан Өзбекстанға ұлттық қауіпсіздікті қорғау мәселелерін кенейту бойынша көмек беруі қарастырылған еді. Осы Келісімнің 2-бабына сәйкес, «егер Келісуші жақтың біріне қарсы, басқа бір мемлекет немесе мемлекеттер тобы тарапынан агрессия актісі орын алғатын болса, онда бұл екі Келісуші жаққа бірдей жасалған агрессия актісі деп қарастырылатын болады. Келісуші жақ қажетті, оның ішінде әскери

¹ Алёшин Ю. Н. Национальная безопасность новых независимых государств на постсоветском пространстве (на материалах стран Центральной Азии)...

² Договор о союзнических отношениях между Российской Федерацией и Республикой Узбекистан (от 14 ноября 2005 г.) // URL: http://archive.kremlin.ru/interdocs/2005/11/14/1934_type72066_97086.shtml?type=72066

³ Договор о стратегическом партнерстве между Российской Федерацией и Республикой Узбекистан (16.06.2004) // URL: http://archive.kremlin.ru/interdocs/2004/06/16/0000_type72066_75277.shtml?type=72066

көмегін де және өз қарамағындағы басқа барлық қүш-құралдармен қолдау көрсетеді». Сол кезде Өзбекстан әсіресе, қауіпсіздік мәселелері бойынша АҚШ-қа қарай бет бұрудан бас тартқан сияқты болғаны байқалған еді.

Қырғызстанмен Өзбекстан үкіметтері АҚШ-пен негізгі қүштері Ауғанстан жерінде орналасқан «Талибан» және «Аль-Каїда», ынтымақтастықты іске асырды. Өзбекстандағы «Ханабад» (К-2) және Қырғызстандағы «Манас» әуе базалары АҚШ-тың Әскери-әуе қүштерімен ауған территориясында орналасқан талибтердің әскери объектілеріне әуе шабуылдарын жасау үшін қолданды. АҚШ басқарған халықаралық коалициялық қүштер Ауғанстанда талибтердің қатарында соғысып жаткан ӨИК-ның қарулы құрылымдарына айтарлықтай қатты соққылар берді.

Орталық Азияда АҚШ әскерлерінің болуы экстремистік қүштердің жолын кесуде басты ролге ие болды. Ауғанстандағы халықаралық терроризмнің инфрақұрылымын қирату Орталық Азиядағы діни экстремизмнен болатын қауіп-қатерді едәуір азайтқандығы сөзсіз болды. Ал басқа бір қырынан алғанда, жекелеген сарапшылардың айтуынша, АҚШ қарулы қүштерінің Орталық Азияның территориясында ұзак мерзімге қалуы орталық азиялық республикалар үшін де, Үндістан үшін де, Ресей мен Қытай үшін де қолайлы фактор ретінде қарастырылмайды екен¹.

Соған қарамастан, халықаралық терроризмнен төнетін қауіп-қатерді бағаламай қоюға болмайды немесе оның жекеленген елде, одан болатын зардаптарды мойындау да дұрыс емес. Сонымен қатар, терроризмді асыра бағалауга жол бермей, үрей, қорқыныш туғызатын ахуалды орнықтырмай, оның қоғамдық пікірге ықпал етуіне бөгет қою керек. Жоғарыда атап өткендей, кезкелген терракті, ең алдымен жарияялықа ие болып, бұқараға жаппай әсер етуі мензейді. Қоғамда белгілі бір тепе-тендіктің тұру арқылы қалыптасқан жағдайды шынайы бағамдау, қауіпсіздікті қамтамасыз етуіндегі өзіне лайықты және тиімді жүйесін жасау және террористік қауіп-қатерлерге жауап қайтаруға мүмкіндіктер береді.

¹Tolipov F. Regional Security in Central Asia in the Context of the Fight Against Terrorism // Santhanam K., Dwivedi R. (ed.). India and Central Asia: Advancing the Common Interest. – New Delhi: Anamaya Publishers, 2004. – P. 26–32.

Осындай жағдайда, біздің пікірімізше, ҰҚҚҰ күрылып, өз аяғына тұру үдерісі аяқталды. Аймақтық интеграцияланудың бұл институты Орталық Азия үшін қазіргі заманға сай кескін-келбетке ие болып, Түркменстанды қоспағанда, барлығын біріктірген аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін баламасы жоқ механизмге айналды.

2009 жылы ҰҚҚҰ-на мүше-елдердің басшылары осы Үйимның БҮҮ-мен ынтымақтасуына жол ашуды қарастырды. «ҰҚҚҰ халықаралық қауымдастықтың бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы қызметіне белсене катысуға қажетті механизмдеріне ие бола отырып, <...> БҮҮ Бас хатшысына БҮҮ-ның Бас ассамблеясының 64-сессияның күн тәртібіне БҮҮ мен ҰҚҚҰ ынтыматастығы туралы мәселені қоюды сұрап, әскери-саяси қауіпсіздік саласында, халықаралық терроризм мен экстремизмге, есірткі заттары мен кару-жарактың заңсыз сауда айналымына түсіне, ұйымдастыран трансұлттық қылмысқа қары тұру сияқты маңызды салаларда жүйелі және мәселесі реттелген негізде іске асыруғаболатындығын атап көрсетті»¹.

2010 жылдың 18 наурызында БҮҮ мен ҰҚҚҰ бас хатшылары БҮҮ мен ҰҚҚҰ хатшылықтары арасындағы ынтымақтастыққа жету мақсатында Бірлескен декларацияға қол қойылды. Декларацияда осы ынтымақтастық, «жанжалдарың алдын алу және оларды болдырмау, терроризммен, трансұлттық қылмыспен, кару-жаракты заңсыз сауда салумен күрес және төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың зардаптарын жою секілді салаларды қамтитын болар еді»².

Сонымен бірге, өз уақытында жекеленген сарапшылар тарапынан ҰҚҚ әділ сынға ұшырағаны рас, олардың мәлімдеуінше, ҰҚҚ өзін дербес және әрекет етуші ұйым ретінде қалыптасып, өз аяғына тік тұрып, өзінің мүмкіндіктерін толығымен іске асыра алмады. С. А. Кокориннің айтуынша, Орталық Азияда қызмет ететін, құрамына Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің бір бөлігі кіретін қауіпсіздік бойынша аймақтық ұйым – Ұжымдық

¹ Чернов В. А. ОДКБ как институт межгосударственной военно-политической интеграции на постсоветском пространстве... – С. 121.

² Совместная декларация о сотрудничестве между секретариатами Организации Объединенных Наций и Организации Договора о коллективной безопасности. Москва, 18 марта 2010 г. // URL: http://www.mid.ru/btp_4.nsf/0/2BFA3FD9CD78EA5FC32576EF0047445C

қауіпсіздік келісімі – «қалыптысқан ахуалда қандайда бір ұжымдық тойтарыс беруге шамасызекендігін көрсетті. Откен дәуірдің классикалық канондарына сәйкес құрылған осы үйим, Ауғанстанда қалыптастасқан ерекше жағдайда, және де Ресей мен Орталық Азия мемлекеттері мұдделеріне толық сай келмеуіне орай шешім қабылдай алатын құқықтық базасы болмаған еді. Сондықтан АҚШтың әскери операцияларының саяси және үйымдастыруышлық мәселелерін қамтатасыз етілуі, екіжакты келісімдерді өткізу арқылы, тек ҰҚҚ органдарының қатысуының-ақ шешіліп отырды»¹.

ТМД-ның Антитеррористік орталығы Орталық азиялық бөлімшесінің басшысы С. И. Реваның пікірінше, «мұның тиімді түрде іске асыратын нақты жұмыс органы жоқ <...> үйымның мақсаты болмады <...>, көрсетілген бағыттар бойынша мәлімдеген күрес шаралары – көпшілік жағдайда ықылас білдіру ғана ретінде қалып қойды, оны іс жүзіне асыруға келгенде мүкіндігі еш болған емес, ол тек қана ниет білдірумен ғана шектеліп қалды.»².

Ресей зерттеушісі В. А. Черновтың айтуынша, «алғашқы кезеңде ҰҚҚ шындығында тек “мүкіндіктерді қарастыратын жер” ғана еді, ол қауіпсіздікті қамтамасыз етудің пәрменді механизмі және соған қатысушылардың өзара қарама-қайшылықтарын реттей алатын үйим бола алмай, ал, оның қанықкан нормативті жұмысы практикалық жағынан өзара әрекеттесуді терендетे түспеді. Осы үйымға кейбір қатысушылардың өзара сенімі айтартықтай тәменгі денгейде болып, өздерінің қауіпсіздігіне төнетін сын-катерлер мен оның басым бағыттарына баға берген сәтте, әр елдің арасында едәуір алшактықтар болды»³. Келісімді толыққанды халықаралық үйымға айналдырып қайта құрғанда «Үйим аясындағы интеграциялық үдерістер мен іс жүзіндегі ынтымақтастық тез арада практикалық маңызға ие болып, құрылған мерзімінен бері, ҰҚҚ мүші-елдері қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде орын алған

¹ Кокорин С. А. Механизмы противодействия терроризму в Российской Федерации. Организация антитеррористической деятельности государства (2000–2005 гг.) // URL: <http://do.gendocs.ru/docs/index-145485.html?page=16>

² Рева С. И. Международное антитеррористическое сотрудничество в условиях глобализации: на материалах государств Центральной Азии...

³ Чернов В. А. ОДКБ как институт межгосударственной военно-политической интеграции на постсоветском пространстве... – С. 83.

сипатынан әлдеқайдажоғары динамикасымен ерекшеленетінін көрсетті¹.

Бұғінгі таңда ҰҚҚҰ Орталық Азияда мемлекеттері қауіп-сіздігін қамтамасыз етуде осы аймақтағы елдердің әскери-саяси интеграциялануын қолдайтын бірден бір үйім ретінде өте маңызды ролге ие болып отыр. Ол саяси институт сипатында құрылыш болудың соңғы кезеңінде тұр және болашақта жоғары деңгейдегі континенталды жүйенің бір элементі ретінде болуға ұмтылышы байқалады.

ҰҚҚҰ үшін жағымды үрдістердің өзекті міндеттері ретінде осы үйімның нығаюы, жаңа сын-қатерлерден туындастын талаптарға сәйкес төтеп бере алатындығы, халықаралық принциптерін қатаң сактауы, оны халықаралық қауымдастық тараҧынан ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын нақты және тиімді институт ретінде танылуының қажетті алғы шарттары болар еді. ҰҚҚҰ-на Ауғанстандағы қалыптасқан ахуалдың шешімін табуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс, өйткені, осы елдің үкіметі халықаралық қауымдастықтың қолдауымен алдына қойған мақсаттарына әлі жете алмады. Ол – ауған террориясында халықаралық терроризм мен есірткі бизнесі орталыктарын жоюды, соның нәтижесінде елдегі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайды қалыптына келтіруді іске асыруды көздеңген еді.

И. В. Задорожныйдың айтуынша, Қырғызстан Республикасы үкіметі аймақтық қауіпсіздікті, оның ішінде ауған мәселесін шешуді қамтамасыз етуде әдіс-тәсілдердің кең көлемдегі құралдарын пайдалануға ұсыныс берді. Нактырақ айтсақ, ауған бағытындағы ынтымақтастықты аймақтық үйімдардың шенберінде – ШЫҰ, ЕҚҰҰ (Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық үйімы), ЭҰҰ – (Экономикалық ынтымақтастық үйімы), ИҰҰ (Ислам ынтымақтастық үйімы, бұрынғы ИҚҰ – Ислам Конференциясы үйімы) – бұлардың жалпыаймақтық проблемаларды шешудегі ролі күшеюін ескере отырып, белсенді түрде жүргізу. Аймақ елдерінің халықтарымен қарым-қатынас орнатуды, оның ішінде парламентаралық байланыстарды, білім беру мен мәдениет саласы бойынша өзара алмасулар, аймақтық сарапшылық құрылымдарымен де қатынас орнатып, ондағы

¹ Сонда. – С. 88.

актуалды тақырыптарға (терроризм, есірткіден төнетін қауіптер және т.б.) арналған бірлескен зерттеулерді жүргізу мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі ұсынылды¹.

Аймақаралық деңгейде Қазақстан мен Қырғызстан Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) құрудың бастамашысы болып², оның құрамына Ресей, Қытай, Тәжікстан және Өзбекстан кіреді. ШЫҰ жаңа кезеңдегі халықаралық қауіпсіздіктің құрылымы санатына жататындығын ерекше атап өткен жөн. 2001 жылы құрылған кезінен бастап, осы Ұйым өзінің басым бағыттағы міндеттері ретінде исламдық радикализм, сепаратизм, есірткімен зансыз сауда жасауға, зансыз көші-қону қауіп-қатерлерімен күрес жүргізуді бөліп қарастырды. Шанхай конвенциясының терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес шенберінде тұрақты түрде қызмет ететін орган – Аймақтық антитеррористік құрылымы (ААТК) құрылды.

Ауғанстанда болған оқиғаларға байланысты ШЫҰ ешқандай бір көрнекі ролге ие бола алмады. Осы Ұйым Ауғанстанда және оның маңайында жылдам орын алғып отрыған уақиғаларға қатысып отыруына әлі жас және ондағы мәселелерді қарастыруға мүлде енжар болған еді. Бірақ, бұғын ШЫҰ Хартиясында³ көрсетілген осы үш қауіп-қатерлерге – терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жүргізу үшін – Ұйымға мүше-елдер жүйелі түрде бірлескен антитеррористік жаттығулар өткізіп тұрады.

Терроризмге, ұйымдастықтың зансыз сауда айналымға түсі, қару-жарапен зансыз сауда жасауға қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен оны кеңейту шаралары Ұйымға мүше-елдердің қажетті халықаралық келісімдерді қарастырып, оларды іс жүзінде іске асыруды, және де діни экстремизммен күрес саласында тығыз аймақтық ынтымақтастықты қалыптастыруды мақсат етті. Аймақтық және ұлттық қауіпсіздік аясында 2005 жылдың ақпанында Қазақстан

¹ Задорожный И. В. Влияние внешнеполитических факторов на процесс консолидации афганского общества...

² Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества (Шанхай, 15.06.2001) // http://www.sco-ec.gov.cn/crweb/scor/info/Article.jsp?a_no=719&col_no=66; Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15.06.2001...

³ Хартия Шанхайской организации сотрудничества (Санкт-Петербург, 7 июня 2002 г.) // URL: kremlin.ru

«Экстремизмге қарсы тұру туралы»¹ заңын қабылданап, соның негізінде террористік және экстремистік әрекеттерді каржыландыру қылмыстық жауапкершілік енгізіліп, терроризм мен экстремизм идеяларын насиҳаттауға тыйым салынды.

90-шы жылдардың бас кезінде аймақта пайда болған радикалды исламдық топтардың белсенділігінің артуы Өзбекстан үкіметін де мазасыздандыра бастаған еді. Бұл мәселе 1992 жылдың 8 желтоқсанында қабылданған Өзбекстан Конституациясында өз орнын тапты. Нактырақ айтсақ, ондағы 31 бапта: «...Діни көзқарастарды ықтиярыз түрде мәжбүрлеуге жол беруге болмайды. Жасырын қоғамдар мен бірлестіктерді құруға тыйым салынады»², – деп жазылған. Діни экстремистер Ислам Кәрімовтың үкіметін құлатуға талпынды, бірақ өзбек үкіметі осы топтарға қарсы үзілдікесілді батыл шараларды қолданудың арқасында, 1995 жылы олардың қызметі бакылауға алынған еді³.

ӨИҚ-ның 1997 жылдың желтоқсан айында Наманган қаласындағы қарқынды қарулы әрекеттері өзбек үкіметіне «Дін бостандығы мен діни бірлестіктер туралы»⁴ заңының жаңа редакциясын қабылданап, сол арқылы діни ұйымдарды бакылауға алуды күшейтуді мәжбүрледі. Террористік акцияларды іске асырарда Өзбекстан Ислам қозғалысына қолдау көрсетіп келген, астырын қызмет ететін мешіттер мен медреселерге айтарлықтай шектеулер қойылды.

2002 жылдың қаңтар айында ШЫҰ-на мүше-елдердің сыртқы саясат ведомстволары басшыларының кезектен тыс жиналысында Ауғанстандағы жағдай талқыланып, терроризмге халыкаралық тұрғыдан қарсы тұру проблемалары, аймақтық терроризм, сепаратизм мен экстремизм және т.б. мәселелері қарастырылды. Осы жиналыстың нәтижесі бойынша ШЫҰ елдерінің СІМ

¹ Закон Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» от 18 февраля 2005 г. № 31-III (по сост. на 23.04.2014) // URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30004865

² Конституция Узбекистана от 8 декабря 1992 г. (по сост. на 28.12.93) // URL: <http://worldconstitutions.ru/archives/123>

³ Нетрадиционные угрозы безопасности в Центральной Азии / Аналитический центр «Разумные решения» (8.09.2006) // URL: <http://analitika.org/1356-20060908050610476.html>

⁴ Закон Республики Узбекистан от 1 мая 1998 г. № 618-1 «О свободе совести и религиозных организациях» (по сост. на 31 декабря 2008 г.) // URL:http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=822

басшылары Бірлескен мәлімдемеге қол қойып, Ұйымның төтенше оқиғаларға орай шешім қабылдауы қажет кезіндегі қызмет ететін механизмдері мен принциптерін қолдады. Накты айтатын болсақ, мұнда терроризмнен туындастырылу қарастырылған болады. Оның негізгілері – жаһандық, аймақтық, және ұлттық – қамтамасыз етуге»¹ ерекше назар аудару қажет.

2004 жылдың бас кезінде ШЫҰ өзінің қызметінде ұйымдастырушылық кезеңінің аяқталуына жақындалап, дербес жұмыс механизмдері, мамандар құрамы мен бюджеті бар, толыққанды үкіметаралық құрылым ретінде қызмет ете бастады. ШЫҰ жұмысшы органы – Аймақтық антитеррористік құрылымның Атқарушы комитеті, оның міндеттеріне терроризммен, діни экстремизммен және есірткіні заңсыз сауда айналымына салумен құресті үйлестіру жұмыстары анықталып, оны Өзбекстанда орналастыру туралы шешім қабылданған еді.

Қазіргі таңда ШЫҰ-ның Орталық Азия мен Орталық Шығыста қауіпсіздік мәселелерін қамтамасыз етудегі нақты жетістіктері туралы айту әлі ертерек. Алайда Ресей мен Қытайдың геосаяси және геоэкономикалық мүдделілігіне сәйкес өздерінің ыпалын нығайтуға талпынысымен келісуге болады, және де ШЫҰ жас ұйым болса да, өзінің қызмет ету аясын көнектіп, Орталық Шығыста орын алған жаңжалдардан алған тәжірибесін ескере отырып, аймақтағы жаһандық қауіп-қатерлердің деңгейі мен сипатына болашақта бейімделетін белгілі бір мүмкіндіктерге ие бола алады².

ШЫҰ шенберінде діни экстремизм мен халықаралық терроризмге қарсы бағытталған қарес жүргізу бойынша ынтымактасу соңғы он жылдықтың ішінде аймақтың қауіпсіздігі үшін аса маңызды факторға айналды³.

2005 жылдың шілде айында ШЫҰ-ның кезектегі саммитінде Ұйымға мүше-мемлекеттер басшылары АҚШ басқаратын антитеррористік коалицияның әскери контингентін ШЫҰ-на мүшебелдердің базаларында қандай мерзімге дейін қалуын уақытын атауды

¹ Совместное заявление министров иностранных дел государств-участников Шанхайской организации сотрудничества (Пекин, 7 января 2002 г.) // Дипломатический вестник. – 2002. – Февраль.

² Международные механизмы борьбы с терроризмом...

³ Князев А. Афганский кризис и безопасность Центральной Азии... – С. 464–468.

талап еткен декларация қабылдады. Бұл талаптар Ауғанстандағы жүргізілген операциялардың қарқынды кезеңінің аяқталуына орай негізделген еді.

Біздің пікірмізше, бұл талаптардың мәні Шанхай ынтымақтастық ұйымы Орталық Азиядағы діни экстремизм және терроризммен өз бетінше құрес жүргізе алады деген қорытындыға әкеледі. Мұндағы біздің пікіріміздің дұрыстығын ШЫҰ шенберінде Азия-Тынық мұхиты аймағында жүргізілген біріккен ресей-қытай әскери жаттығулары дәлелдеп көрсетті.

Вашингтон ШЫҰ-ның үндеуін қабылдамауға әрекет етіп, НАТО әскерлерінің Орталық Азияда болуын Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы екіжақты келісімдерге негізделгенін айтып дәледеуге тырысты. Алайда біраз уақыт өткен соң екі республика да американың әскери объектілерін өз территорияларынан шығару туралы шешім қабылдады. НАТО-ның объектілері осы аймақта одан әрі болуы зардаптарға әкеліпсоктыруы мүмкін екендігін түсініп, олар сондықтан Ресей және Қытаймен тығыз жақындасуды қолға алып, АҚШ-тың саясаты Орталық Азияда басымдылыққа ие болуына тосқауыл коюды мақсат етті.

Сол себепті, Ауғанстандағы жаңжал мен АҚШ-тың әскерлері Орталық Азияда болуыосы аймақтағы барлық мемлекеттердің мұдделерін қозғап, посткеңестік кеңістіктің осы бір бөлігіндегі әскери-саяси кескін-келбетін едәуір дәрежеде өзгертіп жіберген болатын¹.

Айта кету керек, осы жаңа тәуелсіз орталықазиялық мемлекеттерде террористік және экстремистік әрекеттерді ашып, олардың жолын қесудегі заңнамалық базасын құрып, оны одан әрі жетілдіруде біршама жұмыстар атқарылған еді. Тиісті зандар мен мемлекетаралық келісімдер республикаларда терроризммен күрестің құқықтық және ұйымдастыруышлық негіздерін, меншік формаларына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызмет ету ережесін, олардың мемлекетаралық антитеррористік ұйымдарға қатысуы, және де терроризммен құрес жүргізгенде азаматтардың құқығы, міндеттері мен кепілдігінің сакталуын белгілеп берді.

¹Князев А. Афганский кризис и безопасность Центральной Азии... – С. 411–417.

Атап өтілген антитеррористік құрылымдардан басқа , ТМД шенберінде халықаралық терроризм мен экстремизмнің басқа түрлеріне карсы күресте ТМД-ға мүше-елдердің арнайы ор-гандарын өзара әркеттесуін үйлестіруді қамтамасыз ететін Антитеррористік орталық (ТМД АТО)¹ қызмет етеді. ТМД АТО-ның контртеррористік операцияларын іс жүзінде орындауда ҰҚҚҰ бөлімшелерінің қатысуымен жедел-тактикалық жаттығулар жүргізілп, оған ШЫҰ-на мүше-елдердің профилді құрылымдарынан келген байқаушылар қатысады. 2002 жылы ТМД АТО-да БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Контртеррористік комитетімен байланыста болатын орын жасақталды. Жыл сайын ТМД АТО халықаралық жедел-алдыналу операциялары мен «Антитеррор» бірлескен жаттығуларына қатысып, солардың нәтижесінде антитеррористік қызметтің нақты әдістемелері жасалады².

Сонымен қатар, Орталық Азияның бірқатар республикаларында (Қазақстанда, Қырғызстанда) терроризммен құрес бойынша барлық арнайы, құқық қоғау және басқа ведомстволардың жұмыстарын үйлестіру үшін құрылған ұлттық қауіпсіздік комитеттерінің антитеррористік орталықтары қызмет істейді. 2013 жылдың маусым айында Қазақстанда Президенттің Жарлығымен республиканың Антитеррористік орталығы туралы жана Ереже бекітілді³. Мұндай шешім халықаралық жағдайдың тез арада шиеленісунен, соның салдарынан сын-қатерлердің өсүіне байланысты қабылданған еді. Соған сәйкес, КР ҰҚҚ басшысы Н.Әбіқаев, «қазақстандық ішкісаяси және әлеуметтік ортада жұмыстың формалары мен әдістерін түбекейлі жаңартуды талап етеді»⁴, – деп мәлімдеді.

¹ Решение о создании Антитеррористического центра государств-участников Содружества Независимых Государств от 21 июня 2000 г. // URL: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=4970

² Антитеррористический центр государств-участников СНГ (Справочная информация) // URL: <http://www.mid.ru/bdomp/ns-rsng.nsf/52b86a6b9f27da78432569ee0048fe02/432569d800221466c325704300315427!OpenDocument>

³ Указ Президента Республики Казахстан от 24 июня 2013 г. № 588 «Об утверждении Положения об Антитеррористическом центре Республики Казахстан» // URL: <http://www.nomad.su/?a=3-201307020029>

⁴ Создание Антитеррористического центра – веление времени (Интервью руководителя Антитеррористического центра РК Н. Абыкаева) // URL: <http://www.nomad.su/?a=5-201307110031>

Күш қолданудан басқа терроризмнің зардалтарын азайту мен жою мәселесінде, жаңаған ҚР АТО-ның басты басым бағыттарының бірі, терроризмнің алдын алу шаралары болып анықталды. Орталықтың құзыретіне тұжырыдамалық көз-қарастарды үйлестіру, басым бағыттарды анықтау, осы салада мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында практикалық шараларды іске асыруды, және де, террористік қауіптер мен көріністерге мониторингжасап, оларды бағалау мен болжауды, алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелі ендіру шаралары жатады¹.

Дәл осындай міндеттерді Қырғыз Республикасы МҰҚҚ-нің Антитеррористік орталығы да шешеді. ҚР МҰҚҚ АТО Қырғызстан Республикасындағы терроризмге карсы тұру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты орындаپ және терроризмге карсы тұрудағы қызметті іске асыратын мемлекеттік органдардың жұмыстарын үйлестіреді, ол террористік актілерді дайындаған, іске асыруға мүкіндік туғызатын, оның шығу себеп-салдарын анықтап, оларды ашып, көзін жоюға, террористік әрекеттердің алдын алу, жолын кесу үшін келісіп әрекет ету үшін құрылған².

Терроризмнің алдын алу шараларының маңызды элементі ретінде экстремизмді насиҳаттайтын, террористік акцияларды ұйымдастырып өткізетін патриялар, қозғалыстар, ұйымдарды, және де олардың қызметіне елдің аумағында тыйым салу үшін занға сүйене отырып шешім қабылдауды санауға болады. ҰҚҚҰ жанындағы Тұрақты кенес ҰҚҚҰ-на мүше-мемлекеттерде террористік және экстремистік деп танылған ұйымдардың тізімі жасалып, олардың саны 2010 жылы 40-қа жетті³. Олардың санатында орталықазиялық республикаларға қатысы бар, аса қауіп төндіретіндері ретінде «Аль-Каида», Шығыс-Түркістан Ислам қозғалысы, «Хизб ут-Тахрір аль-Іслами», Өзбекстан Ислам

¹ Сонда.

² Положение об Антитеррористическом центре Государственного комитета национальной безопасности Кыргызской Республики // URL: <http://www.google.ru/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=9&ved=0CFkQFjAI&url=http%3A%2Fwww.gov...>

³ Перечень организаций, признанных террористическими и экстремистскими в государствах-членах организаций договора о коллективной безопасности: Приложение к Решению КССБ ОДКБ от 9 декабря 2010 г. // URL: <http://docs.pravo.ru/document/view/17358361/15009717/>

қозғалысы, «Братья мусульмане», «Талибан» қозғалысы, «Исламдық джихады – Моджахедтер джамааты» және т.б. бар.

Қазіргі кезенде посткенестік кеңістіктегі ЕурАЗЭҚ-тан КОпен ЕЭК-ке дейін және болашақта 2015 жылы Еуразиялық экономикалықодак болып құрылады) әсері терроризм мен экстремизмге қарсы күресуші күштердің бірігуіне себепкер болары сөзсіз. Зерттеуші В.В. Кутеневтің айтуынша, интеграциялану үдерісінің болашағына жалпы қөзқарастың өзі, бұл елдердің саяси интеграциялануының маңызды көрсеткіші болып табылады. Саяси интеграция деп атап өтеді ол, «интеграциялық үдерістің мұратқа жеткені елдердің ортақ саяси институттардың құруы (парламент, сот) және әскери-саяси салада тығыз байланыс орнатуы болып табылады. Егер әлеуметтік-мәдени және экономикалық салаларда бір елді немесе бір топтағы елдердің даму бағытын айырықша ұнатып, оларды жактау кезінде қөзқарастар мен көңіл-күйлердің әр алуандығы орын алып жатса, ал, саяси (әсірісе, әскери-саяси) салада пікірлердің салыстырмалы түрде біркелкілігі байқалады. Посткенестік кеңістіктегі елдердің барлығында тегіс халықтың көпшілігі саяси достық және әскери өзара көмек көрсету мәселесінде ТМД-ның басқа елдеріне қарай бағыт ұстанады»¹.

АҚШ пен НАТО басшылығы Ұжымдық қауіпсіздік Келісімі Ұйымының НАТО-мен шектеулі ғана болса да қарым-қатынас түзуіне қарсылық білдіріп, яғни ҰҚҚҰ-ны «ескі үлгідегі»², әскери альянс ретінде сипаттағандығын айта кету керек. Вашингтонда Еуразиялық экономикалыққауымдастықтың бар болғандығын мойындағылары келмейді. АҚШ Орталық Азияны ядролық қарудан тыс жатқан аймақ ретінде қайта құруды да қолдамады³. Ресми Вашингтон Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) мәні мен маңызын төмendetкісі келеді, өйткені, олардың пікірінше, «ШЫҰ

¹ Кутенёв В. В. Институты евразийской интеграции как инструменты «мягкой силы» России... – С. 107.

² Интервью специального представителя Генерального секретаря НАТО Р. Симмонса // Коммерсант. – 2008. – 7 марта; Троицкий Е. Ф. Политика США в Центральной Азии в сфере безопасности: влияние на международные отношения в регионе (2001–2007 гг.) // Вестник Томского гос. ун-та. – 2009. – № 322 (май). – С. 107–109. – URL: <http://sun.tsu.ru/mminfo/000063105/322/image/322-107.pdf>

³ Кутнаева Н., Ахтамзян И. О подписании Договора о зоне, свободной от ядерного оружия, в Центральной Азии // Индекс безопасности. – 2007. – № 1. – С. 132.

жеткен нақты жетістіктерін көрмей, бұл құрылымның¹ немен айналысып жүргенін де толық түсіне алмай отырғандығын» айтады.

Сонымен, тұтас алғанда, Орталық Азияда ТМД мен ШЫҰ шенберінде қызмет етіп отырған қауіпсіздік құрылымдарының тиімді жұмыс жасаудың шек келтіріп, болашакта олардан, бұдан да жақсы әрекет етуін талап етіледі. Ресейсарапшысы А. Карповтың тұра ескертүіне назар аударсақ, аймақтың тұрасыздандыруына жүйелі түрде жол берілген жағдайда, бұл ұйымдардың осындағы проблемалық мемлекеттердің үкіметтеріне тиімді түрде қолдау көрсетуі екіталай². Соған қарамастан, осы ұйымдардың аймақтағы орын алған қайшылықтар шиеленісі әлеуетінің шарықтаудың жол бермей, оның алдын алуда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді.

ҰҚҚҰ, ШЫҰ және ЕурАЗЭҚ қызметтеріндегі кездесетін параллелизмнен туындағын барлық кемшіліктеге қарамастан, орталықазиялық аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз етудің калыптасқан жүйесі құрделі халықаралық проблемалардың өзекті мәселесін іс жүзінде шешүге мүкіндіктер бере бастады. Сонымен бірге, мұның өзі әрдайым Орталық Азия мемлекеттерінін ұжымдық назарында болуы тиіс. Осы автордың көзқарасы бойынша, егер аймақтағы республикалар жаһандану кезінде шынайы егемендікті сақтап қалғылары келсе, онда оларға интеграциялық үдерістерді үдете түсулері керек екен. Орталық Азия елдерінің ұлттық қауіпсіздігі тек аймақтағы халықаралық күштердің болуына ғана тәуелді емес, сонымен қатар, олардың ТМД аясында, сол сияқты, БҮҰ мен ЕҚҰҰ секілді халықаралық ұйымдарының жұмысына өз бетінше қатысуынан да көп мәслелерді шешуде тиімді болады.

Д. Б. Малышеваның пікірінше, орталықазиялық мемлекеттердің сыртқы сын-қатерлерге қарсы тұрудағы қызметтің қелісіп шешуіне аймақтағы сонына дейін қалыптасып болмаған, өзінің құрделілігімен, көп деңгейлілігімен сипатталатын әрі ерекше-

¹ Feigenbaum E. The Shanghai Cooperation Organization and the Future of Central Asia // Remarks, the Nixon Center, Wash. D. C. – 2007. – September 6. – URL: http://Dushanbe.usembassy.gov/sp_09062007.html

² Карпов А. «Зонтик безопасности»: мнимый или реальный? // Слово Кыргызстана. – 2010. – 30 июня.

ленетін қауіпсіздік архитектурасы кедергі болып келеді¹. Қорыта келе, Орталық Азия елдері қауіпсіздігінің аймақтық келісімі, негізінен, ШЫҰ мен ҰҚҚҰ секілді әскери-саяси және әскери ұйымдармен қамтамасыз етілетіндігін көрсетуге болады. Сонымен қатар, қауіпсіздіктің жаһандық элементтері аймақ елдерінің БҰҰ мен ЕҚҰҰ мүше болуына, және де НАТО-мен, осы ұйымның кейбір бағдарламаларына қатысып, солардың негізінде бірлесе әрекеттесуі де жатады. НАТО Орталық Азияда ҰҚҚҰ мен ШЫҰ мен жиі-жіңі жарысып, бәсекелес болуын атап өту қажет. Бұл жерде Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің пәрменді жүйесін қалыптастыруда жекеленген елдердің немесе элиталық топтардың менменшіл-эгоистік мұдделері, саясаткерлердің амбициясы, олардың халықаралық терроризм әсерінен туындастырын потенциалды қауіп-қатерді, аймақ халықына мулде қажеті жоқ бола қалатын текетірестің алдын алуда тек ұжымдық іс-әрекеттермен ғана тойтарыс беруге болатындығын түсіндіріп өткен сарапшылардың пікіріне қосылуға болады².

Бұл бағытта көптеген шешілмеген мәселелер бар – Орталық Азия мемлекеттері көшбасшыларының саяси ерік-жігерінің жоқтығынан, бірақ соған қарамастан күрделі халықаралық мәселенің шешімін тауып, қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы факторларының алдын алуда келісімге келуінен бастап, қауіпсіздік саласының екіге бөлінуі, яғни мұнда аймақтық емес күштер мен құрылымдардың болуы, олардың қынданап бара жатқан геосаяси жағдайдан туындаған проблемаларды шешуде дұрыс қолдау көрсете алмағандығында болып отыр. Орталық Азияда төнетін сын-қатерлер тек қана ішкі емес, сыртқы өлшемдерге ие екенін атап өту керек, сондықтан халықаралық терроризммен құрестің күш-құралдары мен мүмкіндіктері осы кешендік проблеманы шешудің стратегиясын таңдаумен анықталатын болады.

Сонымен, осы тарауда жүргізілген талдаудың негізінде, мынандай қорытындыларды жасауға болады.

Біріншіден, аймақтың аса маңызды мәнге ие қауіпсіздік мәселелерін шешудегі халықаралық қауымдастықтың колданып

¹ Малышева Д. Б. Вызовы безопасности в Центральной Азии // Вызовы безопасности в Центральной Азии [Сборник по итогам междунар. конф.] / Отв. ред. И. Я. Кобринская... – С. 17.

²Сонда.

жатқан күш-жігеріне қарамастан, Орталық Азия әлемдегі әлеуеті шиеленіскең аймақтардың бірі болып қала береді. Соған сәйкес, Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру жағдайында, жаһандану үдерісінің жеделдетілуі кезеңінде, аймақ мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ете алатын қауіп-қатерлер спектрінің сапалы өзгеріске ұшырауы салдарынан көптеген мәселелер өзекті мәнге ие болады.

Екіншіден, Ферғана өңірісонғы бірнеше жылдар бойы сырттан агрессияға ұшыраудың объектісі ретінде қалып келеді. Шиеленістің үздіксіз қайнар көзі Ферғана өңірін алып жатқан бірнеше мемлекеттердің қайтадан құру, оның ішінде күш қолдану, террористік әдіс-тәсілдермен іске асыруды мақсат еткен әртүрлі экстремистік және террористік құрылымдардың әрекеттері болып отыр.

